

Ж.Н. ТАСМАМБЕТОВ

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

ҒЫЛЫМИ БАЙЛАНЫСТАР

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

СИМПОЗИУМДАР

ЖОЛСАПАРЛАР



АҚТӨБЕ-2011

ББК
Т

Тасмамбетов Ж.Н. Конференциялар тағылымы.-Ақтөбе:
2011 ж. -260 бет. Редакциясын басқарған ҚР ҰҒА-ның академигі
К.К.Кенжебаев

ISBN

Бұл еңбекте Қазақстандағы белгілі математикалық орталықтардың біріне айналған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіндегі математика ғылымының қалыптасуы мен дамуы, оған үлес қосқан белгілі ғалымдар туралы мағлұматтар келтірілген. Өткізілген конференциялар мен ғылыми семинарлардың пайдалы, тағылымды жақтарына көңіл бөлінген. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылыми байланыстары және математик ғалымдарының осы бағыттағы жолсапарлары туралы баяндалған. Ғылыми байланысқа үлес қосқан белгілі математик ғалымдардың өмірбаяндары да қысқаша келтірілген.

Автордың мақсаты Қазақстан математиктерінің аға буын өкілдерінің салған жолын кейінгі жас ұрпаққа жеткізу. Сондықтан да математика ғылымына қызығушылық танытқан студенттерге, магистрлерге, оқытушылар және де басқа оқырмандарға арналған.



БІРІНШІ ТАРАУ

КЕҢЕСТІК МАТЕМАТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҒЫЛЫМИ БАЙЛАНЫСТАР

§1 Кіріспе

Қазақстандағы математика ғылымының дамуы туралы сөз болған кезде, оған Кеңестер Одағының қандай әсері болғанын айтпай кету мүмкін емес. Төрт томдық «История отечественной математики» кітабында «Характерной особенностью советской математики, отличающей ее от дореволюционной, является коллективность работы и организация больших научных школ и новых исследований» (Том 3, 1917-167, 91 бет) деп атап өтілген. Әрине ғылыми мектептер өзінен-өзі қалыптаса қалған жоқ. Кеңестер Одағына кірген 15 Одақтас Республикалардың математикалық мектептерінің өз даму жолдары болды. Аталған мектептердің қалыптасуына орталықтан жіберілген К.П. Персидский (Қазақстан), В.И. Романовский, Н.П. Романов (Өзбекстан) сияқты ғалымдар мен ұлттық кадрлардың Москва, Ленинград, Киев т.б. математикалық мәдениеттері қалыптасқан қалаларға оқуға жіберілуінің пайдасы зор болды. Ғылыми-зерттеу институттары мен университеттердің кафедралары жанынан ғылыми семинарлар ұйымдастырылып, математиканың әр түрлі салаларынан пікір алмасулар қалыптаса бастады. Көптеген мәселелерді талқылауға одақ және аймақтарда өткізілген съездердің, конференциялар мен жиындардың зор пайдалары тиді. Олар туралы арнайы журналдарда хабарламалар да беріліп тұратын. Мысал үшін:

1. А.Ф. Лапко и Л.А.Люстерник. Математические съезды и конференции в СССР.-Усп. мат. наук, 1957, т. 12, вып. 6(78), стр. 47-130; 1958, т. 13, вып. 5(83), стр. 121-166;
2. История отечественной математики, том 3, 1917-1967, Киев, 1968. -726 с. – басылымдарды келтіруге болады.

Бұдан, сол кездегі халық шаруашылығын қалпына келтіруге Ұлы Отан соғысында (1941-1945) және одан кейінгі бастан кешкен ауыртпалықтарға қарамастан Кеңестер Үкіметінің математиканың және де басқа ғылымдардың дамуына деген оң көзқарасын көреміз. Бұл тарихи шындық. Осы ауыртпалық кезеңдерін Қазақстан математикасы да бастан кешті. Ұсынылып отырған кітапты жазудағы негізгі мақсатымыз Ақтөбе педагогикалық институты (1966-1996) мен 1996-бастап оның заңды жалғасы болған Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіндегі математика ғылымының қалыптасуы мен оның дамуына үлес қосқан белгілі ғалымдар туралы ой толғау. Өткізілген конференциялар мен ғылыми семинарлар туралы мағлұматтар келтіріп, аға буынның салған жолын кейінгі жас ұрпаққа жеткізу, мүмкіндігінше математика ғылымының өмірде алатын орнын көрсету.

Кітап 5 тараудан тұрады. І-ші тарауда бір кездері ортақ Отанымыз болған Кеңестер Одағындағы математика ғылымының дамуы және қалыптаса бастаған ғылыми байланыстар туралы қысқаша мағлұматтар келтірілген. Кеңестер Одағындағы математика ғылымының қалыптасуына Москва, Санкт-Петербург, Киев, Новосібір математикалық мектептерінің әсерлері мол болды. Сондықтан да кітаптың өн бойында аталған математикалық мектептердің Республиканың математика ғылымын дамытуға қосқан үлестерін ерекше атап көрсетуге тырыстық.

II-тарау Қазақстандағы математика ғылымының дамуы мен қалыптасуына арналды. Сол бағытта келелі жұмыстар атқарған Қазақ КСР ҒА-ның академиктері К.П. Персидский мен О.А.Жәутіковтер туралы қысқаша мағлұматтар берілді. Келесі «Математика әлеміне ұмтылған Ақтөбе» және «Ержанов оқулары» тараулары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіндегі математикалық мектептердің дамуы мен ұзақ жылғы ғылыми байланыстардың қалыптасуын көрсетуге арналған. Шын мәнінде, кез келген оқу орнына дүние жүзілік, қала берді еліміздің математика ғылымдарын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан ғалымдар келе бермейді. Ал С.М. Никольский, О.В. Бесов, О. Репин, А.П. Жабко (Ресей), А.М. Самойленко, Н.А. Перестюк, В.К. Задирака, Ю.В. Теплинский (Украина), Б.

Боярский(Польша), Г. Бехер(Германия) және Қазақстандық ғалымдар Н.Қ. Білиев, Ө.М. Сұлтанғазин, Қ.А. Қасымов, М.Ө. Өтелбаев, Д.Ү. Үмбетжанов, М.И. Рахымбердиев, Д.С. Жұмабаев, Н.Т. Данаев, М.Т. Жиеналиев, Қ.Н. Оспанов, С.А. Алдашев, М.И. Тілеубергенов, Е. Нұрсұлтанов, Ж.М. Мырзалиев, Р. Ойнаров, А. Қалыбаев, Н. Надиров Е.И. Бидайбеков, Н.Т. Темірғалиев, А.Т. Асанова, С.С. Жұматов, Н. Боқаев т. б. әр кезеңде Ақтөбе университетінің қадірлі қонақтары болып, дәрістер оқып, конференцияда баяндамалар жасап, дөңгелек үстел мен кездесулерге қатысқан болатын. Олардың бәрі де өз істерінің маманы, математика ғылымының дамуына өз үлестерін қосқан, жас ұрпақтарға өнеге бола алатын, тағылымдары мол, тәлім-тәрбие иелері. Сол себептен де, кітаптың атауын «Конференциялар тағылымы» деп атағанды жөн көрдік.

V-тарау толығымен ғылыми іссапарларға арналды. Ондай іссапарлардың берері көп. Өзіміздегі оңды істер мен өзгелердегі жетістіктерді салыстырып ой түйген адамдарға тағылымы мол. Ой-өрісінді кеңейтеді, ғылымдағы жаңа бастамаларға, жаңа бағыттарға жөн сілтейді. Соның ішінде түбі бір Түркінің математика әлемінің бірігіп жаңа дәуірдегі жоғары жетістіктерге ұмтылысы бір бөлек әңгіме. Осы уақытқа дейін Түркі математиктерінің үш конгресі өтті. Төртінші конгреске дайындық жүріп жатыр. Болашақта бас біріктіретін бұл қауымдастықтың бізге берері мол деп ойлаймын. Тек, осының бәрін кейінгі ғылым әлеміне ұмтылған жастар біліп, көңілдеріне түйіп өссе дейміз. Ол үшін өткен тарихқа орын берілген, жақсы ақпараттар көзі болуы керек. Онсыз ғылым дамымайды. Ұсынылып отырған кітап бұл бағыттағы алғашқы мәліметтерді алуға нақты көмегін тигізері даусыз деп есептейміз.

§2. Математиктердің бүкілодақтық съездері туралы қысқаша мағлұматтар

I. Математиктердің бірінші бүкілодақтық съезі маусымның 24-29 аралығында 1930 жылы Харьков қаласында өтіп, оған Одақтың 54 қаласынан 471 адам қатысқан. Алматыдан 1-ғана адам қатысты деге мағлұмат бар. Бұл I-бесжылдықты іске асырудың ауыр кезеңі болатын. Белгілі математик және қайраткер О.Ю. Шмидт съездің ашылуына арналған сөзінде: «... На рынке преподавателей высшей школы более всего не хватает математиков. Молодой человек, который занимается нашей наукой., имеет все шансы стать профессором в 25 лет. Такая большая нужда! ... В стране, где строится социализм, где нужно уметь считать, нужно, чтобы это уменьше математически формулировать стоящие перед каждым задачи... было всеобщим достоянием. Нам необходимо трудиться над тем, чтобы общая математическая культура у нас была выше, чем у других » [О.Ю. Шмидт. Роль математики в строительстве социализма. – В КН.: Труды Первого всесоюзного съезда математиков. ОНТИ, М.-Л., 1936, стр. 28-33]. Осы, әр уақытта алда болуға ұмтылу Кеңестік математиканы көп жетістіктерге жеткізді де. Шет елдерде ғана дамыған математиканың көптеген салалары мұнда да жаңа қарқынмен дами бастады. Съезге шет елдерден 14 өкіл қатысты. Барлығы 7 секция жұмыс жасады. Олар:

1. алгебра және сандар теориясы;
2. функциялар және қатарлар теориясы;
3. дифференциалдық және функционалдық тендеулер;
4. геометрия;
5. механика және математикалық физика;
6. ықтималдық теориясы және математикалық статистика;
7. математика фәлсафасы.

Секциялардың бұлай орналасуы сол кездердегі Кеңестік математиканың қандай салаларында жетістіктер болғандығын көрсетеді. Шет елдік өкілдерге келетін болсақ, көзі тірісінде аты математика әлемінде аңызға айналған Францияның Жак Адамар (1865-1963) бастаған делегациясының келуі. Оның құрамында П. Монтель, А. Данжуа, Мендельбройт және Э. Картан сияқты

математиканың әр түрлі салаларында белгілі із қалдырған ғалымдар болды. Ж. Адамар 26 маусымда Харьковтың математикалық қоғамының 50 жылдығына арналған салтанатты отырыста төрағалық еткен, ал 27 маусымда пленарлық отырыста «Дербес туындылы тендеулер және нақты айнымалылар функциясының теориясы» тақырыбында баяндама жасаған. Дербес туындылы дифференциалдық тендеулердің теориясын дамытуға, оның 98 жыл жасаған ұзақ өмірінің 60 жылдайын арнағаны белгілі. [В.Г. Мазья, Т.О. Шапошникова, Жак Адамар – легенда математики. М., Изд. МЦНМО, 2008, 526 с.]. Ж. Адамардың дербес туындылы дифференциалдық тендеулері теориясына арналған еңбектері осы уақытқа дейін маңызын жойған жоқ. Кітаптар түрінде жинақталып, дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылуда. [Ж. Адамар. Задача Коши для линейных уравнений с частными производными гиперболического типа. М., Наука, 1978, 351 с.].

II. Математиктердің II-бүкілодақтық съезі маусымның 24-30 аралығында 1934 жылы Ленинград қаласында өтті. Оған 50 қаладан 732 адам қатысты. Тоғыз секцияда 235 баяндама жасалып, негізгі баяндамалар жасаған П.С. Александров, И.М. Виноградов, А.О. Гельфонд, Н.М., Гюнтер, А.Н. Колмогоров, М.А. Лаврентьев, В.И. Смирнов, В.В. Степанов, Л.С. Понтрягин есімдері әлемдік математикада ойып өз орындарын алды, математиканың көптеген салаларын дамытуда алдыңғы орындарда болды. А.Н. Колмогоров, П.С. Александров, Л.С. Понтрягиндер жаңа салалардың негізін салушылар ретінде қабылданды. Қазақстаннан қатысқандар туралы мағлұматтар жоқ.

Съезд біршама шешімдер қабылдады. Оның ішінде математикалық басылымдар шығару, математиканы университеттер мен техникалық оқу орындарында оқыту, арнайы мамандандырылған конференциялар өткізу, математикалық қоғамдар құру, орта мектептерде математиканы насихаттау т.б. бар. Жылдар өте осы шешімдердің көбі жүзеге асты. Жоғары және орта мектептерге арналған журналдар көптен шыға бастады, математика барлық мамандықтарда дерлік жоғары оқу орындарында енгізілді, мамандықтар бойынша арнайы конференциялар өткізу жолға қойылды.

Математика мен қолданбалы математика жастардың сүйікті мамандығына айналды. Бірақ, жылдар өте келе бұл көзқарастың өзгергендігі де байқалады.

III. 1956 жылы Москвада III-бүкілодақтық математикалық съезд ұйымдастырылып, оның жұмысына Кеңестер Одағының 100 қаласынан 2500 ғалымдар қатысты. Шетелдерден 70 математик келді. Ең көп адамдар – Москва (1000), Ленинград (300), Киев (70), Харьков (60), Тбилиси (60) қалаларынан болды. 13 секция жұмыс жасады. 763 баяндама оқылды, оның 63-і шетелдіктер. Секциялар ішінен дифференциалдық және интегралдық теңдеулер, (үш секция – дербес туындылы теңдеулер, жай дифференциалдық теңдеулер, интегралдық теңдеулер), функциялар теориясы (үш секция – жуықтаулар теориясы, нақты айнымалылар функциясының теориясы, комплекс айнымалылар функциясының теориясы) қатысушылардың көп қызығушылықтарын туғызды. Қатысушылар саны мен секциялар сандарының өсуі математикада жаңа облыстар пайда болғанын, оның қолданылу аясы кеңейгенін және онымен айналысатындар санының өскендігін білдіреді.

IV. IV-бүкілодақтық математиктердің съезі шілденің 3-12 аралығында 1961 жылы Ленинградта өтті. Оның жұмысына 1834 кеңестік математиктер және Ұлыбритания, Болгария, Венгрия, ГДР, Қытай, Польша, Румыния, АҚШ, ГФР, Франция, Чехословакия және Югославиядан 48 адам қатысты. Ең көп адам жіберген қалалар арасында Москва-740, Киев-107, Свердловскі-71, Баку-41, Тбилиси-41, Ташкент-39, Ереван-36, Вильнюс-32, Кишинев-21, Минск-52, Рига-21 т.б. қалалар. Алматы туралы мағлұмат тағы да берілмеген. Барлығы-1400 баяндама жасалған, ол III Математикалық съезбен салыстырғанда екі есе көп екендігі атап өтілген. Төменде келтірілген баяндамалар туралы мағлұматтар математика салаларының арасындағы ара-салмақты көрсетеді: функциялар теориясы-238, жай дифференциалдық теңдеулер-180, есептеуіш математика-143, геометрия-131, функционалдық талдау-125, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика-97, дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер-93, алгебра-91, топология-47-баяндамалар болған. Жоғарыда келтірілген цифрлардан сол

кездегі Кеңестер Одағының математикалық орталықтарының Москва және Ленинград қалалары болғанын көреміз. Ал Одақтас Республикалардың орталықтарында даму жаңа жандана бастаған және де Ұлы Отан соғысынан кейінгі өткен 16 жылда біршама жетістіктерге жеткенін байқауға болады.

§3. Москваның математикалық қоғамдастығы

Революциядан бұрынғы және одан кейінгі жылдарда Москва қаласының өзінде математиканың дамуында зор рөл атқарған Москваның математикалық қоғамдастығы 1964 жылы өзінің негізі қаланғанының 100 жылдығын атап өтті. Бастапқыда өздерінің ашқан жаңалықтары туралы хабарламалар жасап, пікір алмасатын, әр түрлі бағыттағы дәрістер тыңдалып, талқыланатын, математика ғылымының жаңа бағыттары туралы мағлұматтар алуға жәрдемдесетін ұйым, уақыт өте келе қанатын кеңге жайып, дамуының жоғарғы деңгейіне осы уақытта жетті деуге болады. Қоғамның жұмысының Москваның математик ғалымдарының өмірлерінде қандай орын алғандығын, оны ұзақ жылдар бойы кеңестік топологияның негізін салушы, атакты математик П.С. Александровтың басқаруынан байқауға болады. 1965 жылы оның президенті болып академик А.Н. Колмогоров, ал одан кейін А.О. Гельфонд, сайланды. Академик П.С. Александров Қоғамдастықтың 100 жылдығына арналған баяндамасында [П.С. Александров – Вступительный доклад на торжественном заседании Московского математического общества 20 октября 1964г.-УМЖ, 1965, т. 20. вып. 3 (133), стр. 9] математика ғылымының қарқынды дамуына және оның басқа да ғылымдар саласында көптеп қолданыла бастауына байланысты көптеген математикалық мектептер пайда болғанын, әрі олардың қызметтерін бұрыңғыша біріктірудің мүмкін еместігін атап өткен болатын. Шынында да 30-жылдары Одақ көлемін қамтитын – Математиктердің бүкілодақтық ассоциясы құрылған болатын. Оның құрамына Одақтың көптеген қалаларындағы Математикалық қоғамдар енді. І-бүкілодақтық математиктер съезі ассоцияның құрылуын заңдастырып, ассоцияның кеңесі мен президиумын бекітті.

Президиум төрағасы болып, белгілі математик С.А. Чаплыгин, мүшелері болып, -Н.А. Глаголев, В.Ф. Каган, В.В. Степанов (хатшы), О.Ю. Шмидтер сайланды. II-бүкілодақтық съезде О.Ю. Шмидт-төраға, Б.И. Сегал-хатшы, М.Я. Выгодский, А.Н. Колмогоров, В.И. Смирновтар-мүшелер. Бұл мәселе екі съезде де қатар қаралып, ассоция құрамына белгілі математиктердің енуі – Бүкілодақтық математиктер ассоциясынан көп үміт күткендігі байқалады. Бірақ, кейін уақыт көрсеткендей бұрыннан жұмысы қалыптасқан Москва Харьков және Қазан қалаларындағы математикалық қоғамдар ғана өз деңгейін сақтап қалды. Қалғандары тарап кетті, болмаса қалалық және Жоғарғы оқу орындарындағы аралық ғылыми семинарлар түрінде қалды. Қазақстанда да ассоциация немесе математикалық қоғамдастықтар құру бірнеше қайтара көтерілген болатын. Бірақ, бәрі де әңгімеден әрі аспады. Қалай болғанда Кеңестік және әлемдік математика ғылымының дамуында зор рөл атқарған Қоғамның жұмысы туралы аздап та мағлұмат бергендігі жөн көрдік. Москваның математикалық дамуына байланысты өмірге келген «Успехи математических наук», «Математический сборник», «Прикладная математика и механика», «Математическое просвещение» сияқты журналдар әлемдік маңызы бар мақалалар басылатын беделді басылымдарға айналды. Қазіргі кезеңде де математикаға қабілеті бар, әлемдік деңгейде көрінуге ұмтылғандарды ғылымға тартуға өз септігін тигізуде.

§4 Халықаралық математикалық конгрестер

Кеңестер Одағының математик ғалымдары шетелдерде әр түрлі деңгейлерде ұйымдастырылған конгрестер мен конференцияларға шақырыла бастады. Кейбір ірі конгрестерге тоқталайық:

1958 жылы тамыздың 14-21 аралығында Эдинбург университетінде **Халықаралық математикалық конгресс** ұйымдастырылып, оның жұмысына әр түрлі елдерден 1700 математик ғалымдар қатысты. Кеңестер Одағына қатысқан 32 адамның 11- делегат, ал қалған 21-ғылыми туристер ретінде қатысты. Делегаттар құрамында Орта Азия мен Қазақстаннан

Өзбек ҰҒА академигі Т.А. Сарымсақов болды. Конгресте 12 секция жұмыс жасады. Пленарлық отырысқа жоспарланған 22 баяндаманың 5-уін Кеңес Одағының А.Д. Александров, Н.Н. Боголюбов, Л.С. Понтрягин, Н.И. Ахизер, И.М. Гельфанд сияқты белгілі ғалымдары жасады.

Келесі Конгресс 1962 жылы тамызда 15-22 аралықтарында Стокгольм қаласында ұйымдастырылған болатын. Оған 2107-делегат және 984 ғылыми туристер қатысты. Конгресс 8 секцияда жұмыс жасады. Кеңес ғалымдары 3 бір сағаттық баяндама мен 40 хабарламалар жасады.

Ең көп адам қатысқан конгресс 1966 жылы 1-26 тамыз аралығында Москва қаласында ұйымдастырылды. Оған 54 елден 5000-нан астам адам қатысып, 2000 баяндама жасалды. 15 секция жұмысы орыс, ағылшын, француз және неміс тілдерінде жүргізілді. Кеңес ғалымдары 15-бір сағаттық, 26-жарты сағаттық баяндамар жасады. Кеңестердің математика ғылымы өзінің қол жеткен табыстарын дүние жүзіне паш етті деуге болады. Делегаттар құрамы:

КСРО-1475, АҚШ-542, Ұлыбритания-294, Франция-224, ГДР-223, ГФР-141, Польша-131, Венгрия-113, Болгария-95, Канада-84, Румыния-84, Голландия-83, Италия-81, Чехословакия-68, Швеция-65, Швейцария-61, Югославия-50.

Конгресс сол кездегі математика ғылымының екі бағытта дами бастағанын атап өтті. Біріншісі, математиканың өз ішінде жекелеген бағыттардың көп пайда болып, іштей дамудың кең етек алғандығы. Екіншісі – бұрын бір-бірінен алыс, қатысы жоқ деп есептелген бағыттардың өзара жымдасуы, сөйтіп бірге дамуы. Осылайша, математика ғылымында пайда болған жаңа салалардың саны қаншама. Сонымен қатар, математиканың қолданбалы бағытта дамуына да жете көңіл аударылды.

Кеңестер Одағы деп аталатын алып мемлекет ғылымның дамуына қаншалықты жақсы көңіл бөлгенімен шетелдермен байланыс орнатудың өзіндік қиындықтары бар болатын. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің сүзгісінен толық өткен сенімді саналатын азаматтардың ғана рұқсат алып тұрғаны жасырын емес. Мұндай шектеулерді кезінде «Темір шымылдық» деп атаған болатын. Кеңес азаматтарының

шетелдермен байланыс жасауына үлкен шектеулер болғанын әдейі келтіріп отырмыз.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде алыс және жақын шетелдермен байланыс орнатудың жеңілдегені белгілі. Қазақстанның математика ғылымының дамуы биік деңгейге көтерілген қазіргі кезеңде, еліміздің ғалымдары кез келген елде өтетін Халықаралық конференциялар мен конгрестерге, симпозиумдарға кедергісіз қатысуға мүмкіндік алды. Мысал ретінде 6-Евроконгресс (Анкара, 2005), 7-Евроконгресс (Лондон, 2009) қалаларында ұйымдастырылып, оларға Қазақстанның көптеген математиктерінің қатысқандығы. Сол сияқты I-II-III Түркі тілдес халықтардың конгрестеріне де барлық Түркі тілдес елдердің математик ғалымдарының кең көлемде қатысуы. Аталған байланыстар Қазақстанның математик ғалымдарын жаңа деңгейге көтеріп, өзге елдердің белгілі ғалымдарымен достық та, ғылыми да байланыстар орнатуға мүмкіндік берді. Бұл туралы ойларымыз кейінгі тарауларда жалғасын табады.



ЕКІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАТЕМАТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТТАР

§1. Қазақстан математикасы бастауындағы тұлғалар.

Қазақстандағы математика ғылымының дамуы туралы айтқанда ҚР ҰҒА-ның академиктері К.М. Персидский мен О.А. Жәутіковтың есімдері қатар аталады. Олар Қазақстандағы математика ғылымының бастауында тұрды. К.П. Персидскийді еліміздегі тұңғыш математика мектібінің негізін салушы ретінде қабылдасақ, О.А. Жәутіковті қазақ математиктері арасынан шыққан тұңғыш ғылым докторы ретінде қабылдаймыз. Екеуінің еңбектері бірін-бірі толықтырып, Қазақстанда дифференциалдық теңдеулер саласынан өзіндік ерекшелігі бар математикалық мектеп қалыптасуына келтірді.

Осылайша алдымен, Кенестер Одағына, қала берді дүние жүзіне де белгілі болған Қазақстанның дифференциалдық теңдеулер бойынша мектебі қалыптасты.

Ал, әр түрлі кезеңдерде Алматыда жұмыс жасаған және қазақ математиктерімен байланысты болған белгілі математиктер ішінен М.В. Пентковский (1937-1940), Н.И. Ахизер (1941-1943), А.Д. Александровтарды (1949) атауға болады.

1946 жылы Алматыда Қазақ КСР-ның Ғылым Академиясының ашылуы елдегі ғылымдар саласының дамуына жаңа серпін берді. Оның Математика және механика секторында К.П. Персидский жұмыс жасады. 1951 жылы Қазақ КСР-і ҒА-ның академигіне сайланды және бұрынғы зерттеулерін жалғастырды. Осы жылдары Қазақстанда О.А. Жәутіков, В.Х. Харасахал, Б.М. Оразбаев, Ф.Д. Крамарь, С.И. Горшин т.б. ғалымдардың бір тобы математиканың жекелеген салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көріне бастады. Мысалы, К.П. Персидский, О.А. Жәутіков, В.Х. Харасахал, С.И. Горшиндер – дифференциалдық теңдеулермен айналысса, Б.М. Оразбаев – алгебрамен, Ф.Д. Крамарь – математика тарихы саласындағы зерттеулерін жүргізді. Олардың көбі аспиранттар қабылдап, Қазақстанның келесі буын математиктерін дайындауға кірісті. Қазіргі кезеңде К.П. Персидский, О.А. Жәутіков және В.Х. Харасахалдың өз мектептері қалыптасып, аға буын өкілдерінің бастамаларын абыроймен жалғастыруда. Олардың М.О. Төлегенов, Д.Ү. Үмбетжанов, У.Т. Тәжімұратов, Ж.А. Сартабанов, Д.С. Жұмабаев сияқты ізбасарлары тағдыр айдап, Ақтөбенің педогогика институтымен немесе оның заңды жалғасы болған Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетімен ұзақ жылдарғы байланыстарда болды. Ондағы математика ғылымының өсіп-өркендеуіне ат салысты.

Біз, бұл жұмысымызда Қазақстан математикасының даму тарихын жазуды мақсат етіп қойғанымыз жоқ. Әйтсе де аға буын өкілдерінің жасаған еңбектері ұмтылмау керек деп есептейміз. Сол еңбектерінің арқасында Қазақстан математикасы сатылап, жаңа деңгейлерге көтеріле бастады. Конференциялар мен ғылыми семинарлар, математикалық

жиындар өткізуге қол жеткізілді. Алматыдағы оқу орындарында жаңа математикалық кафедралар ашылып, жалпы математикалық мәдениет қалыптаса бастады. Аталған игі бастамалардың бастауында Қазақ ҒА-ың Математика және механика секторы, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Абай атындағы Қазақ педагогика институты сияқты оқу орындары тұрды. Мұның бәрін І Тарауда 1934 жылы маусымның 24-30 жұлдыздары аралығында Ленинград қаласында өткен Математиктердің ІІ – бүкілодақтық съезінің шешімдерінің іске аса бастауы деп қарауға болады. 1941-1945 жылдар арасындағы Ұлы Отан соғысындағы жеңісінен кейін, Кеңестер Одағы бейбіт өмірге оралып, бұрынғы қойған биік мақсаттарын жүзеге асыруға көшті және одан қаражат аяған жоқ. Енді сол биік жоспарларды жүзеге асыруға күш-жігерлерін жұмсаған К.П. Персидский және О.А. Жәутіковтер сияқты тұлғалардың өмірінен қысқаша мағлұматтар берелік.

1.1. К.П. Персидский Қазақстанның бірінші математикалық мектебінің негізін салушы.

Эйлерді оқындар, оқындар!-ол бәріміздің де ортақ ұстазымыз-деп, немістің атақты математигі және философы П. Лаплас айтқандай, Қазақстанның әрбір математикаға, әсіресе, дифференциалдық тендеулер саласына қатысы бар адамына ортақ ұстаз болып табылатын есім бар. Ол- Қазақстанның бірінші математикалық мектебінің негізін салушы, Қазақ КСР ҒА академигі К.М. Персидский. Қазақта «Көзден кетсе де, көңілден кетпесін» деген аталы сөз бар. Көңілден кетпеудің бір жолы ғылым адамдарына арнап семинарлар мен конференциялар өткізіп тұру. К.П. Персидскийдің 100 жылдығында арналған 2003 жылы ұйымдастырылған конференцияға, оның ұйымдастырушыларының бірі болған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінен, университет ректоры физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К. Кенжебаев бастаған 8 адам қатысты. Конференция өзі ұзақ жылдар жұмыс жасаған, әрі 1966 жылы алғашқы директоры болып, негізін қалаған Алматы қаласындағы ҰҒА-

ның Математика институтында өтті. Аталған конференция ғылыми деңгейінің жоғарылығымен қатар, тарихи тәлімділігі жағымен де ерекшеленді. Қазіргі кезеңде Қазақстан математикасы белгілі-бір деңгейге көтеріліп, әлемнің көптеген елдеріне танымал болғаны белгілі. Ал 1940 жылы КСРО Жоғары мектебінің Бүкілодақтық Комитетінің ұсынысы бойынша Қазақстанға К.П. Персидский ауысып келгенге дейін бірде-бір ғылыми дәрежесі мен атағы бар математик болмады. Өзі жұмыс жасаған 30 жылдай уақыт ішінде оның жетекшілігімен 40-қа жуық адам физика-математика ғылымдарының кандидаты болғанын ескерсек, онда К.П. Персидскийдің Қазақстанның математика ғылымына қосқан үлесі түсінікті болады. Оның жетекшілігімен және ұйымдастырушылығымен қорғаған ғылым кандидаттары ішінен, кейін О.А. Жәутіков, А.Х. Харасахал, С.К. Персидский, Д.Ү.Үмбетжанов, М.О. Төлегенов, Ж.С. Сүлейменовтер докторлық диссертациялар қорғап, Қазақстанның ғылымының дамуына өз үлестерін қосты.

К.П.Персидскийдің еңбектері математика ғылымының әр түрлі салаларына қатысты жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Өмірбаянынан өмір жолының қиындақтарға толы болғандығын көреміз



Қазақ КСР ҒА-ның академигі
К.М. Персидский (1903-1970)

К.П.Персидский патшалық Ресейдің Симбирск губерниясының Сызрань уезінің Лобановка аталатын селосында 1903 жылы 23 қазанда дүниеге келген. Әкесі мен анасы 1907 жылы ажырасқаннан кейін, тек анасының тәрбиесінде қиын өмір кешіп, өзі де еңбекке ерте араласты. 1922 жылы Самара мемлекеттік университетінің педагогика факультетіне Самара атқару комитетінің стипендия алушысы ретінде оқуға түседі де, 1923 жылы Қазан мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінің II курсына ауысады. Осы кезеңнен бастап, 1940 жылы Алматыға жұмысқа ауысқанға дейінгі бар өмірі, бір кездерде В.И. Ульянов–Ленин мен Л.Н. Толстойлар оқыған В.И. Ульянов–Ленин атындағы университетпен байланысты болды. Аспирантурада оқығандағы алғашқы еңбектері интегралдық теңдеулер, функциялардың аналитикалық теориясы мен ықтималдық теориясына байланысты болса, 1931-1932 жылдардан бастап, қозғалыстың Ляпунов бойынша орнықтылығы мәселелерімен айналыса бастады. Орнықтылық теориясы бойынша атақты

А.М. Ляпунов зерттеулерін жалғастыратын бір топ, осы кезде Қазанда Н.Г. Четаевтың басшылығымен жұмыс жасады және олардың қатарында, орнықтылық теориясының дамуына көп еңбек сіңірген, белгілі ғалымдар К.П. Персидский, И.Г. Малкин, Г.В. Каменков және П.А. Кузьминдер болды. Жас Персидский сол кезден бастап-ақ математика ғылымындағы өз жолын іздеді. Міне, бұл Қазақстанға келіп жұмыс жасаған кезде дифференциалдық теңдеулердің орнықтылық теориясы, ақырлы және саналымды дифференциалдық теңдеулер жүйесі сияқты салаларында, функционалдық анализде өзіндік өшпес із қалдыруына бастаған үлкен жол болды. К.П. Персидскийдің есімімен Қазақстанның математика ғылымындағы көп алғашқы –деген сөздер байланысты. Ол, Қазақстанның оқу орындарындағы алғашқы ғылыми дәрежелі оқытушы, профессор. 1940-1941 оқу жылдарында Қазақ МУ мен Қазақ ПИ-ның математикалық кафедраларының оқытушыларының қатысуымен құрылған алғашқы математикалық ғылыми семинардың ұйымдастырушысы және ғылыми жетекшісі. Қазақстанда орындалған көптеген ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасай жүріп, өзі де алғашқы болып, 1946 жылы М. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын қорғады. Қазақ МУ-де механика-математика факультеті жанында 1952 жылы ұйымдастырылған ғылыми дәреже бекітетін физика-математикалық Кеңестің де бірінші төрағасы болып, оны 20 жыл бойы басқарды. Көп жылдық Қазақстан математикасына сіңірген еңбегінің нәтижесі сияқты 1965 жылы Қазақ КСР ҒА жанынан Математика және механика институты ашылып, 1966 жылдың қаңтарынан бастап, онда директорлық қызмет атқара бастады. Бұл қазақ жастарының математика және механика ғылымдарына көптеп келуіне жол ашты. Қазақ жастары аталған ғылымдарға бейімділігін көрсете бастады. Осылайша, 1950 жылдардың орта кезінен бастап, Кеңестер Одағының белгілі математик ғалымдары мен ірі математикалық орталықтары академик К.П. Персидский бастаған дифференциалдық теңдеулердің Қазақстандық математикалық мектебі туралы айта бастады және ол қазіргі кезеңде де өрлеу үстінде. Ақтөбе университетіндегі

математикалық орталық та сол мектептің бір бөлшегі деп ұғуға болады.

Көрнекті ғалымның жүз жылдығын атап өту кезінде, ұзақ жылдар тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Ескерткіш тақта орнату және қабірінің басына гүл қою кезінде атақты ғалымның көп айтыла бермейтін басқа бір қырларын ұққандай болдық. Ол – шын ғалымға тән жүрегінің жылуы мен үлкен адамгершілік қыры. Жұбайы Софья Алексейқызы мен ұлының денсаулығына байланысты оқушылары мен аспиранттарын өз үйінде қабылдап, ұзақ жылдар науқас күтімі мен ғылымды ұштастырып отырған. Мұны да ұстаз өнегесі деп қараған дұрыс болар.

Артына 130-дан астам еңбек қалдырып, математиканың дифференциалдық тендеулер, қозғалыстың орнықтылық теориясы, интегралдық тендеулер, функциялардың аналитикалық теориясы және функционалдық анализ, ықтималдықтар теориясы сияқты салаларында зерттеулер жүргізген жан-жақтылығымен қатар, Қазақстандағы математика ғылымының жақсы ұйымдастырушысы да бола білді. Қалдырған еңбектерін құрастырып, жарық көрген монографиясынан ғылым жолына кейін келген жас ұрпақ білім нәрімен сусындауда.

1.2. О.А. Жәутіков көрнекті ғалым және математика ғылымының ұйымдастырушысы.

Үстіміздегі жылдың мамыр айындағы туылғанына 100 толған Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков 1911 жылы мамыр айында Қазақ КСР-ің Қарағанды обылысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Бар ғұмырын оқу-ағарту ісі мен Қазақстанның ғылымын дамытуға арнаған белгілі ғалымның атқарған қызметтерін шартты түрде былай бөліп қарастыруға болады.

1. Педагогикалық қызметі
2. Ғылыми және оны ұйымдастыруға қатысты қызметтері.
3. Тарихи және білім мен ғылымды насхаттауға қатысты жұмыстары.

1. Педагогикалық қызметі. 1934 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітіргеннен кейін, сонда оқу үздігі ретінде ассистент болып қалдырылады. Осы оқу орнында педагогтік қызметіне қатысты барлық кезеңдерді бастан өткізді: аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, физика-математика факультетінің деканы, институт директорының ғылым- оқу бөліміндегі орынбасары. Әртүрлі кезеңдерде, ол С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехника және Қазақ қыздар педагогика институттарында студенттер үшін тартымды дәрістер оқыды. Ұзақ жылдардағы тәжірибелерін жинақтап, қазақ бөлімдері студенттері үшін «Математикалық анализ» атты оқулығын 1958 жылы баспадан шығарды. Бұл оқулық, аталған пәннен қазақ тілінде жарық көрген алғашқы оқулық болатын. Кейінгі жылдары Қазақстанның барлық облыс орталықтарында педагогикалық институттар ұйымдастырған кезде аталған оқулық маңызды оқу құралы болды. Жас маман ретінде өзім де осы оқулықты пайдаланып, алғашқы еңбек жолын бастадым.

2. Ғылыми және оны ұйымдастыруға қатысты қызметтері. Орымбек Ахметбекұлы өзінің ғылыми жұмысын 1939 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқудан бастады. Бірақ, 1941 жылы 22 маусымда тұтқиылдан басталған Ұлы Отан соғысы оның университет профессоры И.П. Натансонның басшылығымен ғылыми жұмысын аяқтауға мүмкіндік бермеді. Алматыға оралған Орымбек Ахметбекұлы орыстың көрнекті математигі А.М. Ляпуновтың орнықтылық теориясы жөніндегі ғылыми идеяларын жалғастырушы К.П. Персидскийдің ықпалымен жұмыс жасай бастайды. Нәтижесінде 1944 жылы «Қозғалыс орнықтылығының Ляпунов мағынасындағы теориясының кейбір мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Осы кезеңнен бастап, О.А. Жәутіковтың ғылымдағы ұзақ та, жемісті де еңбектері жаңа деңгейге көтерілді. Оның еңбектері орталау теорияларын саналымды дифференциалдық теңдейлер жүйесіне тарату



Қазақ КСР ҒА-ның академигі
О.А. Жәутіков (1911-1989)

жағынан атақты математиктер Н.Н. Боголюбов және Ю.А. Митропольский еңбектерімен үндестік тапты. Сонымен қатар, жоғарғы ретті дербес туындылы рекурентті шексіз жүйелер үшін Коши есебін зерттеп, парамертлі дифференциалдық теңдеулердің саналымды жүйелерінің шешімдерін зерттеумен де айналысты. Дифференциалдық теңдеулердің саналымды жүйесінің теориясы, оның докторлық диссертациясының негізін құрады. Докторлық диссертациясы «Дифференциалдық теңдеулердің санамалы жүйелерін зерттеу» деген атпен 1961 жылы қорғалды. Осы жылы профессорлық атақ алды.

Ал, оның Қазақ КСР-ің ҒА-ғы жұмыстарына тоқталатын болсақ: 1945 жылдан аға ғылыми қызметкер, 1951 жылдан Математика және механика секторының меңгерушісі, 1962 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, 1965 жылдан 1987 жылға дейін Математика және механика институтындағы жай дифференциалдық теңдеулер лабораториясының жетекшісі болды. Ол алпыстан астам кандидаттық және докторлық диссертацияларға оппонент болып,

ғылым жолын таңдаған талай маманды өмір жолына аттандырды. 1969 жылдан 1985 жылға дейін Орымбек Ахметбекұлы Қазақ КСР Ғылым академиясының Физика-математика ғылымдары бөлімшесін басқарды, академик-секретарь әрі Қазақ КСР ҒА-ың Президиум мүшесі болды. Оның ерекше бір қасиеті қайда жүрсе де қазақ жастарын ғылым жолына бағыттаудан жалыққан емес. Соның арқасында ондаған қазақ жастары басқа Республикаларда білімдерін жалғастыруға жіберіліп отырды. Мысалы, 1962 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінде 4 аспирант және 12 студент, ал Украинаның ҰҒА-ың Кибернетика Институтында 6 стажер-зерттеуші пайда болды. Кейін есіткеніміздей осындай келісім шарттың бастамасында О.А. Жәутіков тұрған болып шықты. Сондағы қабылданған студенттердің бірі осы жолдардың авторы Киев мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түскен болатын. Киев университетінде білім алған 12 студенттің 4-еуі ғылым докторлығы, 1-уі ғылым кандидаттығы диссертацияларын қорғады. Олар қазіргі кезде Орымбек Ахметбекұлы салған жолмен жастарды білім мен ғылымға бағыттау мақсатындағы жұмыстарды сәтті жалғастыруда. Араға 48 жыл салып, елі үшін қызмет еткен азамат, белгілі ғалым есімін зор алғыс сезіммен еске алғанды дұрыс санадық.

3. Тарихи және білім мен ғылымды насихаттауға қатысты жұмыстары. Әр ғылымның өз бастамасы, яғни даму сатыларында өзіндік жүріп өткен жолдары бар. Уақыт өте келе бұрыңғы қиын, маңызды көрінген проблемалар жан-жақты зерттеліп, жаңа проблемаларды зерттеулерге орын береді. Олар маңызды ғылыми деректермен толықтырылады т.с.с. Математика тарихы да осы жолдан өтті. Бұрын «Математика тарихы» пәнін оқытуға педагогикалық институттар мен университеттерде арнайы сағат бөлінетін. Сондықтан да, жоғарғы оқу орнын бітіретін, өзін математикаға қатысты қызметтерге бейімдеген әрбір маман аздап та болса математика тарихынан мағлұмат алатын. Болашақ мамандығының түбірі, яғни негізіне үңіліп, оны болашаққа қалай жалғастыру туралы ойлауға мүмкіндік алатын. Қазір несиелік жүйеге көшеміз деген дақпыртпен жүріп, бұрыннан қалыптасқан көптеген

құндылықтарымызды жоғалтып жатқан сияқтымыз. Екінші жағынан, математика тарихымен мектеп оқушыларын және мұғалімдерін таныстыру, ол математика ғылымдарына кең аудиторияның сүйіспеншілігін туғызып, насихаттау да болып табылады. Орымбек Ахметбекұлы осы жұмыстармен ұзақ жылдар айналысып келді. Нәтижесінде, жоғарғы оқу орындары оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен оқушыларына, жалпы қазақ оқырмандарына арналған бір топ еңбектері пайда болды. Атап айтқанда, жай дифференциалдық теңдеулер жөнінде екі бөлімнен тұратын тұңғыш оқу құралдарын (1950, 1952жж.) жазып шықты. Қазақ оқырмандары үшін орыстың атақты математиктері туралы очерктері (1951 ж.) жарық көрді. Математика тарихына қатысты «Жай санаудан машиналық есепке жету» (1959 ж.), ерте заманнан XVII ғасырдың бас кезіне дейінгі кезеңді қамтитын «Математиканың даму тарихы» (1967 ж.) сияқты еңбектері жазылды. Келтірілген оқу құралдарының, ол докторлық диссертация қорғаған 1961 жылдың маңайында жазылғанын ескерсек, атақты ғалымның қажымай-талмай жұмыс жасаған еңбекқорлығына таң қаласың.

Математика ғылымына ынта қоюшыларға арнап жазылған «Математика және ғылыми-техникалық прогресс» атты кітабы өз оқушыларын тез тапқан еңбек (1978, Қазақ ССР-ің «Ғылым» баспасы). Сонымен қатар, мектеп мұғалімдеріне арналған «Жоғары математикаға кіріспе» (1984 ж.) оқу құралын жоғары математика элементтерін мектеп математика курсына енгізу туралы Кеңестер Одағындағы математикалық реформаға өз үлесін қосу деп түсінуге болады.

О.А. Жәутіковтың ғылыми-көпшілік бағытындағы еңбектері бөлек атауға тұрарлық. А.М. Ляпунов, С.В. Ковалевская, Н.И. Лобачевский, С.Л. Соболев, М.А. Лаврентьев, Қ.И. Сәтбаев, К.П. Персидскийлер сияқты атақты ғалымдардың өмірлері мен қызметтеріне қатысты ғылыми-көпшілік кітапханалары мен мақалалары жарық көрген болатын. Қазіргі кезде жоғарыда аттары аталған оқу құралдары мен ғылыми-көпшілік кітапханалары қолға түспейтін библиографиялық сирек кездесетін, немесе оқу орындары кітапханаларында мүлде жоқ басылымдарға айналды. Сондықтан да, ғалымның осы жазылған еңбектерін өткелі жатқан 100 жылдығын атап өту

саясында қайта баспадан шығарған жұрыс болар еді. [Матем. В СССР-40,50, Ист. Отеч. матем.]. Келтірілген қысқаша мағлұматтар Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі О.А. Жәутіковтың атқарған сан-салалы еңбектерін толық қамтымайды. Біз оны алдымызға мақсат етіп қойған да жоқпыз. Сол себепті белгілі ғалымның өмір жолына қызығушы оқырмандар болса келесі әдебиеттерді ұсынамыз.

1. Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков (Туғанына 80 жыл толуына орай). Алматы «Ғылым», 1991, 59 бет.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы, Қазақстан ғалымдарының библиографиясынан материалдар.

2. Профессор Д.С. Джумабаев. Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков// Труды Международной конференции «Дифференциальные уравнения и их приложения» (Алматы, 26-28 сентября, 2001), Алматы, 2002, с. 3-5.

§2. Қазақстанда өткен конференциялар туралы қысқаша мағлұматтар.

Ерекше бір қабілет иелері болып табылатын А. Пуанкаре, Жак Адамар, А.Н. Колмогоров сияқты атақты математиктер өздері өмір сүрген кезеңдеріндегі математика ғылымының бет пердесін өзгертіп, жаңа бағыттар ашып, болашаққа жол салғандары белгілі. Мысалы, Анри Пуанкаре (1854 – 1912) математиканың барлық салаларында дерлік өзіндік із қалдырды, оны жаңа нәтижелермен байытты. Пуанкаре жұмыстарымен аспан әлемі механикасындағы зерттеулердің жаңа эрасы басталды, негізі қалана бастаған салыстырмалық теориясы мен кванттық теорияның іргесі қалануының бастауында тұрды. Ол көрнекті математик болуымен қатар – механикада, физикада және астрономияда да өшпес із қалдырды. Өз замандастарының айтуынша Пуанкаре өмірден озғаннан кейін ғылымда шешімін тапқан проблемалардан гөрі, шешімін таппаған проблемалардың саны әлдеқайда көбейген.

Кешегі Кеңес дәуіріне келетін болсақ қазақ математиктерінің өз жетістіктерімен талайды тамсандырған кезеңі 1980-ші жылдарға бірден келмегенімізді атап өткен жөн. 1960 жылдары Кеңестер Одағының Коммунистік партиясының

орталық басылымы «Правда» газетінің бас мақалаларында Қазақстанда және Орталықтарда оқитын Қазақстандық аспиранттардың 30%-ға жетпейтіндері ғана ғылыми жұмыстарын қорғайтындықтары туралы сын айтылғандығын оқығаным есімде. Шындығында ол кезде аспирантураға қабылдау мен кандидаттық диссертация қорғауға талап өте қатал болатын. Көп жерлерде аспирантураға жақсы дайындықпен қабылдау мақсатында екі жылға дейін **өтілдік** (стажировка) өту қалыптасқанды. Сонда 2 жыл **өтілдік** өтуге, үш жыл аспирантураны қоссақ, ғылыми диссертация дайындауға кемі бес жыл қажеттігі шыға келетін. Соған карамастан елімізде жүргізілген ұйымдастыру жұмыстары өз нәтижелерін бере бастады.

Қазақстандағы Математика мен механикадан бірінші конференция 1954 жылы сәуірдің 20-25 аралықтарында Алматы қаласында Қазақ Ғылым академиясының Математика мен механика секторының ұйымдастыруымен өтті. Деректерге қарағанда оған Москва, Ленинград қалаларынан және Орта Азия республикалары мен Қазақстан ғалымдары қатысты. Мәселе баяндамалар санының аз-көптігінде емес, алғашқы қадамның жасалуында.

Келесі, **Математика мен механиканың II-республикалық конференциясы** Алматыда 1959 жылдың 29 қазаны мен 2 қарашасы аралығында өтті. Барлығы 84 баяндама тыңдалған. Оған Москва, Ленинград, Сібір және Орта Азия республикаларынан ғалымдар қатысты. Қазақстандық баяндамашылардың да саны көбейді. Қатысқандар санының екі есе жуық өскенін, қатысушылар жағырапиясының кеңейгенін де байқауға болады.

Араға төрт жыл салып өткен конференция **«Математика мен механиканың I-Бүкілқазақстандық жоғарғы оқу орындары аралық конференциясы»** деген атпен өтті. Барлығы 102 баяндама тыңдалып, оған Москва, Ленинград, Қазан, Киев, Сібір және Орта Азия республикаларының ғалымдары қатысты. Қазақстанның өзінен қатысқандардың саны да көбейе түсті және де секциялар саны көбейіп, олар математика мен механиканың әр түрлі салаларын қамтыды, қолданба жағына да көңіл бөлінді.

Жоғарыдағы атпен өткен II-ші конференция Алматыда 1965 жылдың 15-20 қыркүйегі аралықтарында өтті және онда 120 баяндама тыңдалды. Қатысушылар жағынан бұрынғы жағырапиялардың сақталғанын байқауға болады.

Жоғары оқу орындары аралық конференция 1965 жылдан бері тағы да 10 рет ұйымдастырылған екен. Негізінен Алматы және Қарағанды қалаларында өткен. Сол өткізілген конференциялардың кейбіреулеріне тоқталсақ деймін. Ол арқылы Қазақстандағы метаматика мен механика ғылымдарының даму сатыларына көз жеткізуге болады.

Математика мен механика бойынша VII жоғарғы оқу орындары аралық ғылыми конференция Қарағанды қаласында 1981 жылы қыркүйектің 15-18 аралығында Қарағанды мемлекеттік университетінің базасында ұйымдастырылды. Бұл Қарағандыда университет статусы бар екінші оқу орнының пайда болып, қалыптаса бастаған кезі болатын.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

Молдахметов З.М. – төраға, университет ректоры;

Перевертун М.А. – төрағаның орынбасары;

Смаилов Е.С. – ғылыми хатшы;

Мүшелері: Алмұханбетов Н.А., Арышев Ю.А., Жолдасбеков У.А., Дерфель Г.А., Ержанов Ж.С., Ершин Ш.А., Журавлев Б.П., Жәутіков О.А., Қасымов Қ.А., Ким Е.А., Лукьянов А.Т., Малюков И.Д., Мұстафин Т.Г., Наурызбаев К.Д., Өтелбаев М.Ө., Рахимов Е.Р., Сапа В.А., Сұлтанғазин Ө.Ж., Тайманов А.Д., **Тайцлин М.А.**

Конференция үш секцияда жұмыс жасаған:

I-секция «Математика».

Ішкі секциялары:

1. Функциялар теориясы және функционалдық талдау – 41 баяндама,
2. Жай дифференциалдық теңдеулер және қозғалыстың орнықтылығы – 41,
3. Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер – 38,
4. Геометрия, алгебра, сандар теориясы және математикалық логика – 44,
5. Математика тарихы және оны оқыту мәселелері – 31.

II-секция «Қолданбалы және есептеуіш математика».

Ішкі секциялары:

1. Есептеуіш математика – 40,
2. Математикалық моделдеу (үлгілеу) – 29,
3. Есептеуіш кешендер мен АБЖ математикалық жабдықтау – 28.

III-секция «Механика».

Ішкі секциялар:

1. Теориялық механика және теориялық механиканы оқыту әдістемелері – 38,
2. Деформацияланатын қатты денелер механикасы – 79,
3. Сұйықтар және газдар механикасы – 46,
4. Машиналар мен механизмдер теориясы. Басқару теориясы – 39.

Конференцияға – 453 баяндамалар ұсынылған. Бір баяндаманы бірнеше орындаушылар ұсынғанын ескерсек, қатысуға ниет білдіргендер санының әлде қайда көп екендігін көруге болады. I-секцияға – 154, II – 97, III – 202 баяндамалар ұсынылған.

Қатысушылар Москва, Ленинград, Киев, Новосібір, Харьков, Үфі, Ташкент, Ашхабат қалаларынан және Қазақстанның барлық облыс орталықтарынан келген. Бұл барлық облыс орталықтарында педагогика институттары мен жекелеген қалаларда техникалық оқу орындары ашылған кезең болатын. Әрбір жаңадан ашылған оқу орындары Кеңестер Одағы мен Қазақстанның математикалық орталықтарымен байланыстар орнатып, өтілдік және аспирантура арқылы мамандар дайындауды жолға қоя бастаған. Осы жұмыстардың өз жемістерін бере бастағанын жоғарыда келтірілген цифрлардан көреміз.

«**Математика**» секциясына Қазақ КСР ҒА академигі, ф.-м.ғ.д., профессор О.А. Жәутіков жетекшілік етті. Ішкі секциялар жұмысына болашақ академиктер М.Ө. Өтелбаев, Қасымов Қ.А., Білиев Н.Қ., Ким Е.И., Қалменов Т.Ш., болашақ корреспондент-мүше Д.Ү. Үмбетжановтар белсене қатысты.

«**Қолданбалы және есептеуіш математика**» секциясына Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі, ф.-м.ғ.д., профессор Ө.М. Сұлтанғазин жетекшілік етті. Кейін Ұлттық

Ғылым Академиясының президенті қызметін атқарған Өмірзақ Махмұтұлының қолданбалы математиканы Қазақстанда дамытуға қосқан үлесінің ерекше екендігін атап өткен жөн. Кейін Космосты зерттеу институтын ашып, оның да директорлығы қызметін ұзақ жылдар атқарды.

Ішкі секция жұмыстарын А.Т. Лукьянов, С.А. Айсағалиев, С.А. Атанбаев, С.Н. Темірболатовтар ұйымдастырды.

«Механика» секциясына Қазақ КСР ҒА академигі, т.ғ.д., профессор Ө.А. Жолдасбеков жетекшілік еткен болатын. Қатысушылар санының ең көп болуы Қазақстандағы механика саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасының жоғарғы деңгейге жеткендігін білдіреді. Оған академиктер Ержанов Ж.С., Қалыбаев А.А., Айтиалиев Ш.М., Ершин Ш.А., Г.У. Уалиев т.б. өз үлестерін қосты.

Академик Ө.А. Жолдасбеков Инженерлік академияның негізін қалап, басқарған болатын. Қазір «Ержанов оқулары», «Жолдасбеков оқулары» атауларымен өткізіліп жүрген конференциялар Қазақстан механиктерінің бас қосатын үлкен форумына айналды.

Пленарлық отырыстарда тыңдалған төрт баяндаманың екеуі математика мен оның қолданбаларының даму тарихына арналды.

Қарағандылық М.А. Перевертунның баяндамасы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі математика ғылымының дамуына арналса, Ө.М. Сұлтанғазиннің баяндамасы Қазақстанда есептеуіш және қолданбалы математикалардың дамуына байланысты болды. Екінші баяндама толығымен есептеуіш және қолданбалы математиканың Қазақстандағы қол жеткен табыстарын баяндауға арналғанын көреміз.

Математика ғылымының ғасырлар бойы өмір талаптарына сай икемделіп дамып келе жатқандығы белгілі. Осы жолдардың авторы 1988 жылы 3-5 қазан аралығында өткен **«Есептеуіш математика мен ғылыми зерттеулерді автоматтандыру проблемаларына» арналған II-республикалық конференцияға** қатысты. Конференцияны Қазақ КСР ҒА-сы ұйымдастырып, оның ұйымдастыру

комитетінің төрағасы Қазақ КСР ҒА-ның президенті, академик Ө.М. Сұлтанғазин болды. Ондағы жұмыс жасаған секциялар:

1. Есептеуіш математика және математикалық үлгілеу (моделдеу) – 106 баяндама,
2. Экологиялық және экономикалық жүйелерді үлгілеу – 44,
3. Басқару теориясы және сандық есептеудің экстремаль есептері – 109,
4. Ғылыми зерттеулерді автоматтандыру – 95,
5. Жасанды интеллект, ақпараттық және эксперттік жүйелер, ЭЕМ математикалық жабдықтау және есептеуіш техника – 48,
6. Басқарудың автоматты жүйелері және проектилеу – 64.

Аталған секциялар қарастырылған мәселелерінің жан-жақтылығымен және жаңалықтарымен ерекшеленді. Сонымен қатар, келер ХХІ ғасырдың ақпараттандыру ғасыры болатынын көзге елестеткендей әсер қалдырды. Барлығы 471 баяндама ұсынылып, оның 5-еуі пленарлық, 177-секциялық, 289-қабырғалық (стендалық) баяндамалар болды.

Осы жерде академик Ө.М. Сұлтанғазиннің мына сөздерін келтіріп өткен дұрыс сияқты:

«Математика деген айсберг тәрізді. Қарапайым жұрт оның тек судың бетіндегі қолданбалы математика атты бөлігін ғана көреді. Орасан зор бөлігі мұхиттың астында екенін біле бермейді. Математика да шығармашылық ғылым. Ол көптеген ғылымдардың дамуының кілті деп айтуға болады. Бұл ғасыр–математика дамуының алтын ғасыры. Оның көптеген ірі өзгерістерінің бірі- компьютер және компьютермен есептеу технологиясы. Ол сырт қарағанда темірден жасалынған дүние болғанымен, 90 пайызы математикалық бағдарламалардан, 10-ақ пайызы тегершіктерден тұрады. Сондықтан математика ғылымының ерекше дамуы басқа ғылымдардың, әсіресе, индустрия мен өндірістің дамуына үлкен әсерін тигізді. Математиканың екі негізгі міндеті бар: оның бірі теория, екіншісі- практика, яғни жасалынған теорияны жақсарту, не жаңа теория ашу және оларды іске асыру».

Бұрын келтірілген жоғарғы оқу орындары арасындағы конференцияларға қайта оралсақ, соңғы кезде математика және механика атауларына информатика сөзі тіркеліп жазылып жүр. Мысалы, Алматы қаласында 2008 жылы қыркүйектің 10-14

аралығында өткен конференция **«Математика, механика және информатика бойынша 12-жоғарғы оқу орындары аралық конференция»** деп аталды және қолданбалы жағының басымдылығымен көзге түсті, басқаша айтқанда математика өмірдегі өзінің қолданбалы миссиясын атқаруда деп ұғуға болады.

Жоғарыда 1954-ші жылы ұйымдастырылған алғашқы конференциямен 1988-ші жылы академик Ө.М. Сұлтанғазиннің ұйымдастыруымен өткен ІІ-ші республикалық «Есептеуіш математика мен ғылыми зерттеулерді автоматтандыру проблемалары» атты конференциялары аралығында 34 жыл өтіпті. Былай алып қарағанда көп уақыт өтпеген сияқты. Соған карамастан, қол жеткен табыстарды конференциялар туралы келтірілген қысқаша мағлұматтар, цифрлардан байқауға болады. Бұдан байқайтынымыз осы кезеңде ғылымды дамытуға жан-жақты көзқарас болған сияқты. Бұл жағынан Кеңестер Одағындағы атқарылған жұмыстар айтуға тұрарлық:

Біріншіден, елімізге Одақтас Республикадан белгілі ғалымдар тартылды. Оның нақты мысалы Қазақ ССР ҒА-ның академигі К.П. Персидскийдің Қазақстандағы математика мектебінің қалыптасуы бағытында атқарған қызметтері.

Екіншіден, Кеңестер Одағының белгілі оқу орындары мен ғылыми орталықтарына, көптеп студенттер, өтілгерлер (стажер – зерттеушілер) және аспиранттар жіберудің біршама дұрыс жолға қойылғандығын бұрын келтіргенбіз. Орталық оқу орындарына баратындардан емтихандар қабылдау ертерек ұйымдастырылды да, ондағы сынақтардан өтпей қалғандар кейін Қазақстанның оқу орындарын таңдауға мүмкіндік алды. Кеңестер Одағының басқа Республикаларына барған азаматтардың көбі болашақта барған жерлерімен байланыстар орнатуға себепші болып, сол ғылыми байланыстардың осы уақытқа дейін жалғасын тапқандығының куәсі болып жүрміз. Нақты мысалы ретінде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен Новосібір мемлекеттік университеті араларындағы оқу және ғылыми байланыстарды келтіруге болады. Осындай сәтті істердің бастауында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика-механика факультетінің деканы қызметін атқарған Х.И.

Ибрашев сияқты азаматтар тұрды. Қазіргі уақытта сол байланыстар нығайып, жоғарғы ғылыми деңгейлерге жетсе, онда Х.И. Ибрашевтардың өзіндік үлесі бар деп есептеуге болады.

Үшіншіден, жоғары оқу орындары мен академиялық институттар көптеп ашылып, оларға жан-жақтан мамандар тартылды. Бұған Қазақстанның жер байлығының молдығы, жыл сайын жаңа кен орындарының ашылуы және өндіріс орындарының пайдалануға берілуі себепші болды. Сондықтан да, әр мекеме ғылыми-өндірістік салаларға қаражат бөлуге көңіл бөліп, ішкі ресурстарын пайдаланудың әр түрлі жолдарын іздеді. Сайып келгенде аталған шаралардың жүзеге асуынан Қазақстанның ғылымы, оның ішінде математика мен оның қолданбалы жағы да ұтты.

Міне, осы кезде қазақ балаларына тән математикаға деген қабілеттілік өз жемісін берді. Ө.М. Сұлтанғазин, Қ.А. Қасымов, Н.Қ. Білиев, Д.Ү. Үмбетжанов, М.Ө. Өтелбаев т.б. Мәскеу және Новосібір қалаларынан өздері ғана білім алып қойған жоқ, елге оралғаннан кейін өз мектептерін қалыптастыру бағыттарында жұмыстар жүргізе бастады. Ғылыми жұмыстарды жүргізу бір жүйеге түсіп, оны ұйымдастырушылар ретінде алғашқы қазақтан шыққан ғылым докторлары Орымбек Жәутіков, Төлебай Аманов, Өмірзақ Сұлтанғазин, Жақан Ержанов, Өмірбек Жолдасбековтер ерекше еңбек сіңірді. Нәтижесінде ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақ ҰҒА-ның академигі М.Ө. Өтелбаев айтқандай 1980-ші жылдары «қазақ математикасының алтын ғасыры» деп аталған кезеңге келдік. М.Ө. Өтелбаевтың өзі 80-нен астам ғылым кандидаты мен 10-нан астам ғылым докторларын дайындап шығарды. Бұл іске жоғарыда аталған аға буын өкілдерімен бірге ҚР ҰҒА академиктері Т.Ш. Қалменов, А. Жұмаділдаев, профессорлар Р. Ойнаров, Қ.Н. Оспанов, М. Мұратбеков, М.Т. Жиенәлиев, Д.С. Жұмабаев, Н.Т. Темірғалиев, Е.Д. Нұрсұлтанов, К.К. Кенжебаев, Ж.А. Сартабанов, У. Өмірбаев, М.І. Тілеубергенов, Е. Бидайбеков, Б. Кангужин, М. Дауылбаев т.б. өз үлестерін қосуда.

Академик Ө.А.Жолдасбековтың бастауымен ұйымдастырылған Инженерлік Академияның қосқан үлесі өз

алдына бөлек әңгіме. Қазақстан ғылымында өшпес із қалдырған есімдердің бірі Новосібір ғылым мектебінің түлегі профессор Шалтай Смағұлов болатын. Ол қалаған қолданбалы математика мектебі академиктер Б.Т. Жұмағұлов, Н.Т. Данаев, профессорлар Н. Темірбеков, М. Орұнханов т.б. еңбектерімен жалғасын табуда және Қазақстанда ең бір жемісті жұмыстар жасап жатқан мектепке айналды.

Қазіргі таңда ҚР ҰҒА-ның академигі Б.Т. Жұмағұлов ҚР Білім және ғылым министрі қызметін атқаруда. Математиканың ғылым әлеміндегі алатын орнын жақсы түсінетін министр **«Қазақстан мектептерінде математикалық білім беру ісін дамыту: қазіргі жай-күйі мен даму болашағы»** атты **Қазақстан Республикасы математика пәні мұғалімдерінің І-ші съезін** ұйымдастырды.

Елбасы Н.Назарбаев Астанада өтіп жатқан бұл шараға құттықтау жолдап, онда математика пәнінің қоғамда алатын орнына айрықша баға беріп: «Бүгінгі заман талабына сай мұғалім – ол рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр-сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы тиіс. Мұның математика мұғалімдеріне де ерекше қатысы бар. Себебі еліміздің жедел индустриялық – инновациялық дамуы жағдайында базалық техникалық пәндердің бірі ретінде математика қазіргі заманғы білім берудің алдыңғы шебіне шығып отыр. Жаңа заман талабы математикалық білім беруді жетілдіріп, оның тиімділігін арттырудың нақты тетіктерін айқындау міндетін қояды» – деп атап өткен болатын. Жиында математика пәні мұғалімдерін даярлау, математика оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, дарынды оқушылармен жұмыс жасау және басқа да математикалық білім берудің өзекті мәселелері талқыланды.

Бұл бағытта жасалатын жұмыстарда сең қозғалған сияқты. Тек, ойға алған істер жүзеге асса болғаны. Шын мәнінде дана халқымыз айтқан «Ел боламын десең, бесігіңді түзе». Қазақ мектептеріне бастауыш сыныптардан бастап, жақсы оқулықтар керек. Математика пәнін оқытуға мектептерде бөлінетін сағаттар саны қысқармауы тиіс. Өйткені, бұл пәнді оқып –



ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұлов университет ұжымымен кездесу кезінде (2011).



ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұлов университет студенттері туындыларымен танысуда (2011).



ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұловпен
кездесу кезінде (2011).



ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұловпен
кездесу кезінде (2011).

үйренуді қанша қиын дегенмен мектеп көлемінде өтілетін басқа пәндерді меңгеруде жетекші рөл атқаратыны дәлелденген. Ал қаншалықты интернет ғасыры дегенмен, Кеңестер Одағы кезінде бастап шығарылып, қазіргі кезеңде де Ресейде жалғасын тауып шығарылып жатқан, математиканы тандаған мектеп оқушыларының сүйіктісіне айналған «Квант», «Математическое просвещение» сияқты қазақ мектебі балаларының да өз журналдары болуы тиіс.

Өзінің жұмысын осындай жақсы бастамалармен бастаған БЖҒМ-рі академик Бакытжан Жұмағұлов Республикадағы көптеген оқу орындарында болып, ондағы оқу үрдісі мен ғылыми жұмыстардың жүргізілуімен танысуда. Жақында ол Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде болып, университеттегі студенттер өмірімен танысты, профессор-оқытушылар қауымымен кездесу өткізіп, Отандық білім мен ғылымның өзекті мәселелерімен таныстырды. Профессор-оқытушылардың көптеген сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік берген бұл кездесудің орны ерекше болды.

Халқымызда «Ат тұяғын тай басар» деген аталы сөз бар. Академик М.Ө. Өтелбаевтың айтуы бойынша «Алтын ғасыр» ұрпақтарының орнын басатын, оларды жоқтатпайтын келесі ұрпақтың тұяқтарының дүбірі естілмейді. Шынында, 1990-шы жылдары бұрынғы ғылыми кадрларды дайындаудың желісі үзілді. Ал, ғылымда келесі ұрпақ үздіксіз дайындалуы міндетті. Арада өткен 15-20 жыл тоқырауда өткен уақыттың орнын толтыруға көп күш жұмсауға тура келеді. Жекелеген ғылыми бағыттардың алға қарай дамымай үзіліс табуы да мүмкін. Сондықтан да, Отандық математика ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан, математикамен айналысып, оның бірнеше саласында қатар шәкірттер тәрбиелеуді өмірінің негізгі мақсаты етіп қойған белгілі ғалымның жан айқайын негізсіз дей алмаймыз.



ҮШІНШІ ТАРАУ

МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ ҰМТЫЛҒАН АҚТӨБЕ

§1. Әр істің де бастауы бар

Халқымызда «Майдасыз ірі болмады, Бірінсіз бірі болмайды» деген аталы сөз бар. Шынында болашақта атқарылатын әрбір келелі істердің өзіндік бастамасы бар. Өмір талабына сай Қазақстанның облыстарының орталықтарында біртіндеп, педагогика институттары ашыла бастады. 1966 жылы Ақтөбе қаласында да Ақтөбе педагогика институты өз жұмысын бастады. Оның негізін физика-математика және филология факультеттері құраған болатын. Аталған екі факультет болашақта екіге бөлініп мамандар дайындап жатқан Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе педагогика институттарының бастауында тұрды. Ашылғандағы негізгі мақсаты облыс мектептеріне мұғалімдер дайындау болғанмен, уақыт өте келе ірі ғылыми орталыққа айналды. Көптеген жаңа мамандықтар ашылды. Ал, физика-математика факультеті өзінің алдыңғы қатардағы жетекші рөлін сақтап, әрі қарай өркендетуде.

Қызметімді бастаған 1967 жылы факультетте екі ғылым кандидаттары ғана қызмет жасайтын. П.Я. Шибаев - факультет деканы, ал М.О. Төлегенов – институттың оқу және ғылыми істер жөніндегі проректоры. Осы кезде ғылым докторлығы мен кандидаттығына диссертациялар қорғап, факультеттің абыройын аспандатып жүрген азаматтардың көбі, доцент Мырзағали Отарұлының басшылығымен жұмыс бастағандар. Олар Ж.А. Сартабанов, И.І. Илиясов, Ж.Н. Тасмамбетов, К.В. Цхай, И.Ф. Спивак-Лавров, С.А. Мырзабеков, С.И. Отарбаев, К.Н. Ниязмағамбетов, Қ.Ж. Жұбаев, Б.І. Избасаров т.б.. Ж.А. Сартабанов факультеттен алғашқы болып аспирантураға кеткен

болса, И.И. Илиясов пен С.А. Мырзабековтер алғашқы аспирантура бітіріп келгендер. Жаңа оқу бітірген университеттер мен институт түлектері Алматы, Москва, Киев т.б. қалалардың оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттарына аспирантура мен өтілдік-зерттеушілікке жіберіліп, кандидаттық диссертацияларын қорғауға қол жеткізді. Осылайша, факультеттің оқытушылар құрамы ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ғалымдармен толықты, ғылыми әлеуеті артты.

К.П. Персидскийдің талантты оқушыларының бірі М.О. Төлегенов алғашқы болып, ғылыми семинар жүргізуге талап жасаған болатын. Бірақ, жаңа ұйымдастырылып жатқан институттың шаруалары көп мүмкіндік бермеген сияқты. 1980-ші жылдары математикадан қалалық семинар ұйымдастыруды Ж.А. Сартабанов қолға алып, бірнеше отырыстар өткізуге ұйтқы болды. Бұл шаруа да бір ізге түсіп жалғасын таппады. Өйткені, қаладағы оқу орындары аз болды, олардағы математика ғылымы белгілі даму деңгейіне көтерілмеген еді. Сондықтан да, 2000-шы жылдарға қарай физика-математика ғылымдарының докторлары, профессорлар К.К. Кенжебаев пен Ж.А. Сартабановтардың жетекшіліктерімен жұмыс жасап, Республикаға белгілі болған және оның түкпір-түкпірлерінен келіп, баяндамалар жасауға кезекке тұратын «Дифференциалдық теңдеулер мен математикалық физика» бойынша ғылыми семинар өткізуге қол жеткізу үшін математиктерімізге белгілі бір деңгейге көтерілу қажет болды.

Жас нәрестені сылап өсіретіндегі сияқты, ғылым әлеміне ұмтылған жастарды семинарлар, конференциялар, съездер және конгрестерге қатысып, баяндамалар жасау және өзгелердің жетістіктерін тыңдап, өз керегін алып, болашақ зерттеулеріне қолдана білу өсіреді. Мұны ерте түсінген әлем ғалымдары жастарды семинарлар арқылы тәрбиелеуге тырысқан. Мысалы, Париждегі математика ғылымдарының аңызына айналған Жак Адамардың (1865-1963) семинарына барып баяндама жасау, ұзақ жылдар өмір сүріп, аты аңызға айналған адамның пікірін тыңдау, әлемнің көптеген елдерінің математиктерінің арманына айналған. Кеңестер Одағының академик Н.Н. Лузин сияқты атақты математигінің өзі сол семинарға барып,

баядамалар жасағанын үлкен мақтанышпен еске алады. Ал Жак Адамардың өзі Францияның атакты математигі Шарльз Эрмиттің семинарларына қатысып, өсіп шыңдалған. Бұдан математикасы қарқынды дамыған жерлердің өз семинарларына құрметпен қарап, тарихын жазбаша түрде сақтайтынын көреміз. Мысалы, өзім айналысатын дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы бойынша Ресейде алғаш ғылыми семинар 1915 жылы Мәскеудің мемлекеттік университетінде профессор В.В. Голубевтің жетекшілігімен ұйымдастырылды деген дерек бар.

Біздің университетте ұйымдастырылған ғылыми семинар да ғылымға ұмтылған жастардың жолбасшы тәрбиешісіне айналып, олардың өзі мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыруға және математикалық мәдениетін қалыптастыру бағытында қызмет атқарып келеді.

Ғылыми жұмыстарды жетілдіру бағытында атқарған жұмыстардың маңыздыларының бірі ретінде Ақтөбе университетінде 2000-2005 жылдары жұмыс жасаған К 14.51.03 Диссертациялық кеңесінің қызметін атауға болады.

Ғылыми Кеңестің жұмысының басталуы университеттегі математика бойынша ғылыми жұмыстардың дамуына жаңа серпін берді. Оның жұмысына Алматыдан ҚР ҰҒА-ның академигі Н.Қ. Билиев, ф.-м.ғ.д., профессор С.А. Алдашев, Ресейден ф.-м.ғ.д., профессор О.А. Репин сияқты белгілі ғалымдар тартылды. Дайын кандидаттық диссертацияларын қорғауға Ақтөбе университетінің оқытушы, аспиранттарымен қатар басқа өңірлердің де ізденушілері мүмкіндік алды. Нәтижесінде К.14.51.03 Диссертациялық Кеңесінде қазірде математика ғылымы саласында өндіріп жұмыс жасап жүрген Б.І. Избасаров, Ш. Қожаев, Ә.А. Мұхамбетова, Б. Шеркешбаева, А.И. Кулик, С.М. Темешева, Қ.Қ. Қалық т.б. кандидаттық диссертацияларын қорғады. Олардың ішінен С.М. Темешева 2010-шы жылы ф.-м.ғ. докторлығына диссертация қорғады. Бұдан облыстардағы университеттер арасынан бірінші болып, Ғылыми Кеңес ашып, математика ғылымы жолына жастарды баулу жолында қызмет атқарған Ақтөбе университетінің бұл бағыттағы потенциалының мол екендігін байқаймыз.

Диссертациялық Кеңестің төрағасы ҚР ҰҒА-ның академигі К.К. Кенжебаев болды, ғылыми хатшылығын Ғ.Ә. Әбдіқалықова атқарды. Кеңестің құрамында ҚР ҰҒА-ның академигі Н.К. Білиев, ф.-м.ғ.д., профессорлар Ж.Ә. Сартабанов, С.А. Алдашев, І.Т. Тәжімұратов, ф.-м.ғ.к., доценттер О.Б. Баймағамбетов, Ж.Н. Тасмамбетов, А.Б. Бержанов, Б.І. Избасаров, Ж.Қ. Қайдасов, М.Е. Ерекешовалар және Ресей мен Украинааның белгілі ғалымдары енді. Кеңестің жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып отырды.

1.1. Жас келсе іске

Ақтөбе университетіндегі математиканың дамуы мен конференциалардың ұйымдастырылуы туралы айтқанда 1996 жылдан кейінгі аралық пен оған дейінгі аралықтарды бөлек қарастырған дұрыс сияқты.

Институт ашылғаннан 1996 жылға дейінгі 30 жыл арасындағы аралықта факультеттің математикалық кафедраларының құрамдары белгілі деңгейге көтерілді. Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың саны көбейді. Олардың арасында факультеттің алғашқы түлектері пайда болды. Оқу бітіруші түлектердің білім сапасы артты. Сол түлектер кафедра оқытушыларының орындарын толықтыра бастады. Басқаша айтқанда ұрпақтар жалғастығы жалғасын тапты.

1996-жылдан кейінгі даму университетке Ақтөбе педагогика институтының түлегі, жас ғалым, физика – математика ғылымдарының докторы К.К. Кенжебаевтың ректор болуымен байланысты. Оның ғылым жолындағы байланысын былай көрсетуге болады: Н.Н. Боголюбов, - Ю.А. Митропольский- А.М. Самойленко- К.К. Кенжебаев. Басқаша айтқанда Н.Н. Боголюбов пен Ю.А. Митропольскийлердің сызықсыз тербеліске қатысты Киев мектебінің тікелей жалғастырушысы, алға қарай жаңа биіктерге көтерушісі академик А.М. Самойленко болса, оның үміт артқан сүйікті оқушысы К.К. Кенжебаев.

Кенжеғали Кенжебайұлы ректор болғалы «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра



Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры ҚР ҰҒА-ның академигі К.К. Кенжебаев.

проблемалары» деген айдармен 1996, 1999, 2003, 2006, 2009 жылдары бес конференция өтті. Университеттің дүние жүзі ғалымдарымен байланысы кеңейді. С.М. Никольский, О.В. Бесов, А.М. Самойленко, О.М. Сұлтанғазин, Н.К. Білиев, Қ.А. Қасымов, Б. Боярский сияқты әлемге танымал ғалымдар Ақтөбе университетінде өткен конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады, жас буын атақты математиктермен кездесуге қатысты. Конференцияларға Ресей, Польша, Украина, Германия т.б. елдердің өкілдерінің қатысуы студенттер мен аспирант, магистрлерге, жас оқытушыларға дәрістер оқуы, университеттегі математика ғылымының дамуына жаңа серпін берді. Көптеген оқытушылар кандидаттық және докторлық диссертациялар

қорғап, Ақтөбе Қазақстандағы белгілі математикалық орталықтардың біріне айналды.

Аталған жетістіктердің өздігінен келмегені түсінікті. Ол туралы ойлағанда көз алдымызда өскен азаматтың өмір жолы тізбектеліп тұра қалады. Ақтөбе педагогика институтын бітірген бойда өмір жолын мектептің мұғалімдігінен бастады. Сөйтіп өзі таңдаған мамандықтың

негізгі қолданыс тапқан жері мектепті өз көзімен көріп, мұғалімдік жұмыстың қыр-сырын меңгеруге мүмкіндік алды. Бойына біткен ізденімпаздық қасиеті оны алға жетеледі. Үлкен ғылымға ұмтылысының алғашқы баспалдағы ретінде өзі бітірген Ақтөбе педагогика институтына жұмысқа орналасуға шешім қабылдады. Бұл кез факультет оқытушыларының ғылымға бет бұрыс жасап, Республика мен Кеңестер Одағының ғылыми орталықтарына жол тартып, аға буын өкілдерінің алды ғылыми дәрежелерін қорғап еңбекке араласып, ал келесі буынның өз жолдарын таңдап жатқан ізденіске толы жылдары болатын.

Жас Кенжеғали да өзінің өмір жолын таңдады. 1979-шы жылы Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне өтілдік-зерттеушілікке қабылданды. Арманшыл жасқа ғылым жолы ашылды. Аз уақыт аралығында өзін көрсете білген ол, дифференциалдық теңдеулер мен сызықсыз тербелістер теориясының бірнеше салаларынан жаңалықтар ашып, атақты Н.Н. Боголюбов пен Ю.А. Митропольскийлердің Киев мектебінің жалғастырушысы дәрежесіне көтерілген профессор А.М. Самойленконың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғады. Көп жерлерде ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыстың осымен үзілетін жағдайлары жиі кездеседі. Әдетте шәкірт еліне оралып, қызметке араласады. Беделді қызметтер атқара бастаса, ғылымға деген ынтасы азаяды. Кейін, қайта орала алмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Талантты шәкірттің жағдайын ескерген ұстаз факультет деканы қызметіне кіріскен шәкірттен ғылым жолын жалғастыруға қайта шақыртып, өзі бастаған конструктивтік теорияны терең зерттей отырып, негіздеуге ұсыныс жасады.



К.К. Кенжебаев ұстазы Украина ҰҒА-ның академигі А.М. Самойленко және профессор Ж.А. Сартабановтармен бірге (Киев, 2008ж.).



V-ші Халықаралық ғылыми конференцияның ашылу

сәті. Ақтөбе, 2009




Украина ҰҒА Математика институтында (Киев, 2008 ж.).



К.К. Кенжебаев бір топ Қазақстандықтармен бірге Москва МУ-де (Москва, 2009 ж.).

Бұл ұстаз көрегендігі болатын. Доктарантураға түскен Кенжеғали Кенжебайұлы ұстаз академик А.М. Самойленко дамытуға мақсат қылған әр түрлі кластағы көпнүктелі шекаралық шарттармен берілген шекаралық есептердің шешімін конструктивті алгоритмдермен құруға байланысты сүбелі нәтижелер алды. Оларды жинақтап, 1995 жылы Украина Ұлттық Ғылым Академиясының Математика институтында «Периодты, көп нүктелі шекаралық есептер анализінің конструктивті әдістері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Дифференциалдық теңдеулердің бұл тармағы қазіргі математика ғылымында А.М. Самойленко, В.М. Лаптинский және К.К. Кенжебаев есімдерімен байланыстырылады. Ректорлық қызметтің қат-қабат қиындығына қарамастан осы нәтижелерін біріктірген Самойленко А.М., Лаптинский В.Н., К.К. Кенжебаевтардың авторлығымен «Конструктивные методы исследования решений периодических и многоточечных краевых задач» атты монографиясы жарық көрді. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс осы уақытқа дейін жалғасын табуда. Ол дүние жүзіне танымал Крылов – Боголюбов- Митропольский – Самойленколардың сызықсыз тербелістерге қатысты математикалық мектебінің түлегі екендігін мақтан етеді. Оған өз үлесін қосқан белгілі математик ғалым, білім мен ғылыми жұмыстардың майталман ұйымдастырушысы.

Осындай биіктерге көтерілген ғалым еңбегінің бағаланатындығы түсінікті. Белгілі ғалымның үлкен құрметпен еске алатыны: М.В. Остроградский және Украина ҰҒА-ның Н.Н. Боголюбов атындағы естелік-медалімен марапатталуы. Өйткені, оқып жүргеннен-ақ Михайл Васильевич Остроградскийдің математикалық анализ, жоғарғы алгебра, геометрия, ықтималдықтар теориясы, сандар теориясы, аналитикалық механика, математикалық физика, баллистикаға қатысты еңбектері өзіне таныс. 2002 жылы атақты ғалымның туғанына 200 жыл толуына байланысты тағайындалған алтын медаль иегрі болуы үлкен жетістік. Ал, өзі айналысатын сызықсыз тербелістер теориясының негізін қалаушылардың бірі



Ұстазы марапат иесін құттықтауда



Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне 40 жыл (2006).



К.К. Кенжебаев құрметті қонақтармен бірге университеттің мақтанышы Жастар сарайында.

Н.Н. Боголюбов атындағы медальмен марапатталуы, ол теорияда өзінің де үлесі бар екендігін білдіреді.

Сонымен қатар, ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты Ресей ҰҒА-ның академигі, атақты математик С.М. Никольскийдің мына сөзін келтіру жеткілікті: «... С казахскими математиками у меня давнишняя тесная связь...

Хочется отметить Математическую конференцию в Актобе осенью 1999 г. Меня с Олегом Владимировичем Бесовым неожиданно вдруг пригласили туда. Город в казахской степи, в нескольких сотнях километров от Оренбурга в глубь Казахстана. Организатор – ректор университета Актобе профессор К.К. Кенжебаев, большой энтузиаст, сделал много для развития математической науки в степях Казахстана. Сам получил научную выучку в Киеве у академика Анатолия Михайловича Самойленко, тоже приехавшего на данную конференцию вместе с другими украинскими учеными» (Академик Никольский С.М. Немного о себе // Труды математического института им. В.А. Стеклова, 2001, т. 232 с. 8-18).

§2. Ақтөбе университетінде ұйымдастырылған конференциялар бастауы.

Ақтөбе педагогика институты мен оның заңды жалғасы болған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті математик мамандар дайындауда әр уақытта алдыңғы қатардан көрініп келеді. Осы жерде ғылыми атақтары болмаса да ұрпақ тәрбиесіне жоғарғы деңгейде өз үлестерін қосқан Р.Ю. Мисонжник, М.Т. Тумышев, А.И. Житников, А.Ш. Шоқаева, В.И. Гончарова, Т.И. Припадчева, Ж.М. Марденов, Н. Мұқанов, Р.Т. Төлебаева т.б. еңбектерін атап өткен жөн. Жұмысқа келіп орналасқан 1967-ші жылдан бастап, А.Ш. Шоқаева, В.И. Гончарова, Ж.М. Марденов, С.И. Отарбаев, Б.І. Избасаровтармен Математикалық анализ кафедрасында бірге жұмыс жасадық. Олардың әрқайсысы да студенттерге талап қоя білетін, жастардың жүректеріне жол таба алатын, өз істерінің мамандары болатын. Өткізген сабақтарының әдістемелік жағына көп көңіл бөлетін. Ашық сабақтар өткізу, оларды жан-жақты талқылауға араласу өмір жолын жаңа бастаған біздер үшін өз алдына бір мектеп болды.

Гончарова Валентина Иосифовна Қазіргі Бішкек қаласында Қырғыз Мемлекеттік университетін бітіріп, сонда оқытушылық қызмет атқарған, аспирантура бітірген, қалыптасқан маман ретінде кафедра құрамына қосылған болатын. Мінезі жұмсақ, әркіммен тіл табыса білетін адами қасиеті жоғары маман ретінде ұзақ жылдар физика-математика факультетінің деканының орынбасары қызметін атқарды.

Шоқаева Ақжарқын Шоқайқызы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтының үздік бітірген түлегі. Кафедрада өтетін барлық пәндерден жоғары деңгейде сабақ беретін әмбебап оқытушы ретінде қалыптасты. Жақсы тәрбиеші де болатын. Жастар, әсіресе қазақ қыздарының апайларының өзін-өзі ұстауына, жан-жақты біліміне қызығатынын, үлгі тұтатынын және еліктеуге тырысатынын байқайтынбыз. Қазір Ақжарқын Шоқайқызы мен Валентина Иосифовналар құрметті зейнеткерлікте.

Арамыздан ертерек кеткен Жанат Мәрденұлы Мәрденовтың орны ерекше. Шахматтан спорт шеберлігіне

кандидат Жанат Мәрденұлы облыстың бірнеше дүркін чемпионы және университеттің шахмат командасының тұрақты мүшесі еді. Сондықтан оның жанына Жәкеңнің ойынын қызықтағандар көп жиналатын. Үзілмейтін әдемі әзілдер. Жанат айтыпты деген әдемі әзілдерді оны білетіндер осы уақытқа дейін еске алып жүреді. Математикалық қабілеті жоғары Жанат Мәрденұлы кез келген күрделі есепті шығаруға қуана кірісетін. Соған қарамастан ғылыми жұмыстармен тұрақты айналысуға Жәкең жете көңіл бөлген жоқ. Барлық күшін жастар тәрбиесіне арнаған Жәкеңді физика-математика факультетінің оқу бітірген түлектері мен достары зор ілтипатпен еске алады.

Физика-математика факультетінде жастар тәрбиесіне үлес қосып келе жатқан белгілі мамандар доценттер С.И. Отарбаев пен Б.І. Избасаровтар. Екеуі де Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінде аспирантурада оқып, жоғары математикалық дайындықтан өтті.

Совет Игісінұлы Отарбаев ұзақ жылдар Математикалық анализ кафедрасының меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарып, кафедра жұмысын жолға қоюға өз үлесін қосты. Кафедра осы уақытқа дейін өзі жеткен биіктерінен төмендеген емес. Сәкеңнің өзі пәнді оқытудың әдістемелік жағына көп көңіл бөлетін. Ақтөбеде өткен барлық конференцияларға қатыспай қалған емес. Оның университет ректоры академик К.К. Кенжебаевпен бірге және өзі дайындаған оқу құралдары факультет студенттерінің жиі пайдаланылатын оқу құралдарына айналды.

Избасаров Болат Избасарұлы кейінгі ғылыми зерттеулерін Харасахал–Үмбетжанов мектебінің зерттеулерімен байланыстырды. 1985-ші жылдан бастап, облыста және институтта информатиканы енгізуге көп еңбек сіңірген маман. Әлі де университетте сол бағыттағы қызметтерді атқаруда. Міне осындай математиканы сүйген өз ісінің мамандары облыс жастарының жүрегіне математикаға деген сүйіспеншілікті орната білді.

Ақтөбе педагогика институтының математикалық кафедралары әр түрлі семинарлар мен конференциялар өткізетін деңгейге көтерілді. Институтта 1996 жылға дейін математика секциясы бар жас ғалымдардың аймақтық конференциялары

бірнеше рет өтті (1990,1991 жылдары). Математикаға арналған таза аймақтық конференциялар Қазақстанның белгілі математиктері Ақтөбе топырағының өрендері ҚР ҰҒА корреспондент- мүшесі Д.Ү. Үмбетжанов (1992 ж.) пен Н.Қ. Біліевтердің (1995 ж.) 60-жылдық мерейтойларына арналды. Осы конференциялар болшақта өтетін үлкен Халықаралық ғылыми конференциялардың бастамасы іспеттес. Алдағы уақытта Харасахал–Үмбетжановтардың математикалық мектебінің университетте алатын орны және де басқа да ғылыми байланыстары туралы баяндайтын боламыз.

2.1. Артына өшпес із қалдырған.

1992 жылдың қыркүйек айының 20-23 жұлдыздары аралығында Ақтөбе педагогика институтында «Дифференциалдық тендеулер және тербелістер» деген атпен дифференциалдық тендеулер және тербелістер теориясының проблемаларына арналған Батыс Қазақстандық аймақтық ғылыми семинар өтті. Ол ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Д.Ү. Үмбетжановтың 60-жылдық мерейтойына арналды. Д.Ү. Үмбетжанов тербелістер теориясынан В.Х. Харасахалдың 1960-жылдары негізін қалаған математикалық мектебінің тікелей жалғастырушысы.

1918 жылы туылған В.Х. Харасахалдың өмір жолы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетімен байланысты. 1942 жылы аспирантурадан өтеді де, сол университетте оқытушылық қызмет жасайды. Бұл кез дифференциалдық тендеулердің периодты дерлік шешімдерін зерттеудің маңызды орын алып тұрған кезі болатын. Осы салада жұмыс жасаған ғалым дифференциалдық тендеулердің периодты дерлік шешімдерін зерттеуге өзі құрған көппериодты функциялар әдісін пайдаланып, алған нәтижелері докторлық диссертациясының негізін құрайды. 1965 жылы Украина ҒА-ның Математика институтында докторлық диссертациясын қорғады. Кейін Харасахал-Үмбетжанов математикалық мектебі аталған мектептің негізін қалаған ғалым 1966 жылы ұзаққа созылған ауыр наукастан творчестволық кемел шағында дүниеден өтті.



ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі
Д.Ү. Үмбетжанов (1932-1996 ж.)

Д.Ү. Үмбетжанов Ақтөбе педагогика институты ашылғаннан бері байланыста болып, үзбей көмек жасаған ғалым ретінде белгілі.

Ғалым ретінде де, педагог ретінде де үлгі болатын. Оқыған дәрістері түсініктілігімен, дәлдік жан-жақтылығымен ерекшеленетін. Сондықтан Дәукең деп құрметпен атаған ғалым ағаның келуін ерекше ықыласпен күтетінбіз.

Дәулет Үмбетжанұлы Ақтөбе облысының Шалқар қаласында 1932 жылдың 25 маусымында дүниеге келген.

1955 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін бітірігеннен кейін, аспирантураны аяқтауға М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне жіберілді.

1964 жылы «Кіші параметрлі жай дифференциалдық теңдеулердің сызықсыз жүйелерінің квазипериодты және периодты дерлік шешімдері туралы» деген атпен кандидаттық диссертация қорғады. Ұстазы профессор В.Х. Харасахал қайтыс болғаннан кейін Қазақстандығы дифференциалдық теңдеулердің периодты дерлік шешімдерінің теориясы бойынша проблемаларды ғылыми-зерттеулерге жетекші

болды. Докторлық диссертацияның негізі құрамында кіші параметрлер бар дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйесінің көппериодты және периодты –дерлік шешімдерін зерттеуге арналды. Докторлық диссертация 1983 жылы Украина ҰҒА-ның Математика институтында қорғалды.

Дәулет Үмбетжанұлы өзінің Украинаның математика мектебімен байланысын жоғары бағалайтын. Академиктер Ю.А. Митропольский, А.М. Самойленко, профессорлар Н.А. Перестюк және Д.И. Мартынюктермен өмірінің соңына дейін тығыз байланыста болды. Тербелістер теориясының дүниежүзіне танымал математикалық мектебімен арада орнаған осындай байланыстар Қазақстанның тербелістер теориясымен айналысқан зерттеулері үшін зор көмек болғандығы түсінікті.

Дәукең С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде, Қазақтың қыздар педагогика институтында, ҚР ҰҒА-ның Математика институтында табысты қызметтер атқарды. Ол меңгеруші болған кезде ізі қаланған жай дифференциалдық теңдеулер лабораториясымен Ақтөбе университетінің физика-математика факультеттері арасындағы байланысты, ғылыми байланыстардың қалай болуы керек екендігіне үлгі болғандай.

Д.Ү.Үмбетжановтың жетекшілігімен 15 кандидаттық диссертациялар қорғалды және 2 монография мен 130-ға жуық ғылыми еңбектері жарық көрді. «Эволюциялық теңдеулердің периодты дерлік шешімдері» атты, 1990 жылы шыққан монографиясында соңғы кездегі жарық көрген еңбектері жинақталған.

Ақтөбе университетінде оның ф.-м. ғ.д., профессор Ж.А. Сартабанов пен А.Б. Бержанов, доценттер Ғ.А. Әбдіхалықова және Б.І.Ізбасаров ф.-м. ғ. к. А. И. Кулик сияқты оқушылары жұмыс жасайды және жасаған.

Дәулет Үмбетжанұлының 60 – жылдығына арналған ғылыми семинарға Алматыдан академик А.А.Қалыбаев, Қызылордадан ф.-м.ғ.к., доценттер Ы.Қ. Қарқынбаев және С. Баеквалар қатысты. Конференция материалдары жарық көріп, мынадай редакцияда шықты:

Айтиалиев А. А.- ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, жауапты редактор,

Бержанов А. Б. – жауапты хатшы,

Кенжебаев К.К., Сартабанов Ж.А., Тәжімұратов І. Т., Тасмамбетов Ж. Н.- алқа мүшелері.

Осылайша ғылыми семинармен конференциялар өткізуге алғашқы қадам жасалды, семинар материалдары жарық көрді, оны ұйымдастырушылар жақсы тәжірибе жинақтады.

2.2. Харасахал – Үмбетжанов мектебінің жалғастырушысы.

Профессорлар Ж.А.Сартабанов, І.Т.Тәжімұратов (1936-2008ж.ж.), А.Б. Бержановтардың жұмыстары арқасында Ақтөбе университетінде В. Х, Харасахал әдісі қанатын жайып, берік орнады деуге болады. Дәулет Үмбетжанұлы да жыл құрғатпай Ақтөбеге келіп жүрген сапарларында, осындағы оқушыларына ерекше үміт артатынын байқайтынбыз. Келген сайын семинарлар өткізіп, баяндамалар жасайтын. Онда соңғы жылдары айналысып жүрген математикалық физиканың эволюциялық теңдеулерінің барлық тәуелсіз айнымалылар бойынша периодты- дерлік шешімдерін зерттеудің ерекшеліктерімен таныстырып, болашақ зерттеулерге болатын жаңа бағыттарды көрсетуден жалықпайтын. Ұстаз еңбегі құр кеткен жоқ.

Ж.А. Сартабанов пен А. Б. Бержановтар өздерінің ғылыми бағыттарынан докторлық диссертациялар қорғады. Харасахал – Үмбетжанов мектебінің жетекшісі болып, аталған мектепті Республикаға және шетелдерге танытып жүрген белгілі ғалым ретінде профессор Ж. А. Сартабановты атауға болады. Оның барлық ғылыми педагогикалық қызметі бұрынғы Ақтөбе педагогика институты, қазіргі Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетімен байланысты. Ол қазіргі таңда университетте Ақтөбе педагогика институты 1966 жылы ұйымдастырылғаннан бері жұмыс жасап келе жатқан санаулы азаматтардың бірі, оқу орнының тірі тарихы.



Ф.-м.ғ.д., профессор Ж.А. Сартабанов

Ақтөбе университетінде өткен ғылыми семинарлар мен конференциялардың бірден- бірі оның қатысуынсыз өткен емес. Барлық аталған шаралардың жауапты хатшылығы, төрағаның орынбасарлығы ретінде, шаралардың ұйымдастырылуы мен өтуі, материалдарының баспадан шығуы сияқты бейнеті мол еңбектерді ұзақ жылдардан бері басынан өткізіп келеді. Бұл іске факультет жастарын тартып, тәрбиелеуден де жалыққан емес.

Жайшылық Алмағамбетұлы Сартабанов 1942 жылы 22 мамырда Ақтөбе облысының Шалқар ауданының Дамбар ауылында жұмысшы шаруаның отбасында дүниеге келген. 1966 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін бітіргеннен кейін жаңадан ашылып жатқан Ақтөбе педагогика институтына арнайы жолдамамен жұмысқа жіберілді. 1974 жылы «Дербес туындылы бір



Ф.-м.ғ.д., профессор Ж.А. Сартабанов Украина ҰҒА-ның академигі А.М. Самойленкомен бірге (Киев, 2008 ж.).



Ф.-м.ғ.д., профессор Ж.А. Сартабанов конференция кезінде (Ақтөбе, 2009 ж.).

саналымды теңдеулер жүйесінің көппериодты және периодты дерлік шешімдері туралы» атты тақырыпқа кандидаттық диссертациясын Қазақ КСР ҒА-ның академигі О. А. Жәутіковтің және корреспондент-мүше Д.Ү

Үмбетжановтардың жетекшіліктерімен қорғайды. 1989-1990 жылдары Қазақ ҒА-ның Математика институтында аға ғылыми қызметкер болып бекітілді. 1997 жылы «Кейбір дифференциалдық және айырымды-функциональдық теңдеулер жүйелеріндегі көппериодты тербелістер» тақырыбына докторлық диссертация қорғады.

Жайшылық Алмағамбетұлы дифференциалдық және айырымды-функциональдық теңдеулер жүйелерінің проблемаларын зерттеуші көрнекті ғалым. Оның ғылыми – зерттеу жұмыстарының бағыттарын былай таратуға болады:

1. Ұстазы О.А. Жәутіков айналысқан дербес туындылы саналымды теңдеулер жүйесінің жалпы теориясын, оның көппериодты шешімдерінің бар болуы және жалғыздығы проблемаларын қарастыру бағытында әрі қарай жалғастыру.

2. Д-теңдеулер жүйесінің көппериодты шарттарын орнату бағытындағы зерттеулер.

3. Айырымды – функциональдық теңдеулер жүйесінің жалпы теориясын және көппериодты шешімдерін зерттеу проблемалары.

4. Д-теңдеулер жүйесінің көппериодты шешімдерін айырымды-функциональдық теңдеулер жүйесіне келтіру арқылы зерттеу проблемалары т.б.

Кейінгі жылдары зерттеу бағыттары кеңейіп келе жатыр. Зерттеу нәтижелері бойынша 200-ге жуық ғылыми жұмыстары, 6-7 әдістемелік және оқу құралдары, 2 монографиясы жарық көрді. Оның жетекшілігімен және ғылыми кеңесшілігімен Кулик А.И., Мұхамбетова А.А., Кульжумиева А.А., Алимағамбетова А.З., Е.К. Курманғалиевтер-кандидаттық, ал профессор А.Б. Бержанов - докторлық ғылыми диссертацияларын қорғады. Ол Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ҰУ-нің диссертациялық кеңесінің мүшесі. К.К. Кенжебаевпен бірге «Дифференциалдық теңдеулер мен математикалық физика проблемалары» атты

ғылыми семинардың жетекшісі. 2010-шы жылы Жаратылыстану Ұлттық Академиясының академигі атағын алды. Ж.А. Сартабанов 44 жыл бойы бір ғана Ақтөбе педагогика институты мен оның заңды жалғасы болған Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде жұмыс жасап, онда оқытушылықтан бастап, барлық оқу орнындағы сатылардан өткен, мыңдаған шәкірттер дайындаған ұлағатты ұстаз. Факультет деканы және кафедра меңгерушілігі қызметтерін атқарған кездерде Алматы, Москва, Киев т.б, қалалардың белгілі ғылыми орталықтарымен ғылыми байланыстар орнатты. Қазіргі кезде ректордың Кеңесшісі қызметін атқарып жүр.

2.3. Өз жолын тапқан ғалым.

В.Х. Харасахал мектебінің белгілі өкілдерінің бірі профессор І.Т. Тәжімұратов болатын. Ілияс Тәжімұратұлы 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданғаннан кейін ғылыми жетекшісі болып, белгілі ғалым физика- математика ғылымдарының докторы профессор В.Х. Харасахал белгіленді. Оның басшылығымен бірінші ретті дербес туындылы теңдеулер жүйесінің көпериодты шешімдерін зерттеуді бастады. Зерттеу жұмыстарын 1966 жылы В.Х. Харасахал қайтыс болғаннан кейін өз бетімен жалғастырып, 1967 жылы сол кездегі Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің дифференциалдық теңдеулер теориясы бойынша ғылыми кеңесінде «Кейбір дифференциалдық теңдеулер жүйесінің периодты және квазипериодты шешімдері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

Ғылыми – зерттеу жұмыстарын жалғастырған Ілияс Тәжімұратұлы 1969 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, белгілі ғалым Евгений Александрович Гребенниковпен байланыс орнатып, пайдалы кеңестер алады. Алдағы ғылыми- зерттеу жұмыстарының жолға қойылуына белгілі ғалымның кеңестерінің ықпалы зор болды. Ілекеңнің зерттеу нәтижелері КСРО ғылым академиясының басылымдары «ДАН СССР»,



Ф.-м.ғ.д., профессор І.Т.Тәжімұратов
(1936-2008 ж.)

«Математические заметки» журналдарында жарық көрді, аудармалы шетел журналдарында да басылып шықты.

Ол алған нәтижелері бойынша Москваның, Киевтің, Минскінің, Алматының белгілі математикалық орталықтарындағы ғылыми семинарларда баяндамалар жасады. Көптеген конференцияларға қатысып, алған нәтижелерімен таныстырудан жалыққан жоқ. Нәтижесінде, 1992 жылы Украина ҒА Математика институтында «Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйесінің периодты шешімдерін анықтау жолдары» атты тақырыппен докторлық диссертациясын қорғады. Диссертация бірінші ретті дербес туындылы теңдеулер жүйесінің көппериодтты шешімдерінің бар болуының жеткілікті шарттарын, олардың орнықтылығын, шеттік есептерін, шешімдерінің асимптотикасын, бірінші ретті ерекше нүктелердің анықтамасын және олардың маңайындағы шешімдердің орналасу мәселелерін зерттеуге арналған.

І.Т. Тәжімұратовтың жетекшілігімен Т.Т. Шерияздан, Е. Қапшаевтар кандидаттық диссертацияларын қорғады. Тағы да бір топ оқушылар өз зерттеулерін жалғастыруда.

Ілияс Тәжімұратұлы 1936 жылы маусымның 26-шы жұлдызында Ақтөбе облысының Байғанин ауданының Қарауылкелді келді елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Тәжімұрат 1937 жылы «Халық жауы» ретінде ұсталып, ол жастық шағында көп қиындық көріп өседі. Еңбек жолын мектептің математика пәнінің мұғалімдігінен бастаған Ілекең, кейін Гурьев педагогика институтында, Алматы темір жолы транспорты инженерлер институтының Ақтөбе филиалында факультет деканы қызметін атқарды. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарып, мыңдаған шәкірттер дайындауға ат салысты. Педагогикалық жұмысты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жалғастырып 150 ғылыми жұмыс, 2 монография, бірнеше оқу құралдарын дайындауға қол жеткізді. Өмірінің соңғы күніне дейін кафедрада профессорлық қызмет атқарып, жастар тәрбиесімен айналысудан қол үзген жоқ.

2.4. Шәкірттіктен ғылым биігіне дейін.

Киев университетін бітіріп, жаңадан ашылған Ақтөбе педогогикалық институтына 1967 жылы жұмысқа орналасу мен үшін үлкен өмірдің бастамасы болды. Жаңа орта. Жаңа таныстықтар. Кешегі студент, бүгінгі оқытушы. Көздері жәудіреп алдыңда отырған арман қуған жастар. Осыдан 5 жыл бұрын өзіңнің де осындай күн кешкенің есіңе түседі де, өз ұстаздарыңды ойлайсың. Дәрісханада отырған жәудіреген көздер саған жаңа биіктерге ұмтылған үмітпен де, өмір жолына жаңа қадам жасап жатқан маманға деген күдікпен де қарауы мүмкін. Дәл осындай жағдайда «Математика» мамандығында оқитын студенттер тобында, қазіргі физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Бержанав Амантаймен кездестім. Факультетті бітіріп, өмір жолдарын ұстаздық пен ғылым жолына бағыттаған, оның үстіне



Ф.-м.ғ.д., профессор А.Б. Бержанов

ғылыми дәрежелер алу бағытында диссертациялар қорғаған түлектер біздің мақтанышымыз. Кенжебаев К.К., Ахметов М.У., А.Б. Бержанов, С.М. Темешевалар докторлық диссертациялар қорғаса, Шүкіров Ж.Ж., Сарсимбаева С.М., Нұрманов О.Н., Ахметова А.У., Жұбаев А.Қ., Кокотоав Е.В., Мұқашева М.Ө., Иманчиев А.Е., Әжімбаев Д.Т., Талипова М.Ж., Жахина Р.У. т.б. ғылым кандидаттығына диссертациялар қорғады.

Амантай Бержанов 1948 жылы қарашаның 7-ші жұлдызында Ақтөбе қаласында мұғалімнің отбасында дүниеге келген. Ақтөбе педагогика училищесін 1966 жылы бітіргеннен кейін Ақтөбе педагогика институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп оны 1971 жылы бітірген. Амантайда білім мен ғылымға деген ұмтылыс бар болатын. Ол оқуды Н.К. Крупская атындағы стипендияның иегері болып жүріп бітірді. Еңбек жолын ауыл мектебіндегі қарапайым мұғалімдік қызметтен бастады. 1973 жылы жаңадан ашылған Арқалық педагогика институтына жұмысқа орналасады. Ғылым жолы 1975 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасына

түсуден басталады. Ғылыми жетекшісі ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Д.Ү. Үмбетжановтың жетекшілігімен 1984 жылы «Бірінші ретті дербес туындылы интеграл-дефференциалдық теңдеулер жүйесінің көппериодты дерлік шешімдері» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Осы кезден бастап Амантай Бержанұлы Қазақстанның Харасахал – Үмбетжанов математикалық мектебінің белді мүшесіне айналды. Оның жақсы қасиеттерінің бірі жанына жастардың үйірсектігі. Ғылым жолына ұмтылған кез келген жас Амантайдың алдына именбей келіп ақыл-кеңес ала алады. Нәтижесінде біріккен мақалалары да туындап жатады. Оған жас ғалымдар Жақашбаев Б.Ж., Мұхамбетова А.А., Бекбауова А.У., Сәрсенбай А.С., Тасмамбетова А.Ж., Е.К. Құрманғалиевтермен қосыла орындаған мақалалары куә. Аталған жастардың көбі математика ғылымына өз үлестерін қосып, Харасахал Үмбетжанов мектебінің белді мүшелеріне айналып та үлгерген.

XIX ғасырдың соңғы кезеңінде А. Пуанкаре және М.А. Ляпуновтардың еңбектерінде сызықты тербелістер теориясын зерттеу әдістерінің негізі қаланды. Ғылым мен техникада көптеп қолданылуына байланысты тербелістер теориясына қатысты зерттеулер қарыштап даму үстінде. Оған Харасахал-Үмбетжанов мектебінің Ақтөбелік өкілдерінің де қосқан өз үлестері бар. Шынында да, Амантай Бержанұлы өз зерттеулерінде бас бөлігі бірдей дербес туындылы сызықсыз дефференциалдық теңдеулер жүйесінің айнымалылардың бір бөлігі бойынша көппериодты шешімнің бар болуы және жалғыздығы шарттарын қарастырды. Докторлық диссертациясы бірінші ретті дербес туындылы теңдеулер, яғни D- теңдеулер жүйесінің айнымалылардың бір бөлігі бойынша көппериодты шешімнің бар болуы және жалғыздығының шарттарын, олардың уақыт айнымалысы бойынша орнықтылық, параметрге қатысты голоморфты шарттарын зерттеу. Осындай зерттеулерді К.О. Фридрих бойынша гиперболалық теңдеулер жүйесі, сингуляр-қоздырылған D- теңдеулер жүйесі, айнымалылар есептік жүйесі үшін жүргізу және соңғы жүйенің айнымалылардың бірі бөлігі бойынша көппериодты шешімін аппроксимациялау

жолымен тұрғызу шарттарын зерттеуге арналған. «Кейбір дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің айнмалылардың бір бөлігі бойынша көппериодты шешімдерін зерттеу» тақырыбындағы докторлық диссертациясы 2010 жылдың желтоқсанының 28-ші жұлдызында Л.М. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде физика-математика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.61.50 диссертациялық Кеңестің мәжілісінде қорғалды. Ғылыми - зерттеулер нәтижесі бойынша тоқсаннан астам мақалалары мен тезистері жарық көрді. Олар бойынша Москва, Киев, Новосібір, Бішкек, Алматы, Астана, Нальчик, Могилев, Одесса, Қарағанды, Ақтөбе т.б. қалаларында өткен Халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады. Ол Ақтөбеде өткен барлық Халықаралық, Республикалық және Аймақтық конференцияларының ұйымдастыру комитеттерінің, редакциялық алқаларының мүшелігі, жауапты хатшылықтарын атқарды. Сонымен қатар, мындаған шәкірттерге дәріс беріп, оларды ғылым мен білім жолына дайындаған ұлағатты ұстаз.

2.5. Өнегелі ұстаз, озық ұйымдастырушы.

Әр оқу орнының өз өсу жолы немесе өсу тарихы бар. Оқу орнында жаңа ұйымдастырылған кафедраның алғашқы меңгерушісі, факультетінің - алғашқы деканы, институт пен университеттердің алғашқы ректоры немесе проректорлары бар. Уақыт өте келе олардың есімдері жиі айтылмайды немесе мүлдем ұмтылатын да кезеңдері бар. Керісінше, ол есімдерді еске сақтап, өздерінің өсу тарихын құрметтейтін оқу орындарын көргенде еріксіз риза боласың.

Ақтөбе педагогика институты, оның ішінде физика – математика факультетінің қалыптасуының бастауында тұрған есімдердің ішінде институттың алғашқы ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Мырзағали Отарұлы Төлегеновты (1935-1991 ж.ж.) бөлек атауға болады. Мырзағали ағай Ақтөбеде жұмыс жасаған 1966-1972 жылдары проректорлық қызметімен қатар жоғары математика кафедрасының меңгерушілігі



Техника ғылымдарының докторы,
профессор М.О. Төлегенов (1935-1991 ж.)

қызметін де қоса атқарды. Кафедра да, факультет те жыл сайын жаңа мамандармен толықтырылып тұратын. Бір-екі жыл жұмыс жасағаннан кейін, олар өтіл-зерттеушілікке, аспирантураға кетіп жататын. Қызметке орналасқаннан кейін ғана, мұндай жағдайда оқу үдерісін ұйымдастырудың қаншалықты қиындыққа түсетінен көріп жүрміз. Соған карамастан, жастардың да, факультеттің де болашағын ойлаған Мырзағали Отарұлы Москва, Киев және Алматының оқу орындары мен ғылыми орталықтарына талапты жастардың оқуларына мүмкіндік жасады. Бұл аталған қалалардағы ғылыми орталықтармен байланыс жасаудың алғашқы сатысы болатын. Ал факультет үшін болашақтың негізгі қаланды деген сөз.

М.О. Төлегенов 1935 жылы желтоқсанның 5-жұлдызында Ақтөбе облысының Бұрғыз ауданының «Бұрғыз» колхозында дүниеге келді. С.М. Киров атындағы

Қазақ мемлекеттік университетін 1958 жылы үздік бітіргеннен кейін, сонда аспирантураға қалдырылып, Қазақ КСР ҒА-ның академигі К.П. Персидскийдің жетекшілігімен ғылыми зерттеулерін бастады.

1963 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаттығына диссертация қорғады. 1966-1972 жылдары Ақтөбе педагогика институтында қызмет атқарғандығы туралы бұрын айтылды. Ал, 1972 жылы Арқалықта педагогика институты ашылғанда оның тұңғыш ректоры болып сайланды. Ректорлық қызметін 15 оқытушы 2 ғылым кандидаттармен бірге бастаған ол, өзіне біткен қайсарлық және ұйымдастыру қабілетінің арқасында жаңа құрылған институттың материалдық-техникалық базасын, ғылыми-әдістемелік қорын қажетті деңгейге көтере білді. Көптеген жас мамандар оқытушылыққа шақырылды, олар ғылыми дәрежелерін қорғап профессор-оқытушылар құрамы жасақталды. Сол кездерде Арқалық педагогика институтында қызмет жасаған Бержанов А.Б., Әбдіқалықов Қ.З., Әбдібекова С.Қ., Қайдасов Ж.Қ., Қағазбаева Ә.К., Ғ.Ә. Әбдіқалықовалар кейін Ақтөбе университетінде жұмыс жасап, ғылыми дәрежелері бар оқытушылар санын толықтырды.

Педагогтік және ғылыми жұмыстарды ұштастыра білген ол, 1983 жылы Харьковтың В.И. Ленин атындағы политехника институтында техникалық сала бойынша «Орнықтылық теориясы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Оның алған ғылыми нәтижелері сол

кездегі Кеңестер одағының прибор, аппаратура, машина жасайтын қайсібір ірі өндіріс орындарында пайдалануға қабылданған және өндіріске көп табыс келтірген.

1979 жылы денсаулығына байланысты ректорлық қызметтен өз еркімен босаған ол, өзі негізін қалаған институттан қайда жүрсе де қол үзген жоқ. 1989 жылы Мырзағали Отарұлы балама негізде бірауыздан ректорлыққа қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңғы сәті 1991 жылдың 21 қаңтарына дейін атқарды.


М.О. Төлегеновтің Торғай облысына сіңірген еңбектерін ескеріп, Арқалық қаласында өзі тұрған үйдің көшесіне профессор М.О. Төлегеновтың есімі берілді, қызмет жасаған кабинетінің алдына ескерткіш тақта қойылды. Ашылуына өзі атсалысқан Ы. Алтынсарин мұражайында, оның өмірі мен еңбек жолы туралы фото суреттер құнды құжаттар кеңінен орын алды. Осындай шаралар Ақтөбе облысында да ұйымдастырылды. Туып – өскен Ырғыз елді мекенінде бір көшеге және өзі оқыған орта мектепке есімі беріліп, мұражай ашылды. Мұның бәрі екі облыстың оқу-ағарту саласына еңбегін сіңірген, Торғай жерінде бірінші болып, техника ғылымдарының докторлығына диссертация қорғаған белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, елін сүйіп, оның өркендеуіне елеулі үлес қосқан азаматқа деген ерекше құрмет.

Кейінгі ізбасарлары оны ұмытқан емес. 2010 жылдың 14-15 желтоқсан күндері өзі негізін қалаған Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогика институтында М.О. Төлегеновтің туғанының 75 жылдығына арналған «Математиканың білім, педагогика, техникада алатын орны» тақырыбында Республикалық ғылыми – конференция өткізілді. Есімін мәңгілікте сақтау мақсатында қосымша шаралар қабылданды.

§ 3. Ғалым және ұстаз еңбегі өлшеусіз.

Назарбай Қыдырұлы Білиевтің 60 жылдық мерейтойы мен ғылыми – ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметіне 35 жыл толуына арналған «Дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясы және оның қолдануы» атты Батыс Қазақсандық ІІ Аймақаралық ғылыми конференция 1995 жылы қазан айының 13-14 жұлдыздарында сол кездегі Ақтөбе педагогика институтында өтті. Конференцияға Алматы, Ақтау, Атырау, Орал және Ақтөбе қалаларының дифференциалдық теңдеулер және оның қолданбаларымен айналысатын Үмбетжанов Д. Ү., Асанова А.Т., Құдайқұлов А.К., Жұмабаев Д.С., Жиеналиев М.Т., Бияров Т. Н., Жұматов С.С., Тілеубергенов М.И., Әбілқасымова А.Е., Шәкібәлиев

Р.Ш., Тілепиев М.Ш. т.б. ғалымдар қатысты және мақалаларын берді.



ҚР ҰҒА-ның академигі Н.Қ. Білиев

Назарбай Қыдырұлы Қазақстан математикасының дамуына қомақты үлес қосқан ірі тұлға ретінде белгілі. Алғашқа кездесуіміз 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде білім көтеру курсынан өткен кезімізде болды. Бізге Комплекс сандар өрісіндегі дифференциалдық теңдеулер бойынша дәрістер оқыды. Арада жақын таныстық болған жоқ. Тыңдаушы мен профессор-оқытушымен қарым-қатынас күйінде қала бердік. Бұл оның кандидаттық диссертациясын жаңа қорғаған, институттың аға ғылыми қызметкері қызметін атқарып жүрген кезі екен. Жақын танысу 1990 жылдарға жақын факультетке дәрістер оқу және ғылыми-әдістемелік көмектер көрсетуге келген сапарлары кезінде болды. Сол кезден бастап Ақтөбе университетімен байланыста. Ақтөбеден тыс қай жерде кездесек те абзал аға: - Туған жерге сәлем айт- деген ыстық ықыласын білдіріп қалады.

Н. Қ. Білиев 1935 жылы қыркүйектің 15- жұлдызында Ақтөбе облысының Байғанин ауданы Жарқамыс елді мекенінде дүниеге келген. 1952 жылы Қаз МУ- дің физика – математика факультетінің «Математика» бөліміне оқуға түсіп, оны 1957 жылы өте жақсы бітірді. Дипломдық жұмысын К.П. Персидскийдің жетекшілігімен орнықтылық теориясы бойынша орындады.

1960 жылы мәскеуде КСРО ҒА-ның В.А. Стеклов атындағы Математика институтының аспирантурасына оқуға түседі. Ол алғашқы ғылыми зерттеулерін эллиптикалық дифференциалдық теңдеулердің коэффициенттерінің ерекше нүктелерінің маңайындағы шешімдерінің қасиеттерін зерттеуден бастады. Нәтижесінде ерекше нүктелердің маңайында бірінші ретті эллиптикалық теңдеулер жүйесінің аналитикалық шешімдерінің болуының қажетті және жеткілікті шарттарын тапты. Мұндағы негізгі қиындық ерекше нүктелердің маңайында қандай бір болмасын «жақсы» шешімнің, яғни шешімдердің аналитикалық қасиеттерінің болуын дәлелдеуге қатысты болатын. Бұл бағыттағы алынған нәтижелер көптеген болашақ зерттеулерге бастама болды. Мысалы, геометрияда беттер теориясында қолданыс табатын үзіліссіз шешімдердің болу шарттарын зерттеуде.

Н.Қ. Білиев алған нәтижелерін жинақтап, 1965 жылы «Эллиптикалық жүйелердің түрін өзгертетін ерекше нүктелердің маңайында аналитикалық шешімдерінің болуы туралы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осы жерде оппоненттерінің бірі В.Х. Харасахал болғандығын және бірінші ғылыми жетекшісінің В.С. Виноградов болғанын атап өткен жөн. В.С. Виноградовтың өзі КСРО ҒА академигі И.Н. Векуаның оқушысы және онымен ғылыми байланыста болатын. Новосібір университетінің ректоры қызметін ұзақ жылдар атқарған атақты ғалым И.Н. Векуа Назарбай Қыдырұлының алған нәтижелерін жоғары бағалап, үнемі назарында ұстады.

Академик И. Н. Векуаның ғылыми зерттеулері жан-жақтылығымен ерекшеленді. 1950 жылдардың басында И. Н. Векуа зерттеулерінің арқасында ғана коэффициенттері екі



Академик Н.Қ. Білиев конференция қонақтарын құттықтауда



Дөңгелек үстел

айнымалы шамалардан байланысты бірінші ретті дифференциалдық теңдеулердің эллиптикалық жүйелерінің қолданыстары мол, толық теориясы жасалды. Ол жалпыланған аналитикалық функциялар (ЖАФ) теориясы деп аталады.

1969 жылы И. Н. Векуа Назарбай Қыдырұлына ЖАФ теориясында әлі қарастырылмаған шеткі жағдайларға мағыналы жалғастыру мүмкіндігін немесе мүмкін еместігін көрсетуге ұсыныс жасады. И.Н. Векуа қойған проблема Бесовтың W_2^p - кластары шкаласында толық шешімін тапты. Ол шешім Соболев кеңістіктерінде берілген Векуа теориясын кеңейтті. Алынған нәтижелер математиканың әр түрлі салаларында өте маңызды қолданыстар тапты. Осылайша алынған жоғарғы нәтижелердің негізінде Назарбай Қыдырұлы 1980 жылы Мәскеуде КСР ҒА Математика институтында «Бөлшек кеңістікті жазықтықта берілген бірінші ретті дифференциалдық теңдеулердің эллиптикалық жүйелері және шеттік есептер» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

1985 жылы жалпыланған аналитикалық функциялардың функциялық қасиеттерін тереңірек зерттеу, оның «Бөлшек кеңістіктердегі жалпыланған аналитикалық функциялар» атты монографиясында келтірілді. Аталған монография шетел мамандарының да назарына ілігіп, кең қолданыс табуына байланысты ағылшын тілінде де жарық көрді.

Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі Н.Қ. Біліевтің ғылыми қызметі 1963 жылдан бері ҰҒА-ның Математика институтымен байланысты. Онда кіші ғылыми қызметкер (1963), аға ғылыми қызметкер (1966), функционалдық анализ және функциялар теориясы лабораториясының меңгерушісі (1978) қызметтерін атқарды. 1988 жылы сайланбалы негізде Институт директоры болып сайланды. Бұл қызметті 2000 жылға дейін атқарған Назарбай Қыдырұлы Кеңестер одағының ыдыраған қиындықтарына қарамастан ұжымдағы творчестволық атмосфераны сақтай білді, шетелдермен байланысқа көңіл бөлді, ондағы қызметкерлер әр түрлі гранттарға ие болды, институт қызметкерлері монографиялар шығарып, олар шет тілдерге

аударылды. Өзі айналысатын функциялар теориясы, эллиптикалық теңдеулер жүйесі және теңдеулерінің теориясы, жалпыланған аналитикалық функциялар теориясы және оның қолданылуы, осыған қатысты И. Н. Векуа қойған проблемаларды шешу бағытында кең көлемді жұмыстар атқара жүріп, 3 ғылым докторы мен 18 ғылым кандидаттарын дайындады, 120- дан астам ғылыми еңбектер жариялады. Н.Қ. Білиевтің Қазақстанда өз мектебі қалыптасты. Ол Ақтөбе университетімен тығыз байланыста, әрі көптеген осында өткен конференцияларға қатысушы. Шет елдік Б. Боярский (Польша), Г.Бехер (Германия), С.М. Никольский, О. В. Бесов (Ресей) сияқты белгілі ғалымдардың Ақтөбеде өткен конференцияларға қатысуына ықпал жасап жүрген жанашыр.

Назарбай Қыдырұлы 1969 жылдан бастап өзі бітірген Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ- де қосымша жұмыстар жасап, дәрістер берді. Қазіргі күнде сол университеттің профессорлығы қызметін атқарып, жас буындарды тәрбиелеуде. Көптеген қоғамдық қызметтер атқарды және шет елдердегі Халықаралық ғылыми форумдарға қатысып, Қазақстанның математика ғылымын өз деңгейінде көрсете білді.

Н.Қ. Білиевтің 60 жылдығына арналған Батыс Қазақстан ІІ Аймақаралық ғылыми конференциясында бұрынғымен салыстырғанда қатысушылар саны көбейіп, қарастырылған проблемалар жағымен де ерекшеленді. Тербелмелі және аналитикалық шешімдерінің келтірімділік, шеттік есептер, аппроксимациялау теорияларының әр түрлі сапалық әдістері қарастырылды. Математиканың қолданбалы жағынан да баяндамалар көбейді. Олар толқындардың таралуы, фильтрация, жер асты флюиді, сұйықтар ағыны т.б. есептерге қатысты. Конференцияның материалдары жарық көрді. Факультеттің профессор-оқытушылар қауымы бағалы тәжірибе жинақтап, бұдан да үлкен істерді атқара алатындықтарына көз жеткізді.

Академик Н.Қ. Білиевпен бірге Ақтөбедегі Диссертациялық Кеңес мүшесі болған, қазіргі кезде Ақтөбе университетінде Қолданбалы математика және информатика

ғылыми институтының директорлығы қызметін атқарып жүрген белгілі ғалым профессор С.А. Алдашев туралы да қысқаша мағлұмат келтіргенді дұрыс санадық.

Алдашев Серік Аймырзақұлы 1951 жылы Қызылорда облысының Арал қаласында дүниеге келген. 1965-ші жылы «Лениншіл жас» жастар газетінде шыққан олимпиадалық есептерді шығаруы, одан кейін Алматы және Новосібір қалаларында өткен турлардың жеңімпазы болуы оның болашағын математика мамандығымен байланыстыруға алып келді. Новосібірдегі Кеңестер Одағына белгілі дарынды балалар мектебін бітірген ол, осы жылы Новосібір мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1973 жылы бітіреді. 1970-ші жылдан бастап, студенттік ғылыми жұмыстармен айналыса бастаған Серік Аймырзақұлының алғашқы мақаласы 1971-жылы жарық көрген. Қазіргі кезеңде 150-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Ғылыми мақалалары АҚШ, Ресей, Германия, Украина, Қазақстанның жетекші басылымдарында жарық көрген. 1990 жылы Украина ҰҒА-ның Математика институтында докторлық диссертациясын қорғады.

С.А. Алдашев Ақтөбеде өткен барлық Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысушы. Ақтөбе университетіне ауысқалы да ғылыми жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде. Еңбектерін шет ел ғалымдары да мойындаған. Магистрлік диссертацияларға, студенттердің ғылыми және дипломдық жұмыстарына жетекшілік жасайды.

I-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

§4. I-Халықаралық ғылыми «Дифференциалдық тендеулер, анализ және алгебра проблемалары» конференциясы.

Ақтөбе педагогика институтына 1996 жыл жағымды жаңалықтармен келді. Институттың статусы өзгеріп, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып, Қазақстан Республикасының 1996 жылдың мамыр айының 7-жұлдызындағы №573-ші қаулысына сәйкес қайта құрылды. Ақтөбе педагогика институты қазақтың тұңғыш лингвист профессоры Құдайберген Жұбанов есімін 1990 жылы иемденген болатын. Осы жылы институттың ашылғанына 30 жыл толды. Әрине, оқу орны үшін 30 жыл көп уақыт емес. Бірақ, бастамасындағы 1966 жылы құрамындағы екі факультетіне 250 ғана студент қабылданған оқу орны, қабырғасында 7 факультетке біріккен 15 мыңға жуық студент оқитын, көптеген класикалық университеттерге тән мамандықтар бойынша түлектер дайындайтын, іргелі оқу орнына айналған болатын. Университетке жаңа статусына сай, бұрынғыға қарағанда жоғарғы деңгейлерге көтерілу қажет болды. Осыны ойлаған университеттің жас ректоры К.К. Кенжебаев Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің 30 жылдығына арналған шаралар аясында 1996 жылдың мамырының 23-24 жұлдыздарында І-ші Халықаралық математикалық конференцияны ұйымдастыруға шешім қабылдады. Оған Могилев, Киев, Алматы, Ақтау, Арқалық, Көкшетау, Қызылорда, Атырау қалаларының белгілі ғалымдары, аспиранттары, ізденушілері қатысуға тілек білдірді. Өткен Аймақтық конференцияларға қарағанда қатысушылардың жағырапиясы кеңейді, қарастырылған мәселер де жан- жақты бола түскені байқалды. Олар дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика, кері қойылған есептер, дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы т.б. проблемаларына арналды. Бұл бағытта ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Н.Қ. Білиевтің, профессорлары В.Н.Лаптинский, М.Т. Жиеналиев, Д.С. Жұмабаев, Ж.А. Сартабанов, У.Баймағамбетов, А.Б. Бержановтардың ғылыми-баяндамалары ерекшеленді.



I-Халықаралық ғылыми «Дифференциальдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» конференциясына қатысушылар.

Екінші жағынан математиканың қолданбалары мен оны оқытудың әдістемелеріне, информатиканы оқыту әдістемелеріне қатысты жұмыстар көптеп тыңдалды.

Халықаралық математикалық конференциялардың материалдары жарық көрді.

Редакциялық алқаның құрамына: Кенжебаев К.К.- жауапты редактор, Сартабанов Ж.А.- жауапты редактордың орынбасары, Тәжімұратов І.Т., Тасмамбетов Ж.Н., Бержанов А.Б.-мүшелері, Избасаров Б.І.- жауапты хатшылар болып енді.

Осы құрам ұйымдастыру комитетіне де еніп, конференцияның өз деңгейінде өтуіне күш салған болатын. Осылайша, болашақ қандай ғылыми форум болса да, оның жүгін көтере алатын ұжым пайда болды. Конференция қорытындысы бойынша оны әрбір үш жыл сайын ұйымдастырып отыруға шешім қабылданды. Оның болашақ математик мамандар дайындаудағы алатын орны туралы пікірлер айтылды. Бір байқалғаны үлкен математикалық орталық болып табылатын, ҚР ҰҒА-ның Математика

институты мен біздің университет арасындағы ғылыми байланыстың нығая түскендігі. Бірігіп ғылыми зерттеулер жүргізуге, мамандар алмасуға қол жеткізілді. Аталған істің бастауында сол кездегі Математика институтының директоры, академик Н.Қ. Білиев және лабораториялар меңгерушілері болашағынан үміт күттірген ғалымдар М.Т. Жиеналиев пен Д.С. Жұмабаевтар тұрды. Біз бұрын ҚР ҰҒА-ның академигі Н.Қ.Білиевтің өмір жолы, ғылыми зерттеу және ғылымды ұйымдастырушы ретіндегі атқарған қызметтер туралы мағлұматтар келтіргенбіз. Енді Қазақстан математикасының келесі буын өкілдері Д.С. Жұмабаев пен М.Т. Жиеналиевтердің Қазақстан математикасын дамыту бағытындағы жасаған еңбектеріне тоқталамыз. Конференцияның өту барысында Назарбай Қыдырұлы: -Өзім сенім артатын Математика институтының екі математик ғалымдарымен бірге келіп отырмын деп атап өткен болатын. Болашақ, аға сенімінің ақталғандығын көрсетті. Ол туралы алдағы әңгімемізде:

4.1. Алыптар ісін алға жеткізуші.

Украинаның астанасы Киев қаласы тұрғындарының жиі мақтанышпен айтатын «Барлық жолдар Киевте түйіседі» деген сөз бар. Ескі тарихқа үнілсек Киев Русі славян тектес халықтардың басын біріктірген. Кеңестер Одағы кезінде де Киев ірі мәдени және ғылыми орталыққа айналды.

Тербелістер теориясының Киевте жедел дами бастаған Қрылов –Боголюбов –Митропольский мектебі, оған тербелістер теориясымен айналысатын дүние жүзі ғалымдарының назарын аударды. Аталған мектептің талантты жалғастырушысы академик А.М. Самойленконың ғылыми семинары Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің механика- математика факультетінде сенбі күндері аптасына бір рет өткізілетін. Ғылыми семинардың екінші жетекшісі, академик А.М. Самойленконың оқушысы профессор Н.А. Перестюк басқаратын «Дифференциалдық тендеулер» кафедрасы бұл күні ғылым жолын жаңа бастаған жастардың, өз өмірін математика ғылымын дамытуға арнаған белгілі

ғалымдардың да кездесу орнына айналатын. Біреулер ғылыми семинарға қатысушыларға қол жеткен жаңа нәтижелерін хабарласа, екіншілері кандидаттық немесе докторлық диссертацияларымен таныстырады. Самойленко сияқты белгілі ғалымнан нақты бағасын алып, болашағына жоспар құра бастайды. Қазақстанда кездесуге мүмкіндік болмаған Дулат Сыздықбекұлымен біздің жолымыз Киевте, осы айтулы семинарда түйісті. Оның жасаған параметрлеу әдісін сингулярлы есептерді зерттеуге қолдану және оның негізінде сингулярлы есептерді регулярлы қоснүктелі шеттік есептермен аппроксимациялауға қатысты баяндамасы сәтті шықты. Академик А.М. Самойленконың және басқа да тыңдаушылардың қолдауын тапты. Осы кафедраның түлегі, аспирантура бітіріп механика-математика факультетінің Ғылыми Кеңесінде кандидаттық диссертация қорғаған маған Анатолий Михайловичтың семинарында баяндама жасау, онда өзім жаңа әдіс аштым деп, оны баяндау оңай шаруа емес екендігі белгілі. Әдетте, жаңа әдісті негіздеу үлкен дайындықты, терең білімді қажет етеді. Дулат Сыздықбекұлы осы сыннан сүрінбей өткен сияқты. Осы таныстық аға мен іні арасындағы үлкен сыйластыққа, кимас достыққа ұласты. Ең бастысы өмірде кең жүректі азаматтың, жан сүйсінтер адами қасиеттерімен қоса, оның ғылымдағы жеткен жетістіктерін көрдік. Параметрлеу әдісі қолданысқа енді. Математикада Д.С. Жұмабаев мектебі орын тепті, құлашын кеңге жайып, жаңа зерттеулерге негіз болды.

Жұмабаев Дулат Сыздықбекұлы 1954 жылы сәуірдің 11-ші жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданының Қантағы мекенінде дүниеге келген. 1976 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ МУ-ін «Математика» мамандығы бойынша үздік бітіріп, Қазақ КСР ҒА-ның Математика және механика институтының аспирантурасына түседі. Онда Қазақ КСР ҒА-ның академигі О.А. Жәутіковтың жетекшілігімен «Банах кеңістігіндегі жай дифференциалдық тендеулер үшін параметрі бар шеттік есептер» тақырыбына кандидаттық диссертациясын аяқтап, оны 1980 жылы сәтті қорғады. Осы кезден бастап, ол өз таланты мен еңбегін сызықсыз операторлық тендеулерді зерттеуге, дифференциалдық тендеулер үшін шеттік

есептердің теориясының сапалық әдістерін зерттеуге арнады. Зерттеу нәтижелерін жинақтап, 1994 жылы Украина Ұлттық ҒА-ның Математика институтының арнайы кеңесінде «Жай дифференциалдық теңдеулер үшін сингулярлы шеттік есептер мен олардың аппроксимациясы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.



Жай дифференциалдық теңдеулер
зертханасының меңгерушісі
ф.-м.ғ.д., профессор Д.С. Жұмабаев

Докторлық диссертациясы Ресей ғылым академиясының Қолданбалы математика институты, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Украина ҒА-ның Математика институтының, Тбилиси мемлекеттік университетінің И.В. Векуа атындағы Қолданбалы математика институтының т.б. ғылыми орталықтарының елегінен өтіп, оларда жан-жақты тыңдалып мақұлданды, сүйтіп дифференциалдық теңдеулер теориясында өзіне ойып орын алған параметрлеу әдісі өмірге жолдама алды.

Параметрлеу әдісін былай ашып көрсетуге болады: дифференциалдық теңдеу қарастырылатын аралық қандай да бір оң $h > 0$ қадаммен бөліктерге бөлінеді және де бастапқы есептің параметрі қамтылған, оған пара- пар есептің шешімі параметр мен функция жұптары жүйесінің шегі ретінде анықталады. Параметрлердің өзі дифференциалдық теңдеулер жүйесінің матрицасы мен шекаралық шарттағы матрицалар арқылы анықталатын сызықты теңдеулер жүйесінен табылады. Ал, функциялар- ұзындығы $h > 0$ болатын аралықтардағы параметрлердің табылған мәндеріндегі Коши есебінің шешімі болады. Параметр енгізудің артықшылығы шешімнің бар болуы мен жалғыздығын бірмезгілде қамтамасыз ететін параметрлер әдісінің алгоритмдерінің жинақталу шарттарын қарастырылып отырған есептің бастапқы қойылымының терминдерінде алуға мүмкіндік береді.

Параметрлеу әдісі өз артықшылығын көрсетті. Дулат Сыздықбекұлының оқушылары бұл әдістің дамуына үлестерін қосты. Параметрлеу әдісі жай дифференциалдық теңдеулер үшін параметрі бар шеттік есептерге таратылды және бірмәнді шешімдері бар болуының қажетті және жеткілікті шарттары алынды. Сонымен қатар, алынған нәтижелер екі айнымалысы бар екінші ретті гиперболалық теңдеулер жүйелері үшін бейлокал шеттік есептерді шешуге мүмкіндік берді. Интегралдық-дифференциалдық теңдеулерге қатысты әртүрлі есептерді зерттеуге қолданылды.

Д.С. Жұмабаев 160-тан астам еңбектің авторы. Оның жетекшілігімен екі докторлық және 20-ға жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды. Оқушылары Қазақстанның әр түрлі оқу орындарында және ғылыми орталықтарында жұмыс жасайды. Оның ішінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне кадр дайындауға қатысты қамқорлығына алдағы уақытта тоқталатын боламыз.

Дулат Сыздықбекұлының Математика институтындағы қызметі, институттың жетекші құрылымдарының бірі жай дифференциалдық теңдеулер зертханасымен байланысты. Кіші ғылыми қызметкер (1979 ж.), аға және бас ғылыми қызметкер (1982-1996 жылдар). 1996 жылдан бастап, аталған зертхананың

менгерушісі. Бұл зертханада академиктер К.П. Персидский, О.А. Жәутіков (1965-1987 жж.), корреспондент-мүше Д.Ү. Үмбетжановтар (1987-1995 жж.) сияқты алыптардың ізі қалған. Сол зертхананың менгерушілігін осы уақытқа дейін абыроймен атқарып келеді. Ғылыми жетістіктері алға басып, ғылыми байланыстары нығайды, дифференциалдық теңдеулерге қатысты зерттеулердің нағыз орталығы болып қалуда.

Сондықтан да, дифференциалдық теңдеулерді зерттеумен айналысып, ғылым әлеміне құлаш ұрған жастар осы зертханада болып, өз нәтижелерінен хабарлама жасауға, жастардың өсуіне тілектес аға буын өкілдерінің ақыл-кеңесін тыңдауға ұмтылады. Зертхананың бұл бағыттағы тынысымен алдағы уақытта таныстырамыз.

Д.С. Жұмабаевтың ғылыми жетістіктері Ресей және Украина ғалымдарына танымал екендігі бұрын айтылды. Оның айғағы ретінде 2009 жылы ғылыми жоғарғы деңгейлі зерттеулері үшін Украина ҰҒА-ның Н.Н. Боголюбов атындағы естелік-медалімен марапатталғанын келтіруге болады. Көп жылғы табысты ғылыми қызметі үшін 2005 ж. ҚР БЖҒМ «Ғылым мен техниканың дамуына қосқан үлесі үшін» төс белгісімен де марапатталды.

2004 жылдан бастап БЖҒМ ғылым мен техникаға сүбелі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік стипендиясының үш мәрте иегері болды.

4.2. Инженерден математика биігіне

Бала кезден өмірдің қиындығын аз көрмеген Мувашырханның арманы С.М. Киров атындағы Қаз МУ-дің механика-математика факультетіне оқуға түсу болған. Бірақ, сол кездердегі белгілі оқу орындарының бірі В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық университетіне түсіп, оны 1971 жылы «Автоматика және телемеханика» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1971-1976 жылдары Мувашырхан Таңабайұлы ГПИ

«Проектмонтажавтоматика» жобалау институтының Қазақ бөлімшесінде Алматыда жұмыс жасап, біртіндеп инженер, аға инженер, жобалау тобының жетекшісі сияқты қызметтерге сатылап көтеріледі. Студент кезінде де ҚазПТИ ғылыми конференцияларына қатысып, ғылыми жұмыстарға бейімділігін танытқан ол, жұмыс арасында ҚазМУ-ның доцент С.Ә. Айсағалиев жетекшілік жасайтын ғылыми семинарына үзбей қатысып тұрады. Ғылым әлеміне, математикаға деген құштарлық оны 1976 жылы бір кезде өзі армандаған ҚазМУ-дің аспирантурасына алып келді. Аспирантурада ғылыми жетекшісі профессор С.Ә. Айсағалиевтің басшылығымен 01.01.02-дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика мамандығы бойынша «Үлестірмелі параметрлі жүйелердің бір класының тиімділігінің жеткілікті шарттары» атты тақырыпқа кандидаттық диссертациясын дайындап, оны 1982 жылы Қаз КСР ҒА-ның Математика және механика институтының Ғылыми Кеңесінде қорғайды. 1980 жылы аспирантураны бітіргеннен бері осы институтта жұмыс жасайды. Қалған өмір жолының бәрі аталған институтпен байланысты.

М.Т. Жиенәлиев 1994 жылы «Жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады. 1980-1985 жылдары ол – тиімділік әдістері зертханасында, ал 1985 жылдан бастап – математикалық физика зертханасында қызмет жасай бастады. Мұнда зертхана меңгерушілері Қазақ КСР ҒА корреспондент – мүшесі, математикалық физика саласының белгілі маманы Е.И. Киммен және академик С.Н. Хариндермен бірге еңбектенуге мүмкіндік алды. 1984 жылдан «Аға ғылыми қызметкер» қызметін атқарып жүрген ол, аталған зертханада академиялық мекемеге тән барлық лауазымдардан өтті. ЖҒК, БҒК, математикалық физика теңдеулері зертханасының меңгерушісі, ғылыми жұмыстар бойынша директордың орынбасары және 2007 жылдан бастап – Математика институтының директоры.

Қай жұмысты да үлкен ықыласпен, сабырлықпен атқаратын мінезімен ғылымдағы негізгі бағыты ретінде – жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін шекаралық есептер және олардың басқару есептеріне қолданба жағын таңдап алды. Осы бағытқа байланысты әр түрлі есептерді

қарастырып, белгілі бір деңгейде жетістіктерге жетті. Сол жетістіктерге тоқталайық:

Тиімділіктің жеткілікті шарттары туралы теорема және соның негізінде жасалған тиімді басқару есебі. Бұған қатысты нәтижелер Мувашырқан Таңабайұлының кандидаттық диссертациясының негізін құрап, бірнеше белгілі басылымдарда жарық көрді, өзіне ТМД ғалымдарының назарын аударған болатын. Зерттеулер Қ.С. Смаатовтың жұмыстарында жалғасын тапты. М.Т. Жиенәлиевтің ғылыми кеңесшілігімен Қ.С. Смаатов 1998 жылы докторлық диссертация қорғады.

1. Бейрегуляр коэффициенттері бар сызықты жүктелген теңдеулер үшін шеткі есептердің шешілетіндігі туралы. Мұнай өндіру саласында қолданыс тапқан бұл есептермен Мувашырқан Таңабайұлының Ж.А. Қараев, Б.З. Кенжеғұлов, А.П. Белогуров сияқты оқушылары айналысып, алынған нәтижелері бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғады.

2. Параболалық және гиперболалық теңдеулер үшін шекарада уақыт бойынша туындылары бар шеттік есептер. Алынған нәтижелері «Дифференциалдық теңдеулер» журналының 1991-1992 жылдары шыққан бірнеше сандарында жарық көрді. Жарияланған нәтижелерде параболалық теңдеулер үшін уақыт бойынша туындылары бар шекаралық шарттарды анықтайтын кеңістіктерді таңдау туралы Ж.-Л. Лионс проблемасы шешімін тапқан.

Сонымен қатар жүктелген теңдеулер үшін бірмәнді қатаң шешілетіндік критерийлері туралы және вариациялық қағидасы туралы есептер жете зерттелді.

Соңғы жылдары «Спектрлі-жүктелген параболалық оператор үшін шекаралық және спектрлі есептер» теориясын зерттеумен өз оқушылары М.И. Рамазанов, М.М. Аманғалиева, А.Е. Түймебаева және Қ.Б. Иманбердиевтермен бірге айналысып келеді. 2006 жылы М.И. Рамазанов докторлық диссертация қорғаса, А.Е. Түймебаева 2007 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда. 2010 жыл оның оқушылары үшін табысты жыл болды.



Математика институтының директоры
ф.-м.ғ.д., профессор М.Т.Жиенәлиев

Бірнеше оқушылары диссертацияларын қорғап, ғылым биігінен көрінді. Басқаша айтқанда ол кадрлар дайындау ісімен белсенді түрде айналысады. Ғылыми жетекшілігімен 2 докторлық және 10-нан астам кандидаттық диссертациялар қорғалды. Оның 170-тен астам ғылыми еңбектері, екі ғылыми монографиясы жарық көрді. Ғылыми жұмыстармен қатар педагогтік қызметті де ұштастырып жүр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ «Басқару телриясы» кафедрасында арнайы курстар оқиды. Алыс және жақын шет елдердегі Халықаралық ғылыми конференцияларғы қатысып, өзі басқаратын Математика институтының ғылыми байланыстарын нығайту бағытында жұмыстар атқарып жүреді. Осы жерде «Ат тұяғын тай басар» деген ата-бабалар мақалы мен академик Білиев Н.Қ. айтқан «болашағынан үміт күттіретін жастар» деген әңгімесі еске түседі. Арада жылдар салып институт директорлығына көтерілген Мувашырқан Таңабайұлы ол қызметті өз деңгейінде атқарып келеді. Институт қызметкерлеріне сыйлы. Ұзақ жылдар сәлеміміз түзу болғанмен, онымен жақынырақ араласудың сәті 2008-ші жылы Түркияға

«Кері есептерге» арналған IV Халықаралық ғылыми конференцияға қатысқан кезде түсті. 13 күн бір бөлмеде жаттық. Жол қиындығын да бірге көрдік. Сонда ол жалықтырмайтын жан-жақты әңгімелерімен, жанға жайлы әзілдерімен есте қалды. Жолда жүргенде жақсы жолдас, қамыңды ойлап жүретін жылы жүректі азамат екендігін көрдік. Іштей риза болып, өмірінде жаңа биіктерге көтеріле беруіне тілектестік білдірдік.

Қарап отырсаң әрбір ұйымдастырылған конференциялардың тағылымдық жағы бар. Ол ғасырлар бойы дамып, өзінің өміршеңдігін көрсеткен математика деген ғылымның әр түрлі салаларында еңбек жасап жүрген ғалымдардың белгілі – бір аралықта бас қосуы, оның болашағына көз жүгіртіп талқылауы. Әрине, қол жеткен табыстар да сараланады, оған келген жас буын да көзге түспей қалмайды. Болашақ байланыстар орнайды. Жас буын студент, магистр мен оқытушыларға әсері, тәрбиелік мәні өз алдына бөлек әңгіме.



II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

§5. II Халықаралық ғылыми конференция

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К.К. Кенжебаевтың ұйымдастыру қабілетінің арқасында «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» атты ғылыми конференция Республиканың және Халықаралық деңгейдегі математика кеңістігінде өзінің орнын тапты. II Халықаралық ғылыми конференцияны 1999 жылғы қыркүйек айының 15-19 жұлдыздарында өткізу қабылданды. Дайындық жұмысы жыл басынан бастап жүргізілді. Университет ректоры, профессор К.К. Кенжебаев бастаған ұйымдастыру комитеті өткен 1996 жылғы жіберілген кемшіліктерді қайталамауға шешім қабылдады. Конференцияның екінші ұйымдастырушысы болып табылатын ҚР ҰҒА Математика институты қалыптасқан ұзақ жылғы байланыстарын пайдаланып, конференцияның жоғарғы деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деп халқымыз айтқандай конференцияға қатысуға 179 адам тілек білдірді. Оның ішінде Ресейден (7), Украинадан (21), Беларустан (3), Өзбекстан, Грузия, Германия және Польшадан 1 адамнан. Ғылым мен білім ордалары болып саналатын Берлин, Варшава, Москва, Тбилиси, Могилев, Алматы сияқты қалалардың өкілдерінің конференцияға қатысуға тілек білдіруі қуанарлық жағдай болды. Сонымен қатар, Қазақстанның барлық облыстары дерлік қамтылды. 90-нан астам ғылым докторлары мен профессорлар, ғылым кандидаттары мен доценттердің қатысуы конференцияның ғылыми деңгейінің жоғары болғандығын көрсетті. Қатысушылар құрамында Ресей ҒА академигі С.М. Никольский мен корреспондент мүшесі О.В. Бесовтың, Украина ҰҒА академигі А.М. Самойленко, ҚР ҰҒА академиктері Қасымов Қ.А., Н.К. Білиев профессорлар Б. Боярский (Польша), Г. Бехер (Германия) болуы және олардың конференция жұмысына белсене араласуы, оған деген қызығушылықты арттыра түсті.

Конференция жұмысы 5 секцияға бөлініп қатар жүргізілді. Олар:

1. Дифференциалдық теңдеулер
2. Математикалық физика және есептеу математикасы
3. Функциялар теориясы және функционалдық анализ
4. Алгебра және математикалық логика
5. Математикалық білім және жаңа ақпараттық технологиялар проблемалары .

«Дифференциалдық теңдеулер» - секциясының жұмысына жетекшілік жасаған Украина ҰҒА академигі А.М. Самойленко, ҚР ҰҒА Қ.А. Қасымов, ф.-м.ғ. докторлары Д.С. Жұмабаев, Ю.В. Теплинский, К.К. Кенжебаев, Ж.А. Сартабановтар секция жұмысының қызғылықты өтуіне күш салды. Баяндамаларды талқылау, пікір-таластар, кемшіліктері мен жақсы жақтарын көрсету ғылым жолын жаңа жастаған жастар үшін де, онда бұрыннан келе жатқан үлкендер үшін де пайдалы болғаны анық. Үлкен ықыласпен тыңдалған баяндамаларға А.М. Самойленконың «Асимптотический метод исследования m -частотных колебательных систем», Д.С. Жұмабаевтың «Исследование краевых задач методом параметризации», М.И. Глеубергеновтың «О разрешимости задачи Гелмгольца в классе дифференциальных уравнений второго порядка ИТО» т.б. жатқызуға болады. Тербелістер теориясынан Боголюбов – Митропольский – Самойленко – математикалық мектебінің тікелей өкілінің баяндамасын тыңдау кімнің де болса арманы. Оның әрбір баяндамасында жаңа проблемалар қойылып, ал проблемаларды шешу бағытында қолданылатын жаңа әдістердің бағыттардың көрсетілетіндігі белгілі.

Келесі бір аса қызығушылық туғызған «Функциялар теориясы және функционалдық анализ» секциясы болды. Секция жұмысына жетекшілік жасағандар және баяндамаларды белсенді түрде талқылауға қатысқандар. Ресей ҒА академигі С.М. Никольский, оның оқушысы Ресей ҒА корреспондент-мүшесі О.В. Бесов, профессорлар Б. Боярский және Г. Бехер, ҚР ҰҒА академигі Н.К. Біліев, Н.Т. Темірғалиев т.б.

Бізге келгенде 95 жас жасаған Сергей Михайлович Никольский (1905ж.) өз өмірінде көптеген Халықаралық Математикалық Конгрестер мен симпозиумдарды басынан өткерген. Оның ішінде 1954 жылы Амстердамда өткен

Конгреске атакты математиктер П.С. Александров, А.Н. Колмогоровтармен бірге қатысқан үштіктің құрамында болғанын айтудың өзі жеткілікті. Бұл кез Кеңестер Одағынан шет елдерге баратындардың үлкен сүзгіден өтетін кезі болатын. Онда айтулы ғалымның сол кездің өзінде Кеңестер Одағы және әлемдік математикаға қосқан ерекше үлесі ескерілген. Конференцияға қатысушыларға Сергей Михайловичпен бір сәтте болса бірге болу, оның лебізін тыңдаудың ұмытылмас әсері болғандығы түсінікті. Петропавелдің Солтүстік – Қазақстан университетінен келген жас ғалым Б.Е. Батыров «Об одном подклассе функций в пространствах Никольского-Бесова» тақырыбында баяндама жасап, оған кеңістіктердің аты берілген белгілі ғалымдардың қатысқанын үлкен мақтанышпен айтып жүрді. Конференция кезінде мұндай сезімге бөленгендердің саны жалғыз болмаса керек.

С.М. Никольскийдің өзі де жасы келгендігіне қарамастан тың сезіммен, көңілді жүрді. Ұзақ ғұмырын арнаған сүйікті математика ғылымына Қазақстанның бұрыннан белгісіз бір қаласында соншама жақсы ұмтылыс бар екенін көрген ғалым өзінің таңданысы мен қуанышын жасыра алмады.

Қатысушылардың көптігімен ерекшеленген секциялардың бірі 5-ші «Математикалық білім және жаңа ақпараттық технологиялар проблемалары» секциясы. Бұл секцияға қатысуға көптеген мектеп мұғалімдері және математика мен информатиканы оқыту әдістемелерімен айналысатындар тілек білдірген болатын. Секция жетекшілері педагогика ғылымдарының докторлары Е.Ы. Бидайбеков, К. Кабдықайырұлы, қатысушылар академик

С.М. Никольский, Қ.Ж. Жұбаев, М.О. Мұқашева, доцент Б.І. Избасаров т.б. секцияға қатысты проблемаларды өз деңгейінде көтере білді. Мұнда да Ресей ҒА-ның академигі С.М.



II Халықаралық ғылыми конференцияның қонақтары арасында академиктер С.М. Никольский, Б. Боярский және Н.Қ. Білиев



Ресейдің атақты ғалымдары Ресей ҰҒА-ның академигі С.М. Никольский, корреспондент-мүшесі О.В. Бесов және ҚР ҰҒА академигі Н.Қ. Білиев

Никольскийдің мектептің математика пәндерінің оқулықтары туралы ой қозғауы көптің көкейінен шықты. Ол Ұлы Октябрь Революциясына (1917ж.) дейін патша гимназиясында 4 жыл оқығанын айтады. Осы уақытқа дейін математиканы оқыту жетілдіріліп келеді. Бірақ, көп жағдайларда мақсатына жетпей жатады. Жақсы жерлер жетілдірілмейді, керісінше бұрынғыға қарағанда әлдеқайда кемшін түсіп жататынына көңіл аударады. Сол кемшіліктерді жоюдың жалғыз жолы жақсы оқулықтар жазу екенін ерте түсініп, мектеп оқулықтарын жазуға отырдым – деп атап өткен ұлы ғалым университет ректорына өзі жазған оқулықтарын ұсынды. Олар 5-6 сыныптарға арналған «Арифметика», 7-9 сыныптарға арналған «Алгебра». 8-ші және 9-шы сыныптарға жеке-жеке арналған «Алгебра» оқулықтары баспадан шықпақ екенін де ескертті. Бұл оқулықтар Ресейде сынақтан өтіп, бірнеше басылымда жарық көрген. Анализ бастамаларын оқытуға қатысты тәжірибелерін жинақтап, дайындаған «Элементы математического анализа» кітапшасы да кезінде төрт қайтара баспадан шыққан болатын. Қазіргі кезде Қазақстанның орта мектептерінде Анализ бастамалары оқытылып жүргендігі белгілі. Бұл сияқты реформаларға кезінде А.Н. Колмогоров, С.М. Никольский сияқты атақты ғалымдарының әсері болған болатын. Осыған ұқсас проблемалар Қазақстанның мектептерінде туындап жүргені жасырын емес. Бірақ, осы уақытқа дейін математикадан жақсы оқулықтар проблемасы әлі шешілген жоқ. Оған жанашырлықпен кірісіп жүрген еліміздің белгілі математик ғалымдары жоққа тән. Мүмкін мәселе ұйымдастыруда да жатқан болар.

Конференция кезінде қосымша мәдени шаралар да ұйымдастырылды. Өткізілген шаралар қатысушыларды бұрынғыдан да жақындастыра түскендей әсер қалдырды. Осы жерде Берклидің «Разве математики... не имеют своих тайн и, более того, своих неприятностей и противоречий?» - деген сұрағы еске түседі. Шын мәнінде, конференцияға қатысқан әр математиктің өз құпиясы, 10-даған жылдар бойы шешімін таба алмай келе жатқан проблемалары бар. Қуанған сәттерінен, қиналған сәттері көп болуы мүмкін. Дәл нәтиже алып, қойылған

есебі шешімін тапқанша, қарама-қайшылықты сұрақтар төңірегінде жұмыс жасайды, ізденеді және әлдекімдермен ой бөліседі. Сондай ой бөлісетін орындар конференциялар мен ғылыми семинарлар. Бұл жағынан Ақтөбе университетінде ұйымдастырылған ІІ Халықаралық ғылыми конференция өзінің орнын дәп тапқан сияқты.

Ұйымдастыру комитеті Ақпараттық хабарлар жіберумен қатар:

1. қатысушылар тізімін;
2. конференция бағдарламасын;
3. баяндамалар тезистерін;
4. конференцияға арналған үнқағаз;
5. конференция материалдарын – шығаруды

ұйғарған болатын.

Бастапқы төртеуі конференция басталғанға дейін дайын болды.

179 қатысушының тұрақтары, телефондары т.б. ақпараттары көрсетілген тізім, кейінгі конференцияларды ұйымдастыруға жақсы көмекші құрал болып, өз пайдасын тигізді. Байланыстырушы құрал рөлін атқарды.

Редакциялық алқа жаңа есімдермен толықты:

К.К. Кенжебаев – бас редактор, О.М. Сұлтанғазин, А.М. Самойленко, Н.К. Білиев, Д.С. Жұмабаев, Е.Ы. Бидайбеков, В.Н. Лаптинский, Ж.А. Сартабанов, Ж.Н. Тасмамбетов, Қ.Ш. Шункеев, А.Б. Бержанов – мүшелері.

ІІ Халықаралық ғылыми конференция Материалдары 2000 жылы жарық көрді, онда конференцияның дифференциалдық теңдеулер, анализ, алгебра, математикалық логика, есептеу математикасы, математиканы оқыту әдістемесі, жаңа ақпараттық технологиялардың қазіргі көкейтесті мәселелеріне арналған баяндамалары келтірілді.

5.1. Конференция қонақтары

Әрбір өткізілген конференция алдында 1996 жылдан бері шығып келе жатқан университет үнқағазы «Ақтөбе университеті» өзінің кезекті санын конференция қонақтарына арнайды. Онда конференцияның мақсаты, жұмыс жасайтын

секциялармен, конференция қонақтарымен таныстыру жүргізу үрдіске айналған. Ақтөбе университетіндегі математика ғылымының дамуы туралы университет ректоры К.К. Кенжебаев, конференция өтуінің ерекшеліктері туралы және келетін қонақтармен таныстыру бағытында Ж.А. Сартабанов, Ж.Н. Тасмамбетовтердің т.б. мақалалары, интервьюлері газет бетінен орын алады. Мұндай газет сандары математика, физика және информатика мамандықтарында білім алып жатқан студент жастар мен жас оқытушылар үшін пайдалы екендігі, өзіндік тағылымы бар екендігі түсінікті.

Бұған дейінгі тарауларда біз әр конференцияға қатысқан белгілі ғалымдардың ғылым жолымен, Қазақстанның жоғарғы мектебін дамытуға қосқан үлестерімен Ақтөбе университетімен байланыстарын ескере отырып, қысқаша таныстырғанбыз. Ескерте кететін бір жәйт ешкімнің де толық өмірбаянымен таныстыруды алдымызға мақсат етіп қойған жоқпыз. Келесі кезекте II Халықаралық ғылыми конференцияға қатысып, оның аясында аталған шараның жұмысының өтуіне белсенді түрде қатысқан бір топ Украина және Ресей ғалымдары еңбектеріне тоқталмақпыз.

5.2. Украина ғалымдары Ақтөбеде.

Келесі 2012 жылы Украинаның беделді оқу орындарының бірі Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетімен Қазақстан арасында ғылыми-педагогикалық мамандар дайындау бағытында келісім жасалғанына 50 жыл толады екен. Киев университетіне 1962 жылы түсіп, 1967 жылы бітірген және де өтіл-зерттеушілік пен аспирантураны, докторантураны да сонда бітірген адам ретінде екі арадағы байланыстың көп жақсы жақтарына куә болдым. Ғылым жолын қуған талай қазақ жастарының имене келіп, білім нәрінен сусындап, қалыптасқан маман болып шыққанының куәсі болдық. Киевтің, атап айтқанда ондағы Боголюбов – Митропольский – Самойленко – мектебімен Ақтөбе университетінің арасындағы ғылыми байланыс ерекше. Ақтөбе университетінің екі түлектері: К.К. Кенжебаев (1995 ж.) – ғылыми жетекшісі академик А.М. Самойленко және М.У.

Ахметов (1995 ж.) – ғылыми жетекшілері А.М. Самойленко мен Н.А. Перестюк – физика-математика ғылымдарының докторлығына диссертацияларын қорғады. Ж.Н. Тасмамбетов (1975ж.) – ғылыми жетекшісі доцент Н.И. Терещенко, кандидаттық диссертациясын қорғады, аға ғылыми қызметкерлікті Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінде өтіп, болашақ докторлық диссертациясының негізін қалады.

Киев математикалық мектебінің Қазақстандағы Харасахал-Үмбетжанов мектебінің қалыптасуына қосқан үлестері ерекше. Әдістің негізін салушы В.Х. Харасахал (1961ж.), Д.Ү. Үмбетжанов (1983ж.), І.Т. Тәжімұратов (1992ж.) – Киев қаласында докторлық диссертацияларын қорғаған. Ж.А. Сартабановтың кандидаттық (1974ж.) және докторлық (1997ж.) диссертацияларының бірінші оппоненттері академик А.М. Самойленко болса, А.Б. Бержановтың кандидаттық (1984ж.) және докторлық (2010ж.) диссертацияларының оппоненттері профессорлар Д.И. Мартынюк пен Ю.В. Теплинскийлер де Киев мектебінің өкілдері.

Қазақстанның параметрлеу әдісі мектебінің негізін қалаушы профессор Д.С. Жұмабаевтың да докторлық диссертациясын (1994ж.) Киевте қорғағанын ескерсек Украина ғалымдарының Қазақстан математикасын дамытуға қосқан үлестері өзінен-өзі түсінікті болады. Сондықтан да, қазақ математиктері өздерінің ғылымдағы ұстаздары, ал өмірдегі достары Украина ғалымдарын шын ықыласпен қарсы алып күтеді.

5.2.1. Украина ғылымының жарық жұлдызы

Киев университетінің механика-математика факультетінің I курсына 1962 жылы жаңа түскен мені, уақыт өте келе Украина ғылымының жарық жұлдызына айналған Анатолий Михайлович Самойленкомен кездестірген тағдырға таң қаласың. Университеттің Ломоносов көшесіндегі №5 жатақханасы. Бір бөлмеде жататын Сергей мен Володяны екі жағына алып, орта бойлы украин жігіті сабақ түсіндіріп отырады. Емтихандарға қарсы жиірек келетін болды. Ара-

арасында бірге шай ішеміз. Студенттің жүдеулеу дастарханы. Келген азаматпен еркінірек танысып, сөйлесетін менде тіл жағы нашарлау, украин тілі түгел орыс тілін де келістірмей жүрген кезім. Осылай басталған таныстықтың ұзақ жылдарға созылатынын, талай ақыл-кеңесін тыңдап, ғылым жолындағы қиын сәттерде көмектер жасап, қол ұшын беретіндігін білген жоқпын. Сол кездегі университет студенттері үшін сын сәт III курстың екінші семестрінде мамандық таңдау кезінде болатын.



Украина ҰҒА-ның Математика институтының директоры
академик А.М. Самойленко

Дифференциалдық теңдеулер мамандығын таңдаған мені, тағдыр оның оқыған арнайы курстарын тыңдау кезінде кездестірді. Осы кезден бастап Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің «Дифференциалдық және интегралдық теңдеулер» кафедрасымен және Украин ҰҒА Математика институтымен байланыста болдым.

А.М. Самойленко есімімен әр түрлі аңызға бергісіз әңгімелер байланысты. 1938 жылы Житомир облысының Потеевка елді мекенінде дүниеге келген ол, 1955 жылы Киев университетінің геология факультетіне оқуға түседі. Университеттегі математиктердің олимпиадасына қатысып І-ші орын алып, мамандардың назарын аударады. Сол көрнекті ғалымдардың ұсыныстарымен, университеттің механика-математика факультетінің «Математика» мамандығына ауысады. Украина КСР ҒА-ның Математика институтының аспирантурасын 1963 жылы аяқтап, сол жылы «Применение асимптотических методов для исследования нелинейных дифференциальных уравнений с нерегулярной правой частью» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғайды. Әрі қарай осы институтта академик Ю.А. Митропольскийдің жетекшілігімен жұмыс жасауға қалдырылады. Аз уақыт ішінде көп жиілікті тербелістер теориясына қатысты ашқан жаңалықтарын жинақтап, 1967 жылы «Некоторые вопросы теории периодических и квазипериодических систем» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады. 29 жасар-тұмысынан талантты, еңбекқор ғалымның жұлдызы осы кезден бастап жарқырай түсті. Ол туралы Украинада шығатын көптеген газеттердің жарыса мақала жазғаны да осы кез. 1965-1974 жылдары Математика институтында аға ғылыми қызметкер болған оның, ғылыми атақтары да сатылап жоғарылай берді. 1974 жылы профессорлық атақ алса, 1978 жылы УКСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі болып сайланды. Осы жылдарда өзі бітірген Киев университетімен де байланысын үзген жоқ. Арнайы курстар оқып, дипломдық жұмыстарға және аспиранттарға жетекшілік жасады.

А.М. Самойленко 1974-1987 жылдары Киев университетінің дифференциалдық және интегралдық тендеулер кафедрасының меңгерушілігі қызметін атқарды. Бұл жылдар кафедраның ғылыми жұмыстарының белсенді дамыған жылдары болды. Тербелістер теориясынан атақты Боголюбов-Митропольский мектебінің кадрларын дайындаумен қатар, Қазақстан мен Орта Азияға да ғылыми кадрларды дайындауды күшейткен осы кезең



Професср К.В. Цхай және академик К.К. Кенжебаев ұстазы
академик А.М. Самойленкомен бірге. Киев (2008).



Ақтөбеліктер академик А.М. Самойленконың жұмыс орнында. Киев
(2008).

болатын. Ақтөбеден – К.К. Кенжебаев, М.У. Ахметов, С.И. Отарбаев, Кызылордадан – С.Б. Баева, Ы.Қ. Қарқынбаев, Б. Тұрбаев, Алматыдан – О.Қ. Қашқынбаевтар – аталған кафедрадан дайындық өткендер. Кафедрада Н.А. Перестюк, И.О. Парасюк, А.Н. Станжицкий сияқты оқушыларын дайындап шығарды.

Н.А. Перестюк – болашақ Украина ҰҒА-ның академигі, механика-математика факультетінің деканы, өзі басқарған «Дифференциалдық және интегралдық теңдеулер» кафедрасының меңгерушісі; И.О. Парасюк – механика-математика факультетінің деканы; А.Н. Станжицкий – жалпы математика кафедрасының меңгерушілігі-қызметтерін атқарды. К.К. Кенжебаев - Ақтөбе университетінің ректоры, В.П. Яковец-Нежин педагогика институтының ректоры, М.Илолов – Тәжікстан ҒА-ның президенті Н.М. Ронто – Венгрияда. Бұл атақты ұстаздың өзіне шәкірт дайындаудағы көрегендігін де көрсетеді.

Анатолий Михайлович 1987 жылы кейін «дифференциалдық теңдеулер және тербелістер теориясы» - деп аталған Математика институтының бөлімін басқаруға тағайындалды. 1988 жылы институт директорлығына көтерілді. Енді, бұрын өзінің ұстазы академик Ю.А. Митропольский басқарған Математика институтының барлық ғылыми жұмыстарының ауыртпалығын көтеруге тура келді.

А.М. Самойленконың математика ғылымы саласындағы жетістіктеріне тоқталғанда тербелістер теориясының негізін қалап, өшпес із қалдырған Н.М. Крылов пен Н.Н. Боголюбов, Ю.А. Митропольский есімдерін айналып өте алмайсың. Шынында да, Н.М. Крылов Пен Н.Н. Боголюбовтер математикалық физиканың маңызды тарауларының бірі болып табылатын сызықты емес механиканың дамуына қомақты үлестерін қосты. Олардың еңбектерінде асимптотикалық әдістің негізі қаланып, математикалық түрде негізделді.

Аталған зерттеулер Ю.А. Митропольский мен А.М. Самойленконың зерттеулерінде жалғасын тапты. Әр түрлі варианттарды салыстыру нәтижесінде асимптотикалық жіктелулерді құрудың жалпы схемасын ұсынуға мүмкіндік берді. Ол асимптотикалық әдістің жаңа варианттарының

қолданысқа енуіне жол ашты. Сондықтан, белгілі ғалым зерттеген бағыштардың бірі ретінде келесі бағытты атауға болады:

I. Асимптотикалық әдістерді дамыту және ЭЕМ қолдану.

II. Сызықты емес механика есептеріндегі жеделдетілген жинақтылық әдістері және көпжиілікті тербелістер.

1934 жылы Н.М. Крылов пен Н.Н. Боголюбовтың біртіндеп ауыстыру әдісі ұсынылды. 1963 жылы Н.Н. Боголюбовтың өзі А.Н. Колмогоров пен В.И. Арнольдтың идеяларын интегралдық көпбейнелік (многообразия) әдісімен біріктіріп, консервативті емес жүйелерді зерттеді және оны зерттеу үшін қолданылатын жинақты қатарды құрды. А.М. Самойленконы ғылым әлеміне алғаш танытқан ұстаздарымен бірігіп жазған келесі монография болды:

Боголюбов Н.Н., Митропольский Ю.А., Самойленко А.М. Метод ускоренной сходимости в нелинейной механике. – Киев: Наук. думка. 1969. -247с.

Ол көпжиілікті тербелістер теориясын да терең зерттеді. Нәтижесінде: Самойленко А.М. Элементы математической теории многочастотных колебаний. Инвариантные торы.-М.: Наука, 1987.-303с.-монографиясы баспадан шықты.

Осы пункттің басында келтірілген Н.Н. Боголюбов идеясын Ю.А. Митропольский, А.М. Самойленко, В.Л. Куликтер дамытып, сызықты емес дифференциалдық теңдеулер жүйесінің жалпы шешімін құрды және сызықты емес жүйені коэффициенттері тұрақты жүйеге келтіру мәселесі шешілді. Сонымен қатар мұнда Ляпунов функциясы әдісі жалпы түрдегі сызықты дифференциалдық теңдеулер жүйесінің дихотомиясын зерттеуге қолданылды. Алынған нәтижелер монографияға біріктіріліп баспадан шықты және ол В.Л. Куликтің докторлық диссертациясының негізін құраған еді.

III. Орталау әдісі. Н.Н. Боголюбовтың орталау әдісі Ю.А. Митропольский мен А.М. Самойленко жұмыстарында дамытылып, коэффициенттері жәй өзгертін сызықты емес теңдеулерге, көпжиілікті жүйелерге және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерге т.б. жалпыланды.

IV. Интегралдық көпбейнелілік әдісі. Бос болу дәрежелерінің саны көп, күрделі жүйелердің тербелу процестерін зерттеу

кезінде, көп жағдайларда әр түрлі қозғалыстар ішінен, өзіндік қасиеттерімен ерекшеленген. Бұрынғыға қарағанда қарапайым дербес қозғалыстарды бөліп қарастыру қажеттігі туындайды. Бұл – интегралдық көпбейнелілікті зерттеу проблемасы болып табылады.

Аталған әдістің негізгі идеясы Н.Н. Боголюбов жұмыстарында келтірілді. Әдісті алға қарай дамытып, оны сызықты емес дифференциалдық теңдеулердің көптеген кластарына қолдануды зерттеуге А.М. Самойленко да өз үлесін қосты.

V. Жай дифференциалдық теңдеулер жүйесін зерттеу үшін қолданылған жеделдетілген жинақтылық әдісі кешікпелі, импульс тербелісті теңдеулерге және саналымды теңдеулер жүйесін зерттеулер үшін пайдаланылды. Жеделдетілген жинақтылық әдісін кешікпелі теңдеулерді зерттеуге қолданудан алынған нәтижелер Ю.А. Митропольский және Д.И. Мартынюкпен бірге жазылған монографиясында, импульс тербелісті дифференциалдық теңдеулер бойынша – Н.А. Перестюкпен, ал саналымды теңдеулер жүйесіне қатысты зерттеулер – Ю.А. Теплинскиймен бірге дайындаған монографияларында жарияланды.

VI. Сандық-аналитикалық әдіс. А.М. Самойленко оң жағы периодты теңдеулердің периодты шешімін табудың сандық-аналитикалық әдісін қолданысқа енгізді (1963-1965 жж.). Қазір Венгрияда тұратын оқушысы Н.И. Ронтомен бірге аталған әдісті қолдану нәтижелерін жинақтап, шығарған фонографиялары үлкен сұраныстарға ие болып, Кеңестер Одағында да шетелдерде де бірнеше басылымдары жарық көрді. Әлемдік математикалық әдебиеттерде **«Самойленконың сандық-аналитикалық әдісі», «Грин-Самойленко функциясы»** сияқты атаулардың қолданылуы, оның зерттеулерінің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Тәжірибеде көрсеткендей сандық-аналитикалық әдісті импульсті жүйелерді зерттеуге де қолдану жақсы нәтижелер беруде.

Саналымды теңдеулер жүйесімен Қазақстан математиктері бұрыннан айналысып келген болса, қазіргі кезде сандық-аналитикалық әдісті өз зерттеулерінде қолданысқа енгізе бастады. Д.С. Жұмабаевтың жетекшілігімен импульс




Академик К.К. Кенжебаев Украиналық ғалымдар профессорлар В.И. Сукретный және Ю.В. Гончаренколармен бірге. Ақтөбе (2009).



Профессор Ю.В. Теплинский Қазақ математиктермен бірге. Ақтөбе

(1999).



II-ші Халықаралық ғылыми конференцияға қатысушылар: солдан оңға қарай профессорлар В.И. Сукретный , А.И. Степанец және академик А.М. Самойленко өз оқушысы академик К.К. Кенжебаевпен бірге.



Академик А.М. Самойленконың құрметті профессор мантиясын киіп түскен суреті

әсерлі жүйелерге параметрлеу әдісін қолдануға арналған диссертация да жазылды. Келесі бір екі ел ғалымдарының ғылыми зерттеулеріне ортақ болып келе жатқан сызықты және сызықты емес жай дифференциалдық теңдеулер мен теңдеулер жүйесінің шешімдерін табу. Атап айтқанда коэффициенттері периодты, квазипериодты және периодты – дерлік теңдеулер жүйелерінің шешімдерін табуға көп көңіл бөлінді. Ю.А. Митропольский мен А.М. Самойленко квадраттық жинақтылықты қамтамасыз ететін, тізбектеп ауыстырулар арқылы, тұрақтыдан аз ғана өзгешелігі бар квазипериодты теңдеулер жүйесін коэффициенттері тұрақты теңдеулер жүйесіне келтіруге болатынын көрсетті (1967-1969 жж.). Бұл зерттеулер де өз жалғасын тапты.

А.М. Самойленко 400-ге жуық еңбектердің авторы. Оның 30-ы монографиялар, 15-і оқу кұралдары. Еңбектерінің көбісі шет тілдерге аударылған. Шет елдерде өткен конференцияларға, шет ел университеттерінде дәрістер оқуға жиі шақырылады. Үнемі ізденісте жүретін, бос уақыты бола бермейтін үлкен жүректі ұстаз-ғалым математика ғылымының дамуына пайдасы бар шараларға әр уақытта көмек жасауға тырысады. Соның куәсі болашағынан үміт күттірген өзінің оқушылары Ю.В. Теплинский, В.И. Сукретный, Самойленко В.Г. және функциялар теориясының белгілі маманы А.И. Степанец сияқты ғалымдармен Ақтөбе университетінде өткен II Халықаралық ғылыми конференцияға келуі. Біз 50 жылдан астам өмірін математика деген өзінің сүйікті ғылымына қызмет етуге арнаған атақты ғалымның атқарған қоғамдық қызметтеріне, өмірінің әр кезеңдерінде көрген марапаттарына тоқталған жоқпыз. Анығы, тербелістер теориясынан әлемге танымал Боголюбов-Митропольский-Самойленко-математикалық мектебінің атағын дүниеге танытып жүрген Украина ҰҒА академигі А.М. Самойленконың Ақтөбе университетінде өткен ғылыми конференцияға қатысуы оның жұмысына ерекше тыныс бергені.

5.3. Ресейдің белгілі ғалымдары Ақтөбе жерінде

С.М. Никольскийдің негізгі жұмыс орны КСРО ҒА-ның В.А. Стеклов атындағы Математика институты. В.А. Стекловтың өзі Ресейдегі математикалық физика мектебінің негізін салушы деп есептеледі. Петербург математикалық мектебінің өкілі. Ал ол мектептің негізін қалаған орыстың атақты математигі П.Л. Чебышев болатын. В.А. Стеклов дифференциалдық теңдеулер, математикалық анализ, серпімділік теориясы және гидромеханикамен айналысқан жан-жақты ғалым. 1917 жылғы Ұлы Октябрь Революциясынан кейін бар күш-жігерін кеңес ғылымын дамытуға арнаған математикадан кітаптар мен ғылыми журналдар шығаруды жолға қойып, шет елдіктердің қажетті -маңызды оқулықтары мен монографияларын аударма жасау, алдыртуға бар күшін салған.

Кеңестер Одағы жаңа құрылған, дүниенің бәрі жетпейтін аш-жалаңаш кезеңде, мұны ерлікке пара-пар нәрсе деп ұғу керек. Сол кездері шыққан кітап пен журналдар Ресей математикасының алтын қоры, әлі де пайдаланылып жүр. Баспадан жаңартып, қайта шығарылуда. Бұл ғылымға деген жанашырлық. Белгілі ғалым және ұйымдастырушының қолдауымен КСРО ҒА жанынан физика-математика институты ашылып, кейін академик В.А. Стекловтың атын иемденді. Онда көптеген қазақ математиктері тәлім-тәрбие алып, математика ғылымының биіктеріне көтерілді және Қазақстандағы математика ғылымын дамытуға күш салуда. С.М. Никольский ұзақ ғұмырында Стеклов атындағы Математика институтында болған өзгерістердің барлық сатысынан өткен институттың тірі тарихы. «Менің ғұмырым» ғұмырнамасына 2005 жылы 100 жылдығына арналған конференцияда қолтаңбасын қойып берген болатын. Назарларыңызға атақты ғалымның өміріне арналып, 2006 жылғы конференция алдында жазылған мақаланы ұсынып отырмыз.

5.3.1. Аңызға айналған адам.

Академик С.М.Никольский және Қазақстан.

Бірде белгілі ақын, журналшы, «Ақтөбе университеті» газетінің редакторы Амантай Өтегеновпен жолығысып қалдық. Университет ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К.К. Кенжебаев, ф.-м.ғ.д., профессор Ж.А. Сартабанов және осы жолдардың авторы Мәскеуге, белгілі ғалым, Ресей Ғылым Академиясының академигі, Сергей Михайлович Никольскийдің 100 жасқа толған мерейтойын атап өтуге арналған халықаралық конференцияға бара жатқанымызды есіткенде:

- Қызығы мол, маңызды шараға бара жатқан сияқтысыздар, келгеннен кейін түйген ойларыңыз бен көргендеріңізді қызғылықты түрде әңгімелеп берсеңіздер дұрыс болар еді, – деген журналшыға тән қызығушылық танытып.

Бірақ, әр түрлі себептермен ол тілекті орындауға мүмкіндік болмады. Біріншіден, көп жаңалық, көргендердің ішінен керегін таңдап, жеткізе білетін нағыз журналшыға тән қасиеттердің жетпей жатқандығы байқалды. Екіншіден, дүниежүзіндегі математика әлеміне таныс, көптеген математиканың салаларында жаңа бағыттар ашқан, сол бағыттар бойынша өзіне талантты ізбасарлар дайындап келе жатқан, атақты ғалым-математик туралы жазуға жүрексіну де болмай қалған жоқ.

Әйтсе де, ұзақ жылдар бойы ортақ отанымыз болған Кеңестер Одағығының, алыс және жақын шет елдердің 350-дей белгілі ғалымдары қатысқан Халықаралық конференцияға қатысып, онда көріп-білгендерді айтпай қалу мүмкін емес сияқты көрінді. Оның үстіне Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті ұйымдастырып жатқан IV халықаралық ғылыми конференция қарсаңында математика әлеміне жақындауды армандап жүрген жастарға, аттары аңызға айналған математик ғалымдар, академиктер С.М. Никольский мен А.Н. Колмогоров, белгілі қазақ математиктері және математикалық орталықтар туралы аздап та болса мағлұмат беруді өзіме парыз санадым.



**Аңызға айналған адам.
Академик С.М.Никольский 100-де. Москва (2005).**

«Живой, образный и вместе с тем точный язык, малоизвестные факты, изложенные часто с тонким юмором, конкретные персонажи истории отечественной математики», - бұл С.М. Никольскийдің туылғанына 100 жыл толуына арнап, өз естеліктерінен құрастырылған «Менің ғасырым» атты кітабының аннотациясынан алынған үзінді. Шынында ондай адамның өмірде болуы, 100-ден асқан адамның жанында жүріп, оның өмірге, әсіресе математика ғылымына деген құштарлығын көру, математиканың болашағын ойлаған жанкүйзелісін тыңдау кімді де болса таңқалдырарлық құбылыс.

Өмірі аңызға айналған, адамгершілігі жоғары, ғылымға, математика әлеміне қадам басқандарға ерекше ілтипатпен қарап, өзіне әріптес, дос санайтын ерекше тұлғаны Ресей басылымдары біздің мақтанышымыз деп ерекше атап жатты. Халықаралық конференцияға қатысқан 350-дей алыс және жақын шет ел ғалымдары ішінде Ганс Трибель (Германия), Герберт Аманн (Франция), Борислав Боянов (Болгария), Богдан Боярский (Польша), Ларс Хедберг (Швеция), Благовест Х.Сендов (Болгария), Renold Devoze, Albert Cohen, Марек Фила, Энцо

Митидиери (Италия) т.б. болуы конференция деңгейінің жоғары екендігін көрсетті. Олардың көбісі өздерін С.М. Никольскийдің оқушылары деп есептейтінін білдірді. Ресейден кейінгі ең көп адам қатысқан елдің Қазақстан болғаны біздің де көңілімізге қуаныш ұялатты. Құрамында 20-дан астам адам болған қазақстандықтарға Ресейдің, оның ішінде дүниежүзіне белгілі В.А. Стеклов атындағы Математика институты мен М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті ғалымдарының ілтипаттары ерекше болды. Қатысқандар арасында Ақтөбеде өткен ІІ-ші Халықаралық ғылыми конференциядан таныс академиктер С.М. Никольский (Ресей), Б.Боярский (Польша), Н.Қ. Білиев (Қазақстан), мүше-корреспонденттер О.В. Бесов (Ресей), А.И. Степанец (Украина), профессор Н.Бехер (Германия), т.б. танымал математиктердің болуы Ақтөбенің де математика әлемінде алатын өзіндік орны бар екендігін көрсетті.

Өмірінен мағлұмат. «Менің ғасырым» атты кітабында Сергей Михайлович 1905-ші жылы 30 сәуірде Ресейдің Пермь губерниясының Талица аталатын жерінде туылғандығын атап көрсетеді. Әкесі Михайл Дмитриевич Никольский орман шаруашылығының қызметкері ретінде қазіргі Польшаның, Украинаның, Ресейдің орман шаруашылықтарында қызметтер жасаған. Кішкентай Сергей гимназияның 1-4 сыныптарының білімдерін 1914-1918 жылдары Чернигов қаласында алады. 1918 жылы Воронеж губерниясының Шипов ормандарына әкесі қызметке ауысқаннан кейін 1921 жылға дейін оқуды жалғастыруға мүмкіндік болмайды. Осы аралықта орман шаруашылығында жұмыс жасай жүріп, әкесімен мектеп математикасынан, анализ бастамаларынан, физикадан өз бетінше көптеген мағлұматтар алады. Әкесі 1921 жылы бандиттер қолынан қаза тапқанға дейін қолы бос уақытында қалған балаларының тәрбиесімен де осылай айналысқан. Оқуға деген ықыласын байқаған ол, өлер алдында Дондағы – Павловск қаласындағы жеті жылдық гимназия директорымен Сергейді экстерн бітірту туралы келіседі. Сергейдің ұзақ жылға созылған орта білім алуы осылай аяқталады.

1921 жылы Никольскийлер отбасы Чернигов қаласына қайта көшіп келеді. Черниговте Губполитпросвет аталатын

кітапхана, театр, музейлермен жұмыс жасайтын мекемеде қызмет жасай жүріп, сондағы техникумның дайындық бөлімінде, инженерлік факультетінде оқуын жалғастырады. 1924 жылы техникумның инженерлік факультеті жабылғаннан кейін, агрономдық факультетіне ауыстырылады. Сергей Михайлович өзінің Черниговтағы оқу-орындарының біліміне риза еместігін естелік кітабында келтіре отырып, үнемі басқа жаққа кету мүмкіндігін қарастыра жүргенін жасырмайды. Негізгі ойы техникалық оқу орындарына түсу болғанмен, Киев политехникалық институтына түсу сәтсіз аяқталып, басқаша мүмкіндіктер іздеуге тура келеді. 1925 жылы Черниговтың ағарту қызметкерлерінің жолдамасымен Екатеринославль (қазіргі Днепропетровск) қаласындағы университетке түсуі, оны өмірінің мақсаты ретінде математиканы оқыту мен соған қатысты ғылыми зерттеулер жүргізумен айналысуға келтіреді. Қалған 80 жылдық өмірінде С.М. Никольскийдің математиканы өзінің оқып үйренуі, Днепропетровскінің, Мәскеудің әртүрлі оқу орындарындағы ұстаздық жолы, математикаға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар жүргізуі бірінен-бірі ажыраған емес. Оның айтуынша:

- 1-курста оқи жүріп, мен математиканың маңызды да, терең ғылым екенін түсіндім. Оның қолданылу аясының кеңдігін, тіпті тәжірибеде маған бұрын кездеспеген талай жерлерде қолданылатынына көзім жетті. Математиканы оқу маған жеңілдікке түсті, оқу қызықтыратын, сондықтан да математиканы оқуды жалғастыру қажет және жаңа мамандыққа ауысудың қажеттігі жоқ деп шешім қабылдадым.

Әкесі қайтқаннан кейін көрген көп қиыншылықтары туралы жазуға сараң. Қысқаша жазғандарынан байқауға болатыны:

- «1921 жылы Черниговке көшіп келгеннен кейін шешем отбасын тұтас күйінде сақтай алмады, семья құрған қыздарының қолында тұруды жөн көрді, ал мен өзге үйде тұра алмадым, сондықтан өз жолымды іздедім» -, дейді.

Бар болғаны 16 жасар бозбаланың жеке өмір жолы осылай басталады. Жазған кітабының әр жолында әкеге деген сағынышы сезіліп тұрады. Сол сағыныш әкесі қызмет жасаған атақты Шипов ормандарына қайта-қайта келтіреді. Әбден үміті

үзілген кезде, кездейсоқта әкесін бандиттер өлтірген орнын тауып, 1988 жылы ескерткіш орнатуға мүмкіндік алады.

- Егер математика болмағанда, мен ол орынды таба алмай өткен болар едім – деп, бұл сәттілікті де, өмір бойғы жан серігі болған математикамен байланыстырады. Шынында да, бұл хабарды Воронеждің мемлекеттік университетінде жұмыс жасайтын, ондағы математикалық мектептің негізін салушы белгілі математик ғалым, профессор Слим Григорьевич Крейн арқылы алған болатын.

Студенттік кездерде де жалғыз стипендияға оқуға мүмкін болмағандықтан заводта т.б. жерлерде әртүрлі жұмыстар жасағанын, қосымша сабақтар да бергенін жасырмайды. 1929 жылы университетті бітіргеннен кейін, арасына аздаған үзіліс салып, сол оқу орнына оқытушылық қызметке қабылданады.

Математиканың әртүрлі тарауларынан, арнайы курстардан дәрістер оқып, практикалық сабақтар жүргізу арқылы өз білімін де толықтыра түседі және оқытушылықтың да қыр-сырын меңгеруге мүмкіндік алады. Оны Днепропетровскінің Тау-кен және көлік қатынасы институттарында сабақтар беру арқылы жетілдіреді. Днепропетровск қаласында 1941 жылға дейін жалғасқан бұл кезең Сергей Михайловичті Кеңестер Одағының астанасы Мәскеудегі ғылыми және ұстаздық жұмыстарға барар жолдағы алғашқы баспалдақ сияқты.

С.М. Никольский және А.Н. Колмогоров. С.М. Никольский ХХ ғасыр математикасындағы ерекше құбылыс ретінде ұлы математик Андрей Николаевич Колмогоровты атауға болады деп көрсетеді. А.Н. Колмогоров математиканың көптеген салаларында өшпес із қалдырып жаңа бағыттарды қалыптастырған адам. Сол бағыттарды қазір алыс және жақын шетелдерде көптеген математиктер негізге алып, зерттеулерін жалғастыруда. «Ұлы Колмогоров» атты мақаласында (2003 ж.) Сергей Михайлович «... я его ученик, видимо, самый старый из ныне живущих его учеников. Своеобразный ученик, потому то Андрей Николаевич была старше меня всего на два года»-, деп жазады. Бұдан А.Н. Колмогоровпен С.М. Никольскийлердің өмір жолдарының екі түрлі қалыптасқанын көреміз.

А.Н. Колмогоров математика ғылымына нақты айнымалылар функциясының теориясынан студент кезінің өзінде (1922-1925 жылдары) жаңалық ашып, ерте келеді. Фурье қатары барлық жерде жинақсыз Лебега бойынша қосындыланатын функция құру, менің өмірімдегі көп математикалық құрылымдар мен есептеулерді қажет еткен қиын нәтиже болды деп Колмогоровтың өзі де кейін еске алады.

С.М. Никольский мен А.Н. Колмогоровтардың кездесуі 1930 жылдары Днепропетровск қаласында А.Н. Колмогоров пен А.С. Александровтардың Днепропетровскіге дәрістер оқып, ғылыми-әдістемелік көмектер жасауға келген кездерінде болады.

Сергей Михайлович Колмогоровқа 1934 жылы аспирант болып бекітіліп, 1935 жылы функционалдық анализ бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Алғашқы математикалық еңбегі 1938 жылы, яғни қорғағаннан кейін үш жыл өткесін жарық көреді. 1,5 жыл аспирантурада болғанда А.Н. Колмогоровпен үш-ақ рет кездескенін айтады. Сонымен қатар, ғылымға кеш келуі С.М. Никольскийдің XX ғасырдың ұлы математиктерінің бірі атануына зиянын тигізген жоқ. Ал А.Н. Колмогоровпен қарым-қатынасына келетін болсақ, кейінгі өмірлерінде ұзақ жылдар бірге қызмет жасап, соңы жолдастыққа ұласып кеткен сияқты. Ол өмірдің әртүрлі жақтарынан көрінеді.

1938 жылы А.Н. Колмогоров, П.С. Александров және жаңа қалыптасып келе жатқан математиктер А.И. Мальцев пен С.М. Никольскийлер 40 күн бойы Красноуфимскіден Ульяновскіге дейін орыстың бірнеше өзендерін бойлап 1600 шақырымдық жолды жай ескекті қайықпен жүзіп өтеді. Келесі жылы осындай экспедиция атақты қос ғалымның басқа да оқушылары қосылған кеңейтілген құрамда өткен. Ойлап отырсаң белгілі ғалымдар бірін-бірі танудың тағы бір сынағын осылай бірге өткізген сияқты.

1941 жылдың қаңтар айынан бастап Никольскийдің В.А. Стеклов атындағы Математика институтына докторантураға түсуі, оның отбасымен бірге Мәскеу қаласына келіп орналасуымен аяқталады. Қалған өмірі Мәскеу қаласындағы В.А. Стеклов атындағы Математика институтымен, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен

және Мәскеудің физика-техникалық институттарымен байланысты. Арада, Ұлы Отан соғысы кезінде Қазан қаласында өткен 1941-1943 жылдары да Сергей Михайловичтің математикамен айналысуы, Колмогоровпен байланысы үзілген жоқ. Нәтижесінде 1942 жылдың қысында Қазан қаласына көшіп келген Математика институтының Ғылыми кеңесінде А.И. Мальцев екеуі бір күнде докторлық диссертацияларын қорғайды.

Осы кезден қазіргі күнге дейін, 64 жыл бойы жалғасып келе жатқан математика ғылымындағы қарышты қадамы басталады. Өз оқушылары пайда болып, Мәскеу, Киев және Днепропетровск қалаларында жуықтау теориясының негізін С.М. Никольский қалаған математикалық мектептер пайда болады. Аспирантура арқылы 50 ғылым кандидатын, 15 физика-математика ғылымдарының докторларын дайындады.

Оның 1954 жылы Амстердамда өткен Математиктердің Дүниежүзілік конгресіне П.С. Александров және А.Н. Колмогоровтармен бірге Кеңестер Одағы атынан баруы математика ғылымына сіңірген еңбегін Одақта да, шет елде де мойындау болып табылатын.

С.М. Никольский және Қазақстан. Аңызға айналған 100 жылдық ғұмырында Сергей Михайлович Қазақстан үшін де математик ғалымдар дайындауға белсенді араласып келеді. Өзінің Қазақстан математикасының дамуына тілектестігін білдіріп отырады. Қазақстанда математика ғалымына үлкен үлес қосқан белгілі тұлғалар-академиктер Т.І. Аманов пен Н.Қ. Біліевтердің ғылымдағы табыстарының атақты В.А. Стеклов атындағы Математика институтымен байланысты екенін, екеуінің де Қазақ КСР ҒА Математика институтын басқарғанын ерекше ілтипатпен атап көрсетеді. Араласқан аздаған сәттердің өзінде тікелей оқушысы Төлебей Амановтың аспиранттық шағын-биік академик тұғырына дейін көтерілген сәттерін ерекше бағалап отыратынын байқадық. 98-жасында, өмірден ертерек озған оқушысы академик Т.І. Амановтың (1923-1978 жж.) туған топырағы Семей жеріне келіп (2003, шілде), оның 70 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуы ұлы ғалымды адамгершілік тұрғыдан бұрынғыдан да биіктетіп тұрғандай.

Әрине, халықаралық деңгейдегі есте қалатындай ғылыми конференциялар өткізу оңай іс емес. Әр конференция өткізер алдында ұйымдастырушылардың белгілі тұлғалардың оған қатысуы туралы толғанатыны рас. 1999 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры, ұйымдастыру комитетінің төрағасы, профессор К.К. Кенжебаев пен академик Н.Қ. Білиевтердің шақыруын қабыл алып, өзінің шәкірті Ресей ҒА мүше-корреспонденті О.В. Бесовпен Ақтөбеге келуі, II халықаралық ғылыми конференцияға қатысушыларға, Республика және облыс математиктеріне үлкен қуаныш сыйлады.

Ұлы ғалыммен бірге болған ұмтылмас кеш оның 100 жасқа толған мерейтойы кезінде Мәскеу қаласындағы Қазақстан Республикасының елшілігінде өтті. Конференцияға қатысушылар ұйымдастырған бұл кешке Сергей Михайлович өзінің шәкірті академик С.М. Кудрявцев, белгілі математиктер Б.Т. Боярский (Польша), Куфер (Чехия), В.И. Буренков (АҚШ), қызы Наталья, ұлы Михайлдермен бірге келді. Кешті ұйымдастыруға ұйтқы болған физ-мат. ғылымдарының докторлары Р.О. Ойнаров (Астана), Е.Смайлов (Қарағанды) республикадан барған академиктер Н.Қ. Білиев, М.Ө. Өтелбаев, Т.Ш. Қалменовтер бастаған бір топ математиктермен қонақтар арасында ұзақ та жарқын әңгімелесудің жалғасуына себепші бола білді. Баласы Михайл және қызы Наталья Сергеевна Никольскийлердің әкелерімен ұзақ жылдар бойына созылған достық қарым-қатынастағы, математикада да іргелі жетістіктерге жетіп жүрген ұлттың өкілдерімен жүздесуді қалап келдік деуі математиктер қауымдастығының бір-біріне тілектес, жетістіктеріне қуана білетін, бауырлас-тұтас ұжым екенін көрсеткендей болды.

Өнегелі өмір иесі, бір ғасыр өмір сүріп, математиканың функционалдық анализ, жуықтау теориясы т.б. әр түрлі салаларында жаңа бағыттардың негізін салған, 200-ден астам әлем мойындаған ғылыми жарияланымдардың авторы, атақты ғалым С.М. Никольский өзінің аңызға айналған өмір жолын жалғастыруда. Әлі тың. Оны соңғы кездегі математиканы мектепте және оқу орындарында оқыту барысында жүргізіліп

жатқан реформалар алаңдатады. Математиканы қорғау бағытында мақалаларын жариялауда.

Ол үшін ғылым адамзат қоғамын жарқын болашаққа бастайтын жол болып қала береді. Сондықтан да өзінің сүйікті математикасымен айналысуды бір сәтке де тоқтатқан емес. Математика үздіксіз даму үстінде. Оны дамытатын өзі сияқты тұлғалар және оның ізбасарлары. Сондықтан да, ол өз оқушыларын сыйлайды, жетістіктеріне қуанады және де математиканың үздіксіз дамуына, оның ғылым мен техникада жаңа қолданыстар табуына үлестерін қосады деп сенеді. Жаңа жетістіктер математиканың жаңалықтарынсыз болмайтынын жақсы түсінген ғалым-ұстаз, мектеп математикасын жақсы оқытып, ізбасарлар дайындауды мектеп қабырғасынан бастауды мәселе етіп қояды. Өзі де жақсы оқулықтар жазып жанашырлық көрсетеді.

С.М.Никольский жасаған ғұмырының ұзақтығымен ғана емес, жемісті еңбек жасап келе жатқан сарқылмас қуатымен, ғылымға деген құштарлығымен, өз өмірін арнаған математикаға деген адалдығымен, тынымсыз еңбегімен әлі де таңқалдыруда. Соның айғағы Дубнадағы (2001, тамыз), Саратовтағы (2002, қаңтар) Воронежтегі (2002, мамыр), Орел қаласындағы А.П. Киселевтің 150 жылдығына арналған (2002, қараша), Копенгаген (Дания, шілде 2004), Обнинскідегі (2004, қараша) математика білімін жетілдіруге арналған конференцияларға қатысып, баяндамалар жасауы.

«Ұзақ ғұмыр жасауының басқаларға белгісіз себептері бар ма?» – деген сұрақ жиі қойылатынын айтады.

– «Менің ауруды емдейтін өз әдістерім бар», – дейді ғалым.

Шынында, ол көп ауырмаған. Емі – тынымсыз еңбек, қозғалыс. 1975 жылы 70 жасқа толу мерейтойын атап өткеннен кейін дененізде тұз жинала бастапты деген дәрігерлерге жауап ретінде геологтарға қосылып, қазақ жерін Өскеменнен Алматыға дейін жаз бойы жаяу және машинамен жүріп өткенін келтіреді. «Жолаушылаудың соңында Алматыда геологтармен де, тұзбен де қоштастым», – дейді, бір жағынан әзілі үзілмейтін ғалым.



Қазақстандық ғалымдар М.В. Ломоносов атындағы Мәскеудің МУ-де академик С.М. Никольскийдің 100-жылдығына арналған конференцияда. Москва (2005).

Ол, Ресейдің басынан өткерген экономикалық және әлеуметтік күйзелістер Қазақстанға да тән екенін, мұнда да жастардың жаратылыстану ғылымдарына, білім алуға деген құштарлығының кеміп кеткендігін жақсы түсінеді. Сондықтан да, осы елде жасалып жатқан жақсы істерді қолдауға тырысады.

2005 жылы 101-ге қараған шағында Қазақ ҰҒА Математика институтының 50 жылдығын атап өтуге келуі – соның дәлелі. Осы сапарында Наталья Тодороваға берген сұхбатында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен екеуінің де Украинаның Днепродзержинск қаласында еңбек пен оқуда жолы түйіскенін жақын тұтып айтады. Ел Президентінің жүргізіп жатқан жақсы бастамаларына сүйсінісін білдіреді. Президенттің бастамасымен Қазақстанда жаңа инновациялық технологияларды енгізу жаңа қарқын алғандығы белгілі. Ғылымға жете көңіл бөлініп, технопарктер ашылып, ғылым жаңалықтары көптеп ене бастады. Жаңа жетістіктерді өндіріске енгізу Ақтөбе өңірінде де көрініс табууда. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде де ҚР Президентінің Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде өткізген Интернет-лекциясындағы айтылған ойларды жүзеге асыру бағытында жұмыстар жасалуда. 1999 жылы бізде өткен II халықаралық ғылыми конференцияға қатысқаннан кейін Сергей

Михайлович: «Қазақстанның Ақтөбе қаласындағы университет ректоры ф.-м.ғ.д., профессор К.К. Кенжебаев ғылымның дамуына жете көңіл бөледі, онда математика ғылымы жақсы дамуда», деп баға берген болатын.

Бұл жолы да конференция жақсы кездесулер мен математика саласындағы жетістіктерге жарқын жол ашады деп үміттенеміз.

Мақала 2006 жылы «Ақтөбе университеті» газетінің №17(174) октябрь 2006-санында жарық көрді. Материалдар С.М. Никольскийдің «Менің ғасырым» кітабынан, газеттер мақалаларынан А.И. Бородин, А.С. Бугайдың «Выдающиеся математики» кітабынан алынған.

5.3.2.Бесов кеңістігі

С.М. Никольский өзінің ғұмырнамасында 1950 жылдан бастап, көбірек дифференциалданатын функциялардың кірістіру (вложенный) теориясы және тікелей вариациялық әдістермен айналысуға көңіл бөле бастадым деп жазады. Осы бағытта алдымен Москва Мемлекеттік университетінде, кейін Стеклов институтында ғылыми семинар ұйымдастырады. Жетекшілері академик С.М. Никольский мен корреспондент мүшелері О.В. Бесов пен Л.Д. Кудрявцевтар болып табылатын сол ғылыми семинар осы уақытқа дейін жұмыс жасап, ғылымға ұмтылған талай жастың тұсау кесерін өткізген. Мұндағы бір көңіл аударатын нәрсе ғылымға қызмет еткен ұрпақтар жалғастығы Никольский жасы келуіне байланысты өзі ұзақ жылдар басқарған институттың функциялар теориясы бөлімін Лев Дмитриевич Кудрявцевке (1923 жылы туылған) қалдырады, ол Олег Владимирович Бесовке (1933 жылы туған) тапсырады.

О.В. Бесов Москвада дүниеге келген. 1955 жылы М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін бітірген.

Университетте оқып жүргенде С.М. Никольский оқыған арнайы курске қатысуы, оның ғылымдағы өмір бойғы бағытын анықтайды. Оқу бітіргеннен кейін Математика институтына аспирантураға түседі.(1955-1958ж.ж.) Кандидаттық диссертациясында дифференциалданатын

функциялардың жаңа кеңістігін енгізіп, онда Никольский кеңістігі үшін дәлелденген кірістіру теорияларын дәлелдейді. Бұл кеңістік- Бесов кеңістігі деген атақ алды. Бесов кеңістігінің Никольский және Соболев кеңістіктерімен байланыстары бар екендігі дәлелденген кейін анализде кең көлемде қолданыс тапты.



Ресей ҒА-ның корреспондент-мүшесі
О.В. Бесов. Ақтөбе (1999).

Ол 1958 жылдан бастап Математика институтында жұмыс жасай бастады. Негізгі еңбектері функциялар теориясынан және функционалдық анализден Бесов- Трибель- Лизоркин типті жалпыланған функциялар мен функциялар кеңістігі, Бесов класы, Бесов-Харди –Соболев кеңістіктері белгілі.

С.М. Никольский, В.П.Ильин және О.В. Бесовтар бірге жазған «Интегральное представление функций и теоремы вложения» (М.,1975)- кітабы 1977 жылы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын алды.

Ақтөбе математиктерінің ұмтылысына риза болған С.М. Никольский мен О.В. Бесовтардың екеуі де кадр дайындауға көмектесуге қарсы емес екендіктерін білдірген болатын. Бір өкініштісі нарық қыспағына және басқа

себептерге байланысты Мәскеу аспирантурасына жіберуге дайын жас маман табылмады. Осылайша екі арадағы байланыс үзілгендей болды.

5.3.3. Петербург ғылымының өкілі

Санкт-Петербург Ресейдің негізгі ғылыми орталықтарының бірі. Бұл ғылым орталығымен байланыс Кенжеғали Кенжебайұлының КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі В.И. Зубовтың семинарында табысты баяндама жасауынан басталған. Петербург математикасының ірі өкілдері академик В.И. Смирнов, И.П. Натансон, Г.М. Фихтенгольц, В.Л. Канторович т.б. есімдері бұрынғы Кеңестер Одағына, қала берді бүткіл дүние жүзіне таныс. Өйткені, Нобель сыйлығын алған Л.В. Канторович Санкт-Петербург университетін бітіріп, сонда ұзақ жылдар жұмыс жасаған. Сызықтық программалаудың негізі осы қалада қаланған.

Ақтөбе университетінде өткен барлық Халықаралық конференцияларға дерлік қатысып келе жатқан Петербург математика ғылымының өкілі Жабко Алексей Петрович. Алексей Петрович Санкт-Петербург университетін бітіргеннен кейін 1971-1988 жылдары аралығында есептеуіш математика және үдерістерді басқару Ғылыми зерттеу институтында (ҒЗИ) кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайды. ҒЗИ-да жүріп, 1981 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған. Айналысатын ғылыми саласы математика мен оның қолданбаларының дифференциалды-айырымды жүйелері, робасты орнықтылық плазманы басқару жүйелерін талдау мен синтез.

Педагогикалық қызметі негізінен Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің қолданбалы математика және үдерістерді басқару факультетімен байланысты. Сол факультетте 1984-1986 жылдары жүйелерді басқару теориясы кафедрасының ассистенті, ал 1986-1999 жылдары басқару жүйелері теориясы кафедрасының, кейін электрофизикалық аппаратуралар кафедрасының доценті.

1992 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. 1999-2002 жылдары электрофизикалық аппаратураларды басқару жүйелері кафедрасының профессоры, ал 2002 жылдан бастап, компьютерлік моделдеу және микропроцессорлық жүйелер кафедрасының меңгерушілігі қызметтерін атқарған.



Ф.-м.ғ.д., профессор А.П. Жабко

Педагогикалық қызметінде әр түрлі жалпы және арнайы курстарын оқыған. Оларға дифференциалдық теңдеулердің жалпы курсы, динамикалық жүйелерді математикалық талдаудың жалпы курсы. Басқарылымды және басқарылмайтын динамикалық жүйелердің сапалық теориясының арнайы курстары т.б. жатады.

Ақтөбе университетінде өткен конференцияларға А.П. Жабко өзі айналысатын математиканың салаларынан әр түрлі тақырыптарға баяндамалар ұсынып келеді. Мысалы, 2003 жылғы өткен конференцияға «Устойчивость однородных дифференциально-разностных систем» тақырыбында ұсынса, 2009 жылы «Второй метод Ляпунова для линейных дифференциально-разностных систем с периодическими коэффициентами» тақырыбында ұсынды.



III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

§ 6. III Халықаралық ғылыми конференция

Қай жағынан болмасын сәтті өткен II Халықаралық ғылыми конференциясы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің еліміздегі санаулы математикалық орталықтарының біріне айналып келе жатқанын көрсетті. Қазақстанның өзіндегі университеттер мен басқа да математикалық орталықтар емес, сонымен қатар алыс және жақын шет елдермен ғылыми байланыстар нығайды. Бірақ, математиканың дамуы үздіксіз жұмыс жасауды талап ететін үрдіс. Сондықтан да, математика ғылымының өз саласындағы соңғы жаңалықтар мен ғылыми зерттеулерді ортаға салу, ой бөлісу мен өзара пікір алмасу мақсатында жаңа конференция ұйымдастыру қажеттігі туындады. Осылайша, келесі «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» III-ші Халықаралық ғылыми конференциясын 2003 жылғы мамыр айының 21-25 жұлдыздары аралығында өткізуге шешім қабылданды. Бұдан бұрын §5-те біз II Халықаралық ғылыми конференцияны ұйымдастыруға қатысты жүргізілген жұмыстарға тоқталған болатынбыз. Университет ректоры ұжымның әр мүшесінің алдына нақты талап қоя білді. Ұйымдастыру комитетінің жағырапиясы кеңейді және қызметті ұйымдастыру комитеті мен редакция алқаларының жұмыстары нақтыланды. Өз эмблемасы мен конференцияның тұрақты бір атаумен өтуі, оны басқа конференциялардан ерекшелеп тұратындығы байқалды. Ақпараттық хабарлардың формалары қалыптасты. Олар орыс және қазақ тілдерінде дайындалып таратылды. Шақыру билеттері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалды. Онда конференцияның регламентіне қатысты жан-жақты ақпараттар қамтылды. III Халықаралық

ғылыми конференцияны ұйымдастыру мәселелері ректордың тікелей бақылауында болып, үнемі қызметші ұйымдастыру комитетінің есебі тыңдалып отырды. Осы жерде конференцияны ұйымдастыруға қатысты Бірінші ақпарат хабардың бір бөлігін келтіріп өткенді жөн көрдік.

III Международная научная конференция «Проблемы дифференциальных уравнений, анализа и алгебры»

Первое сообщение

Министерство образования и науки, институт математики НАН РК, Актюбинский государственный университет имени К.Жубанова проводят Международную научную конференцию «Проблемы дифференциальных уравнений, анализа и алгебры». Конференция состоится в г. Актобе с 21 по 25 мая 2003 года. Рабочие языки конференции – казахский, русский и английский. В организационный комитет конференции входили: У.М. Султангазин (Алматы, председатель), А.М. Самойленко (Киев, сопредседатель), Н.К. Блиев (Алматы, сопредседатель), А.А. Женсаыкбаев (Алматы, сопредседатель), К.К. Кенжебаев (Актобе, сопредседатель), О.В. Бесов (Москва), Е.Ы. Бидайбеков (Алматы), М.Т. Дженалиев (Алматы), Д.С. Джумабаев (Алматы), В.П. Добрица (Алматы), А.П. Жабко (Санкт-Петербург), А.Ж. Жумадильдаев (Алматы), М.И. Иманалиев (Бишкек), А.К. Кагазбаева (Актобе, ученый секретарь), Т.Ш. Кальменов (Шымкент), К.А. Касымов (Алматы), В.Н. Лаптинский (Могилев, Беларусь), Ю.А. Митропольский (Киев), М.Б. Муратбеков (Тараз), Г.М. Мутанов (Астана), А.М. Нахушев (Нальчик), С.М. Никольский (Москва), М.О. Отелбаев (Астана), Н.А. Перестюк (Киев), Н.Х. Розов (Москва), Ж.А. Сартабанов (Актобе, зам. председателя), Ш.С. Смагулов (Алматы), И.Т. Тажимуратов (Актобе), Н.Т. Темиргалиев (Астана).

НАУЧНАЯ ПРОГРАММА: Работа конференции будет проходить в секциях

- Дифференциальные уравнения
- Математическая физика и вычислительная технология
- Теория функций и функциональный анализ
- Алгебра и математическая логика

- Новые информационные технологии в математическом образовании

6.1. Конференция қонақтары

Конференцияға қатысуға 200-ге жуық адам тілек білдірді. Ресей, Украина, Беларусь елдерінен және Қазақстанның барлық облыстарынан Пленарлық баяндамалармен тыңдаушыларды көбірек қамту мақсатында 4 күн бойы пленарлық баяндамалар тыңдалды.



III Халықаралық ғылыми конференцияға қатысушылар. Ақтөбе (2003).

Олар тақырыптарының жан-жақтылығымен еркешеленді. Мысалы, ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазиннің «Прямые и обратные задачи дистанционного зондирования» атты баяндамасында космосты зерттеуге қатысты есептер қарастырылған. Белгілі ғалым баяндаманың бастамасында ХХІ ғасырдағы Қазақстан математика ғылымының дамуы мен болашағы туралы ой қозғады. Баяндамасында өзі басқаратын космосты зерттеу институтының жүргізіп жатқан істерінің математиканың қолданбалы жағынан қаншалықты байланысты екенін ашып көрсетті.

Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры А.П. Жабко «Устойчивость однородных дифференциально-разностных систем» атты баяндамасында есептеуіш математиканың проблемаларын қозғаса, академик Н.Қ. Білиев «Обратные краевые задачи для обобщенных аналитических функций» - баяндамасында жалпыланған аналитикалық функция үшін кері шеттік есептер проблемасын қозғады. Сонымен қатар, қызық талас тудырған баяндамаларға Ю.В. Теплинскийдің (Украина) М.И. Рахымбердиев, Қ.А. Қасымов, Н. Темірғалиев, К.Н. Оспановтардың хабарламалары жатады. Секциялардың жұмысында жастардың белсенділігі қуантты. Конференция аясында «Математикадан білім беру жүйелерін ақпараттандыру жағдайында оқулықтар дайындау проблемалары» тақырыбында сұхбат-пікір алысулар өткізілді.

Ең көп баяндамалар жасалған: I. «Дифференциалдық теңдеулер», II «Математикалық физика және есептеу технологиясы», V. «Математикалық білімдегі жаңа ақпараттық технологиялар» секциялары болды. Бұл салада жұмыс жасайтын Е.Ы. Бидайбеков, Ж.С. Сүлейменов, Ә.К. Қағазбаева, Қ.Қабдықайырұлы сияқты ғалымдардың V-ші секция жұмысына қатысуы жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуы мен әдістемелік мәселелерді талқылауға кең мүмкіндік жасады. Қатысушылардың бәрі де конференцияның жоғарғы деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Ф.-м.ғ.д., профессор Теплинский (Украина):

- Конечно, замечательно, что на этой конференции собралось очень много известных ученых - математиков из разных стран. Радует и хорошая организационная работа, также хочется отметить и большой вклад ректора вуза - Кенжегали Кенжебаевича. Приезд на конференцию дал мне счастливую возможность встретиться с друзьями – учеными.

Қайда жүрсе де достарға деген құшағы ашық, кеңпейілді Юрий Теплинский академик Самойленконың белді оқушыларының бірі. Ғалым -достармен кездесуге қай уақытта болсын дайын екенін осылай білідіреді.

Ф.-м.ғ.д., профессор М.И. Рахымбердиев (Алматы):

- Прежде всего хочется отметить эффективную организацию конференции, что позволило провести ее на должном уровне.

Кроме того понравилось и активное участие студентов, молодежи, очень радует приезд известных представителей математической науки из Алматы, Астаны, из России и Украины. Приезд ведущих ученых подчеркивает значимость проведения конференции.

Белгілі ғалымдардың «Ақтөбе университеті» газетіне берген сұхбаттарына қосып-алар ештеңе жоқ сияқты. Конференция өз мақсатына жетті. Математика ғылымының соңғы жылдары жеткен жетістіктері ортаға салынды, ол талқылауға жас ғалымдар мен студенттер де белсенді араласты. Ғылыми байланыстар жалғасын тапты. Жас ғалымдар да өзі айналысып жүрген ғылымға деген сүйіспеншілік пен сенім пайда болды.

6.2. Елімізде қолданбалы математика мәйегін еккен ҒАЛЫМ

Қазақта «Мың қосшыдан, бір басшы» деген аталы сөз бар. Ол жоғары оқу орнын басқара ма әлде, белгілі бір ғылыми мектептің жетекшісі бола ма? – қалай болғанда да қажет кезінде бір ойды тұжырымдап, халықтың көкейіне қондыра білгені дұрыс.

III Халықаралық ғылыми конференцияда айтылған ойларға ҚР ҰҒА академигі, ғарышты зерттеу институтының директоры, конференцияның ұйымдастыру комитетінің төрағасы Ө.М. Сұлтанғазин нүкте қойғандай болды. Белгілі ғалым атап өткендей:

- Бұл университет. Университет болған жерде ғылым болуы керек. Осы ғылым университет шеңберінде ғана қалмай, дүниежүзілік кеңістікке шығу үшін осындай конференциялар өте қажет... Сондықтан да, ғылыми-теориялық конференциялар әр уақытта негізгі бір ғылымның бағыты алға даму үшін өткізілетін қажетті шаралардың бірі... Бұндай конференциялар, біріншіден, ғылымның дамуы үшін, екіншіден жастарды сол ғылымға елітіп, тәрбиелеуде маңызы зор.

Сонымен, конференциялар өткізудің қажеттілігі талас туғызбайды. Ол жастарға ғылым жолында өсу үшін қажет болса, ғылыммен үнемі айналысып жүрген қалыптасқан ғалымдар үшін әріптестерімен ой бөлісуге, өз саласындағы ғылым

жетістіктерін талқылауға және шәкірттерін ғылым жолына бағыттауға қажет. Шынында да, Университет болған жерде ғылым болуы керек. Университет пен ғылым түсініктері егіз. Сондықтан да, университет білімінің сапасын онда қызмет жасайтын ғалымдармен өлшеу бұрыннан қалыптасқан. Бір бұйрықпен университет дәрежесіне көтерілген барлық оқу орындарында, нағыз университет дәрежесіне жету үшін әлі талай тер төгу керек болар.

Өмірзақ Махмұтұлына қойылған мына бір сұраққа жауабын толық келтіргіміз келіп отыр:

Ғалымдардың Ақтөбе топырағында бас қосуы, сізше, нені аңғартады?

Жауап: Бұл кездейсоқ емес. Осы жерде соңғы жылдарда ғылыми орталық қалыптасып, бүгінде математика саласы осының нәтижесінде дүниежүзілік деңгейге көтеріліп келеді. Міне, соның салдарынан әр елден келген ғалымдар өз жұмыстарының нәтижесін талқылауға салып отыр. Егер де, бұл жерде орталық болмаса, әрине, ғалымдар жиналмаған болар еді. Осы орталықтың негізінде математика саласында ғылыми дәрежесі жоғары білікті кадрлар көбейіп жатыр. Енді сол білікті мамандардың маңайында шоғырланған жастар бар. Менің ойымша, осылай даму үстіне дами беретін болса, бұл университет үлкен орталыққа айналмақшы.

Жалпы осы секілді конференциялар Алматы, Мәскеу, Киев тағы да басқа жерлерде өтіп жатады. Ерекшелігі, тақырыптары әртүрлі. Мынау осы университеттегі дамып жатқан ғылыми бағытқа байланысты (Ақтөбе университеті, №10(96) мамыр 2003).

Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы 1936 жылы Қостанай облысының Сарыкөл ауданында дүниеге келген. 1958 жылы Қазақ МУ-ін бітіргеннен кейін, осы университетте ғылыми-педагогикалық қызметін бастап, кейін Новосібір қаласындағы КСРО ҒА-ның Сібір бөлімінің Есептеу орталығында өтіл-зерттеушілік және аспирантура өтеді. Есептеу орталығы КСРО ҒА Сібір бөлімінің Математика институтынан бөлініп шығып,

оны 15 жыл басқарған академик Г.И. Марчук жазғандай аз уақытта үлкен ғылыми орталыққа айналады. Ұйымдастырылғанына 10 жыл өткенде, оның құрамында КСРО ҒА-ның 2-академигі, 3-корреспондент мүшесі, 15-ғылым докторлары мен 100-ғылым кандидаттары жұмыс жасаған. Сол кездегі математиканың, физика, химия, биология, геофизиканың және халықшаруашылығының көптеген проблемаларын шешумен айналысқан. Міне, осындай мектептен өткен Өмірзақ Махмұтұлы кейін математикалық физика, есептеуіш математика, алыстан бақылау және ақпараттық технологиялар бойынша аты дүние жүзіне мәлім, Қазақстан ғылымын да биіктерге көтерген ғалым, әрі ұйымдастырушы болып қалыптасты. 1966-1978 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ МУ қызмет атқарды. 1972 жылы докторлық диссертациясын қорғайды, 1974 жылы профессор ғылыми атағын алады, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. Ол шет ел университеттерінде қызмет атқарған сирек ғалымдардың бірі: 1972-1978 жылдары Прагадағы Карлов университетінің профессоры, 1978-1979 жылдары Стенфорд және Мериленд (АҚШ) университеттерінің зерттеушісі, 1994-1995 жылдары Жапонияның Киото университетінің профессорлығы қызметтерін атқарған. 1978-1989 жылдары Қазақ КСР ҒА Математика және механика институтының директоры. Осы аралықта, яғни 1986-1994 жылдары ҒА вице-президенттігі қызметін де атқарады. 1996 жылы ҚР БжҒМ-нің орынбасары, тағы да басқа лауазымды қызметтер атқарады. «Тарлан» сыйлығының иегері. О.М. Сұлтанғазин 1991 жылдан өмірінің соңына дейін Ғарыштық зерттеулер институтының директоры болды. Қазақстанда сәуле шығарудың тасымалдану теориясының негізін қалады. Қазақстанның ғарышкерлері Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевтардың қатысуымен болған халықаралық ғарыш кешеніне сапарларының «Қазақстан Республикасы ғарыштық мониторингінің ұлттық жүйесі» ғылыми-техникалық бағдарламасының ғылыми жетекшісі болды.

Қазақ университетіне қол үзбей профессор-оқытушылық қызметін атқарды. Онда ғылыми-семинарға жетекшілік жасады.

Бірнеше оқулықтардың авторы. Қысқасы бар саналы ғұмырын Қазақстан математика ғылымының дамуына арнады.



ҚР ҰҒА-ның академигі
Ө.М. Сұлтанғазин (1936-2005)

Конференцияның ұйымдастыру комитетінің төрағасы, аузы дуалы, айтулы ғалымның Ақтөбе университетінде соңғы он жылдың ішінде ғылыми орталық қалыптасқаны, Ақтөбенің Қазақстандағы үшінші математикалық орталыққа айналғаны туралы айтқаны әрбір конференцияға қатысушылардың көңілінде кетті. Ал жедел дамып келе жатқан ғылыми бағыттың Дифференциалдық теңдеулерге қатысты екені түсінікті. Бұл бағытта физика-математика ғылымдарының докторлары, профессорлар К.К. Кенжебаев, Ж.А. Сартабанов, С.А. Алдашев, Ж.Н. Тасмамбетов, А.Б. Бержанов, физика-математика ғылымдарының кандидаттары, доценттері Ғ.Ә. Әбдіқалықова, Т.Т. Шерияздандар сияқты аға буын өкілдері тер төгуде. Олардың маңайында келесі буын өкілдері жұмыс жасауда. Сол жастардың университет математикасы мен оның қолданбаларын дамытатын негізгі күш болатынына сенім артуға болады. Математиканың қолданбалы жағы туралы айтқанда Есептеуіш математика және ақпараттық технологияларымен айналысатын

мамандар қатарының физика-математика ғылымдарының докторы М.М. Мұздақбаев және техника ғылымдарының докторы Қ.Ә. Әбдіқалықовтармен толыққандығы. Осындай толығулар арқасында Ақтөбе университеті «Математика» мамандығынан магистрлер мен Phd докторларын, ал «Информатика» мен «Ақпараттық жүйелер» мамандықтары бойынша магистрлер дайындауға мүмкіндік алды. Бұл аталған мамандықтар бойынша болашақта маман кадрлар дайындау мүмкіндіктерін арттыра түсетіндігі түсінікті. Осы жерде ұлы Альберт Эйнштейннің:

- Существует еще одна причина высокой репутации математики: именно математика дает точным естественным наукам определенную меру уверенности в выводах, достичь которой без математики они не могут - деген сөзі еске түседі. Факультеттің ф.-м.ғ.д., профессор И.Ф. Спивак-Лавров, Е.И. Исмаев, ф.-м.ғ.к. К.В.Цхай, Г.А. Доскеев, С.К. Төлепбергенов сияқты физиктері физиканың проблемаларын шешу мақсатында математиканың қаншалықты қолданылатынын, барлық конференцияларда қызықты баяндамаларын ұсынып, көрсетумен келеді. Сондықтан да, математиканың қолданылуы саласында физика-математика факультетінде белгілі бір жүйе қалыптасқан деп сеніммен айтуға болады.

6.3. Жастар жүрегіне ғылым шырағын жаққан

Қазақстан математикасының дамуына оның ішінде дифференциалдық теңдеулер мен анализ есептерінің жуық шешімдерін табу саласында жетістіктерге жетуіне өзіндік үлес қосқан белгілі ғалым ҚР ҰҒА-ның академигі Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымов болып табылады. Құлжабай Әбдіқалықұлының қомақты нәтижелері дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін асимптотикалық әдіспен табу интеграл-дифференциалдық теңдеулердің және жоғарғы ретті туындыларының коэффициенттері кіші параметрлі болатын дербес туындылы теңдеулер теорияларына қатысты.

Қасымов Құлжабай Әбдіқалықұлы 1935 жылы ақпанның 25 жұлдызында қазіргі Талдықорған облысында дүниеге келген. 1957 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік

университетінің физика-математика факультетін үздік бітіреді. Ол 1959-1962 жылдары Мәскеу қаласында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында атақты Кеңес математигі КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі, ф.-м.ғ.д., профессор Л.А. Люстерниктің жетекшілігімен дифференциалдық теңдеулердің асимптотикалық теориясымен айналысады. Жалпы, Құлжабай Әбдіқалықұлының ғалым ретінде қалыптасуына Мәскеудің белгілі математиктері М.И. Вишик, И.Я. Акушский, В.И. Лебедев, В.А. Треногиндердің әсерлері болды. Ол, аталған ғалымдармен аспирантура бітіргеннен кейін де байланыстарын үлген жоқ. Бұлардың ішінде И.Я. Акушский КСР ҒА-да біршама уақыт жұмыс жасаған болатын. Кейін Мәскеуге ауысқасында Қазақстанмен байланысын үзбеген ғалым аспиранттарға жетекшілік жасады, есептеуіш математикадан ғылыми кеңесші қызметтерін атқарды.



ҚР ҰҒА-ның академигі
Қ.Ә. Қасымов

ҚР ҰҒА-ның академигі Қ.А. Қасымов Қазақстанның белгілі математиктері ҚР ҰҒА-ның академиктері М.О.

Сұлтанғазин, Н.Қ. Білиев, корреспондент-мүше Д.Ү. Үмбетжановтармен бірге аға буын өкілдеріне жатады. Қазақстанға оралғаннан кейін математика ғылымын дамыту бағытында белсенді жұмыс жасаған Құлжабай Әбдіқалықұлы 50-ден астам ғылым кандидаттарын дайындады. Олардың үшеуі докторлық диссертацияларын қорғады. Осылайша Қ.Ә. Қасымовтың Қазақстаннан тыс жерлерге де жақсы белгілі болған математикалық мектебі қалыптасты. Ол 1972 жылы докторлық диссертациясын қорғады, ҚазМУ-дің есептеуіш математика кафедрасының меңгерушісі, КСР ҒА-ның жуықтап талдау зертханасының меңгерушісі, С.М. Киров атындағы Қазақ МУ-нің механика-математика факультетінің және математикалық камсыздандыру кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Он жылға жуық еліміздің бас оқу орындарының бірі Абай атындағы Қазақ Педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарып, халықағарту саласына мыңдаған мұғалімдер дайындауға үлесін қосты.



Академиктер М.О. Сұлтанғазин, Н.Қ. Білиев, К.К. Кенжебаев, Қ.Ә. Қасымов және профессор Ж.М. Мырзалиевтер Қ.Жұбанов ескерткіші алдында (2003)

Бұдан кейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің дифференциалдық теңдеулер кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Осы кезеңде кафедраның ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыттары кеңейді. Кафедраның бір топ оқытушылары дифференциалдық теңдеулердің асимптотикалық теориясынан, интеграл- дифференциалдық теңдеулер мен әр түрлі сингуляр әсерлі (возмущенный) дифференциалдық теңдеулердің бастапқы және шеттік есептерін зерттеулерге байланысты кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Ол жұмыстарда жоғарыда аталған есептер жан-жақты зерттеліп, ерекшеліктері нақтыланып, олардың шешімдерінің тұйық формулалары алынды.

Ғылым жолындағы жастардың жанашыры Құлжабай Әбдіқалықұлы Ақтөбе университетіне де кадр дайындауға атсалысты. Барлық конференцияларға да белсенді қатысып, оның жұмысын ұйымдастыруға кеңестерін беріп отырды. 2003 жылы баяндамасы «Краевые задачи для систем сингулярно-возмущенных уравнений в частных производных» тақырыбында болса, 2009 жылы өзінің оқушысы М.К. Дауылбаевпен бірге «Особенности в асимптотическом поведении решений интегро- дифференциальных уравнений с малым параметром» тақырыбында баяндама жасады. Ф.-м.ғ.д., профессор М.К. Дауылбаев қазір «Дифференциалдық теңдеулер» кафедрасының меңгерушісі ретінде ұстазының салған жолын жалғастыруда.

6.4. Өмірі өнеге, жаны жайсаң

Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы 2007 жылы Л.Н. Гумилев атындағы ЕМУ-дің математикалық модельдеу кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы Мұқтарбай Өтелбаевқа 1972- 2006 жылдары аралығында «Спектралды теория және оның қолданбалары» тақырыбы бойынша жүргізілген жұмыстар циклі үшін тапсырылды деген хабарды, белгілі ғалымның Қазақстан математикасына қосқан үлесінен хабардар кез-келген адам ризашылықпен қабылдағаны түсінікті.

1972 жыл Мұқтарбай Өтелбайұлының М.В. Ломоносов атындағы Мәскеудің мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін (1969ж.) Қазақ КСР ҒА Математика институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасқан жыл. Арада 34 жыл салып Мемлекеттік сыйлық иегері болғанша Мұқаңның басынан қилы-қилы кезең өткенін байқауға болады. 10 жасында мектеп табалдырығын бірінші рет аттап, 7-сыныптық білім алып, отбасы жағдайына байланысты оқуды жалғастыруға мүмкіндігі болмайды. Колхоздың тракторын айдап жүріп, сырттай оқып емтихан тапсырып, аттестат алады. 20 жасында университетке түскен оны, ортақ Отанымыз болған Кеңестер Армиясы қатарында борышын өтеуге шақырады. Бұл Мұқаңның жастық шағында өмірдің алғашқы қиындықтарын бастан кешіп, пісіп жетілген шағы. Сәті түсіп М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің 4-ші курсына ауыстырылуы үлкен ғылымға жол ашқан өмірінің екінші кезеңінің бастамасы деуге болады. Бұл кезең Мұқаңның табиғи таланты ашылып, математиканың қай саласы болса да еркін қабылдай бастаған кезі. Институтта өткізілетін зертханалық семинарларға қатыса жүріп, олардағы проблемаларды талдап, көбімен өзі де айналысатын халге жетеді.

Өзінің айтуынша:

- Мен Мәскеу университетін тәмамдаған соң үш жылда кандидат болып, сегіз жылда доктор болдым. 1969 жылы университет бітіргендердің ішінде бірінші болып докторлықты қорғадым. Одақ бойынша университет бітіргеннен соң сегіз жылдың ішінде докторлық қорғаған он адамның бірімін (Алтын орда, # 23(489) 4-10 маусым 2009 жыл).

Егер Мәскеу университетінде Ресей мен Мәскеудің физика-математика мектептерін бітіргендер, әр түрлі олимпиада жүлдегерлері т.б. таңдап алынған талантты жастары оқитынын ескерсек, онда Мұқаңның жүзден озып ғылым биігіне көтерілуі шын таланттығының белгісі болар. Мамандар белгілі ғалымның қол жеткен жетістіктеріне мына нәтижелерді жатқызады:

- Дифференциалдық операторлардың спектрлік қасиеттерін зерттеудің жаңа әдістерін негіздеді. Әдістерді негіздеу кезінде қарастырылатын есептерді жергіліктендірудің



ҚР ҰҒА-ның академигі М. Өтелбаев жұмыс үстінде



Академик М. Өтелбаев Сакарিয়াдағы симпозиумға қатысушылар арасында (2007)

(локализация) жалпы идеясын біртіндеп және жаңашыл тапқырлықпен іске асыра білді. Коэффициенттерді орталандыруға қатысты құрылымы, қазір мамандарға «Өтелбаевтың q-функциясы» деген атпен белгілі.

Спектрлік анализде шешімін тапқан әлемдік мәселелер:

а) Классикалық Штурм-Лиувилль операторының меншікті мәндерінің таралымы үшін әмбебап асимптотикалық формула табылмайды;

б) Дирак операторы үшін алғашқы болып, екі жақты асимптотикасын тапты. Ол бұрыннан белгілі Карлеман-Титчмарш проблемасының шешімін табуға мүмкіндік берді.

Банах кеңістігіндегі сызықты операторлардың әдепті (корректный) кеңеюлері мен сығылуларының теориясы тұңғыш рет жасалды. Дербес жағдайда, И.Г. Петровскийдің көптен шешімін таппай келе жатқан «паталогиялық» (ультрагиперболалық және жалғанпараболалық) дифференциалдық теңдеулер үшін әдепті есептер туралы проблемасы шешілді.

Шеттік есептерді сандық есептеудің жаңа әдісі ұсынылды. Әдісте іштесу теориясы, дифференциал теңдеулердің коэрцитивті шешімділігі және жалғасу теориясы сызықты математиканың соңғы жетістіктері пайдаланылған. Нәтижесінде жан-жақты қолданылатын әдіс алынған. Онда есептеу эксперименті орнықты және тез жүргізіледі. «Жанама» нәтиже есебінде оңайлықпен алынбайтын базис таңдау мәселесі шешіледі. Аталған әдіс ақырлы өлшемді матрицалардың меншікті сандары мен меншікті векторларын да тиімді есептейді т.б.

Міне осындай, теориялық физиканың және механиканың, дифференциалдық теңдеулер теориясының, есептеуіш математиканың бірқатар маңызды есептерін шешуге және ол бағыттардың алға дамуына қосқан сүбелі еңбектері үшін белгілі ғалымға Мемлекеттік сыйлық берілген болатын.

М.Өтелбаевтың бір ерекшілігі шәкірттер дайындауға аса көңіл бөлгендігі. Шәкірттерді тани білгендігі және оларға сенім артып ғылым жолына бағыттаудағы көрегендігі. Оның 80-нен астам шәкірті кандидаттық, ал 12 шәкірті докторлық диссертациялар қорғаған. Қазіргі кезеңде 12 шәкірті, 12 бағытта жұмыс жасап, ұстаз зерттеулерін жалғастырып жатыр десе болғандай. Шәкірттері Қ.Мыңбаев (Алматыда), Р.Ойнаров

(Астанада), М.Мұратбеков (Таразда), Л.Құсайнова, Қ.Оспановтар (Астанада) өз шәкірттерін дайындаумен айналысып жатыр. Ол 1990 жылы Қарағандыға ауысып, онда Қолданбалы математика институтын ашып, 1993 жылға дейін институт директорлығы қызметін атқарды. Сонда дайындаған Л.Құсайнова және Қ.Оспанов сияқты шәкіттерінің жанына функциялар теориясымен айналысатын қуатты ұжым қалыптасты. Сол ұжымның өкілдері Астанадағы академик Өтелбаев мектебінің қатарын толықтыруда. 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ МУ-ге оралғанға дейінгі аралықта, ҚР Космос агенттігінде, Абай атындағы Алматы МУ-де кафедра меңгерушілігі қызметтерін атқарды.

2002 жылдан бастап Мәскеу МУ ректоры В.А. Садовничийдің ұсынысы бойынша Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ҰУ жанынан ашылған ММУ филиалының тең директоры болып сайланды. Қазіргі кезеңде өзі білім алған Мәскеу университеті мен арадағы байланысты нығайтып, онда талапты қазақ жастарының терең білім алуы бағытында жұмыс жасауда.

Бірнеше алыс және жақын шет елдерде өткен конференциялар іссапарларында бірге болғанда байқалғаны, оның шет ел математик ғалымдары арасындағы беделі. Өтелбаевты көруге, Өтелбаевты тыңдауға келдік дегенді есіту біз үшін қуаныш болғаны рас. Ол математиканың дамуын кеңінен ойлап жүреді. Соңғы жылдары Түрік дүниесі математиктерінің де басын қосуға күш салып, өткізілген симпозиумдерге қатысып, оның проблемалары туралы мақалалар жариялап жүр.

Бар өмірін Қазақстан математиканың дамуына арнаған ғалымның жанайқайы іспеттес интервьюі «Қазір математика ғылымы тұйыққа тірелді...» деген атпен («Алтын орда» (#23(489) 4-10 маусым 2009 жыл) газетінде жарық көрді. Сол интервьюден үзінділер келтіре отырып, ойымызды жалғастырайық:

Белгілі ғалым:

«...Ғылымға қаржы бөлу пышақкесті дерлік тиылып, ғалымдарға салқын тарта бастады. Соның кесірінен ғылым 1992 жылдан бастап дағдарысқа түсті. Міне, енді жиырма жылға таяп қалды, айтпауға болмайтын, жағдай, математика сол дағдарыстан

арылар емес. Мемлекет шара қолданбаса, қазақ математикасы одан әрі құлдырай түседі» деп көрсеткен.

Соңғы кезде Ғылым туралы заң қабылданды. Қаржыландыру еселеп өсіп жатыр. Бірақ, бөлінген қаржы бір күнде нәтижеге айналмайтындығы түсінікті. Өйткені, интервьюде келтірілгендей жас математиктер мен жасамыс математиктердің арасы... бос, басқаша айтқанда еліміздегі математиканың арқауы үзілген: «Бұл - кез-келген мемлекет үшін аса қауіпті құбылыс. РgD дәрежесіндегі ғалымдар бар. Бірақ, оларға үміт арта алмаймыз. Көрсеткіші жоқ. Оны не істейтінімізді білмеймін. Бұдан қалай шағамыз? Жолдың бәрін ғылымды дамыту емес, тұйыққа тірейтін амалдармен тығындап тастадық».

Бір өкініштісі ғалымның бұл жанайқайы Министрлік, басшы органдар – жағынан да, белгілі математик ғалымдар жағынан да елеусіз қала берді. Кең түрде талдау көрмеді.

Қалыптасқан қиын жағдайдан әр оқу орындары, ғылыми орталықтары өз күштерімен шығуда. Кітабымызда Ақтөбе университетінде қалыптасқан оңды жағдайлар туралы баяндаудамыз.

6.5. Қос ғылымды қатар меңгерген

Сабырлы, қай кезде көрсенде мейрімді жүзінен шуақ шашып тұратын Жүсіп Сүлейменұлы Сүлейменов Ақтөбе университетінде өткен барлық конференцияларға дерлік қатысқандардың бірі. Ұсынылған баяндамалары жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Онда, дифференциалдық теңдеулердің орнықтылығына қатысты өз проблемаларымен бірге, оны оқытудың әдістемелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу мәселелері қарастырылған. III Халықаралық ғылыми конференцияға ұсынған «К концепции изучения курса дифференциальных уравнений в университетах» атты баяндамасы да конференцияға қатысушылардың қызығушылығын туғызған баяндамалардың бірі. Шынында да, дифференциалдық теңдеулер математикалық анализдің заңды жалғасы. Математикалық анализдің қолданбалары дифференциалдық теңдеулер арқылы жүзеге асады.

Дифференциалдық теңдеулер курсына математикалық есептермен қатар, механиканың, физиканың, техниканың, экономика, биология, химия және де басқа ғылымдардың есептері шығарылады. Өйткені, бұл есептердің бәрінің де математикалық модельдері дифференциалдық теңдеулер арқылы өрнектеледі. Сондықтан да, дифференциалдық теңдеулерді оқытудың физика-математика мамандығы студенттерін дайындаудағы орны ерекше. Көп жылғы оқыту тәжірибесін жинақтап, Жүсіп Сүлейменұлының дайындаған және Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-мен Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогика университетінің оқу үдерістеріне енгізілген дифференциалдық теңдеулерді оқыту концепциясы қатысушылардан оң бағасын алды, концепция мақсаттары түсіністікпен қабылданды.



Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Ж.С. Сүлейменов

Сүлейменов Ж.С. 1940 жылы наурыздың 20 жұлдызында Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының, №11 ауылында өмірге келген. 1964 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін

«Математика»мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты. Барлығы 5,5 жыл оқыған бұл топ, республика жоғары оқу орындары үшін ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау мақсатында құрылған болатын. Үшінші курстан бастап «зерттеушілер» атты арнайы топта оқып, көзге түскен ол оқу бітірерде академик К.П. Персидскийдің жетекшілігімен диплом жұмысын жазды. Оқу бітіргеннен кейін ҚазМУ-дің дифференциалдық теңдеулер кафедрасында аспирантураға түсіп К.П. Персидскийдің жетекшілігімен орнықтылық теориясынан кандидаттық диссертациясын дайындады. 1968 жылы «Об устойчивости решений и характеристических числах систем дифференциальных уравнений» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғап, өзі аспирантурада оқыған дифференциалдық теңдеулер кафедрасына қызметке қалдырылады. Қазіргі кезеңде республикадағы математика ғылымының атасы атанған. ҚР ҰҒА академигі К.П. Персидскийдің тікелей басшылығымен диссертация қорғаған санаулы адамдардың бірі. Ұлы ұстаз образын есте сақтап, келер ұрпаққа ұғындырып жүргендігі сүйсінтеді

Жүсіп Сүлейменұлы 1968 жылы оқытушылық қызметін бастаған дифференциалдық теңдеулер кафедрасында осы уақытқа дейін жұмыс жасайды. 1969 жылы – аға оқытушы, 1971-доцент, 1998 жылдан бері профессор. «Дифференциалдық теңдеулер», «Интегралдық теңдеулер», «Функциялық талдау» сияқты негізгі пәндерді ұзақ жылдар оқып келеді. Оқылған пәндерді қажет әдебиеттермен камтамасыз ету мақсатында «Дифференциалдық теңдеулер курсы» (1991ж., 360б.), «Дифференциалдық теңдеулер 2» (1996ж., 256б.) атты оқулықтары алғаш рет қазақ тілінде жарық көрді.

Оқитын арнайы курстар бойынша дәрістері «Орнықтылық теориясы», «Сипаттаушы көрсеткіштер теориясы», «Дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясы», «Периодты және периодты дерлік шешімдер және олардың орнықтылығы», «Сызықтық дифференциалдық жүйелердің алгебралық теориясы» т.б. өзінің ғылыми жұмысының саласымен тікелей байланысты. Бір кезде Кеңестер Одағында атақты математиктер А.М. Ляпунов, Н.Г. Четаев, М.Г.



Профессор Ж.С. Сүлейменов дөңгелек үстел кезінде (2009)



Профессор Ж.С. Сүлейменов әл-Хорезмиге арналған конференцияда (2009)

Малкин, К.П. Персидский т.б. дамытқан орнықтылық теориясымен айналысудан әлі қол үзген жоқ. Оған байланысты 60-тан астам жұмысы жарық көрді. Бұл сала бойынша студенттер-ғылыми жұмыстарын дайындайды, дипломдық жұмыстарын қорғайды. Арнайы курстарды оқытуға байланысты «Орнықтылық теориясы», «Введение в теорию показателей Ляпунова» атты оқу құралдары мен бірнеше әдістемелік нұсқаулары оқу үрдісіне енгізілді.

Ж.Сүлейменов-дәрістер оқы жүріп, оны қамтамасыз ететін оқулықтар мен оқу құралдары дайындау кезінде, дифференциалдық теңдеулер теориясын студенттерге оқытып-үйретудің ғылым-әдістемелік жағын жан-жақты қарастыру қажеттілігі туралы ой түйді. Нәтижесінде, дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясын зерттеулермен қатар, ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша зерттеулерді қоса жүргізіп, 2004 жылы «Методическая система обучения дифференциальным уравнениям студентов физико-математических факультетов университетов» тақырыбына педагогикалық ғылымдардың докторлығына диссертация қорғады. Диссертацияның негізі «Научно-методические основы обучения дифференциальным уравнениям» (2003ж., 272 б.)-монографиясында және 60-тан астам ғылыми-әдістемелік мақалаларында қамтылған болатын. Тумысынан еңбекқор, өз ісінің білгірі атанған ғалым соңғы жылдардың өзінде «Дифференциалдық теңдеулер курсы» (2009ж., 440 б.)- іргелі оқулығын, «Методика преподавания дифференциальных уравнений» (2009ж., 200 б.) оқу құралын, заман талабына сай бірнеше электрондық оқулықтарды баспадан шығарды. Бұлай еңбек ету жоғары оқу орындарында жұмыс жасап жүрген кез-келген профессор-оқытушылардың қолынан келе бермейтін құбылыс. Баспалардан шыққан сапалы оқулықтары үшін Жүсіп Сүлейменовты жоғары оқу орындары қауымдастығы беретін «Саңлақ автор» атағын иеленіп А.Байтұрсынов атындағы медалмен марапатталды (2003 жыл). 2009 жылы ҚР БЖҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері болды.

2010 жылы туылғанының 70 жылдығы тойланған Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ механика-математика факультетінің



Профессор Ж.С. Сүлейменов V Халықаралық ғылыми конференцияда

дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика кафедрасының профессоры, Математика-механика ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының докторы Жүсіп Сүлейменұлы Сүлейменовтың әр уақытта жастарға айтары бар. Сондықтан кез-келген ғылыми конференциялар мен семинарлардың құрметті қонағы.



IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

§7. IV Халықаралық ғылыми конференция.

Халықаралық ғылыми «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» конференциясы өзінің өміршеңдігін байқатты. Маңайына негізінен, математика ғылымының дамуына үлес қосып жүрген, тілектес ғалымдар жиналды. Олардың бір-бірімен кездесуді, өздері айналысып жүрген ғылымның төңірегінде ой бөлісуді асыға күтетіндері түсінікті.

IV Халықаралық ғылыми конференцияның өтетін мерзімі 2006 жылдың қазан айының 18-21 жұлдыздары болып бекіді. Конференцияның Бағдарламалық және ұйымдастыру комитеттері анықталды.

Бағдарламалық комитетте:

Кенжебаев К.К. – төраға,
Жұмағұлов Б.Т. – теңтөраға,
Жеңсыкбаев А.А. – теңтөраға.

Барлығы 30 адамнан тұратын Бағдарламалық комитеттің құрамында Ресей, Германия, Украина, Беларусь, Италия, Қырғыстан және Қазақстанның өкілдері, жетекші ғалымдары енген.

Ұйымдастыру комитетінде:

Кенжебаев К.К. – төраға,
Жұмабаев Ж.А. – төраға орынбасары,
Сартабанов Ж.А. – төраға орынбасары,
Тасмамбетов Ж.Н. – ғылыми хатшы,
Әбдіхалыков Қ.Ә. – ғылыми хатшы.

Мүшелері: Алдашев С.А., Асанова А.Т., Орунханов М.К.,
Сүлейменов Ж.С., Тілеубергенов М.І. (Алматы), Мұратбеков

М.Б. (Тараз), Смаилов Е.С. (Қарағанды), Темірғалиев Н.Т.,
Ойнаров Р.О. (Астана).

Әрине, ұйымдастыру және конференцияны өткізуге қатысты күштің осы ұйымдастыру комитетіне түсетіндігі белгілі. Оның ішінде барлық ауыртпалықты көтерген физика-математика факультетінің ұжымы болып табылады.

7.1. Конференция қонақтары

Конференцияға қатысуға 180 адам тілек білдірді. Оның 8-Ресей, Украина және Қазақстанның ҰҒА академиктері, ғылыми атағы мен дәрежелері бар ғалымдар – 90.

Пленарлық мәжілістертермен қатар, конференция 6 секцияға бөлініп жұмыс жасады.

I секция. Дифференциалдық теңдеулер.

II секция. Математикалық физика теңдеулері.

III секция. Функциялар теориясы және функционалдық анализ.

IV секция. Алгебра, математикалық логика және геометрия.

V секция. Математикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар.

VI секция. Математикалық білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері.

Пленарлық мәжілістерде жасалған ҚР ҰҒА академигі Н.Қ. Білиевтің «Нетеровость системы сингулярных интегральных уравнений в пространствах непрерывных по Бесову функций», профессорлар Д.С. Жұмабаевтың «Метод параметризации в нелинейных двухточечных краевых задач», Р.И. Ойнаровтың «Осцилляторность и неосцилляторность полулинейного дифференциального уравнения второго порядка и связанные с ним весовые теоремы вложения», доцент У.У. Абылқайыровтың «Обратная задача для системы Навье-Стокса» баяндамалары көптеген сұрақ туғызған, қатысушылар жылы қабылдаған баяндамалар болды.

Қалыптасқан дағды бойынша «Дифференциалдық теңдеулер» секциясына қатысуға ең көп өтініш түсті. Баяндамалар конструктивті әдісті жай дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін көп нүктелі шеттік есептерді зерттеуге, қолданылуына тордағы тербеліс динамикалық жүйенің

сызықты кеңеймесінің регулярлық қасиеттерінің сақталуына, параметрлеу әдісінің әр түрлі қолданылуына, сызықты және сызықты емес дифференциалдық теңдеулердің шеттік есептерін шығаруға, көп периодты функцияларды жалпылау әдісінің дифференциалдық теңдеулер жүйесінің көпжиілікті тербелмелі шешімдерін зерттеулерге қолданылуына, басқарудың стохастикалық есептерінің шешілу шарттарына, екінші ретті дербес туындылы сызықты теңдеулер жүйесінің шешімдерін құруға т.б. проблемаларға қатысты мәселелерді қамтыды. Бір қуаныштысы жоғарыда келтірілген проблемалардың көбісімен Ақтөбе университетінің ғылым қуған талапты жастарының айналысатындығы. Ақтөбенің оқу орындарынан конференцияға қатысуға тілек білдірген 80-нен астам қатысушының, 61-і Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінен. Бұл университет профессор-оқытушылар қауымының ғылым әлеміне деген ұмтылысын дәл көрсетсе керек.

Конференция соңында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, онда «Қазіргі таңдағы Қазақстандағы Математикалық ғылым мен білім: перспективасы мен проблемалары» тақырыбына сұхбат-пікір алмасу өткізілді. Оған қатысушы педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Қ.Қ. Қабдықайырұлы, Ж.С. Сүлейменов, профессорлар Р.О. Ойнаров, Н.Т. Темірғалиев, Қ.Н. Оспанов, Д.С. Жұмабаев, Ж.А. Сартабанов, І.Т. Тәжімұратов, Ж.Н. Тасмамбетов, Ш.Б. Билалдар Математикадан білім беру мен ғылымын дамытудың проблемалары мен болашағына деген өз көзқарастарын білдірді. Көтерілген мәселе төңірегіндегі қызу таласты Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры, профессор К.К. Кенжебаев тұжырымдады.

Конференцияның жабылуында секциялардың жетекшілері есеп беріп, жетекші ғалымдар өз ой-пікірлерімен бөлісті, конференцияның мақсатына жеткендігіне ерекше тоқталды. Оның материалдары жарық көрді.

7.2. Озық ойлы Ойнаров

Математика өзінің қиындығына қарамастар жастар ғылымы деп есептеледі. Өйткені, басқа ғылымдар салаларымен салыстырғанда математикада ғалымдардың жас кезінде ашқан сүбелі жаңалықтары мысал ретінде жиі келтіріледі. Бар болғаны 20 жыл өмір сүрген Франция ғылымының мақтанышы Эварист Галуа (1811-1832 жылдар). Ол туралы естелік кітап жазған А. Дальма «его смерть замедлила развитие математики на многие десятилетия» деп атап өтеді. Шынында да бар математикалық еңбегі 60 беттік қолжазба күйінде ғана сақталған. Галуа ашқан группа (топтар) теориясы XIX ғасырдың соңында математикалық анализдің, геометрияның, механиканың және физиканың дамуына өлшеусіз әсер берді. Математиктердің каролі атанған Карл Фридрих Гаустың (1777-1855) математикалық таланты 3 жасынан бастап біліне бастаған. Осы сияқты мысалдар математика тарихында көптеп кездеседі.

Кеңестер Одағы кезінде жастарды математикаға тартуды физика-математикалық мектептер ұйымдастырумен шешті. Бұлай дайындау да өз жемісін берді. Кеңестер Одағында жүздеген талантты математиктер, бұл ғылымды дамытуға өз үлестерін қосып, оны дүние жүзілік деңгейге көтергені белгілі. Кезінде Мәскеу, Киев, Новосібір және Ленинград мемлекеттік университеттері жандарынан ұйымдастырылған физика-математика мектептерінен дайындалған түлектердің есімдері математика әлемінде үлкен ілтипатпен аталды.

Сонымен қатар, ондай мектеп өтпеген таланттардың да мысалдары жеткілікті. Қазақстанның ғылымында, оның ішінде математикада өз деңгейінде жаңалықтар ашып, еліміздің математика ғылымын жаңа биіктерге көтеруге үлес қосқандар жетерлік. Тіпті Қазақстанның ғылымын жасап жатқандардың көбісі ауылдан шыққандар деген де пікір қалыптасқан болатын.

Академик Қалменов Мұхтарбай Өтелбаевтың бір топ шәкірттерін атай келіп «... Олардың арасынан ерекше талантты Р. Ойнаровты атап өту орынды, себебі, 32 жасында ғылымға араласып, бар-жоғы бір жыл ішінде «КСРО ҒА баяндамаларында» екі бірдей мақала жариялап үлгерді» - деп жазған болатын.

Ойнаров Рысқұл Қызылорда облысының Арал ауданында дүниеге келген. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін 1969 жылы бітіріп, өмір жолын Арал қаласындағы №64 кешкі мектепте сабақ беруден бастайды. Бұл кез Арал теңізінің басынан бағы таймаған кезі болатын. Ғылымға деген құштарлық, оны Алматыға қайта жетеледі. Өзі бітірген Қазақ МУ-де оқытушы болып орналасады. Кейін ҚР ҒА-ның Математика және механика институтында, Сейсмология институттарында аға инженер, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкерлік қызметтерін атқарады.



Ф.-м.ғ.д., профессор Р. Ойнаров

Осы кезде, ф.-м.ғ.д. Мұхтарбай Өтелбаевпен кездесуі, оның болашақ ғылыми жолын анықтайды. Өз сөзімен айтқанда «...Ол кездегі ғылыми орта бөлек болатын. Менің ұстазым сол Мұхтарбай Өтелбаев. Ол кісінің айналасында 40 жуық адам жүретінбіз. Оның 20 шақтысы аспиранттар еді. Жиі-жиі семинарлар өтіп, оған 50-ге дейін адам қатысып, әлемдік математика ғылымы туралы өрелі ойлар ортаға салынып, қазақ ғалымдарының қосқан, қосар үлестері талқыланатын. Мұндай басқосулар ғылымға ынтасы барларды айқындап, олар осы салада қалатын да, ал әрарапта жүргендер өз жолын тауып кететін» (Ақтөбе университеті, қазан №15-16(244-245) октябрь



Ф.-м.ғ.д., профессор Р. Ойнаров баяндама жасау үстінде



Профессор Р. Ойнаров IV Халықаралық ғылыми конференция қонақтарымен бірге

2009, Ойнаровтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты Сүлеймен Мәмет). Бұл сұхбатта сол кездегі Қазақстан математикасының қалпі, оның, әсіресе Функциялар теориясы мектебінің қалыптасуы дәл көрсетілген. Рысқұл Ойнарұлы да осы мектептің бір өкілі ретінде, аталған мектептің қалыптасуына өз үлесін қосты. Алған нәтижелерін жинақтап, 1994 жылы докторлық диссертациясын қорғады (1994 ж.). профессор атағын алды (1997 ж.) . Институтта жетекші ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушілігі қызметтеріне көтерілді. Арасында бірнеше жыл Оңтүстік-Қазақстан университетінде жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Соңғы кезде Л. Гумилев атындағы Еуразия ҰУ-нің кафедра меңгерушісі, кафедра профессоры қызметтерін атқарып математиканы сүйген қазақ жастарын білім нәрімен сусындатуда.

Р.Ойнаровтың ғылыми бағыттарына: сызықты емес интегралдық операторларды, сингуляр интегралдық операторларды, салмақ кеңістіктеріндегі дискретті сингуляр операторларды зерттеу. Дифференциалдық тендеулердің әдептілігі (корректность) мәселелерін зерттеу. Дифференциалданатын функциялардың көпсалмақты кеңістіктегі іштесіу теоремалары жатады. 100-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрді. Оның 20-ға жуығы шет елдік басылымдар. INTAS (Функциональные пространства и приложения к уравнениям с частными производными) бағдарламасының құрамында, 2006-2008 жылдары «Весовые неравенства для дифференциальных и интегральных операторов и интерполяция функциональных пространств» тақырыбының ғылыми жетекшісі болды (Бағдарламаның координаторы Ұлыбританияның Кардифф университетінің профессоры Буренков В.И.), «Весовые неравенства типа Харди высшего порядка и связанные с ним вопросы» тақырыбының тең орындаушысы (координатор – Швецияның Люма Технологиялық университетінің профессоры Л.Е. Перссон). Ақтөбедегі конференцияда жасаған баяндамалары да осы тақырыпқа сай келеді: «Критерий компактности интегральных операторов класса Харди» (2003), «Весовые неравенства Харди

и их приложения к качественной теории дифференциальных уравнений» (2009 ж., С.Е. Рахимовамен бірге)

Ойнаров Р. Ұзақ жылдардан бері Ақтөбе университетімен байланыста. Дәрістер оқып, магистрлік диссертацияларға және кандидаттық диссертацияларға ғылыми жетекші болды. Ақтөбе университетінде өткен барлық конференцияларға қатысушы. Ол конференцияларда Функционалдык анализ бен оның қолданбаларын қатысты терең мазмұнды, ғылыми деңгейі жоғары баяндамаларымен, математикалық білім беруге қатысты жан-жақты ойларымен пікір алмасып жүрген терең ойлы ғалым.

7.3. Ғылым мен өнерді ұштастырған

Мәскеудің М.В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінде 1985 жылдың сәуір айында Кеңестер Одағының Есептеуіш математикадан сабақ беретін барлық математикалық кафедралардың меңгерушілерінің басын құраған жиын өтті. ММУ-де басталып, Зеленоградтың Есептеуіш техника институтында сабақтар өткізумен аяқталған 10 күндік жиында бірнеше жаңалықтардың куәсі болдық. Ең бастысы социалистік қоғамның өз жетістіктерін мақтан тұтатын, қай салада болса да дүние жүзінде алдыңғы қатардамыз деп айтудан жалықпайтын Кеңестер Одағы компьютерлендіру және оның жетістіктерін пайдалану жағынан дамыған капиталистік елдерден кемі 20-30 жыл артта қалған болып шықтық. Мұны мойындаған Кеңестер Одағы шұғыл түрде 1985-1986 оқу жылынан бастап, барлық мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында «Есептеуіш техника және информатика негіздері» жаңа пәнін енгізуді қолға алған. Сондықтан да тез арада жаңа оқу құралдарын дайындауды қолға алып, 100 мың информатика мұғалімдерін дайындау мәселе болып қойылды. Ол дайындықты осы жиынға қатысып отырған кафедра меңгерушілері өз жерлеріне барғаннан кейін ұйымдастырулары қажет болатын. Қатысушылардың алдына нақты мақсаттар қойылған бұл жиында КСРО-ның оқу министрі М.Ф. Елютиннің және осы бағыттағы барлық шаралардың қозғаушысы болып жүрген КСРО ҒА-ның академигі А.П. Ершовтың баяндамалары жылы

кабылданды. Бұрын мектептерде факультативтік курс ретінде өтіліп жүрген «ЭЕМ және программалау» пәні енді барлық оқу орындары үшін жалпы білім берудің негізгі компоненттердің біріне айналды. Арада 25 жыл уақыт салып, сол кезде айтылған көп ойлардың жүзеге асқандығының куәсі болып жүрміз. Жиынға қатысқан Абай атындағы КазПИ-дің кафедра меңгерушісі Е.Ы. Бидайбеков – қазір педагогика ғылымдарының докторы. Қазақстандағы информатика саласының белгілі маманы. Бұрын айналысқан кері есептер теориясымен информатика бойынша зерттеулерін ұштастырып, ондаған ғылым кандидаттарын дайындаған белгілі маман.



Ф.-м.ғ.д., профессор Қ.Н. Оспанов

Математика мен информатиканы ұштастыра білген белгілі ғалымның бірі, аталған жиынға Жезқазған педагогика институтынан келген кафедра меңгерушісі Қ.Н. Оспанов болатын.

Оспанов Қордан Наурызханұлы 1976 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін бітірген. Өмір жолының бастамасы Жезқазған педагогика институтымен байланысты. 1976-1989 жылдары институттың оқытушылығы, доцент және кафедра

менгерушілігі қызметтерін атқарады. 1982 жылы Алматыда Қазақ КСР ҒА-ның Математика институтында М. Өтелбаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғайды. Айналысатын ғылыми бағыты дербес туындылы дифференциалдық тендеулер теориясы. Докторлық диссертациясын дайындау мақсатында 1989-1991 жылдары ҚР ҒА-ның Математика және механика институтында физика-математика ғылымдарының докторлығына диссертация қорғайды. 1986 жылы КСРО жоғары аттестациялық комиссиясынан доцент атағын алса, 2004 жылдан бастап профессор.



Профессор Қ.Н. Оспанов Түркі дүниесі математиктерінің II-конгресінде. Сакарія (2007)

Ғылыми жетекшісі академик М. Өтелбаевтың Қарағанды қаласына келіп, ҚР БжҒМ-нің Қолданбалы математика институтын ұйымдастыруына байланысты, Қордан Наурызханұлы да осы институтқа қызметке көшті. 1991-2000 жылдар аралығында Қолданбалы математика институтының директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасарлығы қызметін атқарады.

Қордан Наурызханұлының өміріне 2000-ші жыл жақсы өзгерістер әкелді. Докторлық диссертациясын қорғап, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне жұмысқа ауысады. Осы университетте алдымен профессор, кейін фундаментал және қолданбалы математика кафедрасының меңгерушілігі қызметтерін атқарды.

2006-2009 жылдары ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының кафедра меңгерушілігі қызметін атқарған кезде, 1985-ші жылдан бері үзбей айналысып келе жатқан информатика қатысты жаңа қалыптасып келе жатқан пәндерді меңгергендігінің пайдасы тиді. Ол математиканың қолданбалы жағынан айналысудан қол үзген емес.

2009 жылдан бері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ҰУ-де кафедра меңгерушілігі қызметін атқарып келеді. Студенттерге арналған «Функционалдық анализ», «Дифференциалдық теңдеулер», «Дифференциалдық операторлардың бөлінгіштік теориясы», «Дербес туындылы теңдеулер теориясына кіріспе» және «Жоғарғы математика» курстарын жүргізеді.

Магистранттар және Ph-докторлар үшін де курстар дайындаған. Олар «Сингуляр дифференциалдық теңдеулер», «s-санды сызықты операторлар», «Бірінші ретті эллиптикалық жүйелер». 5-ғылым кандидатын, 1-Ph-доктор дайындаған. Қазір бірнеше Ph-докторларға, шет елдік белгілі ғалымдармен бірге ғылыми кеңесші. Бірнеше гранттардың иегері. Оның ішінде «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2005» - гранты бар.

Тумысынан кішіпейіл Қордан Наурызханұлы – өнерлі, жүрегі жылы, кісіге көмек-қолын созып тұрады, кіммен болса да тіл табыса білетін көпшіл. 1985 жылы бірге танысқан информатиканың қарқынды дамығаны соншалық, ғылым мен техникада ондай қарқынмен дамыған сала жоқ. Әрбір 1-2 жылда есептеуіш техниканың аппараттық және бағдарлама жабдықтары өзгеріп тұрады десе де болады. Адамдардың әлеуметтік, мәдени, ғылыми және өндірістік қызметтерін қамтыған компьютерлік төңкеріс көз алдымызда өтті. Оған ілесу үшін информатикамен үзбей айналысып отыру керек. Оған мүмкіндік бола бермейді. Өмір көрсеткендей компьютерді

қолданушы деңгейінен төмендеуге болмайды. Сондықтан да алыс және жақын шет елдердің ғылыми конференцияларына барғанда ноутбукты қалдырмау әдетке айналды. Онда Қорданмен жиі кездесетін болдық. 2004 жылы докторлық диссертациямды қорғағанда менің ресми оппоненттерімнің бірі болды. Ақтөбеде өткен конференцияларда өз оқытушыларымен бірге соңғы алған нәтижелері туралы баяндамалар жасайды. V Халықаралық ғылыми конференциясында (2009 ж.) оқушысы А.В. Галамагинмен бірге жасаған «О гладкости одной вырожденной системы в весовом банаховом пространстве» тақырыбына баяндамасы соның куәсі.

7.4. Темірғалиев мектебі

Ерекше білім мен еңбекқорлықты талап ететін оқулық жазу ісімен Қазақстанның белгілі математиктерінің бірі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Темірғалиұлы Темірғалиев ертерек айналысты. Педагогика институттары мен университеттердің математика, физика, информатика мамандықтарының қазақ бөлімі студенттері үшін өз ана тіліндегі оқулықтарының ауадай қажет кезінде, оның «Математикалық анализ» курсының бірінші томы жарық көрді де, ең көп қолданыстағы оқулыққа айналды. Ал 1979-1997 жылдары мемлекеттік тілде 70 б.т. болатын үш томдық «Математикалық анализ» курсы кітапханалардағы ең жоғары сұранысқа ие оқулықтар болып табылды. Оқулық авторы А. Байтұрсынұнов атындағы күміс медальға ие болды. Тынымсыз еңбек ететін оның «Ғылыми мақалалар», «Ғылыми-әдістемелік жұмыстар», «Публицистика» деп аталатын «Таңдамалары» мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтары да жарық көрген болатын. Сонымен қатар, жалпы білім беру, құрылымдық, әдістемелік және елімізді кадрлармен қамтамасыз ету сияқты мәселелерді көтеріп, педагогикалық қоғамдық саяси және ғылыми-танымал басылымдарда ұсыныстарымен ой бөлісіп жүрген сирек ғалымдардың бірі.

Темірғалиев Нұрлан Темірғалиұлы 1947 жылдың қаңтар айының 13-ші жұлдызында Батыс Қазақстан облысының Тайпак ауданының Калмыков ауылында дүниеге келген. 1964 жылы

орта мектепті алтын медальмен бітіргеннен кейін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түседі. Университетті «Математика» мамандығы бойынша 1969 жылы үздік бітіреді де, 1969-1972 жылдары Мәскеу қаласындағы КСРО ҒА-ның В.А. Стеклов атындағы Математикалық институтының аспирантурасында оқиды. Сонда ғылыми ұстаздары Ресей ҒА-ның академигі П.Л. Ульянов (1928-2006) және ф.-м.ғ.д. С.М. Ворониндердің (1946-1997) жетекшілігімен ғылыми жұмысын жүргізеді. 1973 жылы В.А. Стеклов атындағы Математика институтының Ғылыми Кеңесінде «Кейбір көп өлшемді кірістіру теоремалары және $\varphi(L)$ кластарындағы туындылар туралы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.



Ф.-м.ғ.д., профессор
Н.Т. Темірғалиев

Нұрлан Темірғалиұлының еңбек жолы Қазақ КСР ҒА-ның Математика және механика институтында 1972 жылы басталған. 1974 жылы өзі бітірген ҚазМУ-дің математикалық анализ кафедрасына жұмысқа орналасып, ұзақ жылдар осы кафедрада аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарады. Ғылыми зерттеулерін жалғастыру мақсатында 1989-1989 жылдары М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де

доктарантура өтіп, 1991 жылы КСРО ҒА Математика институтында «Көп айнымалы функцияларды интегралдау мен ақырлы сандық мәлімет бойынша қарастыру алгоритмдерінің тиімділігі жайлы» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. 1992-1997 жылдары ҚазМУ-дің Функционалдық анализ және ықтималдықтар теориясы кафедрасының меңгерушісі, ал 1997-2009 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ҰУ-і Математикалық анализ кафедрасының меңгерушісі болып қызметтер атқарды. Қазір фундаменталь және қолданбалы математика кафедрасының профессоры ретінде студенттерге, магистрлерге дәрістер оқиды. Магистрлер мен Ph-докторлық дайындық өтушілерге ғылыми жетекшілік жасайды.

Н.Темірғалиевтің жетекшілігімен 15 тен астам шәкірті кандидаттық диссертацияларын қорғады. Функциялар теориясынан өз математикалық мектебі қалыптасқан ғалым. Оның негізгі жетістіктерінің бірі көптен шешімін таппай келе жатқан, Американың «Contemporary Mathematics» журналы «Сандық интегралдау теориясының негізі» деп атаған компьютерлік технологияның дамуымен байланысты есептің шешімін табуы.

Нұрлан Темірғалиұлы көптеген математикалық орталықтарда, алыс және жақын шет елдерде өткен конференциялар мен семинарларда баяндамалар жасап жүр. Ақтөбе университетінде өткен конференцияларда да ол өз оқушыларымен бірге қатысып, белсенділік танытуда. 2009 жылы өткен V Халықаралық ғылыми конференцияда оның «О взаимосязи некоторых разделов математики» атты баяндамасы қатысушылардың үлкен қызығушылығын туғызды. Автор математиканың ғылым ретінде тұтастығын, басқа да көптеген қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, өзі алған математикалық анализ, ықтималдықтар теориясы, сандық анализ, алгебралық сандар теориясы, ғылыми есептеулер, алгоритмдер теориясы мен есептеу эксперименттері және олардың өзара байланыстары бойынша нәтижелерімен негіздейді.

7.5. Өз ісінің маманы, танымал ғалым

«Білім тұрған жерде иман тұрады» дейді халық даналығы. Қазақтың білімді жастарын көрген сайын алдымен қандай азамат екен деген ой келеді. Адамгершілігі, ұлтжандылығы, қосымша т.б. адами қасиеттерінен хабардар болғың келеді. Ерлан Даутбекұлының бір көрген адамды өзіне тартып тұратын қасиеті бар. Мінезі биязы, ұяң көрінгенмен өз ісіне берілгендігі байқалып тұрады. Өзінің айналысатын тақырыбы бойынша баяндама жасаған кезде өзгеріп сала береді. Өз ісінің маманы екендігін, білімдарлығын байқайсың. Риза боласың. Осындай сәттерді Ерлан Даутбекұлымен Түркияда, Мәскеуде бірнеше конференцияларда бірге болған кезде байқадық.

Нұрсұлтанов Ерлан Даутбекұлы Қарағанды университетінің түлегі. Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде 1974-1979 жылдары оқыған. 1979-1982 жылдары М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де аспирантура өтеді. Осы университетте 1983 жылы кандидаттық диссертациясын қорғайды. Қалған ғылыми байланыстары Мәскеудің математикалық мектептерімен байланысты. Ғылыми бағыттары: гармоникалық анализ, функционалдық кеңістіктердің интерполяциялық теориясы, операторлар теориясы, жуықтау теориясы.

Ерлан Даутбекұлының жетекшілігімен 9 кандидаттық диссертация қорғалған, 2 докторлық диссертацияларға ғылыми кеңесші болды. Қазақстан математикасында өз жолы бар, өзіндік бағыты қалыптасқан ғалым.

Докторлық диссертациясын 1999 жылы В.А. Стеклов атындағы Математика институтында Мәскеуде қорғады. Жаңа өмірге ыңғайланып, бірнеше магистр, Рь-докторларға (3) ғылыми жетекшілік жасауда және шет ел ғалымдарымен байланысы жолға қойылған. Шет ел ғалымдарын оның айналысатын тақырыбы қызықтырады. Олардың шақыруымен Швеция, Испания, Италия және Ресейдің бірнеше қалаларында болып, дәрістер оқып қайтты. Мысалы, 2006 жылы Швециядағы Люлиа технологиялық университетінде «Сетевые пространства и их



Ф.-м.ғ.д., профессор Е.Д. Нұрсұлтанов. Сақария (2007)



Баяндамадан кейінгі талқылауда академиктер М.Өтелбаев, Жөнсықбаев және Н.Т.Данаев Сақария (2007)

приложения» тақырыбына, Испанияда Барселонаның Тәуелсіз университетінде «Многопараметрическая интерполяция и теорема итерации» тақырыбына, 2008 жылы Италияның Пиза және Падова қалаларының университеттерінде, ал 2009 жылы Мәскеудің Ресей ҒА МИ –да академик С.М. Никольскийдің семинарында «Неравенство Юнга О’Нейла», профессор С.А. Теляковскийдің семинарында «О неравенствах типа Харди и Литтлвуда для пространств Лоренца», тақырыбында дәрістер өткізген. Басқаша айтқанда ғылыми еңбектері алыс және жақын шет елдерге танымал ғалым. Сондықтан да, бірнеше атақтар және сыйлықтармен марапатталған. Қ.Сәтбаев атындағы жаратылыс тану саласында жүргізілген ерекше еңбектері үшін (2005) сыйлығының иегері, осы жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2005» атағын алған ғылым мен техникадағы ерекше еңбектері үшін стипендияларының (2007-2008ж. және 2008-2010 ж.) иегері т.б. Көптеген қоғамдық қызметтер атқарды. Аймақтық «Функционалдық анализ және оның қолданбалары» семинарының жетекшісі.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Фундаментал және қолданбалы математика» кафедрасының профессоры ретінде ЕҰУ-де сабақ береді және М.В. Ломоносов атындағы ММУ-нің филиалында сабақ береді. Білім беруді ғылыми жұмыстармен ұштастыра білген ғалым ретінде танымал.

Ақтөбе университетінде өткен бірнеше конференцияларға қатысып қызғылықты баяндамалар жасады. III Халықаралық ғылыми конференцияда «Интерполяционные теоремы для анизотропных метрик Никольского» тақырыбында жасаған баяндамасы қатысушылар жағынан көп сұрақтар туындатып, ой қозғаған баяндамалардың бірі болды.

7.6. Ізденген жетер мұратқа.

Үнемі ізденісте жүретін Нұржан Әділханұлымен жолымыз жолсапарларда жиі түйісіп жүреді. Қолындағы тастамай алып жүретін фотоапаратымен суретке түсіріп, кәнігі жорналшылар сияқты жұмыс жасайды. Осы жағынан кейде бір-бірімізге көмек те жасап жүреміз. Артық сөз айтып көп ішінде ерекшеленбейді де. Бір байқағаным барған жерге тез бейімделеді. Жолсапарда жүрген адамдарға қажетті

ақпараттарды кез келген уақытта алуға болатын қарапайымдылығы тағы бар. Ресей ҰҒА-ның академигі В.А.Садовничийдің 70 жылдығына арналған Мәскеудегі конференцияға барғанда, ғылыми жұмысына қатысты бір статьяны іздеп біраз тер төкті. Өзі таңдаған ғылым саласына берілгендігін көріп іштей риза болдық.



Профессор Н.Ә. Боқаев секция жұмысына қатысуда (Ақтөбе,2009).

Боқаев Нұржан Әділханұлы 1956-шы жылы туылған. «Математика» мамандығында 1972-1977 жылдары Е.А. Бүкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып, оны үздік бітіреді. 1981-1984 жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу МУ-де аспирантураны КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі, профессор Д.Е. Миньшовтың және профессор В.А.Скворцовтардың жетекшіліктерімен өтеді. Кандидаттық диссертациясын 01.01.01 «Математикалық анализ» мамандығы бойынша Мәскеу МУ-де 1985-ші жылы қорғайды. Ғылыми жұмыстары функциялар теориясы және функционалдық талдау, ортогонал қатарлар теориясы және оларды сигналдарды өңдеу мен кескіндеулерге қолдану бағытында. Мәскеу аспирантурасында жақсы дайындық өткен Нұржан өзіне тән ізденімпаздықпен бір сәтте ғылыми жұмыстарымен айналысудан қол үзген емес. 1996 жылы «Коэффициенты Фурье и теоремы единственности для рядов по обобщенным системам

Уолша и Хаара» тақырыбына ҚР БЖҒМ-нің Математика институтында 01.01.01 «Математикалық анализ» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Ол 103-тен астам ғылыми жұмыстардың, 2 оқу құралы, 3 әдістемелік құралдардың авторы. Нұржан Әділханұлының ғылыми жетекшілігімен 4 кандидаттық диссертация, 1 Ph.D, 10 магистрлік диссертациялар қорғалды. Әр түрлі гранттарды жеңіп алып, солар бойынша ұзақ жылдар жұмыс жасаумен келеді. ҚР БЖҒМ-нің «ЖОО-ның үздік оқытушысы -2006» республикалық грантының иегері.

Нұржан Әділханұлы өзі зерттейтін сала бойынша алған нәтижелерімен шет елдерге де жиі шығып тұрады. 1996 жылы Ерланген-Нюрнберг (Германия) университетінде, Кардифф университетінде (Ұлыбритания, 2006 ж.), Сакариядағы Түркі дүниесі математиктерінің Халықаралық симпозиумында (Түркия, 2007 ж.), Палермо университетінің семинарында (Италия, 2009 ж.), Математиктердің Бүкіләлемдік конгресінде (Хайдарабат, Үндістан-2010) т.б. жерлерде баяндамалар жасап жүр.

Н.Ә. Боқаевтың көп жылдық оқытушылық қызметі Е.А. Бүкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен байланысты. 1984-1996 жылдары осы университетте- оқытушы, аға оқытушы, «Математикалық анализ» кафедрасының доценттігі қызметтерін атқарды. 1996-1999 жылдарында Математика және моделдеу әдістері кафедрасының меңгерушісі. 1996-2005 жылдары Қарағанды университетінің Математика факультетінің деканы.

Нұржан Әділханұлының кейінгі жылдардағы профессор-оқытушылық қызметі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетімен байланысты. 2005-2008 жылдары Қолданбалы және есептеуіш техника кафедрасының профессоры, ал 2009-шы жылдан бастап Жоғарғы математика және математиканы оқыту әдістері кафедрасының меңгерушісі. Ол Ақтөбеде өткен көптеген конференцияларға қатысушы. Мысалы, V-ші Халықаралық ғылыми конференцияларда өзінің оқушысы А.Т. Сыздықовамен бірге «Пространство Герца и мультипликаторы пространства Харди на группах Виленкина» тақырыбына баяндама жасады.



V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

§8. V Халықаралық ғылыми конференция

Ақтөбе университетінде өткен Халықаралық ғылыми конференциялардың ерекшелігі елімізді және ондағы оқу орындарын нарық заңдары қыспаққа алған кезде өтуі. Соған қарамастан академик С.М. Никольский жазғандай математика ғылымының үлкен жанашыры, университет ректоры, профессор К.К. Кенжебаев Қазақстанның кең даласында математиканы дамытудың мүмкіндіктерін тапты. Жалғыз ғана математика емес филология, экономика, инженерлік мамандықтар да өз конференцияларын сәтті ұйымдастыруда болды. Қысқасы, Ақтөбе университеті классикалық университет деңгейіне көтерілуге батыл қадамдар жасағанын көреміз.

V Халықаралық «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» ғылыми конференциясы 2009 жылдың қазан айының 9-10 жұлдыздары аралығында өтті.

Бағдарламалық комитет:

К.К. Кенжебаев – төраға,

Б.Т. Жұмағұлов – теңтөраға,

М.Т. Жиеналиев – теңтөраға.

Құрамы 39 адамнан тұратын Бағдарламалық комитетке Германия, Англия, Ресей, Беларусь, Украина, Италия, Польша және Қазақстанның математика ғылымының әр түрлі салаларын дамытып жүрген дүние жүзіне белгілі ғалымдары енген.

Ұйымдастыру комитеті:

Кенжебаев К.К. (төраға), Сартабанов Ж.А. (төраға орынбасары), Тлеубергенов М.І. (төраға орынбасары), Әбдіқалықов Қ.Ә. (төраға орынбасары), Алдашев С.А., Асанова

А.Т., Боқаев Н.А., Баймахан Р.Б., Бержанов А.Б., Дауылбаев М.К., Мұратбеков М.Б., Тлеуханова Н.Т., Мұздақбаев М.М., Оспанов Қ.Н., Сүлейменов Ж.С., Тасмамбетов Ж.Н., Шерияздан Т.Т. (ғылыми хатшы).

Тағы бір ескеретін нәрсе, бұрынғы конференцияларға қарағанда, мұнда қатысуға тілек білдіргендер саны екі есе көп болды. Сондықтан да, ұйымдастыру комитетімен қатар, редакциялық алқа және жауапты шығарушылар атқарған жұмыстар да екі есе артық болды деп айтуға болады. Осы жерде физика-математика факультеті өзінің қалыптасқан ұжым екендігін көрсетіп, бар қиышылықтардан қиналмай өтті.

Редакциялық алқа: Кенжебаев К.К., Сартабанов Ж.А., Жұмабаев Д.С., Әбдікалықов Қ.Ә., Тасмамбетов Ж.Н., Төлепбергенов С.К., Бержанов А.Б., Отаров Х.Т.

Жауапты шығарушылар:

Төлепбергенов С.К., Шерияздан Т.Т., Әбдікалықова Ғ.Ә., Бекбауова А.У. Құлжумиева А.А.

Екі бөлімнен тұратын конференция материалдары қатысушылардың қолына дер кезінде тиді.

8.1. Конференция қонақтары.

Конференцияға қатысуға 374 адам тілек білдірді, 272 баяндама тыңдалды. Қатысуға тілек білдіргендер арасында Ресейден – 16, Украинадан – 19, Беларусь – 1, Өзбекстаннан – 1 адам болды. Қалалардың жағырапиясы да кеңейді. Жақын шет елдерден Москва, Санкт-Петербург, Волгоград, Стерлитамақ, Үфі, Нальчик, Самара, Киев, Каменец-Подольск, Черновцы, Душанбе, Үргеніш – қалалары болды. Әрине, Қазақстанның барлық облыс орталықтарынан дерлік өгініштер түсті.

Конференция пленарлық мәжілістермен қатар, 6 секцияда жұмыс жасады. Секциялар мен қатысушылар реті мынадай:

I секция. Дифференциалдық теңдеулер – 80,

II секция. Математикалық физика теңдеулері – 59,

III секция. Функциялар теориясы және функционалдық анализ – 42,

IV секция. Алгебра, математикалық логика және геометрия – 9,



Халықаралық ғылыми конференцияның ашылу сәті



Академик К.К. Кенжебаев конференция қонақтарымен пікір алысуда



V Халықаралық ғылыми конференция қонақтары. Ақтөбе (2009).



Украиналық ғалым ф.-м.ғ.д., профессор А.Н. Станжицкий. Ақтөбе (2009).



V Халықаралық ғылыми конференцияның пленарлық отырысы. Ақтөбе (2009)



Украиналық ғалым ф.-м.ғ.к., профессор Ю.В. Гончаренко конференция қонағы. Ақтөбе (2009)

V секция. Математикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар – 101,

VI секция. Математикалық білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері – 83.

Бір көңіл аударуға тұрарлық нәрсе осы конференцияда әр түрлі математикалық мектеп өкілдерінің өсіп-жетілгендігі, көптеп көріне бастағаны. Тербелістер теориясының дүние жүзіне белгілі Боголюбов-Митропольский-Самойленко мектебінен академик А.М. Самойленконың өзі бастаған: академиктер К.К. Кенжебаев, Н.А. Перестюк, профессорлар Парасюк И.О., Теплинский Ю.В., Ткачук А.Н., Самойленко В.Г., Станжицкий А.Н., Мамса Е.Ю., Сукретный В.И., т.б.

Кабарда-Балкардан А.М. Нахушевтің мектебінен Зуннунов Р.Т., Балтаева У.И., Б.И. Эфендиевтер. Қазақстандық академик Н.Қ. Блиевтің мектебінен өзі бастаған Тұнғатаров А.Б., Әбдіманапов С.А., Нуримов Б.С., Базыкен Г., Есентемировалар; академик М.Ө. Өтелбаев мектебінен Оспанов М.Н., Ойнаров Р., Рахимова С.Е., Галамагин А.В., Алдай М., т.б.; параметрлеу әдісінен Қазақстанда қалыптасқан Д.С. Жұмабаев мектебінен - Асанова А.Т., Темешева С.М., Бакирова Э.А., Тлеулесова А.Б., Р.Е. Утешова, Е.В. Кокотова, А.Е. Иманчиевтер; М.Т. Жиенәлиев мектебінен Шарипов К.С., Рамазанов М.И., Б.А. Шалдықовалар. Ақтөбедегі Сартабанов Ж.А. жетекшісі болып табылатын Харасахал-Үмбетжанов мектебінен – А.Б. Бержанов, Алеуова З.Ж., Әбдіқалықова Ғ.Ә., Жолдыбаев М.Е., А.А. Кұлжумиева, Бекбауова А.У. және Функциялар теориясынан Темірғалиев мектебінің өкілдері.

Пленарлық мәжілісте академик С.Н. Хариннің «Решение задач теплопроводности в областях с подвижной границей методом функций типа Хартри», профессорлар Н.Т. Темірғалиевтің «О взаимосвязи некоторых разделов математики», М.І. Тілеубергеновтың «К вопросу разрешимости стохастической задачи замыкания» атты баяндамалары қызығушылық туғызды.

Астана мен Қарағанды қалаларынан бір топ ғалымдардың оқушыларымен бірге келуі 3-ші «Функциялар теориясы және функционалдық анализ» секциясының жұмысын жандандырды.

5-ші және 6-шы секцияларға қатысуға тілек білдіргендердің саны басқа секцияларға қарағанда әлдеқайда көп болды. Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологияларды қолдану жағына баса көңіл аударылғаны қуантады. Бұл секцияларда профессорлар А.А. Адамов, С.Т. Мұхамбетжанов, Қ.Ә. Әбдіқалықов, Е.И. Исматов, И.Ф. Спивак-Лавровтар, оның жұмысының жоғарғы ғылыми деңгейде өтуіне ықпал жасады. Баяндамалары қолданба жағынан ерекшеленді.

№6 Секция «Математикалық білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелеріне» арналды. Математиканы оқыту мәселелерімен факультет оқытушылары Ақтөбе педагогика институты ашылғалы айналысып келеді. Олар доценттер Қ.Ж. Жұбаев, Д.И. Хан, Қ.Н. Ниязмағамбетов, С.А. Мырзабековтер болатын. Оған 1985-ші жылдан бастап, информатиканы оқыту әдістемелерімен айналысатындар қосылды.

Жұбаев Қантарбай Жұбайұлы педагогика ғылымдарының кандидаттығына диссертация қорғады. Кафедра меңгерушілігі қызметін атқарды. Өмірден озғанша бірнеше Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысты.

Ниязмағамбетов Қожабек Ниязмағамбетұлы 1968 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. А.С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтын бітірген. Ақтөбе облысының Шалқар ауданында дүниеге келген. Ғылыми жұмыстары Геометрияны оқыту әдістемелеріне қатысты. V-ші Халықаралық ғылыми конференциясында «О применении векторов к решению задач на нахождение множеств точек» тақырыбына баяндама жасады. Геометрияны оқыту әдістемелеріне қатысты бірнеше оқу құралдары баспадан шықты. Бұл бағытта жұмыс жасап жүрген сирек мамандардың бірі.

Қожабек Ниязмағамбетұлының оқу әдістемелік құралдары студенттерді оқытып-үйретуге қиыншылық туғызатын, қабылдауға қиын тақырыптарды ашып көрсетуге бағытталған. Ойының дәлдігімен, түсініктілігімен ерекшеленеді. Қай жұмысты болса да ұқыпты атқаратын Қожекең ұзақ жылдар университеттің оқу бөлімін басқарды. Қазір Ақтөбе университетінің Ғылыми Кеңесінің хатшылығы жауапты қызметін атқаруда.

Бұл конференцияда информатиканы оқыту әдістемелері мен жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға қатысты п.ғ.д., профессор Е.Ы. Бидайбековтың, ф.-м.ғ. кандидаттары С.М. Сарсимбаева, М.Ж. Талипова, Б.І. Избасаров, Ж.С. Сауханова, п.ғ.к. С.К. Әбдібекова, А.Т. Байбақтиналардың баяндамалары ерекшеленді.

Конференция соңында «Қазіргі таңдағы математикалық ғылым мен білім: келешегі мен проблемалары» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оған қатысқан белгілі ғалымдар сұхбат-пікірде өз ойларын ортаға салды.

8.2. ҚР ҰҒА-ның академигі С.Н. Харин

Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі С.Н. Хариннің есімімен ҒА-да жүргізілген көптеген зерттеулер байланысты. Оның жүргізген ғылыми зерттеулерінің бір ерекшелігі теория мен тәжірибенің байланысып жататындығы. Шынында да, ол 1981 жылы SP-063 электрлік жалғағышын ойлап тапқаны үшін КСРО Халықшаруашылығы жетістіктері көрмесінің Алтын медалымен марапатталса, 1982 жылы қорғау аппараттарының биметалды таратқыштарын есептеу әдістемелерін енгізгені үшін «КСРО өнертапқышы» төс белгісімен марапатталды. V Халықаралық ғылыми конференцияда С.Н. Харин белсенді қатысушылардың бірі болды.

Харин Станислав Николаевич 1938 жылы желтоқсанның 4-ші жұлдызында Алматы облысының Қаскелең ауданында дүниеге келген. 1956 жылы Ресейдің Воронеж қаласында мектепті алтын медалмен бітіріп, С.М. Киров атындағы Қазақ МУ-нің механика-математика факультетіне оқуға түседі. 1961 жылы Қазақ МУ-ін үздік бітіргеннен кейін, 1961-1964 жылдары осы университеттің математикалық физиканың теңдеулері кафедрасында аспирантурада оқыған. Аспирантураны бітіргеннен кейін Қазақ КСР ҒА-ның математика және механика секторына жұмысқа жіберіледі. Оның қалған еңбек жолы 1965 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Математика және механика институтына айналған мекемемен байланысты. 1968 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, онда электрлік



Академик С.Н. Харин және профессор Р. Ойнаров V Халықаралық ғылыми конференцияның қатысушылары. Ақтөбе (2009).



V Халықаралық ғылыми конференцияға қатысушылардың бір тобы. Ақтөбе (2009).

байланыстардағы (контакт) жылу үдерістерін математикалық моделдеу проблемаларын шешумен айналысты. Ол моделдерді зерттеу сингуляр интегралдық теңдеулердің шешімдерін табумен байланысты болатын.

С.Н. Харин 1990 жылы Новосібір қаласында КСРО ҒА Сібір бөлімінің Жылу физикасы институтында «Математические модели теплофизических процессов в электрических контактах» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады.

Оның ғылыми зерттеулерінің бірнеше бағыттарына тоқталып өтейік:

- Электроконтактылы жүйелердегі электромагниттік және стационар емес өрістерді сипаттайтын математикалық моделдерді зерттеді. Бұл моделдер шекаралары жылжымалы облыстағы дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің шеттік есептерін қарастыруға негізделген. Олардың негізгі ерекшеліктері бастапқы уақыт аралығында туындыланған (вырожденный) болатындығы. Сол себептен де бастапқы шеттік есеп сингуляр интегралдық немесе интеграл-дифференциалдық теңдеулерге келтіріледі. С.Н. Хариннің зерттеулерінде осыған ұқсас есептерді шығарудың өтімді әдістері құрылып, теориясы жасақталған. Жаңа Хартри арнайы функциясының теориясы жасақталып, ол Стефан және С.Н. Веригин есептері тектес есептердің тұйық шешімдерін табуға пайдаланылған.

- С.Н. Харин қимасы айнымалы денелерде жылу және масса алмасуларды сипаттайтын параболалық теңдеулердің жаңа тектерін зерттеуге енгізді.

- Сонымен қатар, оның енгізген электр доғасының математикалық моделдері кең қолданыс тапты. Контактылы түйіндердегі аппараттардың температуралық өрістерін және термобиметалды элементтерін есептеу әдісі АЕ-100 және АЕ-2000 сериялы ажыратқыштарды жасау кезінде пайдаланылды. Бұл бағытта алынған теориялық нәтижелері Мәскеудің «Высшая школа» баспасынан 1985 жылы профессор Г.Н. Александровтың редакциялауымен шыққан «Теория электрических аппаратов» аталатын оқулығына енді.

Бұл келтірілген мағлұматтар С.Н. Хариннің жүргізген ғылыми зерттеулерінің бір бөлігі ғана. Оның көп жылғы

алдыңғы қатарлы ғылыми нәтижелері ескеріліп, 1994 жылы ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшелігіне сайланды, 1994-1997 жылдары ҰҒА-ның физика-математика ғылымдары бөлімінің академик-секретары қызметін атқарды. Мұнымен бірге Математика институтында математикалық физика теңдеулері зертханасының меңгерушілігі қызметін де қоса атқарды.

Академик Хариннің ғылыми зерттеулері Қазақстанда, алыс және жақын шет елдерде өткен конференцияларда және конгрестерде баяндалып, үлкен ғылыми резонанс туғызды. Аталған елдер қатарына Ресей, Жапония, Болгария, АҚШ, Польша, Ұлыбритания, Франция, Батыс Берлин және Пәкістан елдері жатады. Ол ұйымдастырушы ретінде де танылған. 1970 жылы Алматыда І Бүкілодақтық «Математические и теоретические проблемы в контактной технике», 1979 жылы ІІ Бүкілодақтық «Тепло и массообмен в электрических контактах» семинарларын өткізсе, 1993 жылы «Электрические контакты. Теория и применение – ISECTA -93» халықаралық симпозиумын өткізуге ұйтқы болды.

Жақын және алыс шет елдердің әр түрлі басылымдарында 200-ден астам статьялары және 3 монографиясы жарық көрген. 9 ғылым кандидатын дайындады. Ұзақ жылдар бойы Қазақ МҮ-де арнай және жалпы курстар оқиды. Шет елдермен байланысы да үзбей жалғасуда. Бірнеше жыл Пәкістанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі - GIK Institute of Engineering Scinces and Technology – институтында сабақ берді.

Ақтөбе университетінде 2009 жылғы V Халықаралық ғылыми конференциясында көп жылдардан бері айналысып келе жатқан «Решение задач теплопроводности в областях с подвижной границей методом функций типа Хартри» тақырыбында баяндама жасады. Онда Хартри функциясын анықтайтын рекурентті формулалар қарастырылды. Хартри функциясы көптеген аналитикалық функцияларды мейлінше жуықтатады. Мысал ретінде Веригиннің кері-есебі келтірілді. Оның қолданбалы жағына тоқталды. Белгілі академик конференция жұмысына жоғары баға берді, оның жұмысының өз деңгейінде өтуіне белсенді түрде араласты.

8.3. Физикада математикалық әдістерді қолданудың шебері

Соңғы кездерде математика немесе механикаға қатысты қандай конференциялар өтпесін, міндетті түрде бір секция қолданбалы жағына қатысты жұмыстар жасайды. Секция атаулары «Математикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар», «Теориялық, қолданбалы және аспан механикасының мәселелері» немесе «Қолданбалы математика және ақпараттық технологиялар мәселелері» т.с.с. болып келеді. Аталған ғылымдардың қолданбаларын зерттеу өмір талабы. Қолданбалы есептерді шығару кезінде кімдердің рөлі жоғары болуы керек деген сұрақтың төңірегінде де көптеген пікірталас туындап келеді.



Ф.-м.ғ.д., профессор И.Ф. Спивак-Лавров

Көп жыл техникалық жоғары оқу орындарында кафедра меңгерушілігі қызметін атқарған Ресейдің белгілі математигі академик Л.Д.Кудрявцев өзінің «Мысли современной

математике и ее изучении», М.:Наука, 1977, 110б.-кітабында былай деп жазады: «Обучение решению прикладных задач математическими методами не является задачей математических курсов, а задачей курсов по специальности» (100-бет), яғни мамандық бойынша курстардың жұмысы. Бірақ, мамандық бойынша курстар оқитын оқытушылардың математиканы курстарында өз деңгейінде пайдалануға, оқытушылардың өздерінің математикалық білімдері жетісе бермейді. Содан келіп, математиканы басқа мамандықтардың студенттеріне оқыған кезде өмірдегі нақты құбылыстарды сипаттайтын дифференциалдық теңдеулерді мейілінше көп етіп құрып үйретпейді деген реніштерін білдіреді. Мұндай реніштерін білдірмей математиканы физикалық зерттеулерде жоғарғы деңгейде пайдаланып жүрген, осылайша өз саласында әлемдік деңгейде нәтижелер алып жүрген аздың бірі физика-математика факультетінде кафедра меңгерушілігі қызметін атқаратын, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор И.Ф.Спивак-Лавров.

Игорь Феликосович Спивак-Лавров 1946 жылдың наурыз айының 20-шы жұлдызында Одесса қаласында туылған. Ата-аналары журналистік қызметтер атқарған. 1953 жылы анасы Вера Владимировна Лаврова «Огонек» журналының меншікті тілшісі ретінде Алматыға жіберіледі де, отбасы осында көшіп келеді. Осы кезден бастап Игорь Феликосовичтің өмір жолы Қазақстанмен байланысты. 1963 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетіне түседі де, оны 1968 жылы теориялық физика кафедрасы бойынша маманданып бітіреді. Оның физик-теоретик болуына алғашқы әсерін тигізген. Қазақ КСР ҒА-ның ядролық физика институтының аға ғылыми қызметкері, ф.-м.ғ.к. Я.И.Гранович. Оқу бітірерде Я.И.Грановичтің жетекшілігімен кванттық электродинамика саласы бойынша «Бете логарифмінің релятивизациясы» тақырыбында дипломдық жұмыс қорғайды. 1968 жылдан Ақтөбе педагогика институтында жұмыс жасайды. 1972-1975 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның ядролық физика институтында 01.04.04 «физикалық электроника және кванттық электроника» мамандықтары бойынша Қаз КСР ҒА-ның академигі В.М.Кельман және ЯФИ-ның аға ғылыми қызметкері



V Халықаралық ғылыми конференцияға қатысушылар. Ақтөбе (2009)



Профессорлар И.Ф. Спивак-Лавров пен Ж.Н. Тасмамбетовтер «ЖОО-ның үздік оқытушысы - 2007» грантының иегерлері. Астана (2007).

Л.Г.Гликмандардың жетекшіліктерімен аспирантура өтеді. Кандидаттық диссертациясын 1980 жылы М.И.Калинин атындағы Ленинград политехникалық институтында «Призмалық конус түріндегі электрлік және магниттік өрістердің электрондық-оптикалық қасиеттерін теориялық зерттеу» тақырыбында қорғайды. Ғылыми жұмыстарын педагогикалық жұмыстарымен жалғастыра жүріп, 2000 жылы Санкт-Петербург техникалық университетінде 0.1.04.04 - «физикалық электроника» мамандығы бойынша «Орташа жазықтықты статикалық ионды-оптикалық жүйенің корпускулалық оптикасы» тақырыбында докторлық

диссертациясын қорғады. Физика ғылымында өз жолын іздеумен келе жатқан Спивак-Лавров халық шаруашылығы шарттары және ҚР БжәнеҒМ

мемлекеттік гранттарымен қол үзбей жұмыс жасауда және әр кез жаңа жаңа жаңалықтар ашумен келеді. Ол орташа жазықтықты электрлік және магниттік өрістердің жалпы корпускулалық-оптикалық теориясын жасады. Өз зерттеулеріне математикалық әдістерді пайдаланудың жаңа жолдарын іздеуден жалыққан емес. Мысалы, орташа жазықтықты электрлік және магниттік өрістерді есептеудің аналитикалық әдістері, комплекс айнымалы функциялары теориясының әдістерін, топтар теориясын пайдаланатын нүктелік симметриясы бар көп байланысты салалар үшін Лаплас теңдеуінің шешімін табудың өзіндік ерекшелігі бар әдістерін ұсынады. Алған нәтижелерімен конференциялар мен семинарларда баяндамалар жасап ой бөліседі.

Ақтөбеде өткен математика мен механикадағы қатысты конференциялардың бірінен де қалған емес. «II-Ержанов оқуларында» математиканың қолданбалы бағытындағы «Вывод дифференциальных уравнений для траекторий заряженных частиц в криволинейных координатах» және «Динамика экосистем типа хищник-жертва» тақырытарында өз оқушыларымен бірге баяндамалар жасады. Бұл баяндамалар әр мамандық иелерінің өз есептерін шығаруға математиканы қолдана білудің жарқын мысалы.

И.Ф.Спивак-Лавров тек өзімізде өткен конференциялар емес, сонымен қатар Жапония (Тцукуба, 1994), АҚШ (Сан-Диего, 1995), Лондон (Кембридж, 2006) т.б. жерлерде өткен Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысушы. Сорос Фондының лауреаты (1993), Нью-Йорк ғылым академиясының мүшесі (1996). 150 статьясы және 6 авторлық өнер тапқыштық куәліктері бар. Орталық журналдарда және алыс-жақын шет елдердің орталық басылымдарында жарық көрген 50-ден астам статьялары бар, үнемі ізденісте жүретін физика саласындағы белгілі ғалым. Оның жетекшілігімен бірнеше адам кандидаттық диссертация қорғады. Магистрлер мен студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшіліктер жасайды. 2010 жылдан профессор ЖАК.

Педагогтық қызметіне, оқыған пәндерінің әдістемелік жағына үнемі көңіл бөліп отырады. «ЖОО-ның үздік оқытушысы - 2007» грантының иегері, кішіпейілді, адамгершілігі жоғары, асыл азамат. Жанындағыларды оның ғылым мен білім, өнерге деген жан-жақтылығы сүйсіндіреді, жүрегінің жылылығы өзіне тартады.

§9. Қазақстан Республикасы ҰҒА Математика институтымен бірге өткізген конференциялар

9.1. Табысты байланыстар

Қазақстанның математика ғылымының дамуында ҚР ҰҒА Математика институтының алар орны бөлек. Онда Қазақстан математикасының дамуының бастауында тұрған және өзіндік ерекшеліктері бар Қазақстандық деп аталатын математика мектебінің қалыптасуына зор үлес қосқан алыптар Қазақ ҒА академиктері К.П. Персидский, О.А. Жәутіков, Ө.М. Сұлтанғазин, Н.Қ. Білиев, М.Ө. Өтелбаев, С.Н. Харин, А.А. Женсықбаев, Т.Ш. Қалменов корреспондент-мүшелер Е.И. Ким, Д.Ү. Үмбетжановтар жұмыс жасаған және қазіргі кезеңде жұмыс жасауда. Олардың істерін институттың кейінгі буын өкілдері ф.-м.ғ.д., профессорлар М.И. Рахимбердиев, М.Т. Жиенәлиев, Д.С. Жұмабаев, Г.И. Бижанова, М.І. Тілеубергенов, А.Т. Асанова, С.С. Жұматов т.б. жалғастырды. Институт өсу жағынан өз биігінен төмендеген жоқ. Еліміздің оқу орындарымен байланыстар жасап, олардағы математика ғылымының дамуына өз үлестерін қосуда. Сондай нәтижелі байланыстардың бірі Математика институты мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің арасындағы ұзақ жылдардан бері келе жатқан байланыс. Байланыс негізін академиктер О.А. Жәутіков, Н.Қ. Білиев және корреспондент-мүше Д.Ү. Үмбетжановтар қалаған. О.А. Жәутіков пен Д.Ү. Үмбетжановтардың ортақ оқушысы Ж.А. Сартабанов аспирантураны осы институтта өтіп, кандидаттық диссертациясын қорғады. Жай дифференциалдық тендеулер зертханасында 1989-1990 жылдар аралығында ғылыми қызметкерлікті өтіп, докторлық диссертациясын 1997 жылы қорғағанын бұрын келтірген болатынбыз. Аталған зертхана Ақтөбе университетіне кадр дайындауды бір сәтте үзген емес. Мұндай арақатыстардың пайдалылығы біріккен конференциялар өткізген кездерде де көрінеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің математика институты 2000 жылы Ақтөбе университетімен бірге «Қазақстан үшінші мыңжылдықта» бағдарламасы аясында математиканың

қазіргі жетістіктері мен даму бағыты (Алматы, 26-29 қазан, 2000) Халықаралық конференциясын, ҚР ҒА академигі О.А. Жәутіков (1911-1989) пен корреспондент-мүше Е.И. Кимдердің 90 жылдығына арналған «Дифференциалдық теңдеулер және оларды қолдану» атты Халықаралық конференциясын (Алматы, 26-28 қыркүйек, 2001), 2002 жылы Ақтөбе университетінің қолдауымен корреспондент-мүше Д.Ү Үмбетжановтың 70 жылдығына арналған «Дифференциалдық теңдеулер және тербелістер теориясы» Республикалық ғылыми конференциясын (Алматы, 10-12 қазан, 2002), ал 2003 жылы Ақтөбе университетімен бірге ҚР ҒА академигі К.П. Персидскийдің 100 жылдығына арналған «Дифференциалдық теңдеулер» Халықаралық конференциясын (Алматы, 24-26 қыркүйек, 2003) өткізді. Алматыдан тыс жерлерден келгендердің ішінен қатысушылар саны Ақтөбе университетінен көп болды. Бар конференцияларға да 15-20 адамнан қатысқан болатын. Қатысушы жастар Алматының Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика институтының, Астана, Қарағанды және шет елдерден келген ғалымдардың баяндамаларын тыңдап, өздері де хабарламалар жасап, бүтіндей бір ғылым мектебінен өткендей болды. Бастысы ғылымның қалай жасалатынын көру, оның қазанында қайнау. Осы жағы облыс деңгейіндегі университеттерде жетісе бермейді. Өз саласына, бекітілген тақырыбына қызығушылық танытқан, ғылым жолына шын бет бұрғандар конференциялар өтерден бұрын келіп, одан кейін қалып, жазғы демалыстарын пайдаланып, диссертациялық жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік алды. Олардың қорғап, ғылым биігіне көтерілуіне жағдай жасаған зертхана жетекшісі, профессор Д.С. Жұмабаевқа, профессорлар М.І. Тілеубергеновке, А.Т. Асановаға, С. Жұматовтарға, зертхананың басқа да қызметкерлеріне алғыстары мол. Екінші жағынан, мұның бәрі Математика институтындағы ғылымға деген оң көзқарастан деп түсіну керек. Нәтижесінде осы институтта – Ж.Н. Тасмамбетов (2004) – физика-математика ғылымдарының докторлығына, Талипова М.Ж. (2007), Ибраева Г.Т. (2008), Бекбауова А.У. (2010), Ажымбаев Д.Т. (2010), Жахина Р.У. (2010), Иманчиев А.Е. (2010), Утешова Р.Е. (2007), Курманғалиев Е. (2010), физика-



Ф.-м.ғ.д., профессорлар Д.С. Жұмабаев пен М.І. Тілеубергенов болашақ математиктер арасында . Ақтөбе (2009).



Халықаралық ғылыми конференцияға қатысушылар.Ақтөбе (2009).



V Халықаралық ғылыми конференцияның секциясының жұмысы.
Ақтөбе (2009).



Ф.-м.ғ.д., профессорлар Д.С. Жұмабаев, М.І. Тілеубергенов және Қ.Ә. Әбдіқалықовтар болашақ математиктермен ой бөлісуде .
Ақтөбе (2009).

математика ғылымдарының кандидаттығына диссертацияларын қорғады. Ақтөбе университетінің түлегі Свәтлана Маратқызы Темешова – 2004 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің К 14.51.03 Диссертациялық Кеңесінде профессорлар К.К. Кенжебаев пен Д.С. Жұмабаевтардың жетекшіліктерімен «Метод параметризации решения нелинейных двухточечных краевых задач для обыкновенных дифференциальных уравнений» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Кейінгі кезде Математика институтына қызметке ауысқан Светлана Маратқызы профессор Д.С. Жұмабаевтың ғылыми кеңесшілігімен «Метод параметризации исследования и решения нелинейных краевых задач» тақырыбына физика-математика ғылымдарының докторлығына 01.01.02 – дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика мамандығы бойынша диссертация қорғады. Осылайша Д.С. Жұмабаевтың параметрлеу әдісіне қатысты математикалық мектебі, талантты бір жас зерттеуші ғалыммен толықты. Оның алдағы уақытта да жаңа жетістіктерге жететініне сенімдіміз. Ал Ақтөбе университетін бітірген, физика-математика ғылымдарының докторлары саны да бір адамға толықты. Олар университет ректоры, академик К.К. Кенжебаев, ф.-м.ғ.д. М.У. Ахметов, А.Б. Бержанов және С.М. Темешовалар.

Ақтөбе университеті мен Математика институттары арасындағы байланысты айтқанда 1997 жылы ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Д.Ү Үмбетжанов пен ф.-м.ғ.д., профессор Д.С. Жұмабаевтардың ғылыми жетекшіліктерімен «Параболалық типті теңдеулер жүйелерінің көппериодты және периодты дерлік шешімдері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған ф.-м.ғ.к., доцент Ғ.Ә. Әбдіқалықованы атап өткен жөн. Ол осы уақытқа дейін 80-нен астам ғылыми еңбектерін жариялады. Дулат Сыздықбекұлымен бірге жұмыс жасап келеді.

9.2. Сапалық теорияны терең зерттеген

Құрдас дейтін күлімдеп. Шынында бір жылда, бір айда туған құрдас болып шықтық. Докторлық диссертациямен жұмыс жасап жүрген 1990-шы жылдардың ішінде жете таныса бастадық. Өзіне біткен терең білімімен менің проблемама терең бойлай бастады, жан-жақты талдап, арасында пайдалы кеңестер беріп те үлгеретін. Қазір Математика институтына барғанда бірдеңе жетіспейтін сияқты. Ол Марат Исимғалиұлының кенеттен ойлап табатын өткір әзілі, кейінгі жастарға деген қамқор көңілі болар.



Ф.-м.ғ.д., профессор М.И. Рахимбердиев

Рахимбердиев Марат Исимғалиұлы 1945 жылдың қаңтар айының 30-шы жұлдызында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында әскерилер отбасында дүниеге келген. Әскерилердің қызмет орындарын жиі ауыстыратындығы берлгілі. Сол себептен Марат Исимғалиұлына Өскемен, Қарағанды, Көкшетау және Гурьев қалаларында оқуға тура келді. 1962 жылы Гурьевте орта мектепті бітіргеннен кейін 2 жыл өндірісте жұмыс жасап, 1964 жылы М.В. Ломоносов

атындағы ММУ-нің механика-математика факультетіне оқуға түседі. Үшінші курсте мамандандыру таңдаған кезде – дифференциалдық теңдеулер мамандығын таңдайды да, ғылыми зерттеулер жұмысын студент кезінің өзінде профессор В.М. Миллионщиковтың жетекшілігімен жүргізе бастайды. Ғылыми жетекші ретінде В.М. Миллионщиков оның ғалым ретінде қалыптасуына көп әсерін тигізді. Сол әсердің арқасында өмір бойы Кеңестер Одағына белгілі дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясы мектебімен байланыста болды. В.А. Кондратьев, В.М. Миллионщиков, Н.Х. Розовтардың ғылыми жетекшілігімен өтетін Мәскеу университетінің ғылыми семинарының белсенді мүшесіне айналды. Сондықтан да, оқу бітіргеннен кейін бірден университеттің аспирантурасында оқуға жолдама алды. Аспирантурада В.М. Миллионщиков пен Н.Х. Розовтардың жетекшілігімен «Об устойчивости особых показателей и замыкании множества линейных систем с экспоненциальной дихотомией» тақырыбында кандидаттық жұмысын аяқтап, оны 1975 жылы Москва университетінің механика-математика факультетінің Диссертациялық кеңесінде қорғады. Қалған еңбек жолы Қазақ КСР ҒА-ның Математика институтымен байланысты.

Аспирантура бітіргеннен кейін сол кездегі Математика және механика институтына жолдама алып, академиктер О.А. Жәутіков пен Ө.М. Сұлтанғазиндер жетекшілік ететін зертханаларда қызмет жасайды. 1994-1995 жылдары академик Ө.М. Сұлтанғазин басқаратын Космосты зерттеу институтында директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары және зертхана меңгерушілігі қызметтерін атқарады. 1995 жылы Теориялық және қолданбалы математика институтына ауысып, онда өмірінің соңына дейін динамикалық жүйелер зертханасының меңгерушілігі қызметінде болды. Ол 1992 жылы «Устойчивость и распределение показателей Ляпунова» тақырыбында докторлық диссертациясын Минск қаласында Беларусь ҒА-ның Математика институтында қорғады. Ғылыми кеңесшісі В.М. Миллионщиков.

Динамикалық жүйелер лабораториясында жұмыс жасаған кезде дифференциалдық теңдеулерге қатысты бірнеше бағыттарда жұмыстар жүргізді. 7 ғылым кандидаттары оның

жетекшілігімен қорғады. Алған нәтижелері әлемге белгілі математикалық журналдарда: «Успехи математических наук», «Математические заметки», «Дифференциальные уравнения», «Известия НАН РК. Серия физико-математическая» т.б. жарық көрді. Халықаралық және республикалық басылымдарда жарық көрген жұмыстарының саны 100-ден асады. Сонымен қатар Мәскеу, Иркутск, Новосібір (Ресей), Минск (Беларус), Русе (Болгария), Цюрих (Швейцария), Стамбул (Түркия) – қалаларында өткен халықаралық математикалық съездер мен симпозиум, конференцияларда баяндамалар жасаған.

Негізгі ғылыми нәтижелеріне мыналар жатады:

- Экспоненциал дихотомиялық жүйелер, сызықты біртектес емес дифференциалдық теңдеулердің тұрпайы қасиеттері, Перрон шарттарының орындалу критериялары;
- Орталық көрсеткіштерді жүйелердегі үзілісті функциялардың параметрлері ретінде зерттеу, Ляпунов көрсеткіштерінің мәндерін үзіліс нүктелерінің маңайында әртүрлі жағдайлардағы жүйенің функциясының таралуы ретінде сипаттау;
- Н.Х. Розовпен бірге периодты жүйелердің Ляпунов көрсеткіштерінің таралуы туралы есептің шешімін тапқан;
- Тордағы динамикалық жүйелердің сызықты кеңеюлері үшін Ляпунов көрсеткіштерінің таралуын анықтаған және осы есепті Т.И. Смирновпен бірге тордағы эргодикалық динамикалық жүйелердің периодты аппроксимациялары үшін шығарған т.б.

Академик Ө.М. Сұлтанғазин және оның оқушылары М.Д. Цай, А.А. Қалыбаевалармен бірге кеңістікті біртекті жағдайлар үшін Больцманның дискретті теңдеуін зерттеу кезінде де маңызды нәтижелер алды.

М.И. Рахимбердиев 1975 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-де оқытушылық қызметті қоса атқарып келеді. 1996-1997 жылдары ҚР ҰҒА-ның физика-математика бөлімінің академик-хатшысы қызметін атқарды. Басқа да қоғамдық қызметтерді қоса атқарып келеді.

2003 жылы Ақтөбе университетінде өткен III Халықаралық ғылыми конференцияға «Скалярные представления многомерного аналога нелинейного логистического разностного уравнения» тақырыбында баяндама жасады.

9.3. Кең пейілді кем болмас

Киев университетінде оқып, университетті де, аспирантураны да сонда бітірген маған, Алматының математиктері онша таныс емес болатын. Сондықтан да болар, академияға, оның ішінде Математика институтына имене кіретінмін. Көп таныс жоқ. Алдымен Назарбай Қыдырұлы, Дәулет Үмбетжанұлы сияқты ағаларға сәлем береміз. Дәулет Үмбетжанұлы міндетті түрде:

- Лабораторияға соқтың ба? – деп сұрайды.

«Жай дифференциалдық тендеулер» - зертханасы институттың екінші қабатындағы 2 бөлмеде орналасқан. Осы № 206 бөлме Қазақстанның дифференциалдық тендеулері саласы бойынша талай жаңалықтардың куәсі болған, жаңа әдістер дүниеге келіп, өмірге жол тартқан, докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалып, талайлардың үлкен ғылымға жолы ашылған жер. Қашан келсең де жұмыс жағдайында. Алдарында үйілген кітап-журналдар, жазылған ақ парақтар. Бұлардың бәрі де басқа жерлердегі академиялық институттардағыдай. Олардың тыныштығын бекер бұздым-ау деген ыңғайсыздық пайда болып, өзіңнен-өзің қысыласың. Келгесін амандасасың, ел-жұрттың, ортақ таныстардың аман-саулығы сұралады. Қызмет үстелдерінің бір шетінен шай жабдықтарына да орын табылып, емен-жарқын әңгіме басталады. Әзілдер айтылып, манағы қысылғаныңнан да із де қалмайды. Осы қазақы дәстүрмен араласу 20 жылдан астам сақталуда. Зертхана қызметкерлері Дулат, Марат, Анар, Сайлау т.б. көп көрмесең іздеп тұратын жандарға айналды. Сондай жандардың бірі Марат Ідірісұлы Тілеубергенов.

М.І. Тілеубергенов 1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 1973 жылы Мәскеу қаласындағы Ресейдің Халықтар достығы университетін «Математика» мамандығы бойынша бітіргесін ҚР ҰҒА Математика

институтына жұмысқа орналасады. Қалған өмір жолы осы институтпен байланысты.



Ф.-м.ғ.д., профессор М.І. Тілеубергенов

М.І. Тілеубергеновтың ғылыми зерттеулері Ресей Халықтар достығы университетінің профессоры А.С. Галиуллиннің математикалық мектебімен бағыттас. Тақырыбы «Теория обратных задач динамики и построения систем программного движения» және бұл тақырып жай дифференциалдық тендеулер класында біршама зерттелген. Ол 1983 жылы кандидаттық диссертациясын Халықтар достығы университетінде Мәскеуде, ал докторлық диссертациясын 1999 жылы Алматыда Математика институтының Диссертациялық кеңесінде 01.01.02 – дифференциалдық тендеулер мамандығы бойынша қорғады. 2008 жылы 01.01.00 – математика мамандығы бойынша профессор атағын алды.

М.І. Тілеубергенов ғылыми жұмыстарын жүргізумен қатар педагогтық жұмыстардан да қол үзбей келеді. 1989 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ сабақ береді, 2000 жылдан

бері «Басқару теориясы» кафедрасында қосымша профессордың қызметін атқарады.

Марат Ідірісұлы 160-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы. Оның жетекшілігімен 6 кандидаттық диссертация қорғалған. Негізінен Итоның стохастикалық дифференциалдық теңдеуінің кері-есептерінің шешімдерін табу әдістерін анықтаумен, ал есептердің шешімдерінің бар болуына кездейсоқ қозғағыш күштердің әсерлерін және бағдарламалы қозғалысының стохастикалық орнықтылығы мәселелерін зерттеумен айналысады. Дифференциалдық теңдеулер жүйесінің кері есептеріне жататын қозғалыстың белгілі қасиеттері бойынша Лагранждық, Гамильтондық және Биркгофтық құрылымды стохастикалық теңдеулерді құру әдістерін зерттеу де оның айналысатын ғылыми жұмыстарының саласы.

Қай іске болса да ұқыптылықпен қарайтын Марат Ідірісұлымен жұмыс жасау жеңіл, әрі одан көп нәрсені үйренуге болады. Кең пейілді, адал дос. Терең біліміне қарамастан ешкімге жоғарыдан қараған емес. Кішіпейіл көңілмен жанына тимей білгенімен бөліседі. Қажет жерінде әр уақытта көмек қолын созуға дайын.

М.І. Тілеубергенов Ақтөбеде өткен барлық конференцияларға қатысты, әр уақытта белсенді жұмыс жасады. Ұйымдастыру комитетінің құрамында да болды. Ұзақ жылдардан бері университет студенттері мен магистрлеріне дәрістер оқиды. Ақтөбе университетіне бірнеше ғылым кандидаттарын дайындауға көмек жасады. Қазіргі кезде динамикалық жүйелер зертханасының меңгерушісі қызметін атқарып, зертхананың ғылыми жұмыстарының тақырыбына сәйкес зерттеулер жүргізуде.

9.4. Жүрегі жылы, адамгершілігі ірі жан

«Білім – ортақ, жақсы – ортақ». Сол жақсы білімді болып, ғылым жолында жүрсе, оған саналы өмірін арнап жүрсе, одан да жақсы болуы керек. Қай кезде болмасын жай дифференциалдық теңдеулер зертханасына хабарласаң телефонды Анар Тұрмағанбетқызы көтереді. Сұрақтарыңа

нақты да – дәл жауап беріп, шаруанды бітіреді. Алматыға барып, алған нәтижелері бойынша баяндама жасағысы келгендер, институт кітапханасында жұмыс жасап, қажеттерін тауып қайтқысы, кандидаттық минимум тапсырғысы келгендер Анар апаларына хабарласып, кеңес алып жатады. Анар апалары олардың жағдайын түсінеді. Өйткені, өзінің осы жолдан өткені кеше ғана сияқты. 1989 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ МУ-ін үздік бітіріп, Қазақ КСР ҒА-ның Математика және механика институтының жай дифференциалдық теңдеулер зертханасына жолдама алды. Өткен 20 жыл өсу мен ғылым баспалдағымен көтерілу жылдары болды. Аға лаборанттан бастап, Математика институтының жетекші бөлімдерінің бірі – дифференциалдық теңдеулер зертханасының бас ғылыми қызметкеріне (2007ж.) дейін көтерілді.



Ф.-м.ғ.д., профессор А.Т. Асанова

Асанова Анар Тұрмағанбетқызы 1967 жылдың тамыз айының 17 жұлдызында Қызылорда облысының Жалағаш ауданының Жаңаталап кеңшарында дүниеге келген. 1981-1984 жылдары Алматы қаласында академик О.А. Жәутіков атындағы Республикалық арнайы физика-математикалық мектеп-

интернаттыңда оқуы оның математикаға деген құштарлығын арттыра түсті. 1984 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ МУ математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1989 жылы үздік бітірді. Үздік оқуы мен ғылыми жұмыстарға бейімділігі белгілі болған ол, 1986-1989 жылдары Лениндік стипендияның иегері, 1987 жылы Қазақ КСР Білім министрлігінің «Үздік оқуы үшін» белгісімен марапатталды.

1994 жылы көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.-м.ғ.д., профессор Дәулет Үмбетжанұлы Үмбетжановтың ғылыми жетекшілігімен «Кейбір сызықсыз параболалық теңдеулер үшін шеттік есептердің периодты дерлік шешімдері» тақырыбына 01.01.02-дифференциалдық теңдеулер мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаттығына диссертация қорғады. Кандидаттық диссертациясында алған сызықсыз параболалық теңдеулердің белгілі бір түрлері үшін жартылай кеңістіктік шеттік есептердің периодты дерлік шешімдерінің бар болуы және жалғыздығына қатысты нәтижелері жоғары бағаланып, 1994 жылы Дж. Сорос грантына ие болса, 1995 жылы ҚР ҰҒА-ның академик К.П. Персидский атындағы сыйлығымен марапатталды.

Анар Тұрмағанбетқызының кейінгі ғылыми зерттеулері параболалық және гиперболалық теңдеулер үшін шеттік есептер теориясын дамытумен; бір жағынан сызықсыз теңдеулердің жалпы теориясын дамытуда зор қызығушылық тудыратын және көкейкесті мәселе болып табылатын, ал екінші жағынан бейлокал есептерді зерттеуге қолданылатын, итерациялық әдістер көмегімен олардың шешімдерінің тиімді бағалауларын табумен байланысты. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жай дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептерді шешуге ұсынылған параметрлеу әдісінің негізінде, екі айнымалысы бар екінші ретті гиперболалық теңдеулер жүйелері үшін бейлокал шеттік есептерді зерттеуге арналған функционалдық параметрлер енгізу әдісі жасалды. Функционалдық параметрлер енгізу әдісі арқылы гиперболалық теңдеулер жүйелері үшін мәндері характеристикаларда берілген шеттік есептердің корректілі шешімділігінің қажетті және жеткілікті шарттары алынды. Алынған әдіс сызықты және сызықсыз гипорболалық

тендеулер жүйелері үшін әртүрлі шеттік есептерді шығаруға қолданылды.

Бұл нәтижелер Ресей және Украинаның осы саламен айналысатын белгілі ғалымдарынан қолдау тапты және Ресей, Украина, Қазақстанның белгілі математикалық басылымдарында жарық көрді. Жан-жақты сұраптаулардан өткен бұл еңбек БжҒМ Математика институтының Д53.04.01 Диссертациялық Кеңесіне ұсынылып, белгілі ғалым ф.-м.ғ.д., профессор Дулат Сыздықбекұлы Жұмабаевтың кеңесшілігімен «Аралас туындысы бар гиперболалық тендеулер жүйелері үшін бейлокал шеттік есептер» тақырыбында қорғалған докторлық диссертацияның негізін құрады.

Асанова А.Т. 150-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы. Бірнеше кандидаттық диссертацияларға жетекшілік жасады. Көптеген қоғамдық жұмыстарды атқарумен келеді. Бірнеше ғылыми гранттардың орындаушыларының бірі болды. 2008 жылы БжҒМ ҚР ғылымы мен техникасына сүбелі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болды. Қазақстандағы математика саласындағы ең жас ғылым докторы. Ақтөбеде өткен барлық конференциялардың белсенді қатысушысы. Ең бастысы өзі сияқты жастарды сүйікті математика ғылымына тартып, өнеге болып жүргені жүрегі жылы, әрі ғылымда берері көп еңбек иесі.

9.5. Академик Ляпунов ізімен

Тумысынан еңбекқор, жан-жақты адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленіп тұратын Сайлаубай Сағынбайұлысыз жай дифференциалдық тендеулер зертханасында бір нәрсенің орны толмай тұратын сияқты көрінеді. Еңбекқорлығы туралы айтқанда, оның докторлық диссертациясында 117 ғылыми мақалаларға жасаған сілтемелері ойға оралады. Соншама нәтижелер алып, осы уақытқа дейін қорғамай жүруі өзіне-өзі талап қойғыштығының белгісі сияқты. Өзіне-өзі талап қою жағынан Сайлаубай ұзақ жылдар айналысып жүрген орнықтылық теориясының негізін салушы академик Александр Михайлович Ляпуновты еске түсіреді.

Академик В.А. Стеклов өзінің ұстазы туралы жазған естелігінде А. М.Ляпуновтың «Об устойчивости эллипсоидальных форм равновесия вращающейся жидкости»(Петербург, 1884) магистрлік диссертациясының деңгейі көптеген жақсы жазылған докторлық диссертациясылардан жоғары еді деп бағалайды. Соған қарамастан А. М.Ляпунов өзінің ғылыми зерттеулерін ұзақ жылдар жалғастырып, 1892 жылы әлемдік атақ әкелген «Общая задача об устойчивости движения»(Харьков, 1892, 250 с.) еңбегін баспадан шығарады. Осы жерде әлемдік математиканың дамуында ойып орын алған бірнеше математиктердің ойларының бір жерде тоғысқанына куә боламыз. А. М.Ляпуновқа алғашқы есеп қойып, ғылым жолына баулыған ұстазы орыс математика және механика ғылымдарының мақтаншы академик П.Л. Чебышев. Чебышев қойған есепті шешу мақсатында жұмыс жасаған А. М.Ляпунов ұзақ жылдар әр түрлі әдістерді өмірге әкелді. Ляпуновтың екінші әдісін Сайлаубай да өз еңбектерінде пайдалануда. Аталған, орнықтылық туралы жалпы есепті шығару кезінде, бұл есеппен француздың атақты математигі Анри Пуанкаренің де айналысқаны және ұқсас тұжырым алғаны белгілі болды. Бұл нәтижелерге ұлы математиктердің әр қайсылары өз жолдарымен келген. Замандастарының айтуынша Ляпунов еңбектерінде дәлелдеулер қатаң және жоғарғы дәлдікпен берілген. Осы кезден бастап орнықтылық теориясымен айналысу дүние жүзінде ерекше қарқынмен дами бастады. Оның қолданбалы жағына да көңіл бөлінді. Сол зерттеулердің ішінде Сайлаубай Сағынбайұлының да өз орны бар.

Жұматов Сайлаубай Сағынбайұлы 1948 жылы қаңтар айының 12-ші жұлдызында Павлодар облысы Ертіс ауданының Үлгі колхозында дүниеге келген. 1966 жылы мектепті бітіргеннен кейін 1969- шы жылға дейін әуелі ауыл мектебінде, кейін мал шаруашылығында жұмыс істейді. 1969-1974 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ МУ-де оқып, бітіргеннен кейін Арқалық педагогика институтына жұмысқа жіберіледі. 1976-1979 жылдары ҚР ҰҒА-ның Математика институтының аспирантурасында оқыды. Аспирантурадан кейін институттың жай дифференциалдық тендеулер зертханасында жұмысқа

қалдырылды және орнықтылық теориясы саласындағы белгілі ғалым Майғарин Баяхмет Жұмағалиұлының жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастырады. Алған нәтижелерін жинақтап, 1984-жылы «Автоматтық басқару жүйелерінің бағдарламалық көпбейнесінің орнықтылығы және өту үрдістерінің бағалары» атты тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғады.



Ф.-м.ғ.д., профессор, С.С. Жұматов

Сайлаубай Сағынбайұлының 1979-ші жылдан бергі өмір жолы Математика институтымен байланысты. 2008-ші жылға дейін жай дифференциалдық теңдеулер зертханасында жұмыс жасап, одан кейін динамикалық жүйелер зертханасында қызмет етіп келеді. Ол жоғарғы ретті туынды бойынша шешілмеген, айқын емес дифференциалдық жүйелер, берілген бағдарлама бойынша орнықты басқару жүйелерін құру мәселелерімен шұғылданады. Ляпуновтың екінші әдісін жетілдіру нәтижесінде айқын емес дифференциалдық жүйелердің бағдарламалық көпбейнелерінің асимптотикалық орнықтылығын, диссипативтілігін, конвергенттіліктерін орнатты. Сызықсыз дифференциалдық теңдеулердің бағдарламалық көпбейнелерінің асимптотикалық орнықтылығының қажетті

және жеткілікті шарттарын анықтады. Ғалымның бұл ізденістері Ресей халықтар достығы университетінде профессор А.С.Галиуллин мектебі жүргізіп жатқан «Динамиканың кері есептері және бағдарламалық қозғалыстың жүйелерін құру» ғылыми зерттеулерімен тығыз байланысты. Алынған нәтижелерін жинақтап, 2010 жылы «Айқын емес дифференциалдық жүйелердің бағдарламалық көпбейнесінің сапалық қасиеттері» атты тақырыпта физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Бұл нәтижелер айқын емес теңдеулер теориясына, дифференциалдық теңдеулер құру теориясына қосқан қомақты үлес болып табылады.

Сайлаубай Сағынбайұлының 130-дан астам еңбектері белгілі математикалық басылымдарда жарық көрген. Оның ішінде «Орнықтылық және басқару есептеріндегі Ляпуновтың екінші әдісі» (Крементуло В.В., Майғарин Б. Ж.-лермен бірге) атты монографиясы да бар. Зерттеулер нәтижесі бойынша Халықаралық ғылыми конференцияларда, конгрестерде, съездерде баяндамалар жасап келеді. Мысалы, V-ші Халықаралық ғылыми конференциясында: «Конвергентность программного многообразия нелинейных систем управления»-баяндамасымен шықса, Ержанов оқуларында: «Автоколебания программного многообразия нелинейных систем автоматического управления», «Нерастягивающиеся автоколебания программного многообразия нелинейных систем» аталатын баяндамаларымен шықты, яғни өзі айналысатын тақырыпты жан-жақты қамтығанын көруге болады.

Жоғарыда келтіргендей бұлай бірігіп жұмыс жасаған байланыстардан екі жақтың да ұтыста болатыны көрінеді. Ал байланыстың жемісті болуына университет ректоры К.К.Кенжебаев пен зертхана меңгерушісі профессор Д.С. Жұмабаевтар арасындағы достық байланыстардың да рөлі зор екендігі түсінікті.



ТӨРТІНШІ ТАРАУ

«ЕРЖАНОВ ОҚУЛАРЫ» АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

§1. «II Ержанов оқулары»

Ақтөбе университеті өзінің ғылыми байланыстарын кеңейтіп, 2007 жылдан бастап ҚР Ұлттық инженерлік академиясымен, Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтымен біріккен конференциялар өткізе бастады. Олар «Ержанов оқулары» деген атпен белгілі.

«II Ержанов оқулары» атақты геомеханик, ҚР ҰҒА академигі Жақан Сүлейменұлы Ержановтың 85 жылдығына және белгілі ғалым, ҰИА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы Айсұлтан Абдолұлы Қалыбаевтың 60 жылдығына арналды. 2007 жыл Қазақстанның Украинадағы жылына тұспа-тұс келіп тұр. Ал академик Ержанов Ж.С. Украинада ұзақ жылдар жұмыс жасағандығы белгілі.

А.А. Қалыбаев Ақтөбе өңірінің тумасы, Қазақстанның механика ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан ғалым.

Конференцияның мақсаты академик Ж.С. Ержановтың ғылыми идеяларын дамытуға және механика мен математиканың белгілі бір бағыттарының қазіргі кезеңдегі қалпы мен даму болашағын бағамдап, талқылау. Аталған бағыттарға:

- Геомеханика, тектоникалық үдерістер механикасы, тау жыныстарының механикасы, жер асты құрылымдарының теориясы.
- Теориялық және қолданбалы механика, оның аспан әлемінің қалыпты және жасанды динамикасын, жұлдызды және галактикалық жүйелерді зерттеуге қолданылуы.

- Қолданбалы математика, математикалық, физикалық, компьютерлік модельдеу мен ақпараттық технологиялар жатады.

Конференция 2007 жылы маусымның 19-21 жұлдыздары аралығында өтті.

Ұйымдастыру комитеті:

Кенжеаев К.К. – төраға,
Уәлиев Г.У. – теңтөраға,
Сартабанов Ж.А. – төраға орынбасары,
Әбдіқалықова Ғ.Ә. – ғылыми хатшы.
Барлығы 18 адам.

Бағдарлама комитеті:

Айталиев Ш.М. – төраға,
Білиев Н.Қ. – теңтөраға,
Қалыбаев А.А. – төраға орынбасары.

Барлығы 25 адам. Оның құрамына Ресей, Украина, Қырғыстан және Қазақстанның механикасымен, математика және оның қолданбаларымен айналысатын белгілі ғалымдар енген.

1.1. Конференция қонақтары

Конференцияға Ресей, Украина, Қырғыстан және Қазақстаннан 245 адам қатысуға тілек білдірді. Оның 100-ге жуығы ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ғалымдар, ғылыми зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері.

Конференцияның жұмысы екі секцияда ұйымдастырылды.

Пленарлық мәжілістер.

I секция. Теориялық, қолданбалы және аспан механикасының мәселелері – 91 баяндама.

II секция. Қолданбалы математика және ақпараттық технологиялар мәселелері – 71 баяндама.

Пленарлық мәжілістерге конференцияның мақсатын ашатын бір топ баяндамалар ұсынылды. Атап айтқанда:

1. Гузь А.Н. академик НАНУ (Институт механики НАН Украины)

Механика и математика в XXI веке.

Академик А.Н. Гузь академик Ж.С. Ержановпен ұзақ жылдар байланыста болған Украинаның белгілі ғалымы.

2. Айталиев Ш.М., академик НАН РК.

Новые задачи геомеханики

3. Опарин В.Н., чл.-корр. РАН (Институт горного дела СО РАН).

Научные отрывки межтысячелетия в геомеханики и перспективы их приложения.

4. Айтматов И.П., академик НАН РК (Институт физики и механики горных пород НАН РК).


Проблемы естественной и техногенной геодинамики недр земли.

5. Журавлев С.Г., профессор (МАДИ НОН РФ).

Аналитический обзор проблем небесной механики и звездной динамики - т.б. баяндамалардың конференцияның мақсатына үндес екендігі көрініп тұр. Олар үлкен қызығушылықпен тыңдалды. Ресей ҒА Сібір бөлімінде қазіргі заман талаптарына сай геомеханиканың, аспан әлемі механикасының, есептеуіш математикасының және математиканың қолданбаларын зерттеудің жақсы қойылғаны және әлемдік деңгейдегі ғылыми проблемаларды шешумен айналысатындықтары белгілі. Новосібірден келген бір топ ғалымдардың конференцияға қатысуы оның жұмысына жақсы серпіліс берді. Екі ел ғалымдарының арасындағы байланыстың нақты көрінісі ретінде қабылданды. Конференция соңында «Беспроводные широкополостные инфосистемы» (академик МАИ Киян О.Н.) тақырыбына дөңгелек үстел өтті. Сымсыз байланыстың аталған түрінің артықшылықтары көрсетіліп, оны талқылауға еліміздің белгілі механик және математик ғалымдары атсалысты. Оның төңірегінде туындаған көптеген сұрақтарға академик Қалыбаев А.А. жауап берді. Конференцияның жабылуында, қатысушы ғалымдар оның жұмысының жоғарғы деңгейде ұйымдастырылғанын және мақсатына жеткенін атап өтті. Конференцияны әрбір үш жыл сайын өткізіп отыруға шешім қабылдады. «III Ержанов оқуларын» Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде өткізілгені дұрыстығына тоқталды.

1.2. Академик Ержанов –Жер механикасы ғылымының негізін салушы

Қазақстанның механика саласында жұмыс жасаған ғалымдарының жүрегіне жақын бір есім бар. Ол – дүние жүзіне танымал ғалым-механик, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҰИА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Ержанов Жақан Сүлейменұлы (1922-2003жж.).



ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Ж.С.Ержанов (1922-2003жж.).

Жақан Сүлейменұлы Ержанов 1922 жылы ақпан айының 10 жұлдызында Павлодар облысының Баянауыл ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1944 жылы Қазақ политехникалық университетін маркшейдер мамандығы бойынша бітіреді де, КСРО ҒА Қазақ филиалының аспирантурасына механика мамандығы бойынша оқуға түседі. Аспирантураны ойдағыдай бітіріп, 1949 жылы кандидаттық

диссертациясын қорғайды. Оның ғылыми педагогтық жолы Қазақ мемлекеттік университетінде басталады да, Украинаның Днепропетровск қаласында жалғасады. Онда 1951-1960 жылдары тау-кен институтында доцент болып жұмыс жасайды. Осы кезде оның ғылыми бағыты қалыптасып, Одақ көлеміне танымал бола бастайды. Сондықтан 1960 жылы КСР ҒА-ның президенті, академик Қ.И. Сәтбаев Жақан Сүлейменұлын КСР ҒА-ның Математика және механика секторының зертхана меңгерушілігіне шақырады. Белгілі ғалымның қалған өмір жолы Қазақ КСР ҒА-на байланысты.

1963 жылы КСРО ҒА-ның Сібір бөлімінде Новосібір қаласында докторлық диссертациясын қорғайды. Ол жоғары деңгейде жүргізілген ғылыми зерттеулерімен қатар, үлкен ғылымның ұйымдастырушысы ретінде де белгілі.

Ж.С. Ержанов Математика және механика институтының ұйымдастырушыларының бірі. 1966 жылы алғашқы ұйымдастырылған кезде жарты жыл институт директоры болып, кейін директордың орынбасары қызметін атқарды. 1965-1968 жылдары зертханалар құрамындағы механика бөлімін де басқарды. 1969 жылы профессор ғылыми атағын алса, 1970 жылдан бастап ҚР ҰҒА-ның академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1971).

1968-1976 жылдары аралығында Қазақ КСР ҒА Президиумының бас ғылыми хатшысы, ал 1976-1986 жылдары Жер туралы ғылым бөлімінің академик хатшылығы қызметтерін атқарды. Сонымен қатар Қазақстанның Жер механикасы ғылымының, жалпы механика мен оның қолданбаларының қарқынды дамуына байланысты жаңа институт ашу қажеттілігі туындады.

Жақан Сүлейменұлы жаңа Сейсмология институтын ашуға ұйтқы болды және оның тұңғыш директоры болып сайланып, ол қызметті 1976-1986 жылдары аралығында атқарды.

1987-1991 жылдары Математика және механика институтында зертхана меңгерушілігі қызметін атқарды. Ол, жаңадан ашылған Механика және машинатану институтының ұйымдастырушыларының бірі болды. Сол институтта 1991 жылдан бастап механика бөлімін басқарды. 1993 жылы ҚР Инженерлік академиясының академиктігіне сайланды. Оның

еңбектері шет ел ғалымдарына да жақсы таныс. 1971-1985 жылдары Қазақ КСР ҒА мен ГДР-дің Лейпциг және Потсдам қалаларындағы институттарының механика бойынша ортақ ғылыми зерттеулеріне жетекшілік жасады.

Ж.С. Ержанов механика бойынша фундаменталь зерттеулерге өлшеусіз үлес қосты, қазіргі Жер механикасын зерттеудің жаңа бағыттарын ашты. Бұл нәтижелер жаңа ғылыми мамандық – геомеханиканың ашылуына келтірді. Жердің тектоникалық дамуын зерттеуге де маңызды үлес қосты. Жердің айналуының жалпы теориясын дамытуға қатысты кешенді зерттеулер жүргізілді.

Академик Ж.С. Ержанов өзіндік ерекшелігі бар механика мектебін құрушы. Қазақстанда жұмыс жасаған жылдары 35 ғылым докторы мен 93 ғылым кандидаттарын дайындады. Олардың қатарында ҚР ҰҒА мен ҚР ҰИА-ның академиктері де бар. 350 жеке және бірге жасалған жұмыстардың авторы. Оның ішінде 40 монография да бар. Еңбектерінің көбі шет ел басылымдарында жарық көрген.

Қазақстан Республикасына сіңірген еңбектері ескеріліп, бірнеше қайтара орден, медальдармен марапатталған. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері. Белгілі ғалым және ұйымдастырушы, Қазақстандағы теориялық және қолданбалы механиканың дамуына өшпес үлес қосқан ғалым еңбегін насихаттау және есте қалдыру мақсатында «Ержанов оқулары» ұйымдастырылуда. Бұған Ақтөбе университеті де өз үлесін қосып келе жатыр. 2007 жылы – II-ші, ал 2010 жылы – III-ші «Ержанов оқулары» Ақтөбе университетінде өтті.

§2. Академик Қалыбаев 60-та

Ақтөбе университетінде ұйымдастырылған «II Ержанов оқулары» Халықаралық ғылыми-техникалық конференциясының ҚР ҰҒА-ның академигі Ж.С. Ержановтың 85 жылдығы мен ҚР ҰИА-ның академигі А.А. Қалыбаевтың 60 жылдығына арналғанын жоғарыда келтірдік. Конференцияның ашылуына арналған Пленарлық мәжілісте, оған қатысушылар ҚР ҰИА-ның академигі А.А. Қалыбаевты туылғанының 60 жылдығымен, ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық

және мемлекеттік қайраткерлігінің 40 жылдығымен құттықтады. Өзінің ұстазы академик Ж.С. Ержанов атындағы медаль табыс етілді.



ҚР ҰИА-ның академигі А.А. Қалыбаев

Айсұлтан Абдоллаұлы академик Ержановтың талантты оқушыларының бірі. 1973 жылы Қазақ КСР ҒА-ның аспирантурасына түсіп, академик Ж.С. Ержановтың жетекшілігімен ғылыми жұмысын жүргізе бастағаннан бері ұстаз бен шәкірт бірге. Көрнекті ұстаз Айсұлтандай талантты шәкірттің болғанын түсінді. Оның ғылымдағы –өмір жолының қалыптасуына ықпалын тигізіп отырды, табыстарымен қуанды. Осы жарасымдылық ұстаз өмірден өткенша жалғасты. Ұстазымен соңғы кездесуі туралы Айсұлтан Абдоллаұлы былай дейді: «...последним местом моей беседы о будущем науки, о главных приоритетах её развития, роли и месте науки в жизни страны, народов и мира была больничная палата. И эта палата превратилась в храм науки потому, что в ней находился на лечении академик Жакан Сулейменович Ержанов. Он говорил, что хотел бы заняться именно проблемой реконструкции

праматерика, который дал большие осколки в виде крупных ныне существующих материков. И мне казалась, что он полон сил и еще далеко его смерть, и он еще долго будет с нами...» (Вестник Национальной Инженерной Академии РК, №1(11), 2004г.). Шын ғылым адамын көкейінде жүрген ашылмаған жаңалықтар алға жетелейді. Жақан Сүлейменұлының да көкейінде жүрген сондай арманы байқалады. Орындалмаған ой-армандар шәкірттеріне аманат болып қала береді. Келтірілген сөздерден шәкірттің қимас көңілі де аңғарылады.

Айсұлтан Алдоллаұлы Қалыбаев 1947 жылы қаңтардың 27 жұлдызында Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданының Ақсу елді мекенінде туылған. 1964 жылы Ембі қаласында №456 (№49) -мектебін алтын медальмен бітіргеннен кейін, С.М Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түседі. Оның ғылыми жұмысқа икемділігі студенттік кезінде, ерте байқалған. 1967 жылы 4 курста оқып жүрген кезінде Қазақ КСР ҒА академигі А.Д. Таймановтың жетекшілігімен орындаған студенттік ғылыми жұмысы алгебра мен математикалық логикадан өткен студенттердің Бүкілодақтық конференциясында жақсы баға алып, оның материалдарында (1969, мамыр) жарық көрді, КСРО ҒА-ның хабарларының математикалық сериясында қысқаша аннотациясы басылды.

Әскер қатарынан оралғаннан кейін 1973-1977 жылдары академик Ж.С. Ержановтың жетекшілігімен жұмыс жасап, 1977 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Кандидаттық жұмысы теориялық механиканың және қадағалау астрометриясының өзекті мәселелеріне арналды. Кейінірек, Айсұлтан Абдоллаұлының КСРО ҒА-ның Докладтарында жарияланған, нақты уақыт масштабында Жер айналымының полюстері қозғалысының орыны мен параметрлерін анықтайтын формуласы «Қалыбаев формуласы» деген атпен космостық геодезияның оқулықтарына енді. Полюстердің қозғалысы проблемасы А.А. Қалыбаев жұмыстарында теориялық және практикалық шешімдерін тапты. Практикалық тұрғыдан бірнеше Халықаралық ұйымдардың бақылауларымен нақтыланды.



«П Ержанов оқулары» Халықаралық ғылыми конференциясының ашылуы (Ақтөбе, 2007).



ҚР ҰИА-ның академигі А.А. Қалыбаев университет ғалымдарымен бірге (Ақтөбе, 2007).



«II Ержанов оқулары» Халықаралық ғылыми конференциясына қатысушылар (Ақтөбе, 2007).



ҚР ҰИА-ның академигі А.А. Қалыбаев университет ғалымдарымен өз жұмыстары бойынша ой бөлісуде (Ақтөбе, 2007).

Кеңестер Одағының геодезиялық жерсеріктерін ұшыруды Басқару жүйелері және Кеңестік қызметтер ендігі Бағдарламаларына қатысты зерттеулер циклы үшін, оған Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы (премия) (1977) берілді. Жер құрылымы мен қозғалысына қатысты зерттеулерін жинақтап, 1984 жылы «Общая теория вращения Земли», Наука, Москва, 1984 монографиясын шығарды.

Ғылым жолындағы тынымсыз еңбегін тұжырымдап, 1988 жылы физика-математика ғылымының докторлығына диссертация қорғады, 1989 жылы – профессор, Петр ғылым және өнер академиясының – академигі (РФ, 1993ж.), Космонавтика Халықаралық академиясының – академигі (1994ж.), ҚР ҰИА-ның академигі (1997ж.), С.П. Королев атындағы медальдың иегері.

Жаңа ұйымдастырылған Қазақ КСР ҒА-ның Механика және машинатану институтының директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары және жалпы механика зертханасының меңгерушісі қызметтерін де атқарған.

1991-1992 жылдар Айсұлтан Абдоллаұлының өміріне жаңа өзгерістер әкелген жылдар болды. Бұл кезде «Байқоңыр» ғарыш айлағының тағдыры шешілген жылдар болды. 1992 жылы ҚР Министрлер кабинеті жанынан Ұлттық аэроғарыш агенттігі құрылды. Оның бірінші орынбасары ал кейін Агенттіктің бас директорлығы қызметтерін атқарды. Аталған қызметте, оған Қазақстан үшін жаңа өнеркәсіп саласын құрумен, кадр дайындаумен, инфрақұрылымдарды жаңартумен, Қазақстанның халықаралық ғарыштық ұйымдарға мүше болуы т.б. көптеген мәселелерді белсенді түрде шешу қажет болды. Сонымен қатар, Ресейдің ғарыш құрылымдарының Қазақстанға келтірген зияндарын дәлелдеу де оңайға түскен жоқ. Ол бастауында тұрған ұлттық ғарыштық ғылым және оған қатысты өнеркәсіп даму үстінде.

Белгілі ғалым соңғы жылдары бірнеше жаңа бағыттарды зерттеулерді қатар жүргізуде. Заттардың физика-химиялық табиғатын зерттеу бағытында біршама жаңалықтар ашылды. Нәтижесінде бірнеше авторлық куәліктер мен патенттер алынды

(1994-2006ж.). Мазут өңдеуді атқаратын екі өндіріс объектісі, оның басшылығымен құрылысын аяқтап келеді.

А.А. Қалыбаев жаңа қанат моделі мен ұшу аппаратының авторы. Қоғамды ақпараттандыруға да қатысты белсенді жұмыстар атқарып келеді. Мәліметтерді жіберу-қабылдаудың сымсыз кеңалапты жүйелерін құру соның бір мысалы.

Академик А.А. Қалыбаев 4 фундаментал ғылыми монографиялардың авторы, 80 ғылыми жұмысы және 30 авторлық куәліктері мен патенттері бар. Бір докторлық және 20 кандидаттық диссертацияларға жетекшілік жасаған. Еңбектері алыс және жақын шет елдердің орталық басылымдарында жарық көрген. Дүниежүзілік ғылым әлемінде өзіндік ерекшелігі бар механика мектебінің жетекшісі.

§3. «Ержанов оқулары-III»

«III Ержанов оқулары» ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының 20 жылдығына арналды. Халықаралық ғылыми-техникалық конференция Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мамлекеттік университетінде 2010 жылғы мамыр айының 21-22 жұлдыздары аралығында өтті.

Бағдарлама комитеті:

Кенжебаев К.К – төраға,

Жұмағұлов Б.Т. – теңтөраға,

Қалыбай А.А. – төраға орынбасары.

Комитетте Ресей, Өзбекстан, Германия, Украина, Қырғыстан және Қазақстанның 29 ғалымдары бар. Олардың бәрі де Отандық және дүние жүзілік механика ғылымына еңбектері сіңген белгілі ғалымдар.

Ұйымдастыру комитеті:

Кенжебаев К.К – төраға,

Баймұхамбетов А.А. – теңтөраға,

Сартабанов Ж.А. – төраға орынбасары,

Әбдіқалықов Қ.Ә. – төраға орынбасары,

Шілмағамбетова Ж.Ж. – ғылыми хатшы.

Барлығы 18 адам. ҰҒА мен ҰИА Астана және Ақтөбе қалаларының өкілдері.

Конференцияның мақсаты бұрынғыша академик Ж.С. Ержановтың ғылыми идеяларын дамытуға және механика мен математиканың белгілі бір бағыттарының қазіргі кезеңдегі қалпы мен даму болашағын бағамдап, талқылау. Негізгі бағыттарға не жататыны II-Конференцияда көрсетілген.

3.1. Конференция қонақтары

Конференцияға қатысуға 255 адам тілек білдірді. Оның жұмысы Пленарлық мәжілістер және үш секцияға бөлініп жүргізілді.

I секция. Жер механикасы, тау жыныстары механикасы, аспан механикасы – 45 адам.

II секция. Теориялық және қолданбалы механика, деформацияланатын қатты денелер механикасы – 70 адам.

III секция. Қолданбалы математика, Ақпараттық технологиялар – 140 адам.

Пленарлық мәжілістерде конференция мақсатына үндес бір топ мақалалар тыңдалды. Атап айтқанда:

- Қалыбай А.А. д.ф.-м.н., профессор, академик НИА РК. Механика Земли и ее основатель-академик Ж.С. Ержанов.
- Ройтер М., Векслер Ю.А. д.т.н., профессор, Дахау, Германия. Прогноз вероятности горных ударов в очистных забоях шахт.
- Академики Масанов Ж.К., Тюреходжаев А.Н., доктор наук Баймұхаметов А.А., Кудайкулов А.К.
- Перспективы развития научных идей академика Ж.С. Ержанова-основателя казахстанской школы геомеханики и механики деформируемого твердого тела.
- Болтенгаген И.Л. к.т.н. (Новосибирск, Россия). Стационарные орбиты спутников планет т.б.

Пленарлық мәжілістерде жасалған баяндамар ішінен екі баяндамаға ерекше тоқталғымыз келеді.

1. К.К. Кенжебаев – ректор АГУ им. К.Жубанова, академик НИА РК., д.ф.-м.н., профессор «Университет и инженерная политика периода индустриализации страны в Актюбинской области».

К.К. Кенжебаев - өзінің баяндамасында конференцияға қатысушыларды территориясы жағынан елімізде екінші орында тұрған Ақтөбе облысының пайдалы қазбаларымен, ірі өндіріс орталықтарымен, жан-жақты байланыстарымен таныстырып өтті.

2015 жылға дейін 112 ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қарастырылған. Оның ішінде Лақтыбайдағы бұрғылау скважинасы, «Жаңа-Қарағаштыдағы» никель-ковалыт өндіріс орны, мұнай өңдейтін кешендер, битум заводы т.б. Ақтөбе университеті оларда болашақта жұмыс жасайтын кадрлар дайындаумен айналысады. Инженер-техникалық факультетте жаңа мамандықтар ашылып, ғылыми кадрлар дайындау жолға қойылған. Өткізіліп жатқан «ІІІ Ержанов оқулары». Сол ғылыми байланыстың бір көрінісі екендігі атап өтілді, университеттің басқа да жетістіктерімен қатысушылар таныстырылды.

2. А.К. Төлешов – Вице-президент НИА РК, академик «Национальная инженерная академия Республики Казахстан».

А.К. Төлешов – 20 жылдығы аталып өтіп жатқан ҚР ҰИА-ның қысқаша тарихымен, жасалып жатқан ғылыми жұмыстармен т.б. қол жеткен табыстармен таныстырды.

1991 жылы Қазастанның инженерлер Одағының негізінде КСРО Инженерлік академиясының Қазақ бөлімшесі құрылып, ол кейін ҚР ИА-на айналды. Академияның бірінші президенті-академик Ө.А. Жолдасбеков. 1999 жылдан бері ҚР ИА президенттігін белгілі ғалым Б.Т. Жұмағұлов атқарып келеді.

Қазіргі кезеңде академияның 14 бөлімшесі, 13 облыстық филиалдары, 25 инженер-техникалық, инженерлік орталықтары бар. Олар ірі өндіріс орындарымен байланыста. Академияда 125-академиктер, 151-корреспондент-мүшелер еліміздің барлық инженерлік корпустарынан тіркелген. Оның 52-академигі және 37 корреспондент-мүшелері Халықаралық инженерлік академияның мүшелері. ҚР ҰИА-сы «Қазақстанның индустриальды-инновациялық даму стратегиясы» және «Қазақстан-2030» бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында белсенді қызметтер атқаруда. Академия 100-ден астам ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру мақсатында жұмыс жасауда. Ол бағдарламалар мен жобаларды

ҚР БжҒМ, энергетика және минералды ресурстар, қоршаған ортаны қорғау, көлік қатынасы және коммуникация министрліктері, ірі отандық және шет елдік компаниялар қаржыландырады.

Академия жыл сайын Халықаралық симпозиумдарға, конгрестерге, конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысады. Тек, соңғы бес жылда академияның өзі 3-ғылыми жетістіктер көрмесін, 26-ғылыми-практикалық конференцияларды, 12-дөңгелек үстелдер өткізді. Қарастырылған мәселелер еліміздің экономикасының индустриалды-инновациялық дамуына арналды.

Қазақстанның инженер кадрларының мәліметтер қоры жасалып, оған 5 мың маман туралы мағлұматтар енгізілді. Кадр дайындау мәселесіне тұрақты көңіл бөлінеді. Сол мақсатта атаулы стипендиялар тағайындалады. Сыйлықтар мен медальдар тағайындайды. Көптеген шет елдік ұйымдармен байланыс бар. Баспа мәселесі жолға қойылған. Квартал сайын «Вестник Инженерной академии РК» журналы, екі ай сайын «Нефть и газ» журналы жарық көреді. 70-тей монографиялар мен кітапшалар жарық көреді, 320-дан астам патенттер алынады.

ҚР ҰҒА-ның жыл сайын ғылыми-техникалық базасы нығайып келеді және ол еліміздің экономикасын индустриалды-инновациялық дамыту мақсатында қызмет жасауда.

3.2. Құпия жазу әдістерін меңгерген

Қазіргі кезеңде математиканың әр түрлі облыстарында ақпараттарды сақтау және жеткізуге қатысты мәселелер зор мағынаға ие болды. Ақпараттарды сақтау мен жеткізуге қатысты есептерді шығаруда криптография ғылымының орны бөлек. Криптография ақпараттарды заңсыз пайдаланушыларға қарсы қолданылатын ақпараттарды түрлендіру әдістері туралы ғылым. Ал криптографияның жан-жақты қолданылуына қатысты әдістердің дамуында сандар теориясының алатын орны ерекше. Криптографияны – құпия жазу деп те атайды. Құпия жазу әдістерімен адамзат мыңдаған жылдар бұрын айналысқан және ол шифрлау арқылы жүргізіледі. Ерте дүниедегі шифрлауға

катысты Плутархтың, Аристотельдің, Полибийдің, императорлар Ю.Цезарьдың, Августың т.б. есімдерін кездестіруге болады.



Техника ғылымдарының докторы,
профессор Қ.Ә. Әбдікалықов

Есептеуіш техниканың жедел дамуына байланысты ақпараттық қауіпсіздік – деп аталатын термин дүниеге келді. Есептеуіш құрылғылар мен ақпараттық орталардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету де кезек күттірмейтін мәселе болды. Мұнымен дүние жүзінің ғалымдары ұзақ уақыттардан бері айналысып келеді. Ол үшін арнайы цифрлы жеткізушілер де пайдаланылады. Аталған проблемалармен Украина ҰҒА-ның Кибернетика институты ұзақ жылдардан бері айналысып келеді. Сол институтта жұмыс жасайтын, белгілі ғалым Украина ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі В.К. Задираканың жетекшілігімен ақпараттық қауіпсіздікті зерттеуге қазақ ғалымы Қ.Ә. Әбдікалықов та өз үлесін қосты.

Қуантай Әмірғалиұлы Әбдікалықов 1956 жылы наурыз айының 20-шы жұлдызында Ақтөбе облысының Мұғалжар



Профессор Қ.Ә. Әбдіқалықов секция жұмысын бастауға дайындалуда. Ақтөбе (2009).



Профессорлар Қ.Ә. Әбдіқалықов пен Ж.Н. Тасмамбетов

ауданының Егіндібұлақ елді-мекенінде дүниеге келген. Әкесі-мұғалім, анасы Қалампыр- үй шаруасында болған адам. Қуантайдың ақпараттар теориясымен алғашқы танысуы, оның Алматы Халық шаруашылығы институтының «Экономикалық ақпаратты механикалық өңдеумен ұйымдастыру» және «Автоматтандырылған жүйемен басқару» мамандығына оқуға түсуден басталады. Институтты 1979 жылы бітіргеннен кейін еңбек жолын Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогика институтында математикалық анализ кафедрасының оқытушылығы қызметінен бастайды.

1984-1989 жылдары Киев қаласында Украина ҰҒА-ның В.М. Глушков атындағы Кибернетика институтында алдымен өтіл-зерттеуші, кейін аспирантура өтеді. Кандидаттық диссертациясын 1989 жылы қорғаған. Осы бағыттағы ғылыми жұмыстарын тереңдете зерттеу нәтижесінде 2006 жылы «Жылдам ортогональды түрлендірулер негізінде ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттарды өңдеу есептерінің шешімдерінің компьютерлік технологиясы» атты тақырып бойынша докторлық диссертация қорғап, техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік бойынша жетекші мамандардың біріне айналды. Ол 170-ке тарта ғылыми мақалалар жариялаған., 3 монографиясы, 5 оқу құралы және 1 ақпараттық қауіпсіздігін қорғаудан сөздік кітаптары жарық көрген. Тынымсыз еңбегімен кейінгі өскелең ұрпаққа үлгі болып жүрген ғалым.

Қуантай Әмірғалиұлы ұстаздықтың да барлық сатыларынан өткен. 1990-1992 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика институтында доцент, физика-математика факультетінің деканы қызметтерін атқарды. 1992-1997 жылдары ғылыми және тәрбие ісі жөніндегі проректоры болды.

Қ.Ә.Әбдіқалықов 1998-2000 жылдар аралығында В.М. Глушков атындағы Кибернетика институтында докторантура өткеннен кейін, 2000 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде жұмыс жасай бастады. «Математикалық модельдеу және қолданбалы математика» кафедрасында доцент, физика-математика факультетінің деканының орынбасары қызметтерін атқарды. 2005 жылы

Сырттай оқу факультетінің деканы, ал 2006-2009 жылдары физика-математика факультетінің деканы болды. 2009 жылдан бастап ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор.

2008 жылдан Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.

Қай істі болса да тындырымды атқаратын Қуантай Әмірғалиұлы өз ісінің маманы. Оның ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметтері лайықты бағаланып, бірнеше қайтара марапатталды.

Қ.Ә. Әбдіқалықов физика-математика факультетінің деканы және ғылыми жұмыстар мен халықаралық байланыстар жөніндегі проректорлық қызметтерін атқару барысында бірнеше Халықаралық конференциялардың өтуіне мұрындық болды. Өзі де бірнеше баяндамалар ұсынып, ақпараттық қауіпсіздік саласында алған алдыңғы қатарлы ғылыми нәтижелерімен бөлісті. Олардың қатарында «III Ержанов оқуларында» жасалған «Классификация и анализ угроз информационной безопасности», «Технологическая схема решения задачи с заданными характеристиками качества» сияқты мақалаларын келтіруге болады.



БЕСІНШІ ТАРАУ

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ САПАРЛАР

§1. Ресей сапарлары

Бір кезде Кеңестер Одағының ортақ астанасы болған Мәскеу қаласында, оның ішінде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде болудың орны ерекше. Біріншіден, Мәскеу университеті дүние жүзіне танымал ғылым мен білім орталығы. Екіншіден, ашылғанына 250 жылдан асқан ғылым мен білім орталығында М.В. Ломоносовтан бастап, А.Н. Колмогоров, И.Г. Петровский, В.В. Голубев, П.С. Александров, Н.Н. Лузин сияқты көптеген орыстың белгілі математиктерінің ізі қалған. Олардың көптерінің есімі дүние жүзі математика әлемінде де танымал. Үшіншіден, осы университетте бірнеше қайтара білім көтеру курстарын өтіп, білім нәрімен сусындағаным да бар. Әсіресе оның бай кітапханасы, кітап дүкендері өзіне тартып тұрады. Сондықтан да, кімде болса онда өтетін ғылыми форумдарға қатысудан жалықпайды. Одан жаңа ғылыми байланыстар іздейді, математика әлеміндегі жаңалықтармен сусындайды.

1.1. Ғылым мен білім ұясы. .

Академик В.А.Садовничий 70-те

Москва университеті және М.В. Ломоносов. Әлемдік деңгейде көрініп, өзінің жан-жақты білім беру сапасы жағынан дүние жүзінде алғашқы бестікте ойып орын алған оқу орындарының бірі Михаил Васильевич Ломоносов атындағы Москваның Мемлекеттік университеті (ММУ). Москва университеті ресейдің ғылымы мен мәдениетінің жолбасшысы. Университет 1755 жылы құрылып, Бірінші Петрдің Ресейде жүргізген реформаларынан кейін, елдің сол кездегі дүние

жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінен артта қалушылығын жою мақсатында қызметтер атқаруға тиіс болатын.. Москва университетінің ашылуына және оның қалыптасуына сіңірген еңбегін бағалап, 1940-шы жылы мамырдың 7-ші жұлдызында Москва университетінің ашылуының 185 жылдық құрметіне, оған ұлы ғалым Михаил Васильевич Ломоносовтың атағы берілген. Ресейде М.В.Ломоносовты жан-жақты бағалайды. Ол орыстан шыққан бірінші академик және орыстың алғашқы университетін ашуға көп еңбек сіңірген ғалым. Ғылымның көптеген салаларында өзіндік із қалдырған шын мәніндегі энциклопедиялық білімді адам. Оптика және жылу, электр қуаты мен тартылыс, метеорология мен өнер, жағрапия және металлургия, тарих және химия, фәлсафа мен әдебиет, геология және астрономия ғылымдарында ашқан жаңалықтары осы уақытқа дейін жоғары бағалануда. Физикалық химия, газ бен жылудың кинетикалық теориясы, материя мен қозғалыстың сақталу заңдылықтары сияқты білімнің жаңа салаларына жол ашты.



М.В.Ломоносовқа ізет. Москва -2009.

М.В.Ломоносовтың математика ғылымына қосқан үлесі тура айтылмағанмен, оның математикалық әдістерді пайдалануға қатысты трактаттары белгілі.

Мысалы: «Математикалық әдістермен негізделген эфирдің табиғаты туралы» (жоғалып кеткен) , «Математикалық әдістермен негізделген электр туралы» трактаттары. Ұлы математик Леонард Эйлер Ломоносов еңбектеріне түсіністікпен қарап, жоғары бағалаған.Профессор атағын алуға кедергілер болған кезде, Ломоносовтың профессорлыққа ұсынылған еңбектеріне Эйлердің жазған жақсы пікірінен кейін, оған- 1745 жылы профессор атағы берілді.

Сол кездегі Еуропада ғылым тілі ретінде латын тілі үстемдік еткеніне қарамастан орыс тілінде студенттерге алғашқы дәріс оқыған да Ломоносов. Москва университетінің түлегі және онда қызмет жасаған, сол дәрісті тыңдаған фәлсафашы Н.В.Поповский орыстың ғылыми терминдері мен оның қалыптасудағы жетістіктері туралы «Нет такой мысли, кою бы по-российски изъяснить было невозможно» деп жазған болатын. Бұл, сол кездегі орыс зиялыларының өз еліне және өз тілдеріне деген патриоттық сезімдерін көрсетеді.

Арада ғасырлар салып келген тәуелсіздігімізбен бірге, бізде де, халқымыздың көңіліне қазақ тіліне деген осындай патриоттық сезім мен құрмет ұяласа деген ойға еріксіз келесің.

Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин, ұлыларға тән дәлдікпен «Ломоносов ұлы адам болды.... Ол бірінші университетті құрды. Дұрысы, оның өзі біздің университетіміз болды» - деп атап өткен болатын.

Ұлы Отан соғысын (1941-1945жж.) жеңіспен аяқтаған Кеңестер Одағы алдына ғылым, білім салаларында және спортта әлемдік деңгейде көріну туралы мақсат қойды. 1948 жылдың 15-ші жұлдызында КССР-дың Министрлер Кеңесі Ленин тауларында (Воробьев таулары) Москва университеті үшін жаңа құрылыс кешенін салуға шешім қабылдады.

Құрылыс жұмыстары 1949 жылғы қаңтарда басталып, қысқа мерзім ішінде 1953 жылы аяқталды. 1953 жылдың қыркүйегінің 1-ші жұлдызында жаңа оқу жылы басталған болатын. Университет кешені 167 га аумақта орналасқан. Бас ғимарат 34 қабат, оның биіктігі 240 м, көркемделген шпилінің

өзінің биіктігі 57 м. Масақ дәнімен жиектелген жұлдыздың диаметрі 9 м. студенттер үйі 9 мың студент тұруға арналған. Студенттер үйі бас ғимаратта және студенттер тұрмысына қажетті барлық жағдайлар қарастырылған. Қысқасы Кеңестер Одағы азаматтары мақтанышпен айтатын оқу орны өз жұмысын бастады. Көп кешікпей білімге құштар Кеңес жастарының оқу-ағарту білім және тәрбие орталығына айналды.



Ресей ғылымы мен білімінің мақтанышы М.В.Ломоносов атындағы
Москва мемлекеттік университеті

Москва Мемлекеттік университеті Қазақстанға несімен қымбат?

Осы уақыт аралығында Москва университетінен еліміздің көптеген алдыңғы қатарлы азаматтары білім алды, білім көтеру курстарынан өтті және ғылыми диссертацияларын қорғады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

Атақты жазушы, еліміздің мақтанышы Мұхтар Әуезов басына қиын-қыстау кез келгенде аталған университетке ауысып, орыс ғалымдарынан қолдау тапқан болатын. «Абай тануды» әлемге паш етіп, дәрістер оқыған.

Кеңестер Одағы тарағаннан кейін алғашқы болып, Астанада атақты университет филиалы ашылғанды. Қазір

математика, есептеуіш математика және экономика мамандықтарын тандаған қазақ жастары 3-ші курсты Астанада бітіргеннен кейін, қалған оқуларын Москваның мемлекеттік университетінде жалғастырып, сонда білім нәрінен сусындайды.

Ақтөбеліктерді бастап барған белгілі математик, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К.К.Кенжебаев және осы жолдардың авторлары профессорлар Ж.А.Сартабанов пен Ж.Н.Тасмамбетовтер Москва университетімен әртүрлі байланыстарда болды, баяндамалар жасап, білім көтеру курстарын өткен болатын. Астана және Алматы қалаларынан барған академик М.О.Өтелбаев, профессорлар Нұрсұлтанов Е.Д., Темірғалиев Н.Т., Боқаев Н.А., Құсаинова Л.К., Б.Е.Кангужиндер не Москваның мемлекеттік университетін бітіргендер немесе сонда аспирантурада оқып, ғылыми атақтарын қорғағандар.

Бұл конференцияда Қазақстанның облыстық оқу орындары ішінен Ақтөбе мемлекеттік университетінің математиктері ғана болғанын атап өткен жөн.

Академик Садовничий 70-те. Москва мемлекеттік университетінің ректоры, академик Виктор Антонович Садовничийдің 70-жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі кезеңдегі математиканың, механиканың және олардың қолданбаларының проблемалары» атты Халықаралық конференция 30 наурыз -2 сәуір 2009ж аралығында өтті. Конференцияға қатысуға 900 адам тілек білдірген. Пленарлық баяндамалар фундаменталь кітапханада түске дейін, ал секциялар жұмыстары университеттің өз ғиматарында түстен кейін ұйымдастырылды.

Мерейтой иесінің бір сағатқа созылған «Математика, механика және олардың қолданбалары» тақырыбындағы баяндамасы өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленді. Өйткені, оның осы кезге дейін жазған 380-нен астам еңбектері математикалық талдау, қолданбалы математика, информатика, теориялық және қолданбалы механика сияқты салаларға арналған. 1939-шы жылдың 3-ші сәуірінде туылған оның бар өмірі 1958 жылы Москва университетінің механика-математика факультетіне

түскеннен бастап, М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетімен байланысты. Осы факультетте аспирантура (1963-1966), оқытушы (1966), доцент, профессор (1975), ғылыми жұмыстар жөніндегі деканның орынбасары (1972), кафедра меңгерушісі (1981-1982, 1982 жылдан бастап математикалық талдау кафедрасының), бірінші проректор (1984)- сияқты кезеңдерінің бәрін өткен. 1967ж.- кандидаттық, 1974ж. – докторлық диссертациясын қорғаған, Ресей ғылым Академиясының 1994 жылы мүше – корреспонденті, 1997 ж. – академигі болып сайланған. Бұдан, оның ғылыми-зерттеу жұмыстары мен әкімшілік қызметтерін ұштастыра білгенін көреміз

1992 жылы Ресейде саяси және экономикалық ахуалдың ушығып тұрған қиын кезінде альтернативті негізде сайлауға түсіп, университет ректоры болып сайланған. Сол қызметті осы уақытқа дейін сәтті атқаруда.

Баяндамалар жасаған және жарыс сөзге шыққандар, оның жанкешті еңбегінің арқасында осы қиын кезеңде Москва университеті өзінің оқу және ғылыми потенциалдарын кемітпей, қайта кеңейте түскенін атап өтіп, алғыс сезімдерін білдіріп отырды. Осы уақыт аралығында жаңадан Фундаменталь кітапхана, клинакалық ғимарат, зертханалық және оқу ғимараттары дүниеге келген.

Құрамында фундаментальды медицина, биоинженерлік, биоинформатика, физикалық химия т.б. мамандықтары бар, қазіргі заман талабына сай 18 факультет, 5-ғылыми-зерттеу институттары ашылған. Қысқасы Москва университеті жаңа ХХІ ғасыр талабына сай жаңа биіктерге құлашын кең жаюда. Қазір құрамында 29 факультет, 9 ғылыми зерттеу институттары, 300 кафедраларды біріктіруде. 31 мың студент, 7 мың аспирант оқиды. Жылына 5 мың маман білім көтеру курстарын өтеді. Оларға 4000 мың профессорлар мен оқытушылар, 5 мың ғылыми қызметкерлер, 15 мың қосымша қызметкерлер-қызмет көрсетеді, дәрістер оқып, ғылыми-әдістемелік жұмыстарына жетекшілік жасайды. Білім және ғылым орталығына айналған оқу орнында ғылыми жетістіктер жоғары қойылады. Жылына 1500 адам кандидаттық, 250 ғылыми қызметкерлер жоғарғы деңгейлі докторлық диссертациялар қорғайды. Бұл Кеңестер



Академик В.А. Садовничийдің журналистермен сұхбаты. Москва(2009).



Академик В.А. Садовничий және профессорлар Н.Х. Розов пен А.А. Шкаликов. Москва (2009).



Қазақстандықтардың мерей той иесін құттықтау сәті. Москва (2009).



Қазақстандықтар академик В.С. Владимировпен бірге. Москва (2009).



Академик К.К. Кенжебаев пен профессор Ж.А. Сартабанов
М.В.Ломоносов ескерткіші жанында. Москва (2009).



Академиктер К.К. Кенжебаев пен Т.Ш. Қалменовтер өнер туындысын
қызықтауда. Москва (2009).



Мерей тойға қатысқан бір топ Қазақстандықтар. Москва(2009).



Профессор Ж.А. Сартабановтың баяндама жасап тұрған кезі. Москва (2009).

Одағы тарағаннан кейінгі жекелеген мемлекеттеріміздің қол жеткізе алмай жүрген табысы сияқты.

Қадамынды басқан сайын ғылымға, ғылым адамдарына деген құрметті көресің. 104 жыл жасаған, атақты математик, академик С.М. Никольский, академиктер В.С. Владимиров, А.Б. Костюченко, В.А. Ильин, О.В. Бесов сияқты аға буын өкілдеріне мерейтой иесінің өзі бастап, жасаған құрмет кімге болса да үлгі болғандай. В.А.Садовничий 50-ден астам отандық және шет елдік университеттердің, ғылыми-зерттеу институттарының, академияларының құрметті профессоры және докторы.

Ресейде және халықаралық деңгейде ғылым мен оқу-ағарту істеріне сіңірген еңбегін бағалай отырып, ол көптеген отандық және шет елдік орден, медальдармен марапатталған. Арасында Қазақстанның «Достық» орденімен және Мемлекеттік сыйлығымен марапатталғанын да, атап өткіміз келеді.

В.А.Садовничийдің алғашқы ғылыми-зерттеулері сызықтық операторлардың спектральды теориясымен байланысты болатын. Операторлар теориясына қатысты жұмыстарын жалғастыра отырып, ол математикалық физиканың операторлық есептерін шығару, екі өлшемді сферада Лаплас-Бельтрами операторы ізінің (след) формуласын табу, гидродинамикалық орнықтылық теориясында пайда болатын Орре-Зоммерфельд есебін шығару т.с.с. проблемалық мәселелермен айналысты. Соңғы кездерде кесіндіде берілген Штурма – Лиувилль теңдеуі үшін үзілісті және жалпыланған потенциалдар класын қарастыруға көңіл бөлді.

Конференцияға қатысушылардың қызығушылығын тудырған баяндамалар қатарына Виктор Антоновичтің математика мен механиканың космонавтикада, жер және планеталарды зерттеуде, қозғалысты математикалық модельдеуде қолданылуына қатысты баяндамалар болды. Бұл зерттеулердің әрқайсысына қатысты Москва университетінде ұжымдар, ғылыми-зерттеу институттары құрылған. Мысалы, космонавтикаға қатысты зерттеулер В.А.Садовничийдің басшылығымен Космонавтарды дайындау Орталығымен бірлесе отырып, 1977 жылдан бері жүргізіліп келеді. Қойылған есепті шығару үшін, ғылымның медицина, механика, математика және

басқару теориясы сияқты салаларын біріктіре отырып, жұмыс жасау қажет болды.

Әлемге мәлім мех-мат. Секциялық баяндамалар университеттің бас ғимаратының 12-16 қабаттарында механика-математика, Есептеуіш техника және кибернетика факультеттерінде өтті.

Ал математика және физика бөлімдері (факультеттері) 1804 жылдан бастап маман дайындап келеді, яғни 200 жылдан астам тарихы бар. 1867 жылы университеттің Математикалық қоғамы құрылып, оның мүшелері математика, механика, физика, астрономия және олардың қолданбалары мәселелерімен айналыса бастады. XX ғасырдың бас кезінде **Москваның математикалық мектебі** толық қалыптасып, әлемдік деңгейге көтерілді. Д.Ф.Егоров пен оның оқушылары Н.Н.Лузин, Н.И.Привалов, В.В.Степановтардың өз мектептері қалыптасып, математиканың функциялар теориясы, ықтималдықтар теориясы, дифференциальдық теңдеулер және топология сияқты әртүрлі салаларын дамыта бастады. Математика ғылымына академиктер В.В.Голубев, И.Г. Петровский, А.Н.Колмогоров, П.С.Александров есімдері енді. Академик И.Г.Петровский Москва университетінде 20 жылдай ректор қызметін атқарды, университетің өсуіне онда математика ғылымының дамуына көп көңіл бөлді. В.В.Голубев пен А.Н.Колмогоровтар механика-математика факультетінің алғашқы декандары. Ғимаратты аралап жүргенде, бір кезде ортақ отанымыз болған Кеңестер Одағындағы математика ғылымының дамуының жарқын беттерін көресің. Москва университеті сол дамудың алдыңғы сапында тұрды. Белгілі ғалымдар өз оқушыларын дайындаудан да жалыққан емес. Академик А.Н.Колмогоров математика ғылымына жастарды көптеп тарту мақсатында университет жанынан мектеп оқушылары үшін Физика-математика мектебін ашуды, бұдан 70 жылдай бұрын қолға алған болатын. А.Н.Колмогоров атындағы сол мектеп әлі күнге дейін қызметін атқаруда. Жақсы бастама өз қолдауын тауып, Кеңестер Одағының көптеген қалаларында ФММ ұйымдастырыла бастады. Оны Ақтөбе қаласының ФММ-і мысалынан да байқауға болады.

Университетіміздің ректоры профессор К.К.Кенжебаев пен профессор Ж.А.Сартабановтың баяндамалары деңгейі жоғары, жақсы баяндамалар болды деген бағасын алды.

Кезкелген конференцияда жаңа кездесулер, ой бөліс пен пікір алмасулар болады. Жаңа идеялар тауып, алға ұмтылғын келеді. Сондай кездесулер мен пікір алмасулар бізде де болды. Өзгелердегі жақсы жетістіктерді көріп, оларды өзінде барымен салыстыра да жүресің. Ректор, ф.-м.ғ.д., профессор К.К.Кенжебаевтың басшылығымен математика ғылымын дамыту бағытында өз университетімізде жасалып жатқан жұмыстардың дұрыстығына тағы да бір рет көз жеткізгендей болдық. Күзге жоспарланған V-ші «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» атты үш жылда бір ұйымдастырылып жүрген Халықаралық ғылыми конференцияға белгілі ғалымдарды шақыру мүмкіндігі пайдаланылды.

Жаңалыққа жаны құмар жастар керек. Белгілі оқу орнында өткен бұл Халықаралық Конференция математика мен механика оның қолданбаларының қазіргі кездегі даму жолын көрсеткендей ой қалдырды. Математика ғылымы өз деңгейін жоғалтқан жоқ, қайта жаңа қолданбалы кырларымен, шешілмеген жаңа проблемалық мәселелерімен айқындала түскен сияқты. Соңғы жылдары математиканың адамзат қоғамының білім жүйесіндегі орны әлде де күшейе түскені байқалады. Математикалық әдістердің көмегімен атом реакторы жұмысы, жер серіктерінің ұшу траекториялары есептеледі; кристалдардың құрылымы мен химиялық заттардың молекулалары зерттеледі; пайдалы қазбалардың орны мен орналасу тереңдігі анықталып, ауа райы болжанады; элеуметтануға қатысты зерттеулер жүргізіліп, аурулардың диагнозын қоюға пайдаланылады. Конференция кезінде өндірістің тиімді жоспарын құру және қазіргі экономикалық кризисті модельдеуге қатысты баяндамалар қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Бұдан көптеген ғылым салаларының шешілмеген проблемаларын ашудың кілті математикаға байланысты екендігін көруге болады. Математика ғылымдар падишасы

атанған өз орнын жойған жоқ, қайта бұрын қолданылмаған ғылым салаларына еніп, қанатын жайып алға дамуда.

Сондықтан да математикамен айналысуға қазақ жастарын көптеп тарту мәселесі туындайды. Шынында да, осы мәселеге бізде қаншалықты көңіл бөлініп жүр деген сұрақ мазалайды. Республика мектептерінде математикамен айналысып, жүлделі орындардан көрініп жүргендер көп дегенмен, математиканы мамандық ретінде таңдайтындар саны көп болмай шығатындығы өкінішті. Мүмкін насихаттау жағы жетпей жатқан болар. Тағы бір көңілге түйгеніміз, ондағы жастардың кітапқа, оны жинауға деген құмарлығы. Кітап-білім көзі. Соны ескерген Москва университетінің баспасынан жылына 400-ден астам атаумен оқу, ғылыми, ғылыми-әдістемелік, анықтауыш т.б. әдебиеттер 3 млн. данадан астам тиражбен шығарылады екен. Оның ішінде, Москва университетінің 250 жылдығына арналған айдармен шығарылып жатқан оқулықтар мен ғылыми басылымдардың орны бөлек. Көңіл қуантарлығы конференцияға қатысқан студент жастардың да бар болғандығы. Белгілі математик, көптеген оқулықтардың авторы, академик В.А. Ильин 10-ға жуық мақалалары белгілі басылымдарда жарық көрген өз оқушысы университеттің V-ші курс студентін мақтанышпен көрсетті. Қазақстаннан аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің IV-ші курс студенті Д. Сұрағанның да өз жұмысымен көрінгені көңілімізге қуаныш ұялатты. Математика жастардың ғылымы. Оған дәлел Эварист Галуа (1811-1832), Н.Х. Абель (1802-1829) сияқты жиырмаға жаңа толған жастардың математикада қалдырған өшпес іздері. Әлемдік деңгейдегі Халықаралық конференцияға қатысып, көңілге түйгендерімізді ортаға сала отырып, біздерде де қазақ жастарының жаңа буынының жаңа биіктерден көрінетіндіктеріне сенімдіміз.

§2. Украина сапарлары.

2.1. «Боголюбов оқулары».

1989 жылы қыркүйек айының 13-15 жұлдыздары аралығында Украин КСР-ның Тернополь қаласында «Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физиканың сызықсыз проблемалары» тақырыбына Бүкілодақтық конференция өтті. Бұл кез Сызықсыз тербелістер теориясынан Киев математикалық мектебінің қалыптасып, оны Одақтың мойындаған кезі болатын. Конференцияны КСРО ҒА-сы, В.А. Стеклов атындағы Математика институты, Украинаның білім министрліктері бірігіп Я.А. Галан атындағы Тернополь мемлекеттік педагогика институтының базасында өткізді. Ол кезде қазіргідей қаптаған Халықаралық конференциялар жоқ. Ғалымдардың ең үлкен қатысатын ғылыми форумдары Бүкілодақтық атпен белгілі болатын. Жасыл желекке оранған Тернополь қаласында Кеңестер одағының әр түкпірінен жиналған конференцияларға қатысушыларды украиндарға тән қонақжайлылықпен қарсы алды. Барлығы 300-ден астам адам қатысқан конференцияның жұмысы жоғарғы деңгейде ұйымдастырылды. Ұйымдастыруға қатысты барлық шаралар Украина ҒА-ның корреспондент-мүшесі А.М. Самойленконың басшылығымен жүргізілді.

Қазақстаннан қатысқан 5 адамның төртеуі Ақтөбеден болды. Олар Ж.А. Сартабанов, І.Т.Тәжімұратов, М.У. Ахметов, Ж.Н. Тасмамбетовтер болатын. Кейін осы қатысушылардың барлығы да докторлық диссертацияларын қорғады және бәріне де Киев математика мектебінің тікелей жәрдемі тиді. Бұрын айтылғандай І.Т. Тәжімұратов пен А.У. Ахметовтер Киевтің өзінде қорғаса, Ж.А. Сартабановтың оппоненттерінің бірі А.М. Самойленко болса, Ж.Н. Тасмамбетовтың жетекші ұжымы Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университеті болды. Бір жақсы жері конференцияға қатысу арқылы өз нәтижелеріңді көрсетесің, жетекші мамандықтардың ғылыми кеңестерін тыңдайсың, болашаққа байланыстар орнатасың, өзгелердің жетістіктерін тыңдап ой-өрісіңді кеңейтесің. Математиканың



Академик А.М. Самойленконың 70-жылдық мерей тойының ашылу салтанаты. Киев -2008.



Академик А.М. Самойленконы Украина ҰҒА-ның президенті Е.О. Патонның құттықтау сәті. Киев-2008



Академик А.М. Самойленконы Қазақстандықтар құттықтауда. Киев - 2008.



Мерей той иесін оқушысы академик Н.А. Перестюк бастаған кафедра мүшелері құттықтауда. Киев-2008



Мерей той иесін өзі бітірген университеттің механика-математика факультетінің ұжымының құттықтау сәті. Киев-2008




Украинаның оқу орындары өкілдерінің құттықтау сәті. Киев-2008.



Академик А.М. Самойленко Қазақстан және Тәжікстандықтармен бірге.Киев-2008.



Академик А.М. Самойленко Қазақстандықтармен бірге. Киев -2008.



Сәнді Софья Соборы. Киев-2008.

ауқымды мәселелерін қамтыған бұл Бүкілодақтық конференцияның кімге де болса берері мол болды. Қаралған мәселелер дифференциалдық теңдеулер мен математикалық физиканың проблемаларына, сызықсыз механиканың аналитикалық әдістерін қолдану және негіздеу мәселелеріне, дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясы мен қозғалыстың орнықтылығына қатысты болды. Баяндамалардың тезистері екі бөліктен тұратын кітап түрінде басылып шықты.

Арамызда Алматыдан келген Д.Ү. Үмбетжановтың болуы мерейімізді өсіре түскенін атап өткен жөн. Ол докторлық диссертациясын Киевте қорғағанын бұрын келтірген болатынбыз. Украина ғалымдарымен байланыс бұдан кейін де үзілген жоқ. Ол туралы алдағы уақытта баяндайтын боламыз. Шынында да, Бүкілодақтың деп аталған бұл конференция қазіргі кезде Украинада жеке өткізіліп жүрген Боголюбов оқуларының бастамасы сияқты көрінген. Конференция кезінде де оның Н.Н. Боголюбовке арналатындығы айтылған болатын. 1990-шы жылдары Кеңес Үкіметі тарап, әр республика өз алдына бөлініп шықты. Сызықсыз тербелістердің негізі қаланған Крылов-Боголюбов мектебінің негізі Киевте

қаланғаны рас. Н.Н. Боголюбов Украинада туып, қызмет жасағанмен кейін Ресейде қызмет атқарды. Бірақ, Украинада оның академиктер Ю.А. Митропольский және А.М. Самойленколар сияқты дарынды оқушылары Сызықсыз тербелістер теориясының туын төмендеткен жоқ. Керісінше, дүние жүзіне танымал математика мектебін құрып, оны әлемдік ғалымдар Боголюбов-Митропольский-Самойленко мектебі деп атап кетті. Сондықтан да, 1990-шы жылдардағы өтпелі кезең өткеннен кейін, кездескен қиындықтарды жеңіп, академик А.М. Самойленко бастаған ғалымдар Боголюбов оқуларын қайта жаңғыртты. Соның ішінен, біз Ақтөбеден 10 шақты ғалым қатысқан «Боголюбов оқулары, 2008» Халықаралық ғылыми «Дифференциалдық тендеулер, функциялар теориясы және олардың қолданбасы» тақырыбына арналған конференцияға қысқаша тоқталмақпыз.

Конференцияны Украина ҰҒА-ның математика институты, Т.Г. Шевченко атындағы Киев ҰУ-і, Таврияның мемлекеттік агротехникалық университеттері бірігіп өткізді. Ол, академик А.М. Самойленконың 70-жылдығына арналып, Мелитополь қаласында 2008-ші жылдың маусым айының 16-21 жұлдыздары аралығында өтті. 200-ден астам ғалымдар қатысқан конференцияда бұрынғыша дифференциалдық тендеулер мен математикалық физиканың, функциялар теориясының және олардың қолданбаларының проблемалары бойынша алынған жаңа нәтижелер талқыланды. Академик А.М. Самойленконың 70 жылдығына арналған шаралар бірнеше жерде өтті. Киев қаласында өткен шараға оның талантты оқушыларының бірі университетіміздің ректоры, академик К.К. Кенжебаев бастаған бір топ адам қатысып қайтты. Олар, К.В. Цхай, Ж.А. Сартабанов, Ж.Н. Тасмамбетов, А.Б. Бержановтар болатын. Дана халқымыз «Жақсының аты ортақ» дейді. Қазақстан математикасының дамуына өз үлесін қосып, кісілік қамқорлығын жасап жүрген айтулы ғалымның мерейтойы өз деңгейінде өтті. Оған қатысып, өзіміздің ризашылық көңілімізді білдірдік.

2.2. Елін сүйген ғалым

Барлық украиналықтарға қымбат бір есім бар. Ол Михайл Кравчук есімі. Халық жауы атанғандықтан, Кеңес Одағы кезінде оның есімі жиі айтыла бермейтін. 1938-ші жылдың қыркүйек айының 23-ші жұлдызында ұсталып, 20 жылға Колымаға айдалған ғалым, 1942 жылдың 9 сәуірінде қайтыс болады. 1956 жылы ақталғанмен, 1992 жылы ғана оның академик атағы қалпына келтіріледі. Осылайша жоғарғы алгебра мен математикалық анализден, дифференциалдық және интегралдық теңдеулерден, ықтималды теориясы мен математикалық статистикадан т.б. математиканың салаларынан бағалы жаңалықтар ашқан ғалымның ғылымдағы және ұйымдастырушылық жолы үзілді. Бірақ, оның туған халқы, дарынды ұлдарының есімдерін ұмытқан жоқ.



Академик ВУАН Михайло Кравчук (1892-1942ж.).

1992 жылдан бері Киев политехникалық институты 13 рет академик М.Кравчук атындағы Халықаралық ғылыми конференциялар өткізді. Математикалық еңбектері жинақталып, «Развиток математичних ідей Михайла Кравчука», Редактори Н.Вирченко, І. Качановский, В.Гайдей, Р.Андрушків, Р.Воронка. Киів-Нью-Йорк, 2004-779с.-деген атпен кітап болып басылып шықты. Мұнда М. Кравчуктің математикалық идеяларын дамыту бағытында жазылған АҚШ, Украина, Австралия, Франция, Германия, Ұлыбритания, Үндістан т.б. елдердің ғалымдарының еңбектері басылған. Ғылыми басылымдарда Кравчук көпмүшелігі, Кравчук моменті, Кравчук формуласы, Кравчук осциляторы сияқты терминдері жиі пайдаланылады.

«Моя любовь – Украина и математика» деп өткен ғалым, өз халқын сүйген және оның білімі мен ғылымының дамуы үшін еңбек сіңірген.

Академик М.Кравчук атындағы 10-шы Халықаралық ғылыми конференция 2004 жылдың мамыр айының 13-15 жұлдыздарында Киев қаласында өтті. Конференцияға 400-ден астам адам қатысса, оның 7-і Ақтөбе университетінен болды.

Михайл Кравчук 1892 жылы қыркүйектің 27 жұлдызында Волынь жерінде дүниеге келген. 1910 жылы Луцка қаласындағы гимназияны алтын медальмен бітіріп, Киевтегі Владимир әулие атындағы университеттің физика-математика факультетіне оқуға түседі. 1914 жылы университетті бітіргеннен кейін ғылымға және оқытушылыққа дайындау үшін профессорлық стипендияның иегері болады. 1915-1917 жылдары магистрлікке оқып, сызықты алгебра және украин тіліндегі математикалық терминдердің қалыптасуына қатысты бірнеше статьялар жазады. Ұлы октябрь төңкерісінен кейін украина ғылымын дамыту және украиналық жастардың білімін көтеруге қатысты істерге араласады. Жаңадан ашылған украиналық гимназияларда, Украина халық университетінде, Киев университетінде, 1918 жылы жаңа құрылған Украинаның Ғылым Академиясында жұмыстар жасайды.

1920-1921 жылдарғы аштық пен төңкерістен кейінгі қиын кезеңде Киев облысының қазіргі Богуслав ауданының Саварка селосында мұғалімдік және мектеп директорлығы қызметтерін атқарады.

Киевке оралғаннан кейін ондағы оқу орындарында жоғарғы математикадан курстар өткізеді. Сол оқу орындарының бірі Киев политехникалық институты ғалым есімін мәңгілік сақтау бағытында әр түрлі шаралар атқарып келеді. 1924 жылы «Квадраттық формалар және сызықты түрлендірулер» тақырыбына докторлық диссертация қорғайды. 1925 жылы профессор атағын алған. Ал 1926 -1927 жылдары Германия, Франция, Палермонның математикалық қоғамдарының мүшеліктеріне қабылданады. Оның атағының кеңінен белгілі болған кезі 1928 жылы Италияның Болонья қаласындағы Халықаралық математикалық конгреске қатысып, бірнеше қызықты баяндамалар жасағаннан кейін. М.Кравчук жұмыстарымен Батыс Европа, Американың математиктері қызыға бастады. Сол кездегі дүние жүзіне белгілі ғалымдармен: Ж.Адамар (Франция), Р.Курант (Германия), Н.Лузин (Москва), Ф.Трикоми, Т.Леви-Чивита (Италия) т.б. байланыста болды. 1929 жылы Бүкілукраиналық Ғылым Академиясының академиктігіне өтеді.

М.Кравчук 180-нен астам ғылыми еңбектердің авторы. Математиканың әр түрлі салаларынан 10-нан астам монографиялар жазған. Еңбектерін мынадай негізгі бағыттарға бөліп қарастыруға болады:

- коммутативті матрицалар, квадратты және бейсызықты формалар, сызықты түрлендірулер теорияларын, алгебралық және трансценденттік теориялар, сандар теорияларын зерттеу;
- Нақты және комплекс айнымалы функциялар теориясына катысты зерттеулер;
- Интерполяциялау проблемаларын, дифференциалдық және интегралдық теңдеулердің шешімдерін жуықтап табуға ең кіші квадраттар әдісін қолдану ерекшеліктерін зерттеу;
- Корреляциялар теориясын дамыту идеялары, моменттері әдісін математикалық статистикаға қолдану;
- әлемдік ғылыми әдебиетте Кравчук көпмүшелігі деген атпен белгілі көпмүшелікті енгізу және қолдану;
- Жалпыланған моменттер әдісін енгізіп, оны жай дифференциалдық теңдеулердің, математикалық физика және интегралдық теңдеулердің жуық шешімдерін табуға қолдану. Осы нәтижелерді 1937-1942 жылдары американдық

өнертапқыш Дж.Атанасов әлемдегі бірінші электронды компьютерді жасау кезінде пайдаланған деген әңгіме бар. Сондықтан да, М.Кравчукты бұл жаңалықтың да бастамасында тұрған деп санайды.

Конференция кезінде мен үшін маңызы бар жаңалықты профессор Н.А. Вирченкодан естідім. Ол мен айналысып жүрген Фробениус-Латышева әдісінің негізін салушы К.Я. Латышеваның М.Кравчуктың оқушысы болғандығы. К.Я. Латышева кандидаттық диссертациясын моменттер әдісін қолданудан қорғаған. 1936 жылы М.Кравчук пен К.Я. Латышеваның бірге дайындаған екі жұмыстары жарық көрген. Бірі Украина КСР-і ҒА-ның Математикалық журналында, екіншісі Доклады АН СССР-1, №6, с. 251-254 (1936г.). К.Я. Латышеваның маған белгілі өмірбаяндарында бұл жерлері ашып көрсетілмейтін, сөйтсек, ол Кеңестік цензураның әсері болып шықты. Өйткені, халық жауының есімі еш жерде жүрмеуі керек.

Нина Афанасьевна Вирченко ұзақ жылдардан бері бұрынғы Киев политехникалық институтында, қазіргі Украинаның «КПИ» Ұлттық техникалық университетінде кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Киев университетінің аспирантурасында оқып жүрген кезінде, бізге Математикалық физикадан практика сабағын жүргізген болатын. 1992 жылы докторлық диссертациямен айналысып жүрген кезде профессор Н.П. Перестюктің кеңесімен семинарына баяндама жасауға бардым. Нина Афанасьевна өзімді жеке қабылдап, біршама ақыл-кеңестер берді. Сонда ол кісінің әлемдік математикадан жан-жақты хабардарлығы таң қалдырған болатын. Маған Америка, Европада шығатын белгілі басылымдармен қатар Өзбекстанның «Фан », Үндістанның математикалық журналдарын қарауға кеңес берді. 2004 жылы өзінің украин тілінде шыққан «Избранные вопросы высшей математики» кітабын тарту етті. Онда жоғарғы математиканы оқыту әдістемелерімен қатар 200-ден астам әлем математикасына үлес қосқан ғалымдардың өмірдеректері, математикалық терминдерге түсініктемелері де келтірілген екен. Соншама деректер асқан ұқыптылықпен жиналған. Ұзақ жылдар Михайло Кравчуктың таңдамалы шығармаларын да жинақтаумен айналысқан болып шықты. Бұл істе оған АҚШ-ғы

Нью-Йорк қаласында қызмет жасайтын УВАН Президенті профессор А.Биланюк пен УВАН баспа бөлімінің бастығы профессор Л.Виландар моральды және қаржылық көмектер жасаған. Осындай ұлтын сүйген азаматтар арқасында академик М.Кравчук есімі туған елінде мәңгілік есте қалатындай болып оралды.

Біздің елімізде ескерілмей жүрген Математика тарихын оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Өткенді силауды үйретеді, болашаққа ойлы көзбен қарауға ой тастайды. Атақты авар ақыны Расул Гамзатов айтқандай «Өткенге пистолетпен оқ атсаң, одан зеңбірікпен жауап аласың». Сондықтан да, еліміздің өткенін құрметпен, әрбір басқан ізіне қатысты деректерді жинап, пайдаға жарату-ол болашаққа қызмет ету.

Қарап отырсаң М.Кравчук өмірінде де үлгі болар нәрселер көп. Студенттік шақта белгілі математиктер Д.А. Граве мен Б.Я. Букреевтердің жетекшіліктерімен жұмыс жасап, ғылыми семинарларына қатысады. Б.Я. Букреев Киев университетінің тірі тарихы болған адам. 105 жасқа толғанша механика-математика факультетінде жұмыс жасайды. Ал М.Кравчуктың ғылыми көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен Д.А. Граве онда 1902-ші жылдан бастап жұмыс жасаған. Ол басқарған ғылыми семинардан кейін әлемге танымал Киевтік алгебра мектебі қалыптасты. М.Кравчуктен басқа белгілі алгебра мамандары: О.Шмидт, М.Чеботарев, Б.Делоне, Е.Жилинский, А. Островский т.б. шыққан.

М. Кравчуктың қарапайымдылығы мен еңбекқорлығы туралы ертеректе оқыған бір мысал есте қалыпты. Киевке жақын маңайдағы селода тұратын орта шаруаға жазғы жұмыстарға жалдануға бір адам келеді. Өтемақыға астық алуға келісім жасаған ол, жаз бойы шаруаға егін егуге, шөп шабуға т.б. жұмыстарға тиісті көмегін жасайды. Риза болған шаруа оны ат арбасымен Киевке дейін шығарып салады. Қалаға келгенде «жалшының» жинақы үйін, ұқыптап жиналған сірескен кітаптарын көргенде ертегі ауылына келгендей таң қалыпты.

2.3. Академик Н.А. Перестюк

Киевке барсам мені Т.Г. Шевченко атындағы Киев Ұлттық университеті тартып тұрады. Әсіресе ескіден келе жатқан университеттің қызыл корпусы, қарсы бетіндегі кішкентай парк ішінде орнатылған ұлы ақын Т.Г. Шевченконың зәулім ескерткіші. Кеңестер Одағы кезінде боялған қызыл түсті университет жастарының төңкерісшіл көңіл-күйіне байланысты ол Ресейдің Николай патшасының бұйрығымен боялған деп түсіндіретін. Сол

түс мен білетін 50 жылдай уақыт ішінде өзгерген жоқ. Маған сонысымен

ыстық. 1962-ші жылы осы университеттің механика-математика факультетінің І-ші курсына оқуға түскенде бала көңіл солай қабылдаған. Бұл университет жас шағымнан жүректерінің жылуын берген бауырмал Украина халқының мақтанышы. Алғашқы ашылған 1834 жылдан бастап, мыңдаған жастарға ғылым мен білім жолына жолдама берген. Олардың көбі кейін туған халқының мақтанышына айналған. Сондай жандардың бірі академик Николай Алексеевич Перестюк. Өзінің қызметін 1949 жылы физика-математика бөлімі болып бастаған факультет механика-математика атағын 1940 жылы алды. Украина ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Н.А. Перестюк өзі бітірген факультеттің 1987-2003 жылдары 16 жыл бойы деканы қызметін атқарды. Факультет ғылымын дамытуға күш салды, бірнеше жаңа мамандықтар ашты, Ғылыми сектордың жұмысын жолға қойды. Қазіргі біздің елдің университеттерінде көп айтылып, келістіре алмай жүрген ғылыми-зерттеу лабораториялары факультетте 1980-ші жылдары ұйымдастырылған. Қызмет жасайтындар саны 160-дейін жеткен 6-лаборатория, операцияларды зерттеу және қолданбалы статистика лабораториясы негізінде «Спектр» конструкторлық бюросы құрылып, факультетте жұмыс жасайтын профессор-оқытушылар қауымының ғылыми потенциалдарын біріктіруге себепші болған.

Николай Алексеевич Перестюк 1946 жылы Украинаның Хмельницкий облысының Плеска аталатын селосында дүниеге келген. 1968-жылы Киев университетінің механика-математика



Т.Г. Шевченко атындағы Киев Ұлттық университетінің қызыл корпусы.



Киевтің сызықсыз тербелістер теориясының шежіресі. Ең төменгі жолдарда теорияның негізін қалаушылар: Крылов-Боголюбов-Митропольский-Самоїленко. Оң жақ тармағында Н.А. Перестюк.

факультетін дифференциалдық теңдеулер бойынша маманданып бітіреді. 1969-жылдан факультеттің дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасында жұмыс жасайды. Тағдыр оны осы жерде 1967 жылдан бері Математика институтынан келіп қосымша жұмыс жасап жүрген талантты математик А.М. Самойленкомен кездестіреді. Ұстаз бен шәкірт - екі таланттың тоғысқан жолы ғылымға қаншама жаңа нәтижелер әкелді. Сызықсыз тербелістер теориясында жаңа бағыттар ашып, онымен айналысатын қаншама жастарға математика ғылымында жол ашылды. А.М. Самойленконың жетекшілігімен ол 1972 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. 1970-1974 жылдары осы кафедрада өтіл-зерттеушілік өтіп, аспирантурасын бітіргендіктен Николай Алексеевичтің аталған кезеңдегі оқытушылық және ғылым жолы менің көз алдымда өтті.

Мінезі майда, тумысынан еңбекқор жас оқытушының беделі студенттер арасында да, оқытушылар арасында да зор болатын. Алдағы уақыттағы ғылыми зерттеулері импульсті жүйелердің сапалық теориясын құруға, мұндай жүйелердің шешімдерінің орнықтылығын зерттеуге арнады. Ол импульсті жүйелердің периодты-дерлік шешімдерін табу және интегралдық жиындар теориясын зерттеуде маңызды нәтижелер алды. Алған нәтижелерін жинақтап, 1986 жылы «Импульс әсерлі дифференциалдық теңдеулердің тербелмелі шешімі және оның орнықтылығы» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады. Еткен еңбек оның өміріне көптеген жақсы жаңалықтар әкелді. 1987 жылы-профессор атағын алды, механика-математика факультетінің деканы; 1988 жылдан бастап, өзі еңбек жолын бастаған дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасының меңгерушісі. Бір қуанарлығы кафедрада өткенді, ондағы ғылыми дәстүрлерді сыйлау қалыптасқан. Кафедра аз күшпен сапалы білім беру және ғылыми жетістіктерге жетудің мысалы. Бұл жағынан Кеңестер Одағында кең өріс алған социалистік жарыстардың ұзақ жылдар бойы жүлдегері болғандығының да куәсі болдық. Сонымен қатар, мамандық бойынша оқулықтар дайындау, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету де үзілген емес.

1987 жылы А.М. Самойленко, Н.А. Перестюктің «Дифференциальные уравнения с импульсным воздействием» атты кітабы жарық көрді. Әлемдік тәжірибеде импульстік жүйелерді зерттеуге қатысты алғашқы шыққан кітап үлкен сұраныстарға ие болды. 1995 жылы ол ағылшын тілінде жарық көрді.

А.М. Самойленко, С.А. Кривошея, Н.А. Перестюктердің авторлықтарымен шығарған «Дифференциальные уравнения. Примеры и задачи» (1984ж.) кітабы университеттердің математика, физика, есептеуіш математика т.б. мамандықтары студенттерінің үлкен сұранысқа ие кітабына айналды. 1990 жылы А.М. Самойленко, В.А. Вишенский, Н.А. Перестюктердің «Збірник задач з математики» кітабы орыс және украина тілдерінде шығып, абитуриенттердің жиі пайдаланылатын оқу құралына айналды.

Жоғарыда аталған еңбектері ескеріліп Н.А. Перестюк әр түрлі сыйлықтардың лауреаты, атақтар мен медальдардың иегері болды. «Новые математические методы в нелинейном анализе» атты еңбектерінің топтамасы үшін Украинаның ғылым мен техника саласының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996ж.), «Современные методы исследования динамических систем» атты еңбектерінің топтамасы үшін Н.Н. Крылов атындағы Украинаның ҰҒА-ның сыйлығының лауреаты, «Заслуженный деятель науки и техники Украины» (2002ж.), жарыққа шығып, кең қолданыс тапқан монографиялары мен оқу құралдары үшін Украина жоғары мектебінің ҒА-ның Яраслав Мудрый атындағы сыйлығының иегері.

Ең бастысы жылы жүректі, азаматтығы жоғары, асыл жан. Киевке барып, алғашқы хабарласқанында бірінші сұрағы: - Үй-іші аман ба, достар қалай, қалай орналастың, үйге қашан келесің? Тап-таза қазақы көңіл. Бойына біткен биік адамгершілігі болар. Өзі де көп балалы отбасынан шыққан. Жұбайы Катерина екеуі де көп балалы. Арада 1-2 жыл аралатып барсаң өмірге жас сәби келіп тұрады. Аттарын шатастырып тұрған бізге, тату-тәтті жұбайлар өздеріне тән әсем күлкілерімен жауап береді. Ф.-м.ғ. кандидаты Катерина Юрьевнада ғылым адамы. Н.А. Перестюк Қазақстанға бірнеше ғылым кандидаттары мен докторларын дайындады. Қызылордадан

Ы.Қ. Қарқынбаев (1989 –жылы) кандидаттық диссертациясын қорғаса, Ақтөбе университетінен М.У. Ахметов оның жетекшілігімен алдымен кандидаттық, ал 1994 жылы докторлық диссертациясын қорғады. 1989 жылы Ақтөбе педагогика институтында болып, дәрістер оқыды және семинарлар өткізді. Ғылымға, оның ішінде Ақтөбе университетіндегі математика ғылымының дамуына тілектес жан.

2.4. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының Т.Г. Шевченко атындағы Киев Ұлттық университетінде және Қазақстанда дамуы.

2.4.1. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының дамуы туралы қысқаша мағлұматтар.

«Білім ауысады, Ырыс жұғысады» дейді халық даналығы. Шынында да, бір жерден бастауын алған ғылым жаңалықтары уақыт өте келе екінші бір жерде бұрыңғыдан әлде қайда жаңа табыстарға жетуі мүмкін.

Математикалық анализдың бір саласы болып табылатын дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы XIX ғасырдың бастапқы кезінде интегралдаудың негізгі әдістері жетіле бастаған кезде пайда болды. Ол теңдеудің шешімін бүкіл комплекс жазықтықта бар болуы және бір мәнділігі, ерекше нүктелерінің орналасулары мен типтері т.б. қасиеттерін орната отырып зерттейді, басқаша айтқанда әр түрлі теңдеулер класстарының шешімдерінің мінездік қасиеттерін аналитикалық функциялар теориясының әдістерін пайдалана отырып орнатады. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының негізі қаланғаннан кейін оның сызықсыз және арнайы сызықты теңдеулер деп аталатын екі тармағы қалыптасты.

Сызықсыз теңдеулердің аналитикалық теориясы Брио мен Биконның еңбектерінен бастап, Франция ғалымдары Пуанкаре, Пикар, Пенлеве және оның оқушыларының зерттеулерінде жалғасын тапты. Керісінше, сызықты теңдеулердің аналитикалық теориясы Германия ғалымдары

Риман, Фукс, Фробениус, Клейн еңбектерінде зерттеліп, уақыт өте келе Франция, Англия, Америка, Скандинавия елдері т.б. ғалымдарының зерттеу көзіне айналды. Бұл білімнің ауысатындығының нақты мысалы.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары Ресейде де сызықты дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясынан алғашқы жұмыстар пайда болды. Уақыт өте келе Ресейде аналитикалық теориямен жүйелі түрде айналысатын үш орталық пайда болды. Олар: Петербург, Мәскеу және Қазан қалаларында орын тепті.

Петербургте Н.М. Гюнтер, А.П. Поляков, В.И. Смирновтар жұмыс жасады. Академик В.И. Смирнов жаңа бағыттың негізін қалаушы және Ленинград математикалық мектебінің жетекшісі болды. Сол мектептен атақты математиктер И.А. Лаппо-Данилевский және Н.П. Еругин мен олардың оқушылары шықты. Академик Н.П. Еругин 1956 жылы Беларусьқа ауысқаннан кейін, оның жетекшілігімен сызықсыз теориядан Минск математикалық мектебі қалыптасты. Олардың тамаша жетістіктері Пенлеве теңдеулерін және сызықсыз теңдеулер жүйесін зерттеуге қатысты.

Мәскеуде жаңа бағыт 1912 жылдан бастап В.В. Голубев еңбектерінде дамыды. Ол Ресейде бірінші болып «Основания аналитической теории дифференциальных уравнений» деген атпен 1915-ші жылдан бастап курс оқыған. Бұл курс Францияда Пенлеве оқыған курстан кейінгі екінші курс болып есептеледі. Аталған курс Мәскеу МУ-де ұзақ жылдар оқылған және оның нәтижесінде В.В. Голубевтің «Лекции по аналитической теории дифференциальных уравнений» атты кітабы 1941 жылы жарық көріп, 1950 жылы қайталап шығарылды.

Ленинград университетінде аталған курсты 1930-1940 жылдары Н.М. Гюнтер және Н.П. Еругиндер оқыды. Соғыстан кейінгі жылдары 20-жылдан астам – профессор Н.М. Матвеев оқыған болатын.

Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы академик В.И. Смирновтың бес томдық «Курс высшей математики» кітабының үшінші томына енді. Кенестер одағында 1938 жылы Харьковте шыққан Э.Айнстың «Обыкновенные дифференциальные уравнения» кітабын

қосқанда аналитикалық теорияға арналған санаулы басылымдардың бар болғанын көреміз. В.В. Голубев, В.И. Смирнов пен Э.Айнстың аударма кітаптарына ғана сызықты теория енген.

Бұл орталықтардан басқа Варшавада (В.А. Анисимов, И.Р. Брайцев), Харьковте (Д.Деларю, М.Лагутинский), Киевте (В.П. Ермаков, К.Ф. Абрамович) – аналитикалық теориямен айналысатын ғалымдар болды. Бұдан, аналитикалық теориямен айналысатын ғылыми орталықтардың біртіндеп Ресейге ауысқанын көреміз. Алдағы уақытта аналитикалық теорияның дамуына Қазақстанның да өз үлесі барлығына тоқталамыз. Германияда Л.Фукс сызықты жәй дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының дамуының негізін қалады. Г. Фробениус оның ісін жалғастыра отырып, зерттеудің Фробениус әдісі деп аталатын өз әдісін енгізді. 1940 жылдардан бастап, Киев университетінің профессоры К.Я. Латышева ранг және антиранг деп аталатын түсініктерді пайдалана отырып сызықты жай дифференциалдық теңдеулерді зерттеудің жаңа жолын іздеді. Мәскеулік математик ғалым Д.П. Костамаров сызықты жай дифференциалдық теңдеулер жүйесінің аналитикалық шешімдерін табумен айналыса жүріп, бұл жолды К.Я. Латышева әдісі деп атаған болатын. Осылайша аналитикалық теорияда Фробениус-Латышева әдісі өмірге келді. Н.И. Терещенко ұстаз зерттеулерін жалғастыра жүріп, оның қолданба жағына да көп көңіл бөлді. Бірнеше аспиранттар дайындап, олар аталған әдістің математика әлемінде орнығуына себепші болды. Атап өтетін бір жай 2012 жылы профессор К.Я. Латышеваның туылғанына 115 жыл, ал Н.И. Терещенконың туылғанына 80 жыл толады. Бұл екі есім аналитикалық теорияның Т.Г. Шевченко атындағы Киев ҰУ-де және Қазақстанда қалыптасуына себепші болған есімдер.

Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы математикалық анализдегі көптеген жаңа функциялардың шығу көзі болып табылатынын атап өткен жөн. Мысалы, қазіргі кезде белгілі болып, қолданыста жүрген эллиптикалық функциялар, абель функциялары және Лежандра Бессель, Ламе, Чебышев, Лагерра т.б. сияқты арнайы функцияларының бәрі де дифференциалдық теңдеулердің шешімдері ретінде алынған.

Уақыт өте келе арнайы функциялардың өз теориясы қалыптасып, жаңа биіктерге көтерілді. Олар туралы том-том кітаптар шығарылып, қолданылуда. Мысалы ретінде Анықтауыш математикалық кітапханасы бойынша шыққан. Г.Бейтмен және А.Эрдейидің «Высшие трансцендентные функции» кітабының үш томдығын келтіру жеткілікті. Бұл энциклопедиялық еңбекте негізінен бір айнымалының гипергеометриялық функциясы, Лежандра функциялары, ортогонал көпмүшеліктер, автоморфты функциялар т.б. туралы 1965-ші жылға дейінгі белгілі мағлұматтар жинақталған. Көп айнымалының функциялары туралы қысқаша ғана мағлұматтар келтіріледі. Бұл көп айнамалының функцияларының және олар шешімдері болып табылатын дербес туындылы тендеулер жүйелерінің аналитикалық теориясының дамуына қатысты шешімін таппаған проблемалардың жеткілікті екендігін көрсетеді.

2.4.2. Профессор К.Я. Латышеваның өмірі мен қызметі туралы.

Киев университетінің «Дифференциалдық тендеулерді интегралдау» кафедрасы 1944 жылдың желтоқсанында ашылғанында құрамында Украина КСР ҒА-ның академиктері Г.В. Пфейфер (1872-1946ж.) мен И.З. Штокало (1897-1987ж.), доценттер К.Я. Латышева (1897-1956ж.) және Л.М. Грацианская, аға оқытушы Ф.С. Гудименколар болған.

Г.В. Пфейфер кафедраның алғашқы меңгерушісі, аздаған үзіліспен И.З. Штокало 1946-1970 жылдары кафедра меңгерушілігі қызметін атқарды. Украинадағы әйел математиктері арасынан алғаш профессор атағын алған К.Я. Латышева 1952-1954 жылдар аралығында механика-математика факультетінің деканы, ал 1953-1956 жылдары кафедра меңгерушілігі қызметтерін атқарды. К.Я. Латышеваның Киев университетінде аналитикалық теорияның негізін қалаған кезі де осы дифференциалдық тендеулер кафедрасында жұмыс бастаған кезге келді.

Клавдия Яковлевна Латышева 1897-ші жылдың наурыз айының 14-ші жұлдызында дүниеге келген. Орта білімді

Киевтің 2-гимназиясында алады. 1916-1921 жылдары Киевтің жоғары әйелдер курсына оқиды. Қалған уақыттағы ғылыми және педагогикалық қызметі Киев университетімен байланысты. 1925-1928 жылдары Киев университеті жанындағы аспирантурада оқиды. Аталған жылдары Украинада Н.М. Крылов пен М.П. Кравчук еңбектерінде моменттер әдісін пайдаланып дифференциалдық және интегралдық теңдеулердің шешімдерін табудың жүйелі түрде дамыған кезі болатын. Кандидаттық диссертацияны М.П. Кравчуктің жетекшілігімен орындап, оны 1936 жылы қорғайды. Моменттер әдісін қолдану бойынша К.Я. Кравчук тұрқындалып, 20 жылға Колымаға лагерге айдалғанын бұрын келтіргенбіз. Осы кезден бастап, ол өз жолын іздей бастағанына байқалады.



Ф.-м.ғ.д., профессор К.Я. Латышева (1897-1956 ж.)

Бірнеше жұмысы берілген дифференциалдық теңдеулердің характеристикалық теңдеулеріне сай келмейтін, бірінші ретті дербес туындылы теңдеулердің шешімдерін табуға арналады. Сонымен қатар математиканы оқытуға қатысты

бірнеше оқу құралдарын да дайындайды. Осылайша басталған белсенді ғылыми жұмыстары 1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына байланысты уақытша үзіліс табады. Соғыс жылдары Клавдия Яковлевна Саратовтың автожолдар институтында сабақ берген. Бір көңіл аударатын нәрсе аналитикалық теориямен тікелей айналыспас бұрын, Латышеваның коэффициенттерінің ерекшеліктері бар сызықты жай дифференциалдық теңдеулердің жуық шешімдерін моменттер әдісін пайдаланып табумен айналыса жүріп, дифференциалдық теңдеулердің регуляр және иррегуляр ерекше нүктелерінің маңайында асимптотикалық шешімдерін тұрғызуға байланысты материалдар жинағаны. Дипломдық жұмысты және кандидаттық диссертацияларды жазу кезінде, оның өз қолымен жазған 100-ден астам қалың дәптерлерінің бар болғандығына көзім жетті. Әрі жазған конспектілері неміс, француз және ағылшын тілдерінде. Көптеген жерлерінде сөздіктер келтіріліп, тікелей аудармалары немесе мәтіннің қысқаша мағыналары берілген. Мен үшін үлкен әсер қалдырған нәрсе Э.Айнстың «Обыкновенные дифференциальные уравнения», Харьков, 1938ж. – атты кітабындағы аналитикалық теорияға қатысты барлық есептерді бірнеше әдістермен шығарып, өз әдісіндегі нәтижелермен салыстырған зор еңбегі. Әр әдістің жақсы және жетімсіз жақтарын талдап, қорытындылар жасап отыруы. Осылайша Фробениус-Латышева әдісін өмірге келтіруге жол салынған. Үйренуге тұратын еңбекқорлық, математика ғылымына деген сүйіспеншілік, айналысқан ісіне деген ұқыптылық. Осындай дайындықтардан кейін 1946-жылдан бастап n-ші ретті сызықты жай дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясымен тұрақты түрде айналысады.

Дифференциалдық теңдеудің асимптотикалық шешімін тұрғызуға қатысты өзіне бірнеше талаптар қойған сияқты.

Біріншіден, берілген теңдеудің коэффициенттерінің дәреже көрсеткіштерін пайдалана отырып, алдын ала теңдеудің шешімінің түрін анықтау;

Екіншіден, шешімді берілген теңдеудің регуляр және иррегуляр ерекше нүктелерімен алдын-ала байланыстыра тұрғызу;

Үшіншіден, алдыңғы екі жағдайды ескере отырып асимптотикалық шешімнің жазылу формасын дәл анықтап, теңдеудің шешімін ерекше нүкте маңайында тұрғызу.

Бұл бағытта қойылған мәселелерді шешу үшін Латышева 1886 жылы А.Пуанкаре енгізген ранг түсінігі мен Л.Томе енгізген антиранг түсініктерін соншама шеберлікпен пайдалана білген. Нәтижесінде бұрыннан белгілі Фробениус әдісі қолдануға икемді шығару жолындағы ерекшеліктері жан-жақты ескерілген, сызықты жай дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін регуляр және иррегуляр ерекше нүктелер маңайында тұрғызуға арналған тиімді әдіске айналды. Осы әдіс уақыт өте келе Фробениус – Латышева әдісі деген атақ алды.

К.Я. Латышеваның аталған әдісті енгізу кезінде ашқан жаңалықтарына мыналар жатады:

- Ранг және антиранг түсініктерін пайдаланып, Фукстың шешімдердің регулярлығы шартын жалпылады.
- Жаңа қалыпты – регуляр (нормально-регулярное) деп аталатын шешімдер түрін анықтады. Оның бар болуының қажетті және жеткілікті шарттарын дәлелдеді.
- Ақырлы шешімдердің бар болуының қажетті және жеткілікті шарттары дәлелденді. Ақырлы шешімді табудың тиімді алгоритмі жасақталды.
- Қалыпты шешімнің бар болуының жалпы шарты анықталды.
- Біртекті емес сызықты жай дифференциалдық теңдеулердің оң жақтары полином болған кезде, дербес шешімдерін табудың шарттары анықталды.

Сызықты теңдеулердің аналитикалық теориясында көптен шешімін таппай келе жатқан, характеристикалық теңдеудің шешімдері еселі болған жағдайда формалды шешімді асимптотикалық қатар түрінде табудың қажетті және жеткілікті шарттарын дәлелдеді. Бұл полином коэффициентті сызықты жай дифференциалдық теңдеулердің қалыпты шешімдерін Томе қатарлары және Фабридің ішкіқалыпты (поднормальные) қатарлары түрінде табудың проблемаларын толық шешті.

Ранг және антиранг түсініктерін пайдалану бұрынғы аналитикалық теорияда белгілі математиктер Я.Горн, Кэйли, Гамбургер, А.Пуанкаре, Шлезингер, Стилтестер дәлелдеген бір

қатар теоремалардың дәлелдеулерін жеңілдетуге, кейбір қате пікірлерді қалпына келтіріп, жөндеуге мүмкіндік берді.

К.Я. Латышева 1946-1952 жылдары өзінің әдісінің негізін қалап болды. Алған нәтижелерін 12 статья түрінде, әр түрлі «Доклады АН СССР», «Украинский математический журнал», «Вестник Киевского университета» сияқты басылымдарды жариялады. 1952 жылы «Полином коэффициентті сызықты дифференциалдық теңдеулердің қалыпты шешімдері» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Бұл тақырып бойынша Клавдия Яковлевнаның 21 жұмысы белгілі.

К.Я. Латышева ғылыми жұмыстарды педагогикалық және әдістемелік жұмыстармен жалғастыра білді. Механика-математика факультетінде «Интегрирование дифференциальных уравнений», «Асимптотические методы решения дифференциальных уравнений», «Дифференциальные уравнения с полиномиальными коэффициентами» сияқты арнайы курстар, Дифференциалдық теңдеулер теориясынан жалпы курстар оқыды. Факультет деканы, кафедра меңгерушілігі қызметтерін атқарып, республика жастарын білім нәрімен сусындауға мүмкіндік жасады.

Клавдия Яковлевна – математикадан Украинадағы бірінші әйел-профессор, Ленин орденінің кавалері (1954), басқа да бірнеше медалдардың иегері. К.Я. Латышева 1956 жылдың 11-ші мамырында дүниеден озды. Ол өз еңбегімен Т.Г. Шевченко атындағы Киев мамлекеттік университеттің Кеңестер Одағындағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналудағы үлес қосқан ғалым, үлгілі ұстаз.

2.4.3. Н.И. Терещенконың Фробениус-Латышева әдісін дамытуға қосқан үлесі.

Киев университетінің дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасында К.Я. Латышеваның екі оқушысы жұмыс жасады: И.А. Плавлюк – 1955-1970 жылдары, Н.И. Терещенко 1959-1987 жылдары.

Иван Адамович Плавлюк (1915-1994) – Киев университетінде бірінші болып дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясымен айналысты. Геометриялық тұрғыдан қарағанда теңдеулердің интегралы қандай бір болмасын қисықты, яғни

интегралдық қисықты анықтайды. Мұндай интегралдық қисықтардың жалпы қасиеттері, олардың ерекше нүктелері, қисықтардың бірлестігінің жалпы орналасулары т.б. зерттеулері қажет. Дифференциалдық теңдеулерді осы тұрғыдан зерттеу дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясы деп аталады. 1955 жылы И.А. Павлюк сапалық теориядан «Некоторые вопросы качественной теории линейных дифференциальных уравнений второго, третьего и четвертого порядков» атты тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады. 1969 жылы «Асимптотическое интегрирование неавтономных систем дифференциальных уравнений второго порядка с помощью дифференциального инварианта» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Мұнда дифференциалдық инвариант әдісін пайдалану өз шешімін тапты.



Т.Г.Шевченко атындағы Киев ҰУ-нің дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасы (жоғарғы қатарда сол жақтан үшінші-доцент Терещенко Н.И. (1932-1987), ал сол жақтан төртінші-профессор Павлюк И.А.(1915-1994) -профессор К.Я. Латышеваның оқушылары).

Аталған әдісті пайдаланып Иван Адамович екінші ретгі квазисызықты дифференциалдық теңдеулер жүйесінің шешімдерінің орнықтылығы, шенелгендігі, периодтылығы және асимптотикалық қасиеттерін зерттеуге қатысты маңызды нәтижелер алды. Алынған нәтижелер оның докторлық диссертациясының негізін құрады және «Асимптотические свойства решений неавтономных систем дифференциальных уравнений второго порядка» (1970ж.) монографиясына енді. Осы тақырыптан ұзақ жылдар университет студенттері үшін арнайы курс оқыды. К.Я. Латышева қайтыс болғаннан кейін алғашқы қазанама жазған да И.А. Павлюк болатын. Онда К.Я. Латышеваның өмірбаяны және еңбектерінің тізімі келтірілген. Соңғы жылдары Латышеваның өмірбаяны туралы жазғандар И.А. Павлюктың осы жұмысына сілтеме жасайды. Бірақ, онда келтірілген жұмыстарының тізімі толық емес.

К.Я. Латышеваның аналитикалық теорияға қатысты идеяларының тікелей жалғастырушысы, оның екінші оқушысы Н.И. Терещенко (1932-1987ж.) болды.

Николай Иванович Терещенко 1932 жылдың наурыз айының 8-ші жұлдызында Донецк облысында дүниеге келген. Жас шағында денсаулығына байланысты көп қиындықтарды бастан кешеді. Ұлы Отан соғысы кезінде Донбасс немістердің қол астында қалған қиын кезеңді де еске алып отыратын. 1956 жылы Киев университетінің механика-математика факультетін бітіргеннен кейін, дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасында аспирантураға қалдырылады. Аспирантураны кафедра меңгерушісі профессор Латышеваның жетекшілігімен өтуі қажет болатын. К.Я. Латышева осы жылы қайтыс болғаннан кейін аспирантураны профессор Ю.А. Митропольскийдің жетекшілігімен өтіп, 1959 жылы «Решение систем линейных дифференциальных уравнений полиномиальными коэффициентами» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. Осылайша үлкен жүректі ғалым Ю.А. Митропольский бастауын атақты Георг Фробениустан алатын, аналитикалық теорияның негізгі әдістерінің бірі болып саналатын Г. Фробениус әдісінің, сонымен бірге аналитикалық теорияның Киев университетінде жоғалмай сақталуына және дамуына мүмкіндік жасады.

Николай Иванович және оның оқушылары бұдан кейінгі жылдары Фробениус – Латышева әдісін белсенді түрде дамыта бастады. Бұл бағыттағы жасалған жұмыстарға біз алдағы уақытта біртіндеп тоқталатын боламыз.

Н.И. Терещенко полином коэффициентті сызықты дифференциалдық теңдеулер жүйесінің тұйық шешімдерінің бар болуы туралы сұраққа жауап іздеумен айналысты. Өз еңбектерінде екі түрлі мәселенің шешімін тапты. Біріншіден, регуляр сызықты дифференциалдық теңдеулер жүйесінің тұйық шешімдерінің бар болуының проблемасын шешті. Екіншіден, асимптотикалық түрдегі логарифмдік шешімдердің бар болуының қажетті және жеткілікті шарттарын дәлелдеді.

Николай Иванович дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасында 30 жылға жуық жұмыс жасады. Осы жылдары механика-математика факультеттерінің студенттері және оқуға түсуге талапкерлер үшін бірнеше көмекші оқу құралдарын дайындады. 1970 жылы К.Я. Латышева, Н.И. Терещенколардың авторлығымен «Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы және оның қолданбаларынан дәрістер» (Фробениус-Латышева әдісі), Киев, 1970 – кітабы жарық көрді. Мұнда авторлардың ұзақ жылдар бойы аналитикалық теориядан оқыған арнайы курстары бір ізге келтіріліп жүйеленген. 1974 жылы К.Я. Латышева, Н.И. Терещенко, Г.С. Орелдардың авторлығымен «Қалыпты-регуляр шешімдер және оның қолданбалары», Киев, Вища школа, 1974-монографиясы жарық көрді. Бұл кітаптар Кеңестер Одағында 1941, 1950 жылдары баспадан шыққан В.В. Голубевтің дәрістерінен кейінгі шыққан алғашқы кітаптар болатын. Монографияда ранг және антиранг түсініктері, ақырлы және ақырсыз ерекше нүктелер маңайындағы асимптотикалық шешімдерді тұрғызу әдістері қарастырылған. Николай Иванович авторларының құрамына академиктер Н.П. Еругин, И.З. Штокало, А.М. Самойленколар т.б. енген. «Курс обыкновенных дифференциальных уравнений» (1974) атты оқу құралының авторларының бірі.

Н.И. Терещенко алты кандидаттық диссертацияларға жетекшілік жасады. Олардың әрқайсысы Фробениус-Латышева әдісін дамытудың нақты мысалы.

Сикорский Юрий Игнатьевич – Т.Г. Шевченко атындағы Киев мамлекеттік университетінің түлегі. 1972 жылы «Нормальные решения линейных неоднородных дифференциальных уравнений с переменными коэффициентами» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Диссертациялық жұмыста біртекті емес сызықты дифференциалдық теңдеулердің қалыпты шешімдерін тұрғызудың әдістерін анықтады. Мұндай теңдеулердің тұйық шешімдерінің бар болуының қажетті және жеткілікті шарттарын дәлелдеді. «Резонанс» жағдайы да жан-жақты қарастырылған. Қарастырылған мысалдар бір айнымалының ортогонал көпмүшеліктері мен арнайы функцияларына қатысты. Тақырып бойынша 8 жұмысы жарық көрді. Бірнеше жұмыстар Н.И. Терещенкомен бірге.

Орел Галина Савинична – 1971 жылы «Решение дифференциальных уравнений теории сложных волноводных систем» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Жұмыс қалыпты – регуляр шешімдердің күрделі волноводтар жүйесіне қолданылуына арналған.

В.П. Аристовтың жұмыстары серпімділік теориясына Фробениус-Латышева әдісін қолдануға арналған.

Головешко В.И. және Н.Н. Иванюктердің кандидаттық жұмыстары 1986 жылы қорғалды. Оның Қазақстанға дайындаған аспиранттары Ж.Н. Тасмамбетов пен О.Қ. Қашқынбаевтар туралы алдағы пункте мағлұматтар келтіреміз.

Николай Ивановичтің 2007-ші жылы туылғанының 75 жылдығына және К.Я. Латышеваның 110 жылдығына арнап профессор Ж.Н. Тасмамбетов «Развитие аналитической теории дифференциальных уравнений в Киевском Национальном университете им. Т.Г. Шевченко и ее продолжение в Казахстане. (К 110-летию профессора К.Я. Латышевой и 75-летию доцента Н.И. Терещенко)» (Вестник АГУ им. К.Жубанова, 2008, №1, с. 50-76) атты көлемді мақала жазды. Онда К.Я. Латышеваның өмірбаяны келтіріліп, еңбектерінің тізімі толықтырылды. Н.И. Терещенконың өмірбаяны жазылып, өзінің жеке және аспиранттарымен бірге жазған мақалаларының тізімі жасалды. Барлығы 58 еңбегі анықталды. Осы бағыттағы жұмыстар алда келетін ғалымның 80 жылдығына да қатысты жалғасын таппақ.

2.4.4. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы Қазақстанда

Өткен тарихты қозғар болсақ, Киев университетінде алғашқы қазақ аспиранттары мен студенттер 1962 жылы пайда болды. Бұл Ұлы Отан соғысының 1941-1945 жылдардағы ауыр жылдарынан кейін туысқан украин халқының ес жинап, ғылым мен білімге таза ден қойған кездері болатын. 1962 жылы оқуға түскен 12 Қазақстандықтардың үшеуі механика-математика факультетін бітірді. Уақыт өте келе олардың екеуі Ғалым Бекенұлы Шериязданов пен осы жолдардың авторы Ж.Н. Тасмамбетовтер докторлық, ал Ж.Қ. Қаратаев кандидаттық диссертацияларын қорғады. Бәрінің де ғылыми жұмыстары Киев университетімен байланыста болғанын атап өткен жөн.

Кеңестер Одағының алдыңғы қатарлы университеттерінің бірінде оқу оңайлыққа түскен жоқ. Алдыңғы қатарлы ғалымдардан тұратын профессор-оқытушылар құрамы әділ де қатаң талаптар қоятын. Орыс және украин тілдерінен қиындық көрген шақтарда адамгершілікке толы көмектерін аямайтын. Университет ғылымы мен білімінің қандай болуы керектігін санаға құйып жіберген, онда қалай еңбектену қажеттігін үйреткен профессор-оқытушылар қауымына әлі күнге дейін алғысым шексіз. III-ші курстың екінші жарты жылдығына қарай мамандандыруға көштік. Мен алдағы тағдырымды дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасымен байланыстыруға шештім. Бұған бірге жүрген достар А.Т. Полищук, В.В. Ищук, В.Т. Яцюктердің осы кафедраны таңдауларының әсерлері тимей қалған жоқ. Кейін В.В. Ищук осы кафедраның белді доценттерінің біріне айналды. В.Т. Яцюк академик Ю.А. Митропольскийдің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады, Математика институтының ғылыми қызметкері болды. А.Т. Полищук Киевтің Есептеу орталықтарының біріндегі қызметті таңдады. Мен Ақтөбе педагогика институтына келіп оқытушылық қызметпен айналыстым. Қысқасы әркім өз жолын тауып, өздерінің таңдаған кәсіптерімен айналысты. Кафедра меңгерушісі Украина КСР ҒА-ның академигі И.З. Штокало, кафедра мүшелері академик Ю.А. Митропольский, доценттер И.А. Павлюк, Б.И. Мосеенков, Н.И. Терещенко, А.А. Стоницкий,

Л.Н. Грацианская, аға оқытушы В.А. Волковалар болды. Кейінірек кафедраны академик А.М. Самойленко, оның оқушысы Н.А. Перестюктер басқарды.



Ф.-м.ғ.д., профессор Ж.Н. Тасмамбетов

Қызылорда облысының Қазалы ауданында Бозкөл кеңшарында 1945 жылы туып, 1961 жылы Қазалы қаласындағы №17 Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, қазақы ортада өскен маған Киев университетінде оқудың қиынға түскені шындық. Бірақ, жолымда үлкен жүректі адамдар кез болып, 1967 жылы университетті бітірдім, ал 1970-1974 жылдары осы кафедрада алдымен өтіл-зерттеушілік, кейін аспирантурада оқып, жоғарыда аты аталған ғалымдардан білім алу бақытына ие болдым.

Бір жылдық өтіл-зерттеушілік кезінде Николай Иванович бірнеше тақырыптар ұсынып, таңдауды өзіме жасауға ерік берді. Сол тақырыптар ішінен Фробениус-Латышева әдісін дербес туындылы тендеулер жүйесіне жалпылауға тоқталдық. Ол кезде бізге белгілі жалғыз В. Штернбергтің статьясы болатын. Жетекшім мұндай жүйелерде есептеулердің 2-3 есе

көп болатынын, сондықтан болашақ қиындықтарға көнуге тура келетінін ескертті. 1975 жылы қорғалған «Нормальные решения некоторых систем дифференциальных уравнений второго порядка в частных производных» тақырыбындағы кандидаттық диссертацияда ранг және антиранг түсініктері енгізілді, қалыпты және іштейқалыпты қатарлардың, қалыпты-регуляр шешімдердің түрлері анықталды. Логарифмдік шешімдердің жоқ болуы белгілері орнатылды. Бірақ, іштейқалыпты қатарлардың, қалыпты-регуляр және ақырлы шешімдердің ерекше нүктелердің маңайында бар болу шарттары анықталмай қалды. Ондай шешімдерді тұрғызудың тиімді алгоритмдері нақтыланбады. Аталған проблемалар менің «Нормальные решения специальных систем дифференциальных уравнений в частных производных второго порядка с полиномиальными коэффициентами» (2004ж.) атты докторлық диссертацияда шешімдерін тапты. Зерттелген жұмыс бойынша 150-дей статья, тезис, препринтер баспадан шығарылды.

Қазіргі кезде Қазақстанда бірнеше адам Фробениус-Латышева әдісін дамыту бағытында жұмыс жасайды.

Қашқынбаев Орынбасар – әдісті жәй коэффициенттері периодты сызықты дифференциалдық теңдеулерге таратты. О.Қашқынбаев Киев университетінің түлегі. Оның аспирантурасында доцент Н.И. Терещенконың жетекшілігімен жұмыс жасады. 1987 жылы Н.И. Терещенко қайтыс болғаннан кейін ф.-м.ғ.д., профессор М.И. Рахимбердиевтің жетекшілігімен жұмысын аяқтап, 1996 жылы «Нормально-регулярные и асимптотические решения линейных дифференциальных уравнений с тригонометрическими коэффициентами» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Диссертациялық жұмыста Фробениус-Латышева әдісімен Матье теңдеуінің формалды және асимптотикалық шешімдері, қалыпты-регуляр және ақырлы шешімдері тұрғызылды. Зерттелген тақырып бойынша О.Қашқынбаевтың 9-жұмысы жарық көрді.

Талипова Мейрамгүл Жұбатқанқызы – Фробениус-Латышева әдісін біртекті емес екінші ретті сызықты дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйесіне жалпылау бағытында Ж.Н. Тасмамбетов, К.К. Кенжебаевтардың



Профессорлар Ж.А. Сартабанов пен Ж.Н. Тасмамбетов
қызыл корпус алдында



Профессор Ж.Н. Тасмамбетов БЖҒМ –рі Ж.Қ. Түймебаевтың қолынан
«ЖОО-ның үздік оқытушысы -2007» грантын алу үстінде
(Астана -2007).



Киев университетінің 1967 жылғы түлектері Ғ.Б. Шериязданов пен Ж.Н. Тасмамбетовтер грант иегерлері. (Астана 2007).



Профессор Ж.Н. Тасмамбетов оқушылары М.Ж. Талипова және Р.У. Жахиналармен бірге.

жетекшілігімен жұмыс жасады. 2007 жылы «Построение нормальных решений неоднородных систем дифференциальных уравнений в частных производных второго порядка» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Онда қалыпты және қалыпты-регуляр шешімдердің бар болуының қажетті шарттары орнатылды, регуляр және иррегуляр ерекше нүктелердің маңайында қалыпты және қалыпты-регуляр шешімдерді тұрғызудың тиімді алгоритмдері анықталды, біртекті емес жүйелер үшін Логарифмдік шешімдерді табудың рекурентті қатынастарды анықтады. Алынған нәтижелер екі айнамамының арнайы функцияларының теориясында маңызды орын алады және математикалық физиканың, электродинамиканың есептерінде қолданылады.

Профессор Ж.Н. Тасмамбетовтың оқушылары Ермагамбет-Нұрғалиева Д.М., Ы.У. Жахина, А.Ж. Тасмамбетовалар да Фробениус-Латышева әдісін әр түрлі жүйелерді зерттеуге қолданумен айналысып келеді. Д.М. Ермагамбет-Нұрғалиева әдісті үш теңдеуден тұратын жүйелерге жалпылаумен айналыса, Р.Ө. Жахина мүмкін теңдеулер мен мүмкін жүйелердің араларындағы байланыстарды зерттеумен айналысты. Р.Ө. Жахина ф.-м.ғ.д., профессорлар К.К. Кенжебаев пен Ж.Н. Тасмамбетовтардың жетекшіліктерімен 2010 жылы «Построение решений специальных систем дифференциальных уравнений в частных производных второго порядка, связанных с допустимыми дифференциальными уравнениями» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Зерттелген тақырып бойынша Рысқұл Өтеуқызы Жахинаның 20-дан астам жұмыстары жарық көрген.

Бастауын Киев университетінің профессоры К.Я. Латышеваның жұмыстарынан алған Фробениус-Латышева әдісі Қазақстанда доцент Н.И. Терещенконың оқушыларының жұмысында жалғасын тапты. Аталған әдістің жойылып кетпеуіне үлкен ғылымда жол салған атақты академиктер Ю.А. Митропольский, А.М. Самойленко және Н.А. Перестюктердің үлкен әсерлері болғанын атап өткен жөн. К.Я. Латышева қайтыс болғаннан кейін Ю.А. Митропольский, Н.И. Терещенкоға тақырып қойып, әдісті сақтап қалды.

Киевтің сызықты емес механика мектебінің жалғастырушысы Украина ҰҒА-ның академигі А.М.Самойленко дифференциалдық және интегралдық теңдеулер кафедрасының меңгерушісі болған кезінде аспирантурада оқыған маған жан-жақты көмектер жасап жүрді. Осы көмек 1990-1992 жылдары аға ғылыми қызметкер болған кезімде де жалғасты. Докторлық жұмысымның сыртқы жетекші ұжымы да осы кафедра болды. Кандидаттық диссертация қорғаған кезде де бірінші оппонент академик Ю.А.Митропольский болған болатын. Сондықтан да мен ұшқан уям Киев деуден жалыққан емеспін.

Академик А.М.Самойленконың оқушысы академик Н.А.Перестюк доцент Н.И.Терещенко қайтыс болғаннан кейін доцент В.М.Буримге тапсырма беріп, К.Я.Латышеваның және Н.И.Терещенколардың ғылыми дәстүрлерін жалғастыруды өтінген болатын. В.М.Бурим дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясынан арнайы курс дайындап, көптеген жылдар механика-математика факультеттерінің студенттеріне дәрістер оқыды.

§3. Таңғажайып Түркия сапарлары.

Қазақта «Бармасаң, көрмесең - жат боларсың» деген аталы сөз бар. Бұл сөз ағайын арасына арнап айтылғанмен, түбі бір халықтар үшін де орын алатынын өмірдің өзі көрсетіп берді. Түбі бір Түркі халқы «Бөлінгенді бөрі жейтін» замандарды басынан кешірді. Оған өткен тарих куә. Тарихшылар қазіргі Түркі жұртының бір кездері Қазақ жерінде өмір сүрген Оғыздардың ұрпағы екендігін келтіреді. Орхон жерінде қоныс тепкен Оғыздар бірлестігі VII ғасырдан бастап қазіргі Қазақстанның Жетісу аймағына қоныстана бастаған да, IX ғасырдың соңғы кезеңдері мен X ғасырда Сырдарияның төменгі ағысында күшті мемлекет ұйымдастырған. XI ғасырда одан да ығыса отырып, осы уақыттағы Түркия жеріне жеткен. Әр түрлі жаугершілік заманды басынан кешірген Түркі халқы 70 миллиондай адамды құрайтын іргелі елге айналған. Елге келген туристерге арналған анықтауыштардың бірінен мынадай сөздерді оқыдым: «Древнейшая культура и традиции, обычай и



Таңғажайып Түркия: Ырысты, көрікті Ыстамбұлда. (2008).



Таңғажайып Түркия: Фетхие. Өлі теңіз. IV-ші «Кері есептер» бойынша конференцияның өткен орны.

нравы, привезенные сюда из далекой Азии и по крупицам собранная здесь и ставшая достойнейшей наследницей этих достояний мировой культуры. Турция – страна, людей, сумевших сберечь эту величайшую культуру»(Турция.Русский.MERT.стр.8). Қысқа да нұсқа түрде келтірілген бұл сөздерден, олардың тарихи тамырының сонау алыс жатқан Азиядан екенін көреміз. Ғасырлар бойы талай мәдениеттердің тоғысқан жері. Императорлар бірінен соң бірі жарыса қалалар салып, оларды өнер мен архитектураның көрнекті шығармаларымен әсемдеуге, осылайша өздерін мәңгілікке калдыруға жарыстар ұйымдастырған сияқты.

Айнала қоршаған көк теңіз, жасыл желекке бөленген сұлу табиғат, мойындарын көкке созған мешіттердің мұнаралары бір-бірінен әсемдіктері асып тұрған алып ғимараттар, үлгі тұтуға тұрарлық қалаларындағы тазалық бәрі бірігіп, Таңғажайып Түрік елі деген түсінікті құрайды екен. Сол Түрік елінде бірнеше қайтара іс-сапарда болып, жер сұлулығымен қатар жүректерінің жылылығын сезіндік. Болған іс-сапарлар мақсатын қысқаша келтіріп, алған әсерлерімізбен, тағылымды кездесулер туралы баяндамақпыз.

3.1. Ж о л с а п а р т а ғ ы л ы м ы

Түрік дүниесі математиктерінің ІІ-ші симпозиумына менің де шақыру алғанымды естігенде:

- Барып, қатысып қайтқан жөн болады,-деген ұсыныс айтқан ҚР ҰҒА-ның академигі, кейін 2007 жылдың қорытындысы бойынша ел Президентінің қолынан бірінші болып, Мемлекеттік сыйлық алған физика-математика ғылымдарының докторы, белгілі ғалым- Мұқтарбай Өтелбаев. Аға ұсынысын жөн көріп сапарға аттандық. Түркияның Сакария аталатын қаласында шілденің 4-7 жұлдыздары аралығында өтетін симпозиумға қатысуға жол тартып келеміз. Ақтаудан шыққан ұшақ екі сағаттай уақыт өте келе Ыстамбұл әуежайына қонуға дайындалады деген хабарламаға алғашында сенбестік пайда болғандай болды. Бұрын соншама алыс көрінетін Түрік елі - Түркия жақындап кеткендей . Ұшақ төмендеген сайын бұрынғы көк теңіз орнына 15-миллионнан

асам халық тұратын үлкен қаланың ғимараттары көріне бастады. Салыстыра қарасаң, бұл біздің 2724 мың шаршы.км жерге орналасқан бүкіл Еліміздің халқына тең болып шығады. Түрік бауырларымыз өз жерлеріне келіп –кету рәсімдерін де жеңілдеткен екен. Кештете жеткеніміз болмаса, қонақ үйге орналасудан да қиындық көрген жоқпыз. Ендігі кезек симпозиум басталғанға дейінгі 3 күн аралықты Ыстамбұлда өткізіп, аз-кем аралағаннан кейін Сакарияға аттану.

Көне тарих ізімен.Әдетте Түркия туралы айтқанда біздің тәуелсіздігімізді алғашқы мойындаған бауырлас ел екендігі айтылады. Шекарасын “темір шымылдықпен” қоршаған Кеңестер Одағы кезінде бізге оны, көбірек бауырластығынан гөрі өмір бойы жаугершілікпен айналысқан жау ел сияқты көрсететін. Тәуелсіздік алғаннан кейін «Түбі бір - Түркі елі» атанып, байланыстыратын ортақ құндылықтарды іздей бастадық. Сондай құндылықтар бізді қойнауына тарих тұнып, шежіре ұя салған менің туған жерім – Сыр өңіріне, ондағы Сырдарияның Арал теңізіне құяр сағасына жақын орналасқан Жанкент шаһарына келтіреді. Жанкент шаһары мұнан 1000 жылдай бұрын оғыздар деп аталатын тайпалар негізін құраған алып мемлекеттің астанасы болған, онда бүкіл Түркі халықтарына ортақ тұлға Қорқыт ата өмір сүріп, уәзірлік құрған. Түрікше Янгикент, қазақша Жанкент, яғни «Жаңа қала» деген мағынаны білдіреді. Ел аузындағы аңыз бойынша Жанкеттің ханы Санжар Қарабура әулиенің қарғысына ұшырап, елін жылан сорған. Осы аңызды бала күннен есітіп өскен бізге қала қорғанының үйіндісінің жанынан өту, әр кезде үрей туғызатын.

Кейінгі кезде «Қорқыт ата кітабы» қолымызға тиіп, оғыз мемлекеті туралы көптеген мағлұматтар алдық. Көне тарихтың толмасын толтырғандай болдық. Дәуірлеу жағдайы 10-12 ғасырларға келген қаланы Шыңғысханның ұлы Жошы 1220-жылдың күзінде қиратқан. Ал, қазіргі Түрік мемлекетінің негізін құраған оғыз тайпалары XI ғасырда Қазақ даласын бойлай өткен Қыпшақ тайпаларының қысымымен ығыстырылып дүние жүзіне тарайды. Олардың қалдырған аймақтары кеңейіп, Дешті Қыпшақ - Қыпшақ даласы атанған, ал миграцияға ұшыраған оғыз тайпалары осы күнгі Түрік

жерінде дүниені дүр сілкіндірген Осман империясын құрғаны белгілі. Аталған 1000 жылдай уақыт аралығында жаңа қонысқа жаугершілікпен жеткен түріктер көптеген ірілі-ұсақты жеңістер мен жеңілістердің дәмін татқан. Барсы және Эдирне қалаларынан кейінгі Түрік елінің үшінші астанасы-Істамбұл екен.

Ынтықтырған Істамбұл. Қала тарихы қызық. Қадам басқан сайын алатын жаңа мағлұматтар тарих қойнауына ала жөнеледі. Алғашқы орын тебушілер «Топкалы Сарайы» маңайында сонау қола дәуірінде орналаса бастаған. Азия мен Европа төсіне қатар орналасқан дүние жүзіндегі бірден-бір қала. Азия бөлігінде қоныстану б.э.д. 680-ші жылдары, ал Европа бөлігінде қоныстану б.э.д. 660-шы жылдары қолбасшы Византтің басшылығымен жүргізілген. Осыдан кейін Византияның гүлдену дәуірі басталады. Біздің эрамыздың 330 жылы Ұлы Константиннің императорлық дәуірінде қалаға Константинополь деген ат беріледі. Оны Осман түріктері 1517-жылы толық жаулап, Осман империясының астанасына айналдырды. Сол кезден бастап, мұнда халифат орнап, Істамбұл мұсылман әлемінің орталықтарының біріне айналды. Жалпы, Істамбұлда 2400-ге жуық мешіттер бар деп есептеледі екен. Солардың ішінде қатар орналасқан Айя-София мен Ахмет Сұлтан мешіттері архитектуралық ерекшеліктерімен көз тартады. Барлық мешіттерге де кіріп, ғибадат жасауға, басқа да тарихи орындарға еркін кіруге мүмкіндік жасалған деп түсіндірген менің жолбастаушым Тараздық студент өзінің Істамбұлда жүріп, көп нәрсеге көңіл бөліп, өз ойларын түйіндегенін көрсетумен болды. Шынында, түрік бауырлардың көне тарихқа, оны сақтап, болашақ ұрпақтарға жеткізуіне деген ілтипаттары өте ерекше екен. Оны Түркияда болған кейінгі күндері де байқадық. XIX ғасырда еуропалық архитектуралық стиль басым бала бастапты. Екі стиль қазіргі кезеңде аралас өмір сүріп, қалаға ерекше көрік беруде. Оларды көруге ынтыққан мындаған туристер Істамбұлға келіп, миллиондаған кіріс келтіреді екен. Ататүрік бастаған ұлт – азаттық қозғалысы жеңіп, сұлтанат жойылып, ел Республикаға айналғаннан кейін, 1923 жылы Түрік Елінің жаңа астанасы – Анкара болып жарияланған. Ал, Істамбұл



Түрік дүниесі математиктерінің II - ші симпозиумының ашылуы. Сакария- 2007.



Қала мәрі және Сакария университетінің ректоры, профессор Мехмет Дюрмандармен бірге. Сакария -2007.

Түркияның әуе қақпасы, үлкен гүлденген өндіріс және сауда орталығы болып қала берген.

Сакариядағы симпозиум. Бір миллиондай адам тұратын Сакария қаласы Ыстамбұлдан 120 км – дей қашықтықта орналасқан, болып шықты. Түрік дүниесі математиктерінің II - ші симпозиумымен бірге өздерінің геометрия бойынша V – ші сампозиумын да қатар өткізді. Сонымен қатар 70 мың адам оқитын Сакария университетінің 15 жылдығы да атап өтілді. Ол Ыстамбұлдың техникалық университетенің филиалы ретінде ұзақ жылдар жұмыс жасаған. Түркияда мұндай саны көп студенттер оқитын оқу орындары көптеп саналады екен.

Қазақстаннан өздерінің баяндамаларын 16 адам ұсынғанымен, 11 адам ғана симпозиумға қатысты.

Араларында үш академик: М.О. Өтелбаев (Астана), А.А. Женсаықбаев және Н. Данаев (Алматы); алты физика - математика ғылымдарының докторлары (ф.-м.ғ.д.): Е.Д. Нұрсұлтанов, Н. Боқаев, К.Н. Оспанов, Л.Т. Тлеуханова (Астана), Б.Е. Қанғожин (Алматы), Ж.Н. Тасмамбетов (Ақтөбе), ф.-м.ғ. кандидаттары Л.К. Жапсарбаева, Е.Н. Сейтқұловтар (Астана)-бар. Қатысушылар саны жағынан Қазақстан Түркия мен Әзірбайжаннан кейінгі үшінші орында болды. Сырттан келген қонақтар - 74 адамның негізі бұрынғы Кеңестер Одағынан. Симпозиум кезінде көбірек Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген және Түрік математик ғылымдарымен көбірек араластық.

Жалпы саны 450-дей адам қатысқан симпозиум өзінің жұмысын шілденің 4.07.07 ж.- 07.07.07ж. жұлдыздары аралығында бес секцияға бөлініп өткізді. Академиктер М.Ө. Өтелбаевтың Навье – Стокс проблемасын шешу, А.А. Женсаықбаевтың функциялар теориясы проблемаларын шешу, Н. Данаевтың қолданбалы математиканың мәселелері туралы баяндамалары, тыңдаушылар қызығушылығын тудырды. Ф.-м.ғ.д. Е.Д. Нұрсұлтанов, Б.Е. Қанғожин, К.Н. Оспанов т.б. баяндамаларынан кейін қызу таластар туды. Математиканы оқыту мен оның тарихи мәселелері қозғалды.

Мұндай бірінші симпозиум 1999 жылы ұйымдастырылған, ал екіншісін 8 жылдан кейін – 2007 жылы ғана ұйымдастыруға мүмкіндік туған. Бұрын қатысқандардың айтуынша екінші симпозиум бұрынғыға қарағанда саны да, сапасы да жағынан әлде қайда жоғары. Түрік математикасының да сапасы көтерілген. Оған бұрынғы Кеңес Одағы Республикаларынан келген математиктердің, әсіресе діні бірі, тілі жақын әзірбайжандықтар көп үлес қосқан.

Бас біріктіретін болашақ. Түрік дүниесі математиктерін не біріктіреді және алдағы уақытта қалай байланыс орнатамыз? - деген сұрақтар төңірегінде пікірталастар Түрік дүниесі математиктері қоғамын құрған кезде орын алды. Шығып сөйлегендер барлығымыздың ортақ тарихымыз бар екенін, әрі бір - бірімізді жақсы біліп, араласудан тек қана ұтатынымыз жайлы баса айтты. Ортақ тарих туралы мақала басында келтірген болатынбыз. Академик М. Өтелбаев Қазақстандықтар атынан мынадай үш ұсыныс енгізді:

1. Алдағы шараларды әрбір екі жыл сайын кезекпен өткізіп тұру және келесі III –ші сипозиумды Қазақстанда өткізу.

2. Ортақ математика Институтын ашу. Оны Түркі халықтарына ортақ киелі қала - Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи атындағы қазақ - түрік университеті жанына орналастыру.

3. Түрік халықтарына ортақ математикалық терминдер сөздігін жасау.

Ұсыныстар жиналғандар жағынан бір ауыздан қолдау тапты. Көпшілігі Қазақстанның экономикасы мен математикасы жедел дамып келе жатқанын, сондықтан ұйымдастыру мүмкіндіктері бар екендігін де білдірді.

Ағалар үлгісі. 2007 жылдың Республикалық ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик М.О.Өтелбаев математика ғылымында қандай биік болса, күнделікті өмірде сондай қарапайым жан. Осы кезге дейін 75 кандидаттық, 9 докторлық диссертацияға жетекшілік жасаған, оның Түрік дүниесі математиктері арасында да

диссертацияларына оппонент болып, ғылыми өмірге жолдама берген ғалымдары көп болып шықты. Олардың көбі Мұхтарбайды көруге, кездесуге, терең білімінен сусындауға келдік, - деп, реті келген жерде жанынан табылуға тырысқанын көрдік. Түрік дүниесіндегі бірінші математик деген марапаттаулар да болды. Оның жан-жақтылығының белгісіндей маңызды қолданбалы мәселелерді шешкендігі туралы 4 авторлық куәліктерін де алға тартуға болады. Енгізген «q - Өтелбаев функциясы» - әлем математиктері арасында өз бағасын алды. Ол спектрлі талдауға қатысты әлемдік деңгейдегі маңызды проблеманы шеше білді. Жүзге жуық еңбегі шетелдік басылымдарда жарық көрді, яғни еңбектері математика деген тұңғыық әлемнің көптеген салаларын дамытуға өз әсерін тигізді. Қазақстан Республикасы ғылымына сіңірген еңбектері бағаланып, 1972-2006 жылдары арасында теориялық физика және механика, дифференциальдық теңдеулер теориясы және есептеуіш математикалардың маңызды есептерін шешуге бағытталған «Спектрлі теория және оның қолданылуы» тақырыбы бойынша жазылған жұмыстар циклі үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Ол Түрік дүниесі математиктері қоғамының ұйымдастыру комитетінің құрамына бір ауыздан ұсынылды. Қоғамның төрағасы болып, осы уақытқа дейін ұйымдастыру жұмыстарын атқарып келген Dz. N. Hilmi Nacisalihogu (Түркия) қайта сайланды.

Симпозиум өткен әрбір күн мәдени шараларға толы болғанын атап өткен жөн. Әр кеште өзіндік ұлттық ерекшеліктері бар бөлек дәмханалардан кешкі ас ұйымдастырылды. Бізге, профессор Мұрат Тосун бастаған ұйымдастырушылар бай түрік асханасынан әр түрлі дәмдер татқызуды да жоспарлаған сияқты болып көрінді. Түрік музыкасын тыңдатып, тамаша түрік билеріне қосыла билеуге шақырды. Қысқасы, қонақтарға деген ыстық ықылас төгіліп жатты. Арасында Түркістанды білетіндерін, барып көруге ынтық екендерін де білдіріп жатты.

Симпозиумды ұйымдастырушылар, оған арнап жазған «Anayurt marsi» -«Отан әнұранын» қатысушылар жылы қарсы алып, қосылып орындалды. Оның бір бөлігін назарларыңызға, аудартып ұсынғанды дұрыс деп есептедік:



Солдан оңға қарай Қоғамның президенті Хилми Гаджисалехоғлы, академик Өтелбаев М.Ө., профессор Тасмамбетов Ж.Н., ұйымдастыру комитетінің төрағасы Мұрат Тосун (Түркия, 2007)



Түрік дүниесі математиктерінің II - ші симпозиумына қатысушылар.Сакария -2007



Қазақстан мен Өзбекстаннан келген II Конгреске қатысушылар (2007 ж., Сақария)



Таңғажайып Түркия: Ыстамбұл . (2008).



Сақария университетінің Қызылордалық магистрлері Құлмағанбетова Ақмарал мен Ботабаева Жанат симпозиум қонақтарын қазақ биімен таныстыруда (2007).



Тарақты мұражайында солдан оңға қарай профессорлар Ж.Н.Тасмамбетов, Н.А.Боқаев, ҚР ҰҒА-ның академигі М.Ө.Өтелбаев, Әзербайжан ҰҒА-ның академигі Фихрет Алиев . Сақария -2008.

Түркістан, Әзірбайжан ей әсем отанымыз,
Түркістан, Анадолым ей әсем отанымыз,
Сен үшін құрбан болайық, ей отанымыз,
Өзбек, түрікмен, ұйғыр, татар, әзірбайжан-бір халықтан,
Қарақалпақ, қырғыз, қазақ-бұлар бір тектен.

Осы шаралардың бәрі қосылып, түбі бір-Түркі жұртынан келген жандарды жақындастыра түскендей әсер қалдырды. Соңғы күнгі Тагаклі және Гоуник қалалары мен олардың мұражайларына жасаған саяхат ортақ тарихымызды растай түскендей болды. Тараклы Орта Азиядан шыққан көшпенділердің осы жерге орнығуынан бастау алған болып шықты. Сонда Арғын руының Тарақты аталатын тармағын еске алдық.

Жолсапар тағылымы Түрік әріптестер аудармашылар жағын қарастырғанмен, бәріміз түсінетін ортақ тіл болмауы қиындығын да бастан кешірдік. Осы жерде үш тіл меңгерейік деген ұранның дұрыстығына көз жеткізгендей болдық. Әрине, қазақ тілін жетік білу, әрқашанда алда тұру керек екендігі өзінен -өзі түсінікті. Бұл жерде қазақ және орыс тілдерінен аудармашылық жасап, жағдайымызды жеңілдеткен әзірбайжан қызы Айна мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінен келіп, магистратурада оқып жатқан Құлмағанбетова Ақмарал және Ботабаева Жанаттарға алғысымызды айта кеттік.

Түрік жастарының математикаға деген ынталары таң қалдырды. Осы кезде қазақ жастарының математикаға, фундаменталь ғылымдарға деген ықыластарының төмендеп, университеттерде аталған мамандыққа талапкерлердің жылдан-жылға азайып бара жатқандығы ойға оралды. Мұхтарбайлардың, аға буынның орнын кімдер басады. Мұхандар да ауыл баласы. Соғыс жылдары қиындықтары салдарынан мектеп есігін 10 жаста ғана ашады. 7 сыныпты аяқтап, әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмай туған ауылында трактор айдайды. Бірақ, ішкі талант жатқызбай алға жетелейді, аяғында М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетін бітіреді. Қазір, сол атақты университеттің Астанадағы филиалының директоры. Ол, жас буынды өзі білім алған, ондағы бар ғалымдар өзін

бағалайтын, оқу орнымен байланыстырудан жалыққан емес. Осындайда үлгі болар аға буынды мектеп оқушыларына, арман қуған жас буынға жете таныстыра алмай жүрміз бе? – деген ой келеді.

Түрік экономикасының соңғы 4-5 жыл өсу кезеңі екенін, Қазақстанда оқу бітіріп, қазақ-түрік лицейлерінде сабақ берген, қазір Ыстамболда қызмет істейтін түрік азаматы Ясин үлкен мақтанышпен айтты. Соның әсері болар Түркияның оқу орындарына жастар көптеп тартыла бастаған. 15-жылдық тарихы бар Сакария университеті қаланың сыртынан студенттік қалашық салып үлгеріпті. Университет асханасынан бір мезетте мыңға жуық адам тамақтанып үлгере алады. Жатақхана мен асханаларындағы тазалық та көңіл аударарлықтай. Сондай тазалық үлкенді-кішілі қалаларында да сақталады екен. Осыларды көргенде біздегі қалалар мен оқу орындарындағы тазалықты ойлап көңілге реніш ұялады. Олай болса, бізге де алға ұмтылу қажет. Ел Президенті айтқан бәсекеге қабілетті 50-ел қатарына қосылу бос сөз емес, оны мәдениетті және жоғарғы деңгейде білім алған жастар ғана іске іске асыра алады.

3.2. Арманы биік-Алемдар

Алматы әуежайы. Біз, бір топ адам екінші қабатта жолға дайындық үстіндеміз. Біз деп отырғанымыз Түркияда өтетін «Invers Problems: Modeling and Simulation» IV Халықаралық конференциясына қатысуға талаптанушылар. Ішінде ғылым жолын өтіп, математика әлеміне талайларға жол сілтеген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері, академик М.Ө. Өтелбаевтан бастап, өмір жолын жаңа бастаған жастар да бар. Бәріміздің басымызды қосып, жетекшілік жасап жүрген Жылысбаева Қарлығаш бізге жол қиындығын түсіндіре бастады. Бағытымыз Ыстамбұл-Анталья-Фетхие. Түркиядағы ұйымдастырушылар бәріміздің Алматыға бір жерге жиналуымызды қалаған. Алматыдан- Ыстамбұлға, Ыстамбұлдандан-Антальяға ұшақпен баратынымыз бұрыннан белгілі, әрі қарай тағы да 5 сағаттай автобуспен жүретінімізді білдік. Осылайша, конференция өтетін Өлітеңіз-Фетхиеге дейінгі 14 сағаттан астамға созылған жолсапарымыз басталды. Ыстамбұлға дейінгі 5,5 сағат уақытымыз әр нәрсені қызықтаумен өтті. Таңғы тәтті ұйқыдан оянып, арайлап атқан күн шұғыласымен бірге жолды да бағдарлай бастадық. Жанымдағы көршім, бұрын екі араға ұшып жүргенін білдіргендей, мынау Кавказ таулары деп көрсетіп жатыр. Кәдімгі ертегілерде айтылатын Қап таулары. Ертегілерде ұшқан құспен жетсе, біз ұшақпен келеміз. Қап тауларына жермен де барып жүрміз. Бірақ, мынау әдемілік ерекше: ақша бұлттар, тау басын жапқан ақша қар, бәрі де таң нұрына малынған.

Міне көк теңіз де көрінді. Ар жағында Ыстамбұлға да жету алыс болмауы керек. Алдымызда таңғажайып Түркия, оның кең пейілді-ыстық ықыласты адамдары. Шынында да конференцияның өту барысында Түркияның таңқаларлық тарихымен танысып, көп нәрсені көріп-көңілге түюге, жүрекпен сезінуге мүмкіндік алдық.

Кең қолданыс тапқан кері есеп. Кез келген конференцияның белгілі бір тақырыпқа арналатындығы түсінікті. Біз келе жатқан конференция Кері есеп пен оның өзекті мәселелері және қолданбаларына арналған. Кері есеп ғасырлар бойы жеке жағдайларда қойылып, шығарылып келе

жатыр. Бірақ, ХХ ғасырдың бас шағында оның қойылуы жаңа қырынан көрініп, жүйелі түрде зерттеле бастады. Оның бастамасында Француздың математиканың аңызы аталған, атақты ғалымы Жак Адамар (1865-1963) тұрды. Бір ғасырға жуық жасаған ұзақ ғұмырында Адамар осы тақырыпқа қайта-қайта оралып отырған. Алғашқы қойылуы Адамардың 1917 жылы Цюрихте Швейцарияның математикалық қоғамында өзінің Лаплас теңдеуінің Коши есебінің дұрыс қойылмағандығын дәлелдейтін атақты мысалын көрсетуден басталды. Қарастырылған мысал математиканың математикалық физика деп аталатын тарауының мысалы болатын. Математикалық физика-механика мен физиканың өзекті мәселелерін дербес туындылы дифференциалдық теңдеулермен байланыстыра отырып зерттейтін тарау. Әр түрлі физикалық құбылыстарды зерттейді. Оған гидродинамикада, электродинамикада, серпімділік және жылуөткізгіштік теориясында, кванттық механикада, атомдық физикада т.б. зерттелетін құбылыстар жатады. Математикалық физикада әр уақытта кері және дұрыс қойылмаған есептер кездеседі. Мысалы, дұрыс қойылмаған есепте не шешім қажет аралықта болмауы, не екіден кем емес көп шешімдер болуы, не табылған шешімнің орныксыз болулары мүмкін. Соңғы жағдайда жүргізілген өлшеулердегі аз қателіктердің өзі дәл шешімге қарағанда үлкен ауытқуларға келтіреді. Шешімдерді табу кезіндегі зор қиындық осы орныксыздық қасиетіне байланысты. Сондықтан да дұрыс қойылмаған есеп ретінде орныксыз есептерді ұғады.

Ал кері есептердің дәл анықтамасын беру қиын. Оның ең жәй мысалы: мейлінше аз санға көбейту дұрыс қойылған есеп те, оған кері мейлінше аз санға бөлу есебі дұрыс қойылмаған есепке жатады. Сонымен әрбір дұрыс қойылған есепке, кері-дұрыс қойылмаған есеп сәйкес қойылады. Кері есептер негізінен дұрыс қойылмаған. Математиктерді ұзақ жылдар бойы толғандырып жүрген проблемаларға: кері есептердің жуық шешімдері деп нені ұғамыз және жуық шешімдерді орнықты болатындай етіп қалай анықтауға болады-деген сияқты сұрақтарға жауаптар іздеу жатады.

Ғылымдағы көптеген жаңалықтардың бірден түсінік тауып, қолданысқа еніп кетуі некен-саяқ. Сол сияқты Адамардың анықтаған дұрыс қойылмаған есебі де алғашында айналысуға тұрмайтын, тәжірибеге қажетсіз есептер деп қабылданды. Олардың қатарында белгілі математиктер С.Л. Соболев, И.Г. Петровский, А.Н. Тихонов, А.А. Самарский (Ресей), Р. Куранттар (АҚШ) болды. Бірақ, уақыт өте келе Ресейдің атақты математигі, ҚССРО ҒА академигі А.Н. Тихонов дұрыс қойылмаған есептерге қайта оралып, оның ғылымның әр түрлі салаларындағы алатын орны туралы көптеген мақалалар жазды. Ол мақалалар ғылымға қосылған үлкен үлес деп қабылданды. Жак Адамар мен А.Н. Тихонов есімдері осы саладағы еңбектерде қатар аталады. Дұрыс қойылмаған есептердің дұрыс шешімдерін табу және оны ғылымның әр түрлі салаларына енгізуде Андрей Николаевич әлде қайда алға кетті. Атақты ғалымның артында қалған Тихонов мектебі Кеңестер Одағындағы қолданбалы математиканың жан-жақты дамуын анықтайды. А.Н. Тихонов пен оның оқушыларының еңбектері арқасында кері және дұрыс қойылмаған есептер теориясы тәжірибеде қолданысқа еніп, ғылымның келесі облыстарын дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жетті:

- геофизика (сейсмикалық, электрлік, магниттік барлаулар т.б.);
- медицина (рентгендік томография, ЯМР- томография, УЗИ т.б.);
- экология (ауаның, судың қалыптары туралы диагностика, космостық мониторинг т.б.);
- экономика (оңтайлы басқару теориясы, қаржылық математика т.б.);
- физика (кванттық механика, акустика, электродинамика т.б.).

Өлітеңіз-Фетхиеде ұйымдастырылған IV Халықаралық конференцияда кері және дұрыс қойылмаған есептердің жоғарыда келтірілген салалар бойынша өзекті мәселелері талқыланды. Жасалған 150-астам баяндамалардың 20 баяндамасын Қазақстандықтар жасады. Бұл кері және дұрыс қойылмаған есептердің проблемаларының Франция, Ресей, АҚШ, Германия, Түркия, Жапония, Ұлыбритания т.б. елдермен қатар біздің елімізде де ғылыми тұрғыдан жақсы зерттеліп, кең қолданыста екендігінің белгісі. Сонымен қатар конференцияны

ұйымдастыру деңгейінің жоғары болғандығын, Алемдар Хасаноғлы бастаған ұйымдастырушылардың оны өткізуге жан-жақты дайындықпен келгендігін, барлық қатысушылар ризашылық сезіммен атап өтті.

Алемдардың өзінің Тихонов- Самарский мектебінің жалғастырушысы екендігін, өз саласында шет елдерге танылып, ғылым биігіне құлаш ұрып жүргендігін байқадық.

Арманы биік Алемдар. Алемдар Хасаноғлы 1954 жылдың мамыр айының 29-шы жұлдызында Әзірбайжанда педагогтар жанұясында дүниеге келген. Жалпы алғанда, оның өмірін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең 1954-1992 жылдар. Бұрыңғы Кеңестер Одағы деп аталатын алып империяда дүниеге келді, мектеп табалдырығын аттады. Мектепте жүрген шағында математикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар алып жүрді. Нәтижесінде математиканы болашақ мамандығы ретінде таңдап алып, 1971-1976 жылдары Бакуде университеттің математика факультетін бітірді. Ғылым жолын қууға талпынған дарынды жасты арман сол кездегі Кеңестер Одағының астанасы, әрі ғылыми орталығы Мәскеуге алып келді. Аспирантураны ҚССРО ҒА жанындағы М.В. Келдыш атындағы қолданбалы математика институтында бастап, Москва мемлекеттік университетінің есептеуіш математика және кибернетика факультетінде аяқтауы оның математикадағы өмір жолын анықтады. Ғылымдағы бағыты математикалық моделдеу, есептеу әдістері және көптеген өмірдегі құбылыстарды сипаттайтын сызықты емес дифференциалдық теңдеулерге бағытталды. Докторлық диссертациясы да академик А.Н. Тихоновтың басшылығымен математикалық физика мәселелерін қарастырудан басталып, есептеу әдістері бөлімінде академик А.А. Самарский және В.Б. Андреевтермен жұмыс жасаумен аяқталды. Бұл кез академиктер А.Н. Тихонов пен А.А. Самарскийлердің бірігіп атқарған зерттеулерінің математикаға, оның ішінде есептеуіш математикаға көптеген жаңа жетістіктер әкелген кез болатын. Осы

толқынға ілескен Алемдар сол кездегі алдыңғы қатарлы «Бүкілодақтық физика- және радиотехникалық өлшеулер институтында», «Ғылым Академиясы жанындағы инженерлік



Түркі елінің белгілі математиктері Окай Челеби мен Алемдар Гасаноглы конференция қонақтары арасында (Фетхие, 2008 ж)
(оң жақтан бірінші-Алемдар Гасаноглы)



Қазақстандықтар жағажайға дайындалуда. Фетхие (2008).



Демалыс сәтінде.Фетхие-2008.



Алемдар Гасаноғлының баяндамасы тыңдаушылардың қызығушылығын туғызуда. Фетхие-2008.

институтында», «Технология» ғылыми-технологиялық қоғамдарында жүргізілген ғылыми жобаларға қатысты. Көптеген зерттеулерге араласа жүріп, өз бағытын таңдады. Алған нәтижелерін қорыта келіп, 1988 жылдың қазан айында «Математикалық моделдер, ғылымдағы есептеуіш технология мен әдістер» саласы бойынша «Есептеуіш диагностикадағы тура және кері есептер» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады.

«Diagnostikos»-«диагностика»-«танып-білуге қабілетті»-дегенді білдіретін грек сөзі. Мұнда, физикалық өлшеулер жүргізу- диагностиканың бастапқы кезеңі. Негізгі болып келесі-интерпретациялау кезеңі есептеледі. Онда қосымша ақпараттар бойынша: дәрігер-адамның ішкі құрылысы туралы, инженер-жұмыс жасап тұрған құрылғы бөлшектерінің жарамдылығы, физик-тікелей өлшеуге келмейтін плазманың электрондық тығыздығы мен температурасының қалып-күйлері туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік алады. Келтірілген жағдайлардың бәрінде де біз кері есепке келеміз, әрі бастапқы берілгендердің шамасы мейлінше үлкен, ал қосымша ақпараттарды өңдеу әдістері күрделі. Сондықтан, есептеуіш техниканы пайдалану қажеттігі туындайды.

Ал есептеуіш диагностика деп есептеуіш техниканың көмегін пайдаланып, қолда бар қосымша ақпараттар бойынша объектілерді зерттеуге арналған құралдар мен әдістердің жиынтығын ұғамыз. Қолданбалы математиканың бұл жаңа саласы ғылымның, өнеркәсіптің, және медицинаның компьютерлендіруіне байланысты туындаған. Оның қолданылу аясы кең және ядролық физикада, биологиялық структуралар мен кристалдық торларды, астрофизика мен геофизикадағы зерттеулерде жаналықтар ашуға жан-жақты қолданыс табуда.

Алемдар Хасаноглының өмірінің екінші кезеңі, оны 1992 жылы Түркияның Ғылыми-техникалық кеңесінің Түркияға шақыруынан басталды. Келесі жылы Ходжаэли университетінде Қолданбалы математика ғылымын зерттеу орталығын құрып, сол орталықты осы кезге дейін басқаруда. Қоршаған орта мен популяцияға қатысты құрған моделдері Ыстамбол мен Ходжаэли уалаятында қолданыс тапты. Педагогикалық, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік белсенділігіне қатысты

атқарған жұмыстары ҚССРО ҒА (1988), Американың құрмет (2003) медалдарымен, Гумбольд медалімен, үкіметтің алғыс хаттарымен марапатталды. 1995-2001 жылдары аралығында БҰҰ жанындағы Халықаралық Қара теңіз клубының expertі қызметтерін атқарды.

Үстіміздегі жылдың 29-мамырында 55 жастың белесінен аттаған ғалым Түбі бір Түркінің ортақ құндылықтарын насихаттап, түркі тектес халықтарды жақындастыруға қызмет етуге бет бұрғандай. «Түрік ғалымы болу-мақтаныш» деген мақала жазып («Нұр Астана» газеті, 12.03.2009 ж.), Америкада қызмет ететін Октай Синаноғлы сияқты атақты ғалымды Қазақстан жұртшылығына таныстырса, академик М.Ө. Өтелбаевты және қазақтың басқа да математик ғалымдарын Түркі еліне таныстыруда.

Түбі бір Түркі дүниесінің математиктерінің II-конгресі (Сакария, 2007) мен III-конгрестерінің (Алматы, 2009) жұмыстарына белсене қатысып негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Тең-төраға болып, 1998-2008 жылдар аралығында төрт конференцияны «Кері есептер: өзекті мәселелері мен қолданбалары» тақырыбында жоғарғы деңгейде өткізуге атсалысты. Бұл конференциялар кері және дұрыс қойылмаған есептер бойынша әлемнің математик ғалымдары асыға күтетіндей форумға айналды. Өз айтуы бойынша, ол Қазақстан ғалымдарының бұл саладағы еңбектерін жоғары бағалайды және олардың көбімен байланыстары аспиранттық жылдардан бері ұзақ уақыт үзілмей келеді. Егер, бұрын Ресей, АҚШ, Түркия, Әзірбайжан, Египет елдерінің жастарын ғылымға тәрбиелеп, Phd докторлыққа жетекшілік жасап жүрген болса, қазір бұл жұмысты Қазақстан жас ғалымдарымен де атқара бастады. Осылайша, Түбі бір Түркіге қызмет ету арманыма жеттім деп есептейді және де алдағы уақытта да қызмет жасай беретіндігіне сенімді.

Түркия жері «Ашық аспан астындағы ең үлкен мұражай» атанған жер. Маған әрбір тасы таңбаланып, тарихы жазылған сияқты көрінді. Неге көңіл аударсаң да сонау тарих қойнауына, біздің дәуірімізге дейінгі кезеңге алып кетеді. Қаншама тарих, қаншама халықтардың мәдениеттерінің ізі қалған. Ішінде жер бетінде аты қалып, өздері жойылып

кеткендері де бар. Конференция өткен Фетхие Түркияның оңтүстік-батысында. Өлітеңізді көмкерген әсем таулардың баурайында орналасқан, көкке оранған көркем қала. Ерте дүние кезеңінде Ликияның теңіз қақпасы болған. Бұрыңғы аты - Тельмессос. Өлітеңіз жағалауы өзінің жағажайларымен әлемге аты шыққан. Фетхие маңында Ликия дәуірінен қалған ескерткіштерді, византиялық шіркеу орындарын, маңайлардағы аралдарда орны қалған ескі грек қалаларын, тауларды жарып орналасқан каньондарды конференция арасында ұйымдастырылған экскурсиялар кезінде тамашалауға мүмкіндік алдық.

Түркия ғалымдары алыс шет елдермен ұзақ уақыттардан бері байланыста. Алемдар бастаған ұйымдастырушылар сол байланысқа Қазақстанның математик ғалымдарын тартып, қамқорлық жасауы да қуантады. Өйткені, болашақта осындай байланыстардан көп нәрсе ұтатындығымыз өзінен -өзі түсінікті. Қала мәрі арнайы қабылдап, ақпарат көздерінің хабарлар ұйымдастыруы, жағажайдан бастап, қала аралаған кездердегі жай халықтың бауырмалдығы өзіне тәнті етті. Осы жерде Ғылым мен ғылыми саясат жөніндегі кеңесінің Ақордада өткен отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың:

-Біз-жаңа, алға қарай көз тіккен мемлекетпіз, әлемдік ғылымнан, өзге елдердің тәжірибесінен ең қажеттінің бәрін алуға тиіспіз- деген сөзі еске түседі.

Қай жерде жасалған ғылым болса да, байланыстар арқылы тарайды, дамиды. Бір ғана сапардың өзінен біздегі математика ғылымының дамуына көз тігіп отырған, байланысқа дайын елдер бар екенін көрдік. Олардың Алемдар Хасаноғлы сияқты өресі биік байланыстырушылары да, жоғарғы деңгейдегі нәтижелер ала алатын өз ғалымдарымыз да бар. Олай болса, Қазақстанның математика ғылымының да Елбасы талап еткендей дамуына сеніммен қарауға болады.

3.3. Түбі бір Түркінің математика әлемі

2009 жылдың 1-4 шілдесінде Түбі бір Түркі дүниесінде математиканың жетістіктері мен даму болашағын талқылау және ақпараттық технологияларды ғылыми зерттеулерге қолдануға қатысты ой бөлісу мақсатында Алматы қаласында Түркі тілдес елдердің бүкіләлемдік математикалық қоғамының III конгресі өтті. Соңғы II және III конгрестерге қатысушы және түркі әлемінің математик ғалымдарының арасындағы әріптестікті кеңейтіп, халықаралық байланысты нығайтудың қолдаушыларының бірі ретінде өткізілген конгрестермен аздап та болса жалпы түркінің математикалық әлемімен қалың жұртшылықты таныстыруды жөн көріп, осы мақаланы назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Математика туралы айтқанда, гректің *mathema*-таным, ғылым - сөздерінен шыққандығы туралы түсініктеме беріледі. Бірақ, математиканың немен айналысатындығын бұл кең көлемдердегі түсініктерден ұғып ала-алмайсың. Сондықтан да өмірге математиканың әр түрлі анықтамалары келе бастады. Мысалы, «математика-ғылым тілі», «математика дегеніміз - дәлелдеу дегеніміз», «математика шексіздіктің тұтас симфониясы», «нақты өмірдің сандық қатынастары мен кеңістіктік формалары туралы ғылым» т.с.с.

Қазіргі кезеңде математиканың ғылымның әр түрлі салаларына жан-жақты қолданысқа енуіне байланысты және өзінің ішкі салаларын да дамытуға қолданылатынын ескере отырып, кәсіби математиктер «Математика – математикалық құрылымдар мен математикалық үлгілердің (модельдердің) қасиеттерін зерттейтін ғылым» дегенді жүректеріне жылы қабылдай бастады. Қалай болғанда математиканың зерттейтін өз ортасы мен құрылымдары, дамуы мен қалыптасуының мыңдаған жылдық тарихы бар. Осы аралықта оның негізгі түсініктері қалыптасты, өмірдің, ғылым мен техниканың әр түрлі салаларына қолданылу ерекшеліктері кең көлемде зерттеле бастады. Күнделікті өмірде математиканың қолданылуынсыз көзге елестетуге болмайтын Космостық техника, Жаңа ақпараттық технология, Компьютерлік үлгілеу, экономикалық-математикалық үлгілеу т.б. терминдер пайда

болды. Енді математиканың даму тарихына және осы жеткен жетістіктеріне:

– түркі халықтарының қосқан үлесі қандай болды? – деген, заңды сұрақ туындайды.

Бұл сұраққа жауап берерде Шығыс математикасы деген ауқымды түсінікке тоқталмай өте алмайсың.

Шыңға шыққан Шығыс математикасы. Шығыс математикасының Орта ғасырда қарқынды дамығаны белгілі. Әсіресе, Үндістан мен Қытайда өзіндік ерекшеліктері бар математикалық мәдениет қалыптасты. Ол мәдениет Араб Халифаты құрамына енген Кіндік Азия елдерінде жалғасын тапты. VII-XV ғасырларда Кіндік Азияда мәдениет пен ғылымның даму кезеңдері болып, оған Түркі тілдес ғалымдар өз үлестерін қосты. Олардың ішінде Мұхамбет әл-Хорезми (787-850), Әбу Наср әл-Фараби (870-950), Омар Хайям (1048-1131), Мұхамбет әл-Беруни (973-1050), Наср Әд-Дин әт-Туси (1201-1274), Ұлықбек (1394-1449), Джемшид Әл-Каши (- 1430 жылы қайтыс болған) сияқты ғалымдар осы кезеңдерде өмір сүріп, ғылымның математика, астрономия, физика, логика, музыка т.б. салаларында өшпес із қалдырды.

Әл-Хорезми есімімен қазіргі алгоритм, алгебра түсініктері байланысты. Атап айтар болсақ, оның «Үнді есептеулері туралы» кітабы араб Шығысындағы арифметиканың позициялық ондық есептеу жүйесі тұрғысынан жазылған алғашқы кітап болды. XII ғасырда осы кітаптың латын тіліне аудармасынан Батыс Еуропалықтар алгоритм немесе алгоритм түсінігіне келді. Қазіргі кезде қарқынды дамудағы Есептеуіш математиканы бұл түсініксіз көзге елестету мүмкін емес. Ол бірінші және екінші ретті теңдеулердің оң шешімдерін табу ережесін анықтады. Екінші «Ал-джабра және ал-мукабаланы есептеу туралы қысқаша кітап» шығармасының атауынан, қазіргі кезде кезкелген мектеп оқушысынан бастап таныс математиканың Алгебра тарауы өз атауын қабылдап, өмірге жолдама алды. Өз шығармаларында ол математиканың пайда болуы оның күнделікті өмірде кең қолданылуына байланысты екендігін де көрсеткен болатын.

Омар Хайям – алгебра аталатын жаңа математика ғылымын - теңдеулер туралы ғылым деп алғашқы анықтаған

ғалым. Үшінші ретгі теңдеулердің шешімдерін табу ережесін құрды, геометрияда да терең зерттеулер жүргізіп параллель түзулер туралы постулатты дәлелдеуге талапталды. Ақын ретінде – жазған төрттағандарымен (рубай) есте қалды.

Әл-Беруни «Канондар» деп аталатын энциклопедиялық еңбегінің үшінші кітабын тригонометрияға арнап, өзінен бұрын өмір сүріп, осы бағытта жұмыс жасаған көптеген математиктер мен астрономдардың еңбектерін бір жүйеге келтірді. Оның зерттеулері Наср әд-Дин әт-Туси еңбектерінде жалғасын тапты. Көптеген математика тарихымен айналысқан ғалымдар, осы ортағасыр математиктері еңбектерінің Еуропада да тригонометрияның дамуына зор әсер еткенін атайды. Бұл зерттеулер тригонометрияның астрономиядан бөлініп өз алдына математиканың жеке тарауы болып қалыптасуына келтірді.

Астрономия және математикамен қатар айналысқан ғалым ретінде Ұлықбек есімі аталады. Ол ғылыммен өзі ғана айналысып қоймай, жанына Джемшид әл-Каши сияқты жуықтап есептеудің негізін салған математиктер мен астрономдарды жинады. Ұлықбек әмірші болған Самарқандтың ортағасырлық Шығыстың соңғы ғылыми орталығы болғандығын өкінішпен айтуға болады.

Ұрпаққа үлгі әл-Фараби. Жоғарыда аттары аталған математик ғалымдар қазіргі Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан және Өзбекстан жерлерінде өмір сүріп еңбектерін жазған. Олар Түркі тілдес халықтардың ортақ мақтанышы. Көбі тұрған жерлерімен шектеліп қалмай, Араб Халифатының Бағдат, Дамаск, Каир сияқты үлкен ғылыми орталықтарында еңбектерін жалғастырған. Сондай ұлы ғұламалардың бірі – қазіргі Қазақстан жерінде орналасқан Отырар қаласында туып, өмірінің көп жылдарын Сирияда өткізген Әбу Насыр әл-Фараби. Әл-Фараби 160-тан астам трактаттар жазып, өз дәуіріндегі білім салаларының барлық түрлерін де дамытуға өз үлесін қосқан. Оның ішінде «Математикалық трактаттар», «Логикалық трактаттар» және «Физиканың кейбір принциптері туралы» трактаттарының орны ерекше. Сонымен қатар, әл-Фараби жалпы ғылым саласына жіктеме жасайды және олардың әрбір саласының немен айналысатындығына түсініктеме береді. Мысалы, ол математиканы жеті үлкен бөліктерге жіктейді:



III Конгрестің ашылуы (Алматы, 2009 ж)



III Конгрестің пленарлық отырысы (Алматы, 2009 ж)

арифметика, геометрия, оптика, жұлдыздар туралы ғылым, салмақ туралы ғылым, музыка туралы ғылым, механика. Олардың айналысатын пәндерін талдайды және маңыздылығына тоқталады. Өткен ғасырдың 1960-1970 жылдарынан бастап, Қазақстанда оның еңбектерін жан-жақты зерттеулер басталды. Қазақ және орыс тілдеріне аударылып, кейінгі ұрпақ оның еңбектерімен танысуға мүмкіндік алды. Ұрпақтар мақтанышына айналған ғалымның аты Қазақ Ұлттық университетіне берілді. Қазіргі кезеңде университетте 16 мыңнан астам студенттер оқиды. Олар 180 астам мамандықты игеруде. Құрамында 14 факультет, 8 ғылыми-зерттеу институттары бар. Жүздеген ғалымдар, профессор-оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер студенттер, магистрлер мен докторанттарға сапалы білім беру бағытында қызметтерін атқаруда. Осы іргелі ұжым белгілі математик және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры Б.Т. Жұмағұловтың басшылығымен 1-4 шілдесінде Түркі дүниесі математиктерінің III конгресін өткізуге ұйтқы болды және өз деңгейінде өткізді. Аталған университет туралы айтқанда, біз оны Қазақстан ғылымының, оның ішінде математика саласындағы көш басшысы ретінде қараймыз.

Шынында да, математиканың жетекші салалары мен ақпараттық технологияларға, қолданбалы математикаға қатысты зерттеулер осы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жинақталған. Қазақстанның математика ғылымының бастауында тұрған академиктер К.П. Персидский мен О.А. Жәутіковтер, өз мектептерінің ізін осында қалаған профессорлар В.А. Харасахал мен Шалтай Смағұловтар, академиктер Н.К. Б依ев, Қ.А. Қасымов, С. Айсағалиев, Т. Калменов, У. Сұлтанғазин, Т. Аманов, М. Өтелбаев, Б.Т. Жұмағұлов А. Жұмаділдаев, Д.Ү. Үмбетжанов, Ш. Ершин, Ж.Д. Мырзалиев, А.А. Женсыкбаевтар әр кездерде не осы университетті бітірген, не онда дәрістер оқып, жас ұрпақтарға тәрбие берген, өз еңбектерімен Қазақстанның математика ғылымының әлемге танылуына себепші болған ғалымдар. Аға буынның істерін келесі буын өкілдері Н.Т. Данаев, М.Т. Дженалиев, Д.С. Джумабаев, У. Умирбаев, Ж.С. Сүлейменов,

Н.Т. Темірғалиев, Р.О. Ойнаров, К.К. Кенжебаев, Ж.А. Сартабанов, С.А. Алдашев, Р.Г. Бияшев, Е.Д. Нұрсұлтанов, М. Дауылбаев, Б.Е. Кангужин, К.Н. Оспанов, М.И. Тлеуберген, М.Б. Мұратбеков, А.Т. Асанова, Н.Н. Бокаев т.б. жалғастыруда. Сондықтан да, III-конгрестің өтетін орнын таңдаған кезде Қазақстанның математика әлемінде алатын орны мен экономикасының нық тұрғандықтары шешуші рөл атқарды.

Жаңа дәуірдегі қайта өрлеу. Түркі елінің математикасын әлемге таныту бағытында Окай Челеби, Алемдар Гасаноглы, Агачык Зафар, Айдын Тиряки, Мурат Тосун, Хилми Гаджисалехоглы т.б. табысты еңбек етіп жүр.

Олар Түркі дүниесі математиктерінің конгрестерін өткізуге атсалысуда, конференциялар өткізіп, оған бауырлас елдердің ғалымдарын шақыруды ұйымдастыруда, қысқасы түбі бір Түркі дүниесінің математик ғалымдарын біріктіруге қызмет етуде. Сол арқылы байланыстарын нығайтуда. Соңғы кезде Түркияда бұрынғы Кеңестер Одағынан шыққан ғалымдардың көбірек жұмыс жасап жүргені байқалады. Оларға жағдай жасалған. Осылайша Түркі елінің математикасының зерттелетін салаларының ауқымы кеңейген. Біздерде жетіспейтін алыс шет ел ғалымдарымен байланыс оларда жақсы жолға қойылған. Сол себепті Қазақстанмен екі ел арасындағы бұл бағыттағы байланыстарды жолға қойып, нығайтудан біздің ұтпасак, ұтылмайтындығымыз түсінікті.

Тілі де, діні де бір Түркия мен Әзірбайжан елдерінің арасындағы байланыс басқаларға қарағанда әлдеқайда жолға қойылғандығы білінеді. Фикрат Алиев, Рафик Алиев, Акиф Гаджиев, Бала Искендеров т.б. өз елінің математика ғылымын дамытуға белсенді қызмет етіп жүргендер. Әзірбайжандықтардың математикалық зерттеулерінің негізгі бағыттары: дифференциалдық және интегралдық теңдеулер, функционалдық талдау, функциялар теориясы және геометрия болып табылады. Бұл бағыттағы бастапқы зерттеулер Әзірбайжанның аға буын өкілдері З.И. Халилов, А.И. Гусейнов, М.А. Джавадов, И.И. Ибрагимов, М.Л. Расулов, Я.Д. Мамедов т.б. еңбектерінде қаланған болатын.

Қазақстан математиктері ұзақ жылдар бойы Өзбекстан мен Қырғызстан елдерінің математик ғылымдарымен тығыз

байланыста жұмыс жасауда. Сол байланыстар әлі де үзілген жоқ.

Өзбекстандағы математикалық зерттеулердің негізгі бағыты ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика болатын. Оны В.И. Романовскийдің оқушылары Т.А. Сарымсаков, С.Х. Сираждиновтер дамытты. Математикалық физиканың мәселелерімен И.С. Аржаных, И.С. Куклестер айналысты. Осы зерттеулер қазіргі кезеңде академиктер Т. Джураев, М. Салахитдинов, Ш. Алимов, профессорлар М. Арипов, З. Юлдашев, А. Хасанов т.б. еңбектерінде жалғасын табады.

Қырғызстанның математикалық зерттеулері интегро-дифференциалдық теңдеулер, дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика, қолданбалы математика бағыттарында болатын. Бұл бағыттағы зерттеулер академиктер А. Борубаев, М. Иманалиев, А. Жайнаков, А.Керімбеков, Ж. Шершаналиевтер мен олардың оқушыларының еңбектерінде жалғасуда.

Қазақстандықтардың дамытқан математикалық зерттеулерінің бағыттарына дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика, функциялар теориясы, алгебра және логика, есептеуіш математика, басқару теориясы және оңтайлылық әдістерін дамыту т.б. жатады. Соңғы жылдары Ресей ғалымдарымен бірлесе отырып, ақпараттық технология мен математикалық модельдеуге қатысты зерттеулер кең өріс алды. Оны дамытуға академиктер Б.Т. Жұмағұлов пен Н.Т. Данаевтар бастаған әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің ғалымдары ерекше еңбек етуде.

Әрине, Кенестер Одағы құрамында болған елдердің ғылымының дамуына Ресей және басқа да одақтас Республикалардың жетекші ғалымдарының жасаған көмегі көп болды. Сол елдердегі ХХ-шы ғасырда жасалған математиканың дамуы, ХХІ-ші ғасырда өз жалғасын табуы керек. Ол үшін Түбі бір Түркі халықтарына бірлік керек. Ол бірліктің негіздері конференциялар мен конгрестерде, жекелей кездесулерде қаланады. Енді біз сол бірлікке ұйтқы болып жүрген Түрік дүниесі математиктерінің қоғамының қызметіне қысқаша тоқталғымыз келеді.

Түркі дүниесінің математикалық қоғамы. Аталған қоғамның құрылғанына бас-аяғы 10 жыл ғана толып отырса да, Түркі дүниесінің математиктерінің әріптестіктерін кеңейту және халықаралық байланыстарды нығайту бағыттарында біршама жұмыстар атқарған. 1999 жылы Түркияның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Түркіменстанның, Иранның, Қытайдың, Монғолияның, Ресей мен АҚШ-тың Түркі тілдес математиктерінің басын қосу үшін құрылған қоғам өз тарихының алғашқы беттерін толтыра бастады. Қоғамды қалыптастырудағы алғашқы қиындықтарды Түркі елінің ғалымдары көтергенін атап өткен жөн. Атап айтқанда, Түркі дүниесінің тұңғыш конгресі 1999 жылы Түркияның Элазыг қаласындағы Firat университетінде өткізілді. Оның жұмысына Қазақстаннан академиктер Н.Қ. Блиев пен М.Ө. Өтелбаев, профессорлар А. Дүйсенбаев пен А. Шәріпбаевтар қатысқан болатын.

II-конгресс араға 8 жыл салып, 2007 жылдың 4-7 шілде аралығында Адапазаны қаласындағы Sakarya университетінде (Түркия) өтті. Осыдан-ақ аталған конгрестерді ұйымдастырудың өз қиындықтары бар екендігін көруге болады. Университет ректоры профессор Мехмет Дюрман, ұйымдастыру комитетінің төрағасы Мурат Тосун, Түркі дүниесі математикалық қоғамының президенті, профессор Хилми Гаджисалехоглы және қоғам мүшелері академик Фикрат Әлиев пен Алемдар Гасаноглылар жиналған бауырлас халықтар ғалымдарының бір-бірлерімен тез тіл табысуына, конгресс жұмысының табысты өтуіне бар күш жігерлерін жұмсады. Қатысушылар ғылыми баяндамаларын жасап, секциялар жұмысына белсенді араласумен қатар, Түркі елінің мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік алды. Өткізілген экскурсиялар мен кездесулерде бауырлас халықтарды жақындастыратын ортақ құндылықтардың көп екендігіне көзіміз жетті. Алғашқы конгреске қатысушылардың айтуынша, қоғамның II-конгресіне қатысушыларының жағрапиясы әлдеқайда кеңейген, сапалы құрамы да өсе түскен. Түркі тілдес елдерден келген 73 адамның 50-ден астамы ғылым докторлары мен профессорлар болды. Қазақстаннан, ішінде осы жолдардың авторлары да бар 14 математик қатысты.

Олардың 3-і академик, 8-і ғылым докторлары мен профессорлар. Арамызда дүние жүзінің математикалық әлеміне танымал, дарынды М. Өтелбаев сияқты математиктердің болуы Қазақстаннан барған біздердің мерейімізді өсіре түскені жасырын емес.

Конгрестің өтуі кезінде және арнайы ұйымдастырылған ақырғы отырыстарда көкейде жүрген көптеген сұрақтарға жауаптар ізделді. Қоғамның басқарушылары болып:

Хилми Гаджисалехоғлы – профессор, Түркі дүниесі математикалық қоғамының президенті (Түркия);
Фикрат Әлиев – Әзербайжан ҰҒА-ның академигі және
Мұқтарбай Өтелбаев – ҚР ҰҒА-ның академигі қоғамның вице-президенттері болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Түркі дүниесі математикалық қоғамының, Қазақстанның математикалық қоғамдастығының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қолдауымен Түркі дүниесі математиктерінің III-конгресі Алматыда өтті. Ілгері қарай тағы бір қадам жасалды. Бұрында да осындай шараларға түсіністікпен қарайтын Қазақстан, түбі бір Түркі дүниесінің басын біріктіруге арналған конгресті ұйымдастыруға үлкен ынтамен кірісті. Экономикалық дағдарыс кезінде шығыны мол мұндай шараны ұйымдастыру, еліміздегі ғылымға деген оң көзқарастың қалыптасуынан деп бағалауға болады. Әрине ауыртпалықтың негізгі ұйымдастырушы әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нетүскені түсінікті.

Бауырластық аясында өткен III конгресс. Жүргізілген зор ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде осы заманғы математика ғылымының негізгі салаларын қамтитын: алгебра және математикалық логика, геометрия және топология, функциялар теориясы, дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, есептеуіш математика, басқару теориясы және оңтайлылық әдістері, математикалық үлгілеу, ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері, Түркі халықтарының математиканы оқыту тәсілдері сияқты 10 секцияларында әр салаға қатысты өзекті мәселелерді талқылауға Түркі дүниесінің 600-ден астам жетекші ғалымдары тілек



III Конгрестің пленарлық отырысынан бір сәт (Алматы, 2009 ж).



III Конгрестің қонақтары (Алматы, 2009 ж).



III Конгрестің қонақтарын қазақ өнерімен таныстыру (Алматы, 2009 ж).

білдірді. Бұдан бауырлас халықтар өкілдерінің аталған шараға үлкен түсіністікпен және болашағына деген үмітпен қарайтынын көреміз. Байырғы түркі тілдес елдермен қатар АҚШ, Ресей (Татарстан, Башқортстан, Мордовия, Удмуртия, Саха), Қытай, Швеция, Марокко елдерінен де баяндамалар түсуі және нақты өкілдерінің қатысуы конгрестің маңызын арттыра түскендей. Конгрестің жұмысы қатысушылар жағынан түсіністікпен, бір-біріне деген ерекше бір жылылықпен өтті. 15- пленарлық, 230- секциялық баяндамалар тыңдалды. Қалғандары стендтік баяндамалар түрінде жалғасты. Мұндай жиындардың қажеттіліктері баяндамалардан кейінгі пікір алмасулардан және жекелей кездесіп нәтижелерді талқылаулардан, бір-бірлерімен байланыстар орнатуға тырысқан ықыластарынан көрінді.

Академик Т.Ш. Қалменов конгрестегі көптеген баяндамалардың деңгейінің жоғары болғанын ризашылдық сезіммен атап өтті. Шынында да Салехетдинов М.С. (Өзбекстан), Тайманов И.А. (Ресей), Қалменов Т.Ш., Жиеналиев М.Т., Жұмабаев Д.С. (Қазақстан), Өмірбаев У. (АҚШ), Agacik Zafer және Alemdar Hasanogly (Түркия), А.

Жайнаков (Қырғызстан) т.б. жоғарғы деңгейдегі баяндамалары үлкен ықыласпен тыңдалды.

Сонымен көптен күткен Түркі тілдес елдердің бүкіләлемдік математикалық қоғамының III конгресі өзінің жұмысын аяқтады. Қатысушылар конгрестің жоғарғы деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Конгресс соңында қоғамның жаңа президенттігіне бір ауыздан академик Б.Т. Жұмағұлов, вице-президенттер мен мүшелікке бауырлас елдер өкілдері сайланды. Келесі IV конгресті 2011 жылы өткізуге Әзірбайжандықтар өтініш білдірді.

Бүкіләлемдік математикалық қоғамның Үндеуі қабылданып, онда алдағы уақытта бірігіп жұмыс жасауды жолға қою, бірге әртүрлі гранттарға қатысу, шет елдік инвесторларды іске тарту, профессор-оқытушылар алмасу сияқты өзекті мәселелер қамтылды.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан көңілде кейбір түйткілдер қалды. Атап айтқанда:

II конгресте айтылған, болашақ шараларды іске асыруға ұйтық болатын ортақ Математика институтын ашу.

1. Ақпараттар алмасу мәселесін шешу, ортақ математикалық журнал шығарып жетістіктерімізді насихаттап отыру.
2. Математикалық терминдер сөздігін дайындау. Тарих қойнауында қалған өткенімізді бірігіп қайта тірілту, оны бауырлас елдердің жас ұрпақ тәрбиесіне қызмет еткізу.

Бұл айтылғандарды экономикалық дағдарыстан өткен жақсы кездерге қалдырсақ, Қазақстанда ұйымдастырылған III конгрестің жұмысы Түркі тілдес елдердің бүкіләлемдік математикалық қоғамы бойынша атқарылатын шаралардың бос қиял еместігіне көз жеткізді. Нақты атқарылған істер бауырлас елдердегі математика ғылымының жоғарғы деңгейде дамуына сенімділік туғызды. Сол дамудың алғы шебінде Қазақстанның математика ғылымы да болады деген ойдамыз. Осылайша түбі бір Түркі дүниесі болашақта математика әлеміне бірлесе сенімді қадамдар жасай бермек.

§4. Бауырлас өзбек жерінде.

Бауырлас көрші ел дегенменен, онда болып еркін аралаудың сәті түспепті. Сондықтан да Ташкент қаласында «Актуальные проблемы прикладной математики и информационных технологий – аль Хорезми 2009» тақырыбында 2009 жылдың қыркүйек айының 18-21 жұлдыздары аралығында өтетін конференцияға шақыру алғанда, шақыруды шын пейілмен құп алдым. Біріншіден, Өзбек елінің Ташкент, Самарқан, Бұхара және Хорезм сияқты қалаларына бару мүмкіндігі туама деген ой болса, екіншіден Әл-Хорезми есімі әрбір математик үшін қымбат. Соған қарамастан, Кенестер Одағының әр Республикасы өз тәуелсіздігін алып, шекара орнатылғанына сәйкес толқу болғаны да жасырын емес. Бірақ, конференцияны ұйымдастырушылар қатысушыларды қалай қабылдағанын көргеннен кейін көңілдегі күдіктер сейілгендей болды. Қазақстаннан көп ғалымдар келген болып шықты. Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан және Қазақстаннан бұрынғы конференцияларға бірге қатысып жүрген ескі таныстар кездескеннен кейін, оның жұмысына тікелей араласып кету де жеңілдей түсті.

Конференция жұмысына 400-дей Ресей, Ұлыбритания, Германия, Түркия, Иран, Қытай, Малайзия, Украина, Өзбекстан, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан елдерінің жетекші ғалымдары мен мамандары қатысты.

Конференцияның мақсаты соңғы жылдардағы қолданбалы математикадан, оның ішінде алгоритмдер теориясы мен ақпараттық технологиялардан алынған жаңа нәтижелерді талқылау және аталған салалардың болашақта даму мүмкіндіктеріне тоқталып, ғылыми байланыстар орнату мүмкіндіктерін анықтау. Математика мен информатиканың қазіргі проблемаларын қарастыру конференция бағдарламасында мынадай секцияларға бөліп жүргізілді:

- алгоритмдер: теория және қолданба;
- дифференциалдық тендеулер және динамикалық жүйелер;
- сызықсыз үдерістерді математикалық моделдеу;

- басқару теориясы;
- жасанды интеллект және нейрондық жүйелер;
- білімдегі ақпараттық технологиялар;
- математика мен информатика тарихы.

Секция атауларындағы көңіл бөлетін нәрсе бастапқы Алгоритмдер секциясы мен соңғы математика және информатика тарихы секциялары. Конференция Әл-Хорезмиге арналғандықтан Алгоритмдер теориясына қатысты баяндамалардың басым болғандығы байқалды. Бұл бағыттағы зерттеулерге және оның тарихына жете көңіл бөлетіндігіне көз жеткіздік. Бұл менің қай ғылыммен айналысқан адам болсын, оның тарихына жете көңіл бөлу керек деген сеніміме сай келеді.

Конференция Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстанның ұлттық университетінде, Өзбекстан Республикасы жоғары және орта білім министрлігі мен Ташкенттегі М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалының қолдауымен өтті. Жалпы өзбек математиктері академиктер Т.Дж. Джураев, М.С. Салахитдинов, Ш.А. Алимов, профессорлар М.М. Арипов, З.Х. Юлдашев, А.Б. Хасанов т.б. есімдері математикалық ортаға жақсы таныс. Ал өзбек ғалымдарының аға буын өкілдері туралы қысқаша мағлұматты бұрын «Түбі бір Түркінің математика әлемі» атты мақаламда келтірген болатынымын. Алдағы уақытта да осы тақырыпты кеңейте түсетін боламыз.

4.1. Әлем таныған Әл-Хорезми

Математика тарихын зерттеушілер ислам дінінің Кіндік Азияда орнауының жаулап алынған елдердегі ғылымның дамуына әсері туралы мысалдарды жиі келтіреді. Шынында Араб халифатының күшеюіне байланысты Таяу Шығыс елдеріне бұрынғы грек мәдениетінің әсері кеми бастады. Тарихта есімі қалған Халифа Харон ар-Рашид (786-809) және оның баласы әл-Мамундар (813-833) Бағдатта билік құрған кезде математика мен астрономияның дамуына ерекше көңіл бөлді. Әл-Мамун Бағдатта «Ғылым үйін» салдырып, оның

жанынан кітапхана ашқызып, обсерватория салдырды. Бұл кез Хорезмнің әкімшілік бірлігі ретінде Бағдатқа бағынышты кезі болатын. Бағдатқа Кіндік Азиядан шыққан талантты ғалымдар шақырыла бастады. Осылайша Бағдат бұрыннан ғылымы дамыған Сирия, Египет, Үндістан және Грекияның ғылыми орталықтарынан үлгі алған, жақсы жақтарын жинақтаған және де өз ғылымын дамытуға кіріскен үлкен ғылыми орталыққа айналды. Аристотель, Евклид, Платон, Архимед, Гипократ, Птолемей т.б. сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектерін араб тіліне де аудару кең орын алды. Осы жұмыстардың бастамасында Мұхаммед Әл-Хорезми жүрді.

Әбу Абдолла Мұхамед ибн Муса Әл-Хорезми – VIII-IX ғасырларда өмір сүрген көрнекті ғалым. Оның математикадан, астрономиядан және географиядан т.б. ғылым салаларынан көптеген еңбектері белгілі. Өзінің арифметикаға арналған кітабында, ол сандардың үнділік есептеу жүйесінде жазылуына түсініктеме келтіреді. Бұл кітаптың араб тіліндегі түп-нұсқасы сақталмаған, тек 12-ші ғасырда жасалған латын тіліне аудармасы ғана белгілі. Сондықтан аударма Батыс Еуропаға ондық позициялық жүйенің таралуына себепші болды. Аударманың тақырыбында «Об индийском числе, сочинение Алгоризми» деп, Algorizmi – атауы келтірілсе, басқа қолжазбаларда авторды – Algorismus және Algorithmus – деп келтіреді. Сол себептен де математика тілінде автордың латынша атынан – «алгоритм» термині пайда болды. Бұл термин қазір кез келген мектеп оқушысынан бастап таныс.

1971 жылы Мәскеуде ғылымдар тарихына арналған XIII Халықаралық конгресс өтті. Сонда өзбек ғалымдары В.К. Кабулов пен А.Ф. Файзуллаевтар «Ал-Хорезми, алгоритм және кибернетиканың дамуы» тақырыбында баяндама жасап Әл-Хорезми – алгоритм және алгоритмдеу деген түсініктердің бірлігін дәлелдеді.

1980 жылы Үргеніште «Қазіргі математикадағы алгоритм және оның қолданбалары» тақырыбында Халықаралық симпозиум өтті. Оған АҚШ, Голландия, Польша, Швейцария, Австрия және Кеңестер Одағының көрнекті ғалымдары қатысты.



Конференция жұмысынан бір сәт. Ташкент-2009.



Бір топ конференцияға қатысушылар. Ташкент-2009.

ЮНЕСКО-ның шешімімен 1983 жылы Мәскеу, Ташкент және Үргеніш қалаларында Әл-Хорезмидің 1200 жылдығына арналған салтанатты жиындар өткізілді. Оның ғылыми еңбектерін зерттеу қазір де жалғасын табууда. 1996, 2001, 2004 жылдары Ташкентте алгоритмдеу және программалаудың қазіргі кезеңдегі проблемаларына арналған халықаралық ғылыми конференциялар өтті. 2009-жылғы конференция да сол атқарылып жатқан жұмыстардың жалғасы болып табылады. Өзбек ғалымдары өткен әр конференциялардың материалдарын шығарумен қатар, жасалған еңбектерді біріктіріп, 2000 жылы «Классическая наука Средней Азии и современная мировая цивилизация» под ред. П.К. Хабибуллаева и А.Ф. Файзуллаева (Ташкент: Фан, 2000.-416с.) кітабын шығарған. Соңғы кездегі зерттеулер «Ал-Хорезми, алгоритм и алгоритмизация». (Ташкент: Фан, 2006.-664с.) – деп аталатын В.К. Кабулов, А.Ф. Файзуллаев, Ш.А. Назировтердің ұжымдық кітабына жинақталған.

Барлығы 11 тараудан тұратын бұл кітапта Әл – Хорезмиді алгебраның, алгоритмдер теориясының негізін салушы ретінде көрсете білген. Оның жаратылыстану ғылымындағы және әлемдік цивилизациядағы алатын орнына тоқталған. Алгоритмдеудің механикада, тұтас орта механикасында, әлеуметтік-экономикалық жүйелерде, биоинформатикада және программалауда алатын орнына тоқталған. Кітап, «Мамунның Хорезм академиясының 1000 жылдығына» арнап шығарылған. Бұл арқылы өзбек бауырлардың әлемдік ғылымға үлестерін мың жылдықтарға ұзартып отырғанын байқайсың. Өткенді сыйлау және болашаққа деген көрегендіктеріне риза боласың, үйренуге тұрар істерінің көп екендігін мойындайсың.

Әл-Хорезмидің әлем мойындаған тағы бір қыры – алгебраның негізін салушы болғандығы. Алгебраның элементтері оған дейін де белгілі болған. Мысалы Египеттен табылған Ахместің ерте дүние папирусына 4000 жылдай болды деп есептеледі. Вавилонда арифметиканың және алгебраның есептерін арнайы кестелер құрып шығарған. Бірақ, ерте дүние математиктерінде алгебра есептерін шығаруға қатысты біріңғай көзқарас болмаған. Мұхаммедтің алгебрадан жазған еңбегі

«Хисаб ал-джабр ва-л-мукабала» деп аталады. Аталған кітаптың арабша мәтіні сақталған, ал Батыс Европа елдеріне латын тіліндегі аудармасы белгілі. Қайтадан, сол «ал-джабр» сөзі бүткіл «алгебра» ғылымының синонимі ретінде қабылданып кеткен және XIX-ғасырдың орта шеніне дейін теңдеулер туралы ғылым болып келгені рас. Хорезмнен шыққан ғалым Мұхаммедті қазіргі кезеңде ондаған бағыттарға бөлініп тармақталып кеткен алгебра ғылымының негізін қалаушы ретінде танып, оған бас иеміз.

4.2. Азамат, көрнекті ғалым, әл-Хорезми идеясын жалғастырушы

Көптеген конференциялардың өтуімен қатар, арасында осы ғылым саласына еңбегі сіңген белгілі ғалымдардың мерейтойлары да аталып өтіп жатады. Бұл жолы конференцияны ұйымдастырушылар «Әл-Хорезми 2009»-айдарымен өтіп жатқан конференцияны Өзбекстанның белгілі математик ғалымы сызықсыз үдерістерді математикалық моделдеу, сызықсыз есептердің асимптотикалық теориясы, ақпараттық жүйелерді программалық қамтамасыздандыру, криптография, ағарту саласындағы мультимедиялық технология салаларының танымал маманы профессор Мирсаид Мирсиддиқұлы Ариповтың 70 жылдық мерейтойына арнаған екен. Бұған конференцияға қатысушылар түсіністікпен қарады. Өйткені, Мирсаид ака Өзбекстанды және бүткіл әлемде Әл-Хорезми идеяларын насихаттаушы және жалғастырушы. Осы жұмысқа өмірін арнап, ірі жетістіктерге жеткен ғалым. 260-тан астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік жұмыстары жарық көрген және программалық жабдықтары мемлекеттік патенттер алған. 90-на астам жұмы-

с ы шет елдердің 45 әр түрлі басылымдарында шыққан. Бұған қол жеткізудің оңай еместігі түсінікті. Оның жылына 15-20 Халықаралық конференцияларға шақыру алатыны атап өтілді. Ол ғылыми беделінің жоғары екенін байқатады. 45 рет алыс шет елдерде болған. Оның ішінде АҚШ, Алмания (8 рет), Франция (4 рет), Австрия (4 рет), Қытай (2 рет), Түркия (5 рет), Испания, Дания, Швейцария, Италия, Португалия, Румыния (3 рет),



Профессор М.М. Арипов баяндама жасау үстінде. Ташкент-2009.



Мырза Ұлықбек атындағы Өзбек ҰУ-і жанында. Ташкент-2009.

Болгария (2 рет), Чехословакия, Малайзия, Жапониялар бар. Мирсанд ака Қазақстанда өтетін конференцияларға да жиі қатысады. Еліміздің белгілі ғалымдары академиктер Т.Ш. Қалменов, Н.Т. Данаев, профессор Ш.Сахаев т.б. достық қатынаста. Профессор Ш.Сахаевпен достық қатынас Орта Азия мемлекеттік университетінде бірге оқыған студенттік кезден бастап қалыптасқан болып шықты. Араларында отбасылық байланыстар бар.

Өмірде өзін соншалықты қарапайым ұстайтын Мирсаид акамен 2008-жылы Түркияда өткен II Түркі дүниесі математиктерінің симпозиумында танысудың сәті түсті. Адрестер алмасқан осы симпозиумнан кейін де Алматыда өткен бірнеше конференцияларда кездесуге мүмкіндік алдық. Кең пейілді ғалым шақыру жіберіп, Ташкенттегі конференцияға қатысуға мүмкіндік жасағанын атап өткен жөн.

Конференция аясында өткен көрнекті ғалымды ұлықтау жоғарғы деңгейде өтті.

Арипов Мирсаид Мирсиддықұлы 1939 жылы қыркүйек айының 20-шы жұлдызында Ташкент облысының Бостандық ауданында Испай қыстағында дүниеге келген. 1956 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1961-жылы Есептеуіш математика мамандығы бойынша бітіреді. Еңбек жолын Ташкент мемлекеттік университетінің Есептеу орталығында аға лаборанттық қызметтен бастайды. 1963-1968 жылдары КСРО ҒА-ның Сібір бөлімінің Есептеу орталығында алдымен өтіл-зерттеуші, сосын аспирантурасын өтеді де, 1971 жылы «Асимптотика решений нелинейных уравнений типа Эмдена-Фаулера» (ғылыми жетекшісі профессор Фаге М.К.) тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1975 жылы «ЭЕМ және программалау» кафедрасының құрылуына ұйытқы болып, оның кафедра меңгерушілігі қызметін осы уақытқа дейін атқарып келеді.

1989 жылы профессор атағын алған, ал 1994 жылы академик Т.Ж. Жураевтың ғылыми кеңесшілігімен «Приближенно-аналитические автомодельные методы решения задачи Коши и граничных задач для квазилинейных параболических уравнений» тақырыбына докторлық

диссертациясын қорғаған. 8 кандидаттық диссертацияға жетекшілік жасаған, 10-нан астам оның жетекшілігімен докторлық және кандидаттық диссертацияларын дайындауда.

М.М. Арипов ақпараттық технологияларды оқыту әдістемелеріне де ерекше көңіл бөледі. Оқушыларымен бірге дайындаған өзбек және орыс тілдеріндегі 30-дан астам оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Бір монографиясы баспадан шыққан. Өз елінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бағытында белсенді жұмыс жасап жүрген азамат, көрнекті ғалым.

4.3. Тамыры терең Ташкент

Иссапарға баратын адам қалай бару мәселесін шешкеннен кейін, кім-қалай қарсы алатынын, қалай орналасатынын ойлайды. Қазіргі Интернет заманы көп нәрсені жеңілдетіп берді. Туындаған сұрақтарға тез жауап алуға болады. Барлық конференцияларда да жүретін жол, жатар орын, оның төлем-ақысы мәселелері алдын-ала анықталады, қатысуға тілек білдіргендерге хабарланады. Келесі қадам баратын жерің туралы мағлұматтар жинау. Бұл жағынан жеңілдік бар. Ташкентте бұрын болғандар көп. Кеңес дәуірінде бір поезбен барып, екіншісімен қайтып келе беретін жер. Бірақ, уақыт өзгерген. Бұрынғыдай еркіндік жоқ. Бауырлас болғанмен бөтен елдің астанасы. Әр елдің және олардың астаналарының өз тарихы бар. Олар туралы қандай көлемде болмасын мағлұматының болғаны ләзім. Барар алдында бізде сондай мағлұматтар іздеп, арасында көне тарихқа, аралас-құралас болған ағайындығы жарасқан жылдар мен талас-тартыста болған қиындығы мол кезеңдерге ой жүгірте бастадық.

Ташкент туралы жазба деректер б.д.д. II ғасырдағы ежелгі шығыс шежірелерінде кездесетінін дәлелдеген өзбек бауырлар 2009 жылдың 1-ші қыркүйегінде қаланың 2200 жылдығын тойлады. Ташкент-өзбекше Тошкент, яғни тас қала. Ташкент-тоқ қала. Н.Ановтың «Ташкент- город хлебный» атты кітабы және сол бойынша түскен кино белгілі. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы аштық кезінде талай қыр қазағы Ташкентке барып өмірін жалғаған, жаңа қоныс тауып қалып

қойғандары да жетерлік. Сол қалып қойған қазақтардың ұрпақтары араға жылдар салып, елге оралып жатқандығының да куәсі болып жүрміз.

Арғы тарихқа үңілсек Ташкент қазақ пен өзбекке ортақ қала болған кездері де бар. Қазақ пен өзбек бөлініп өз алдына хандық құрғаннан кейінгі кезде Ташкентке Бұхар, Хиуа және Қазақ хандықтары да көз тіккен. Қазақ хандары ішінен Тәуекел мен Есім хандар аз уақыт болса да Ташкентті жаулап алып, билік құрған. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті «акционерлік қоғамының Президенті» Сауытбек Абдрахманов газетте «Әлемге әйгілі қала» айдарымен берілген «Ташкент» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 4 қыркүйек, 2009 жыл) мынадай жолдарды келтіреді: «Мұнан кейін қазақтар Ташкентке Төле бидің тұсында қайта ие болған. Атақты «Википедия» энциклопедиясы: «В конце XVI века Ташкент был включен в состав Казахского ханства, в составе которого находился до XVIII века» деп жазады да, бұл сөздеріне: «В этот период Ташкент является столицей Казахского ханства. Правителем Ташкента в этот период был выдающийся казахский государственный и общественный деятель Толе би Алибекулы (1657-1756) им возведены много архитектурных сооружений, являющиеся ныне историческими достопримечательностями города. Толе би был похоронен в Ташкенте, его мавзолей считается одной из достопримечательностей города деп түсіндірме береді. (ru.Wikipedia.org/wiki)». Белгілі қайраткер журналшы сол кездегі жағдайды дәл көрсеткен. Менен бұрын барғандар Қарлығаш би деп елі қастер тұтқан Төле бидің басына зияраттап қайтқан екен.

Кенестер Одағы кезінде де бұл қаланың қазақ мәдениетінде, білімі мен ғылымындағы алар орны ерекше. Қазақ зиялыларының көбі Ташкентте оқыған, қызметтер атқарған, бірнеше қазақ басылымдары сонда жарық көрген. Аға буын өкілдері Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, т.б. қызмет жасаған. Бала шақтан жалынды жас Ғани Мұратбаевтың сонда жастар қоғамын басқарып, талай қанғып жүрген жетім балаларды дұрыс жолға салғандықтарын оқып, естіп өскенбіз. Өнер дүлділі, атақты әнші Роза Бағыланова да өнер жолын сонда бастаған.



Бір топ конференцияға қатысушылар. Ташкент-2009.



Шымыр ата мавзолейі жанында. Ташкент-2009.

Алматы ғылым мен білім орталығы болып қалыптасқанша қазақ жастарын Өзбекстанның Ташкент, Самарқан қалаларындағы Орта Азия мемлекеттік университеті, Ташкенттік транспорт және ирригация институттары тартып тұратын. Онда мыңдаған қазақ жастары оқып, білім алды. Аталған мамандықтардың көбі Қазақстанда 1960 жылдардан кейін ашылып, мамандар дайындай бастағаны жасырын емес. Бұдан орталықтың, яғни Мәскеудің Өзбекстанға деген көзқарасының жоғары болғандығын да көреміз.

Ташкентте өткен халықаралық ғылыми конференция өзбек ғалымдарының математика мен ақпараттық технологиялар саласындағы жаңалықтарымен танысуға мүмкіндік берді. Жаңа таныстықтар орнаттық. Өткен тарихымызды саралауға да мүмкіндік берді. Мирсаид ака бастаған ұйымдастырушылар қаланы аралауға да мүмкіндік жасады. Барақ хан медресесі, Көкелдаш медреселерімен қатар, жаңа Ә.Науаи атындағы опера және балет театры, спорт ғиматтарын көрдік. Соншама ұқыптылықпен күтіп отырған мұсылман қорымында болып, зияраттау ерекше әсер қалдырды. Академик Н.Т. Данаевтың түпкі атасы Шымыр осында жерленген болып шықты. Қорымның да жүздеген жылдық тарихы бар екен. Басындағы құлпытастардан көп мағлұмат алдық. Соның бәрін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан өзбек халқының ұлттық рух пен дәстүрге беріктіліктеріне риза болдық.

Конференцияны ұйымдастырушылар Самарқан, Самарқан-Бұхара бағыттарына екі күндік туристік саяхат жоспарлаған болып шықты. Қуана-қуана келістік.

4.4. «Мұражай қала-Бұхара» немесе көне тарих ізімен

Ұйымдастырушылар ұсынған бағыттардың ішінен Бұхара-Самарқан бағытын таңдадым. Менде Өзбек жерін көріп-білуге деген қызығушылық басым. Алдымен Бұхараға барып, бір күн аралағаннан кейін, сонда қонып, ертеңіне Самарқанды аралап, кешке қарай Ташкентке оралады екенбіз. Өзбекстанда туризм бізге қарағанда ертерек қолға алынған сияқты. Бұқара мен Самарқанды аралаған кезде Франция, Голландия сияқты елдерден келген туристермен де кездестік. Ал 10 адамнан

тұратын конференцияларға қатысушылардан құралған кішкентай тобымызда Қырғызстан, Әзербайжан, Ресей және Қазақстан өкілдері болды. Жол алыс емес. Кешке поезға отырсаң 12 сағаттай жол жүріп, ертеңісін Бұхарадан түседі екенсің. Жолда Өзбекстанның төрт-бес облыс орталықтарының үстінен өтесің. Бәрі де тарихтан таныс атаулар. Бір купеге үш ер адам орналастық. Әзербайжаннан академик Фихрет Алиев, Қырғызстаннан А. Асанов және мен. Екеуімен де Түрік дүниесі математиктерінің симпозиумына қатысқаннан бастап таныстығымыз бар. Ерте тұрып. Бұқараға жеткенше вагон терезесінен жан-жаққа көз салумен болдым. Өзбекстанда болған кезде таң қалдырған бір нәрсе елді-мекендерде, жол бойларындағы тазалық.

Бұхара әлемдегі ескі қалалардың бірі. Зерафшан өзені бойында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары мұнда бірнеше мыңдаған жылдар бұрын тұрғындар тұрғанын дәлелдейді. Өзбек ағайындар ескі тарихтарын зерттеп, сақтауды әлдеқашан жолға қойған. Неше түрлі жаугершілік заманды бастан кешірген. Персия патшасы Кир Бұхара жерін VI-шы ғасырда жаулап алған. Біздің эрамызға дейінгі 329 жылдары Иранны Александр Македонский жаулап алғаннан кейін бұл жерлер ұзақ жылдар гректердің қол астында болады. 709-жылы Бұхараны араб әскерлері басып алып, жергілікті халық ислам дінін қабылдай бастады. Одан бергі тарих бізге жақынырақ. Шыңғыс хан Бұхараны 1220 жылы жаулап алған. Тас-талқан болып қираған қалаларын Бұхаралықтар қайта қалпына келтіреді. Осы жерде өзіміз мекендеген Тұранның Ұлы даласында бір кездерде көркейіп тұрған, қазір қирандылары қалған Отырар, Сайран, Сауран, Жанкент т.б. ескі қалалар еске түседі. Қатал заманның тегеуріні оларды қалпына келтіруге мүмкіндік бермегеніне өкінесің. Содан кейін халқымыз жаңа заманда ешкімге есе жібермегей деп тілек тілейсің. Асқар Алатау баурайында көк желекке оранған көркем Алматы, әсемдігін әлем мойындай бастаған Астана біздің де болашақтан үлесіміз бар екендігін білдіреді. Мұның бәрі бөлек әңгіме. Енді Бұхараға оралсақ, оның ерекше гүлденген дәуірі 874-999 жылдары Саманидтер басқарған кезең мен 1370 жылдары Ақсақ Темір құрған империяның құрамында болған кез болса керек.



Бұхара вокзалы.



Бұхарадағы ескі мешіт -сәулет өнері. Бұхара-2009.



Сәдреддин Айни және Тұрмағамбет Ізтілеуов оқыған медресе.
Бұхара-2009.

Ақсақ Темірдің немересі ғалым, астроном Ұлықбек өз өмірінде тұрғызған үш медресенің екеуін Бұқарада тұрғызған. Қала біртіндеп мәдениет пен ғылымның, Шығыстағы өнер орталығына айнала бастаған. Тек XVI ғасырдың екінші жартысының өзінде Бұқарада 10 медресе салынған екен. Онда өзбек жастарымен қатар, көрші елдердің де жастары оқыған. Бұқарада оқып білім алған қазақ жастары да ел мәдениетіне өз үлестерін қосқандары белгілі. Кеңес дәуірінде оларға діни оқу бітірген деген кемсітушілік көзқарас болғаны рас. Сондықтан, көзіміз көрген үлкендердің өзі ол туралы ашық айта беруді қаламайтын. Шын мәнінде онда, діни оқумен қатар жаратылыстану ғылымдарына, әлем фәлсафасы мен әдебиетіне жете көңіл бөлінгендігі белгілі. Бұхара әлемдік цивилизацияға ұлы энциклопедияшыл ғалым және дәрігер Әбу Әли ибн Синаны (Авиценна), Исмаил әл-Бұхариді, Әбу Абдолла Рудакиді, Б.Накшбандиді С.Айни т.б. беруі заңды да. Садреддин Айни оқыған медресенің кірер аузында мұнда С.Айни оқыған деген жазу көзімізге оттай басылды. Сол кезеңде бұл медреседе атақты ақын «Шахнаманы» қазақша сөйлеткен

Тұрмағамбет Ізтілеуовтің де оқығаны есімізге түсті. Бұхараның бір ерекшелігі ІХ-ХІ ғасырлар арасында салынған архитектуралық және тарихи ескерткіштердің сол күйінде сақталғандығы.

Біз Бұхараның тарихын жазуды мақсат етіп қойған емеспіз. Әйтседе, тарихи есімдерге байланысты кейбір ескерткіштерге тоқталмақпыз.

Қаланы аралау ескі Арк қорғанын тамашалаудан басталады. 4 гектар жерді алып жатқан бұл бекініс көптеген ғасырлар бойы Бұхараны билеушілердің тұрағы болған. Әрі қарай жүрсең Калян мұнарасы, Калян мешіті көз тартады. Оған қарсы орналасқан Мири Араб медіресесін Убайдолла хан шейх Абдолла Яманидің құрметіне тұрғызыпты. Медіресе «Қош»-«Қос» әдісімен тұрғызылған деп ерекше атап өтіледі. Ол кездегі архитектура тілінде «Қош» деген термин бір-біріне қарсы, бір композициялық ось бойында орналасқан екі құрылысты білдіреді екен. Бұлай орналастыру кеңістіктік симметрияны қамтамасыз етеді, құрылыстың сыртқы түріне көрік беріп, оның көрнекілігін арттырады. Бұхарада «Қош» әдісімен Мири Араб және Калян, Абдол-Әзизхан мен Ұлықбек медреселері салынған. Бір жақсысы Бұхараның қылышынан қан тамған билеушілерінің артында мешіттер мен медреселер салып із қалдырғандары. Осы ізбен әмірлердің уәзірлері-министрлері де жүрген сияқты. Атақты Ляби-Хауыз ансамбілінің іргесін Әмірдің уәзірі Құлбаба 1568-1569 жылдары Көкілдаш медресесін салудан бастаған екен. Бұл ерекше құрылыс. Бізді қызықтырғаны шәкірттер тұруға арналған 160 бөлектеп салынған бөлмелер. Онда кітап қоятын орындарға дейін қарастырылған. Жағдайлары біздің студенттердің жатақханаларынан кем болмаған.

Араға жарты ғасыр салып, билеушінің екінші уәзірі Надір Диван -беги медресеге қарсы беттен керуен сарай, Ханака және хауыз салдырады. Керуен – сарайдың ашылу салтанатына қатысқан Бұхараның сол кездегі билеушісі Иманқұл хан ойламаған жерден керуен-сарайды медресе болады деп хабарлайды. Хан уәзіріне керуен-сарайды медресеге айналдыру үшін жұмыстар жасауға тура келеді. Нәтижесінде Бұхарада тағы бір медресе пайда болады. Ол Диван-беги есімімен аталған. Ал

Диван-беги Ханакасы – дәруіштер тоқтайтын орын. Айналасына көп жылдық шынар ағаштары егілген хауыз, маңайына көрік берген демалыс орнына айналған.

Қалаға ерекше көрік беріп тұрған архитектуралық ескерткіштердің бірі XVI ғасырда салынған, бірнеше бөліктерден тұратын Сауда күмбезі. Оның құрамына Таки-Заргаран (Зергерлік күмбезі), Абдолла хан Тимі (сауда пассажи), Таки-Тильпак Фурутан (бас киімдер сауда күмбезі) және Таки Саррафан (ақша айырбастау күмбезі). «Таки» сөзі Шығыста екі немесе үш көшелердің түйіскен жеріне орналасқан құрылыс немесе күмбез. Олар осы уақытқа дейін өз қызметтерін атқаруда және сувенирлер алатын туристер үшін сүйікті орын. Мысалы, Таки-Заргаран Ляби- Хауыз бен Регистанның бас алаңын байланыстыратын көшелердің түйіскен жерінде орналасқан күмбез. Онда 30-ға жуық сауда лавкалары орналасқан және бәрі де зергерлік бұйымдармен сауда жасайды. Ол бұйымдарды жасайтын зергерлер ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа өз өнерлерін жалғастырып келген. Кезінде көп сұранысқа ие болған әйелдердің әшекей бұйымдары, пышақ, қанжар, семсер сияқты қарулардың түрлері т.б. дайындалған.

Қазір нарық қыспағындағы қиын заманда ол бұйымдарға деген сұраныс аз. Екінші жағынан сапалы дайындалған бұйымдардың көп еместігі байқалды.

Исмаил Самани, Баянкүл хан, Сайфитдин Бохарзи мавзолейлерінің әр қайсылары өз ерекшеліктерімен таң қалдырады. Бастапқы екеуі Бұхараның билеушілері қатарында болса, Сайфитдин Бохарзи (1190-1261 ж.) ақын және ағартушы елдің беделді адамдарының бірі болған.

Бұхараны аралау қала жанындағы Чор Бакр және Бахоуддин Накшбанд жерленген қорымға (некрополь) барумен аяқталды. Ғалым, ағартушы болған Ходжа Бахоуддин Накшбанд есімі тарихи деректерде кездеседі. Ол 1389 жылы 71 жасқа толған шағында Бұхараға жақын жерде орналасқан Касри Орифон мекенінде қайтыс болып, жерленген. Қабірстан құрамына оның пантеоны (дахма) және Бұхара билеушілердің пантеондары, 2 мешіт, хауыз, құдық, мұнара, медресе және Абдоләзизханның ханакасы енеді. ЮНЕСКО-ның шешімімен Бахоуддин Накшбандтың 675 жылдығы атап өтілген. Соның

алдында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мұсылман елдерінен келген зираттаушылар және туристар үшін қонақ үй, асхана, шайханалар салынып, ғалымның мұражайы жұмыс жасай бастаған. Қорым маңайына ағаштар отырғызып, үлкен парк жасалған.

Мұндай ғажайыпты әдетте «ашық аспан астындағы мұражай-қала» деп атайды. Бір күнгі сапарамызда өткен талай ғасырларды ойша аралап қайттық. Адам қолынан шыққан талай шеберліктің куәсі болдық. Олар архитектуралық ескерткіштер, сол ескерткіштерді өрнектеген сан алуан оюлар, суреттер, сан түрлі бояулар. Бұл бояуларды жай адам суреттеп келтіре алмайтын сияқты. Сондықтан да, суретке түсіре бердік. Сонша әсемдікке «тоймай қалған» қалпымызда кешке қарай қонақ үйге оралдық.

Қонақ үйде аздап демалғаннан кейін бір бөлмеде бірге орналасқан азербайжандық академик Фихрат Алиев түнгі Бұхарамең қыдырыстауға ұсыныс жасады. Сөйтсек, профессор Ақылбек Керімбеков бастаған қырғыз бауырлар да осындай оймен төменде күтіп отыр екен. Күндіз көп көзге түспеген қала халқының кешке қарай қала көшелерін толтыратындығы байқалды. Шайханаларға жан бітіп, адамдар тола бастады. Араларында шет елдік туристер де байқалады. Түнгі Бұхараның таза ауасымен тыныстап, дәмханаларынан дәм татып қонақ үйге оралдық. Ертемен Самарқан сапары басталды.

4.5. Самарқан-Ислам әлемінің інжу-маржаны

4.5.1. Сәулеті асқан Самарқан

Самарқан – «Шығыс Үрімi», «Әулиелер қаласы», «Жер шарындағы сәулеті нүкте», «Ислам әлемінің інжу-маржаны». Бұл орта ғасыр қолжазбаларындағы Самарқан қаласының теңеулері. Жолдың ыңғайына қарағанда қаланы аралауға 5 сағаттай уақыт қалады екен. Бұхараны аралау тәжірибесі көрсеткендей бұл уақыт аздық ететін сияқты. Самарқанның 2750 жылдығы атап өтілген. Екі қала Бұхара мен Саманқан жеке екі хандықтардың орталығы болып, қатар гүлденген, өсіп-өркендеген кездері болған. Тұтас мемлекет болып, жеке

билеушіге бағынған кезіндегі оталық Бұхарадан – Самарқанға немесе керісінше Самарқаннан – Бұхараға ауысып тұрған. Қазір бір тұтас өзбек еліндегі екі қала бір кездері өздері алма-кезек билеген Ташкентке қарайды.

Самарқан десе алдымен ойға Әмір Темір оралады. Оның немересі әрі сұлтан, әрі ғалым Ұлықбектің обсерваториясы көзге елестейді. Көңілдің бір түкпірінде Самарқанды ұзақ жылдар билеген Жалаңтөс Бахадүр тұрғаны да жасырын емес.

Аңыз бойынша қаланың негізін Кавианидтердің екінші патшасы Кавус салған. Кавустың ұлы Сиявуштың кезінде қала өсіп-өркендейді. Сиявушты сақтардың қолбасшысы Афрасиаб өлтіреді де сақтар осында орнығады. Олар орныққан аймақ Афрасиаб атындағы төбе -атауын алған. Ескі Самарқанның-Маракана аталған кезі де болған. Маракана осы жерде патшалық құрған Согдиялықтардың орталығы. Бұдан кейін Согдиялықтар азияда Ахменидтер империясын құрған парсылардың қарамағына өтеді. Александр Македонский парсыларды жаулап алғаннан кейін гректердің қол астында болады. Бұл жаулап алулардың нәтижесінде Самарқанда көптеген елдердің мәдениеттері тоғысқан. Оның үстіне қала Қытай, Үндістан, Парсыларға баратын тоғыз жолдың торабында орналасқан. Аталған жолдар-Жібек жолы деген атақ алған. Ұлы жібек жолындағы ортақ тіл соғда тілі болғанға ұқсайды. Соғдалықтар біздің эрамыздың IV-VIII ғасырларында керуен тартып, сауданы жолға қойған. Керуенмен жібек, мақта маталары, алтын, күміс, қола, қару-жарақ, тері-терсек, кілем және киімдер, керамика, фарфор т.б. Әшекей заттарын тарта бастаған. Бұдан бауырлас халықтың сауда-саттыққа икемділігінің ғасырлар бойы қалыптасқанын байқауға болады.

VII-VIII ғасырларда Кіндік Азияны арабтар жаулап, онда ислам дінін енгізгендігі белгілі. Әмудария мен Сырдария арасындағы аймақ Мәуреннахр деген атақ алған. Ол арабша «өзеннің арғы бетіндегі» дегенді білдіреді екен. Қаланың тағы бір гүлденген кезі оны Саманидтер билеген IX-X ғасырларға келеді. 809 жылы тарихта аты қалған Халифа ар-Рашид Бағдатта өлгеннен кейін, уақытша Самарқанда болған оның ұлы ар-Рашид Абдаллах 813 жылы Әл-Мамун деген атпен Халифалық құрған. Әл-Мамун ғылым мен өнерді дамытуға көп көңіл бөлген



Исмаил Самани мавзолейі әлемдік деңгейдегі сәулет өнері.
Бұхара-2009.



Гүр-Әмір мавзолейі. Самарқан-2009.



Гүр-Әмір мавзолейіндегі қабірстан. Әмір Темір және оның ұрпақтарының жерленген орны. Самарқан-2009.



Самарқан қорғаны. Самарқан-2009.

билеуші ретінде танылған. Ол 819 жылы Бағдатқа салтанатты түрде оралғанда Кіндік Азиядан өзімен бірге әскерлер мен ғалымдарды ала келген. Бағдатта Кіндік Азиядан шыққан Мұхамед Әл-Хорезми және Ахмед Әл-Ферғани бастаған бір топ ғалымдармен «Даналық үйі», «Ғылым үйі» немесе Әл-Мамун Академиясын құрады. Халифа Әл-Мамунның осы бастамасы Кіндік Азия ғылымы мен білімінің XVI ғасырдың орта шеніне дейін дамуына жол ашты. Ол туралы біз Әл-Хорезмиге арнаған бөлімде де келтірген болатынбыз. Самарқанда 864-892 жылдары билік құрған Саманидтер ұрпағы Исмаил Самани орталықты Самарқаннан Бұқараға көшіреді. Исмаил Самани жаулап алынған жерлерінің көлемін кеңейтіп, Саманидтердің үлкен мемлекетін құрған. Кейінгі кезде табылған Мұсылман тиындары негізінен саманидтер дәуіріне келеді. Осы кезде мұсылман әлемінде самарқандық қағаз кең қолданыс тапқан. Бұл қағаздар қолжазба кітаптардың оның ішінде Құранның көптеп тарауына, дамуына себепші болған. Бұқарадағы Исмаил Самани мавзолейі туралы бұрын келтіргенбіз. Мавзолейді әкесінің моласына ыңғайлап тұрғызған Исмаил Самани, кейін өзі де осында жерленеді. Формасы куб тәріздес мавзолей, жартылай сфера түріндегі күмбезбен жабылған. Оңаша орналасқан мавзолей төрт жағынан да анық көрінеді. Кірпіштерінің өрілуімен ерекше орнаменттер алуға қол жеткізген. Күн сәулесінің әр түрлі бағытпен түсуіне байланысты мавзолейдің орнаменті де құбылып тұратын рең қабылдайды. Исмаил Самани мавзолейі әлемдік деңгейдегі ескерткіш ретінде қабылданған.

4.5.2. Самарқан Әмір Темір мен Тимуридтер дәуірінде

Самарқан үшін орны бөлек тұлға Әмір Темір (1336-1405). Билеушілер арасындағы тақ үшін толассыз талас-тартыс барлас руынан шыққан бек-Әмір Темірді тарих сахнасына әкеледі. 1370 жылы Мәуреннахр жерлерін билеген көптеген әмірлер жоғарғы билеуші ретінде Әмір Темірді таныған. Билеуші Самарқанды өзіне астана жасады, оның сыртқы қорғандарын қайта тұрғызды. Ол билеген кезде өзбек жерінде бір орталыққа бағынған алып, күшті мемлекет пайда болды. Үзбей жүргізген жаугершілік соғыстарының арқасында алып мемлекеттің шекарасы кеңейе

берді. «Күш – әділдікте» деп сөз қалдырған әміршінің каншалықты әділетті соғыстар жүргізгені ойланарлық нәрсе. Іргелес орналасқан Моголстан, Хорезм, Иран, әрі қарай Үндістан жерлерін бағындырғаннан кейін Алтын Орда ханы Тоқтамысты талқандады. Кавказ асып, Таяу Шығысқа шығып, Түркия сұлтаны Баязитті талқандайды. Барлық ұлы әміршілерге тән қасиет өзінен басқа даңқы асқан әмірші бар екенін көре алмау. Тарихта еш нәрсе ізсіз кетпейді. Тоқтамыстан кейін Шыңғыс хан құрған алып империяның іргесі сөгіліп, Алтын Орданың бұрынғы күш-қуатынан айрылғаны, жекелеген әлсіз хандықтарға бөлініп кеткендігі белгілі. Ұлы әмірші өмірінің соңында Қытайға жорық дайындап, соны іске асыру кезінде қайтыс болады. Ол құрған алып империя мұсылман әлемін дүние жүзіне танытты. Астана ретінде таңдаған Самарқанды Шығыстағы көркем, гүлденген, тарихи ескерткіштерге толы сәулетті қалалардың біріне айналдырды. «Патша қаласы» атанған Самарқанды салуға жаулап алынған жерлерінен мыңдаған қол-өнер шеберлерін, тұтқындарды жеткізіп, пайдаланған әмірші өзінің артына өшпес із қалдырды. Өзбек халқы оның есімін үлкен ілтипатпен атайды. Ол қалдырған тарихи ескерткіштер, мавзолей мен мешіттер, медреселер өзбек халқының мақтанышы.

Әмір Темірден кейін билік ұзақ жылдар Тимуридтердің қолында болды. 1409-1449 жылдары Самарқанды Әмір Темірдің немересі Мырза Ұлықбек биледі. Ол Самарқан мен Бұхарада, Шахрисабта және Гиждуванда құрылыстар бастады. Самарқандағы құрылыстарының ішінен Ұлықбек медресесі ерекше орын алды. Оның ауласында астрономиялық бақылаулар жүргізетін орын болды. Жалпы орта ғасырлық мұсылман әлемінде астрономиямен айналысу алдыңғы қатарда болды. Көп жылдық зерттеулер астрономиялық кестелер түрінде біріктірілді. Ондай кестелерді құрумен XI – ғасырда Омар Хайям, XIII-ғасырда Наср ад-Дин Туси, ал 1420 жылы Ұлықбек салдырған Самарқандағы обсерваторияда Қазы-Заде Руми, Джемшид Гияс Әл-Дин Каши және Әли Кушчилер айналысты. Самарқан обсерваториясының атын «Ұлықбектің зуджасы» аталатын еңбегі шығарды. Еңбек кіріспеден және 1018 жұлдыздардың каталог-тізбесінен тұрады. Кіріспенің бірінші



Әмір Темір ескерткіші жанында. Самарқан-2009.



Мырза Ұлықбек обсерваториясының орны. Самарқан-2009.

бөлігі жылсанауға, екіншісі – тәжірибелік астрономияға, үшіншісі – планеталар қозғалысының теориясына, төртіншісі – астрологияға қатысты. Аталған еңбектің кейбір бөліктері 1648 жылы Оксфордта жарияланғаннан кейін Европа ғалымдары обсерватория туралы мағлұмат алады. Бір өкініштісі уақыт өте келе обсерватория қиратылып, орны жоғалған. Ұзақ зерттеулерден кейін 1908 жылы Самарқанның сол жақ бөлігінен археолог В.Вяткин обсерваторияның орнын анықтаған. Өзбек ғылымының мақтаншы болған обсерватория орны туристерге көрсететін ескеркіштердің тізіміне енген. Обсерватория қиратылып, орнына дейін ұмыттыруға тырысқан қараңғылық заманы бірнеше ғасырларға созылғаны белгілі. Осы кезеңге қарап, Кіндік Азия халықтарын мәдениеті дамымаған жаппай сауатсыздық жайлаған елдер деп көрсеткен кезенді де бастан кешіргеніміз жасырын емес. Өткеннің орнын толықтыруға тырысқан бауырлас өзбек халқы Мырза Ұлықбек обсерваториясын қалпына келтіруге біршама қызметтер атқарған екен.

Қаланы аралаудан көңілде көп нәрсе қалды. Қайталанбас ескерткіштер: Темуридтердің әйелдер қабірстаны, Амир заде, Бұрындық Әмір, Нұр ад-дин Басир, Рухабад, Гүр-Әмір, қос күмбезді, Ишрат-хан, Ақ-Сарай, Бибі-ханым мавзолейлері. Еңсесі биік Бибі-ханым мешітін көргенде заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы еске түсті. Халық арасына кең тараған аңыз бойынша мешіттің соншама көркем, ерекше әсемдікпен салынуына себепші болған оны салған шебердің Әмір Темірдің әйелі – Бибі-ханым сұлуға ғашық көңілі. Шынына келгенде Әмір Темірдің бәйбішесі Бибі-Ханым әмір әулетенің құрметіне бөленген жан. Шын аты Сарай Мүлк Ханым. 1343-1346 жылдары хандық құрған Шағатай Қазан ханның қызы. Бірінші күйеуі Хүсейн Әмір (1364-1370). 1370 жылы оны тақтан тайдырғаннан кейін Әмір Темір Бибі-Ханымға үйленеді. Осындай аңыз негізінде керемет шығарма тудырған Әбіш Кекілбаевтың шеберлігіне таң қалмасқа амалың жоқ.

Саяхатшылардың көп баратын жері Гүр-Әмір мавзолейі екен («усыпальница амиров»). Бұл Тимуридтер мавзолейі. Мавзолей құрылысына өзгерістер енгізіп, кеңейту Әмірдің немересі Мырза Ұлықбек кезінде жасалған. Ұлы әміршінің

мүрдесі мрамор саркофагке салынып жерленген. Жанында балалары Шахрух пен Мираншах, немерелері Мұхаммед-Сұлтан мен Ұлықбектер жерленген. Шахрух Ұлықбектің әкесі. Жандарында Сейид Берке мен Сейид Омар жерленген. Олар дін өкілдері болса керек. Осы жерде жаңа заман тудырған аңыздар газет берттерінен көрініп қалғаны тағы да еске түсті. Ол бойынша 1940 жылдары Әмір Темірдің мүрдесін Мәскеуге жеткізіп антрополог ғалымдар оның бейнесін анықтап, жан-жақты зерттеуге рұқсат алады. Жергілікті халық саркофакты ашуға қарсылық білдіреді. Олай жасаған жағдайда еліміздің басына жамандық іс болатынын ескертеді. Шынында да қабірді ашып, Мәскеуге алып кеткен күннің ертеңіне 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы басталады. Кеңес әскерлері үнемі жеңіліспен Мәскеуге дейін шегінеді. Кеңестер Одағы қиын жағдайдан бас көтермейді. Жергілікті халықтың ескертуінен хабардар И. Сталин 1942 жылдың басында әміршінің мүрдесін өз орнына қайтаруға бұйрық береді. Осыдан кейін төрт жылға созылған қанды соғыста Кеңес әскерлері күш алып жеңіс дәмін тата бастайды. Бұл аңыз Әмір Темірді жергілікті халықтың үлкен қасиет иесі санайтындығын көрсетеді. Сондықтан да, әлі күнге дейін қадір тұтады.

4.5.3. Жалаңтөс баһадүр және Самарқан

Самарқанда болып, Регистонда болмай кеткен адам көп нәрсе жоғалтады. Регистон («песчаное место» - құмақ жер) алаңның атауы. Онда қаланың 6 көшесі тоғысады және бірнеше тарихи ескерткіштер орналасқан. Әмір Темір кезінде сауда алаңы ретінде, ал Мырза Ұлықбек заманында әскери ойындар өткізілген, әміршілердің бұйрықтары хабарланған т.с.с. Регистонның маңайындағы көп өзгерістер Самарқанның әміршісі Жалаңтөс баһадүр (1622-56 жылдар) кезінде болған. Қаланың билеушісі кезінде екі үлкен тарихи әрі сәулетті кешендер тұрғызды. Біріншісі Шердор (Арыстанды) медресесі (1619-1636) жылдары тұрғызылған. Сәулет өнерінің үлкен туындысы. Биік және кең маңдайшасының екі жағында шердің, парсыша-арыстандардың суреттері бейнеленген. Шердің суреті барысқа ұқсайды. Бұл медресе сондықтан да «арыстаны бар»,

яғни парсы тілінде «арыстанды» деп аталған. Шердор медресесі салынғаннан кейін он жыл өткенде, 1647 жылы Регистон алаңының сол жағында Мирзой керуен-сарайының орнында Жалаңтөстың бұйрығымен жаңа құрылыс басталады. Ол әрі медресе, әрі жұма-мешіт қызметтерін атқаруы қажет болатын. Медресе-мешіттің құрылысы 20 жыл жүргізіліп, Жалаңтөс бағадүр қайтыс болғаннан кейін 5 жылдан кейін бітеді. Барлық билеушілер сияқты Жалаңтөсте өзі билеген қаланың бас мешіті әрі сәулетті, әрі бай көрінуін қалады. Сондықтан да күмбезінің ішкі беті, қабырғалары, медресе михрабтарын алтын жалатқан түске боятып, Кіндік Азияда бұрын болмаған сәулетті құрылысқа айналдыруға күш салған. Бұл сән-салтанатымен әйгілі мешіт «Тіллә-қари» - Алтынмен апталған атауын иемденді. Осы жерде өзбек тарихшысы Комлхан Каттаевтың сөзін келтіріп кеткен дұрыс сияқты: «Тарихта үш мәшһур әкімдер - Әмір Темір, Ұлықбек және Әмір Жалаңтөс бағадүр өздерінің тұрғызған сәулетті ғимараттарымен Самарқанды жер жүзінің даңқты қаласына айналдырды...»

Жалаңтөс Сейітқұлұлы туралы Қазақстанның гезеттерінде соңғы уақытта аз жазылып жүрген жоқ. Туристерге арналған «Самарканд. Шедевры Центральной Азии. Ташкент – Москва. 2008» кітабында: «... Амбициозную задачу – вернуть Регистону, а значит и Самарканду, славу архитектурного шедевра взялся решить энергичный самаркандский правитель Ялангуш-бий Бахадур (умер 1955-56 г.) – глава узбекского рода алчин...» деп жазады. Қазақтың Шежіресін таратқанда Алшын - Әлім – Шекті – Төртқара – Сейітқұл деп қысқа қайыруға болады. Ал Жалаңтөс Самарқанға қалай келді? – деген сұраққа жауапты былай береді.

XVI ғасырда Мәуреннахрды Жошы хан нәсілінен тараған Шайбанилер билейді. Олар 1553 жылы астана ретінде Бұхараны таңдайды. Ел Бұхара хандығы аталады. 1600 жылдары билік аштархандықтарға өтеді. Сол жылдары Өзбектермен шектес отырған Қызылқұм, Тамды, Нұрата өңірін Бұхара хандығының ықпалында болған Дінмұхаммед сұлтан билеген. Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл, оны осы сұлтанның қызметіне



Самарқан әміршісі Жалаңтөс бағадүр жаңартқан Регистон.
Самарқан-2009.



Жалаңтөс тұрғызған атақты Шердор медресесі. Самарқан-2009.

береді. Кейін аштархандықтардың шаһзадаларына Жалаңтөс батыр тәлімгерлік қызметін атқарады (Өзбекстан халықтары тарихы, 2т. 33-б.).

Әскери тәжірибесі бар қолбасшы ретінде көріне білген оны аштархандық Имамқұл хан (1611-1642 жылдар) Сенімді адам ретінде Самарқан қаласына билеуші етіп тағайындайды. Оның орнына хан болған інісі Надр Мұхаммад хан (1642-1645 жылдар) дәуірінде Жалаңтөс баһадүр «аталық» атағына ие болады. «Аталық» - сол кездегі Бухар хандығындағы ең үлкен атақ болатын («заступающего место отца») Иманқұл хан кезінде Жалаңтөске өлшеусіз билік берген. Өз бетінше жорықтарға шығып, келісім-шарттар жасай алатын құқығы болған. Көптеген жорықтарда аты шыққан әрі батыр, әрі би, әскери қолбасшы, аталық әмірші және өзі билеген өңірлерде атақты сәулет өнеріне дем беруші. Махмуд ибн Валидің «Сырлы теңіз...» аталатын кітабының 6-томында Жалаңтөс туралы мынадай жолдар келтірілген:

«Жалаңтөс би аталық, батыл ноян, істің көзін білген әмір, алшын қабиласының ұлысынан шыққан асыл есімді хатой баһадүр Дінмұхаммед хан заманында ол Сығанақтың Азақ атты жерінен келіп, оның қызметіне кіріседі. Қажыр-қарекетінің арқасында оның жақын адамдарының бірі болып алды. Надр Мұхаммед хан дәуірінде мәртебесі биіктеп, оның аталығы етіп тағайындалды. ...Қағандар, Сейстан және басқа уәлаяттардың әкімдері оның алдында дір-дір қағып тұрар еді. Көрген-білгендер оның байлығы мемлекет қазынасына тең екендігі, дәрежесі патшалардан қалыспайтынын айтқан» (Өзбекшеден аударған профессор Н.Өткелбаев, Қазалы энциклопедиясы, 37 бет).

Бұл айтылғандардан Жалаңтөс бидің батырлығына байлығы сай болғандығын замандастары мойындаған. Шердор медресесінің мандайшасына Самарқан билеушісі Жалаңтөс биге арналған мадақтау сөзі жазылған: «Военачальник, полководец, справедливый Ялангтуш!...», яғни әділеттілігімен де аты шыққан. Сырт елде жүріп ақылмен іс істеген. Белгілі ақпарат көздері бір істі бастамас бұрын белгілі дін өкілдерімен ақылдасып, олардың баталарын алып отырғанын келтіреді. Мысалы, сол дәуірдегі сопылардың жетекші пірі Қожа

Хашимиге қол тапсырып, мүридтікті қабылдап, оның тәрбиесіне кіреді. Кейін Қожа Хашимидің қолдауымен Самарқанның билеушісі дәрежесіне ие болады. Жалаңтөс Қожа Хашимидің атасы Махмуди Ағзам деген атпен белгілі сопы Сайд Ахмад Қожа Касани әл-Даъбедидің құрметіне арнап сәулетті намазжаймен екі мешіт және медресе тұрғызған. Дахбеди қыстағындағы қабірстанға Махмуди Ағзам мен оның ұрпақтары жерленген. Жалаңтөс баһадүрдің өзі де, ұрпақтарымен бірге осында жерленеді. Уақыт тығыздығына байланысты бұл жерлерді толық аралауға мүмкіндік болмады. Болашақта оған тағы да мүмкіндік туар деген сеніммен сәулетті Самарқанмен қоштастық.

4.5.4. Бауырластық тағылымдары

Бізге қызмет жасаған турфирма Самарқаннан Ташкентке темір жолмен қайтуды дұрыс ұйымдастыра алмаған болып шықты. Турфирманың кішкентай автобусымен жолға шықтық. Жол қозғалысының мұнда өз заңы бар. Кешкі белгілі-бір уақыттан бастап, қоғамдық көліктердің жолда қозғалыста болуына тыйым салынған. Егер сол уақытта қалаға кіріп үлгермесек, онда далада қону қаупі бар. Самарқаннан шыққаннан басталған қалың жауын да біз отырған автобустың бар жылдамдығымен жүруге мүмкіндік бермей келеді. Әйнектерге дүрсілдей соққан жаңбыр тамшылары, автобус терезелерін тоқтаусыз шайып, ымырт қараңғылығы түсіп келе жатқандай ыңғайсыз әсер қалдырады. Уақыт өте келе бұл ыңғайсыздыққа да үйреніп алдық. Әркім өз ойымен болып келе жатыр. Қаланы көруден алған әсерлерімен бөлісіп келе жатқандар да бар. Маған да осы жолсапар, басқаларға қарағанда ерекше әсер қалдырды. Көп тарихи деректер туралы бұрын да оқып, есітіп жүрміз. Бірақ, оның бәрі де өз көзіңмен көріп, түйсінгендей болмайды. Бір тарихи дерек екіншісін қозғайды. Жалғасып жатқан түпсіз дүние.

Тарихта Саманидтер мемлекеті, саманидтер архитектурасы деген түсінік бар. Саманидтер архитектурасы көп сақталмаған көрінеді. Бірді-екілі ескерткіштер ғана қалған. Оның нақты мысалы Бұхарадағы Саманилер мавзолейі. VII-ғасырда Иранды арабтар жаулап алғаннан кейін, саманилердің

ана тілі - парсы, қысым көре бастайды. IX ғасырда парсылар бас көтеріп Орта Азия, Иран, Ауғаньстан жерлерін қамтитын мемлекет құрады. Саманилер әулеті 874 жылы таққа отырып 999 жылға дейін жүз жылдан астам билік құрады. Осы кезең атақты ақын Фирдоусидің жастық шағына тура келеді. Ол жас кезінен білім қуып, Иран патшаларының тарихын жазуды армандайды. Иранның 50 патшалығының, 50 ерінің тарихын жазып артына «Шахнама» сияқты әлем әдебиетінің інжу-маржанына айналған із қалдырды. Өз сөзімен айтқанда еліне, жеріне шабуыл жасағандарға, бас бостандығынан айырғандарға Шахнамені қарсы қояды. Осы әлем әдебиетінің інжу-маржаны болған туындыны 1930-шы жылдардың орта шенінде сөйлер сөздің шешені, Сыр сүлейлерінің бірі, Бұхараның медресесінде оқып-білім алған, атақты шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуов өлеңмен қайта жазып, Қазақ даласына алып келді. Бұл тарихи байланыстың бір мысалы.

Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл ел арасында – «жаны пәк жан» атанған, халық әулие тұтқан жан. Оның үшінші ұрпағы Байбекұлы Әйтеке (Айтық) (1689-1766 ж.)-қазақ халқының бірлігін нығайтуға орасан зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі. Бүгінгі біз баяндап отырған Самарқан, Бұхаралармен Әйтеке бидің тікелей қатынасы бар. Ол Әмір Темірдің бас кеңесшісі болған Ораз қажының бесінші ұрпағы, Қоқанға хан болған Ақшаның немересі, Самарқан әмірі Жалаңтөс бабадүрдің немерелес туысы. Жалаңтөстің тәрбиесінде болып, Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін «Тіллә-Кари» медресесінде оқыған. Дін, құқық, аспан әлемі, жағрапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан. Алған жан-жақты білімі кейін ел басқару ісіне араласқан кезде көп пайдасын тигізген. Жиырма бір жасында бүкіл Бұхара мен Самарқан төңірегін мекендеген құрама қазақ, өзбек, қарапалпақ жұртына бас би, ал жиырма бес жасында Кіші жүз халқының бас биі болып сайланады. Әлім тайпасының Төртқара руынан шыққан мемлекеттік қайраткер. Науаи облысындағы Нұрата ауданында жерленген. Әйтеке айтты деген шешендік сөздер, толғаулар, баталар мен билік сөздер ел аузында көп сақталған. Байқап отырсақ қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан, шешендік сөздерімен де, мемлекеттік

қайраткерліктерімен де аттары шыққан үш билердің екеуі бауырлас өзбек жерінде мәңгілік тыныстаған екен. Төле би – Ташкентте, Әйтеке – Нұратада. Сондықтан да, 1993 жылы Ордабасыда бас қосқан кезде Өзбекстан президенті Ислам Каримовтың: «Кеше Нұрсұлтан Назарбаев бауырымыз екеуіміз Ташкенттегі Төле бидің басына барып тәу еттік, бабалар рухына бас идік» дей келе «Біздің базарымыз да бір, мазарымыз да бір» дегенін түсінуге болады. Дәл айтылған сөз. Тек, арадағы қарым-қатынасты бұдан әрі де жақсартуға болатын сияқты. Оның бір жолы Кеңес Одағы кезіндегі Самарқан, Бұхара және Ташкенттерге мектептердегі каникулдар кезінде ұйымдастырылатын экскурсияларды ұйымдастыру, яғни бауырлас екі ел арасындағы барыс-келісті жолға қою.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Ф. Лапко и Л.А.Люстерник. Математические съезды и конференции в СССР-Усп. мат. наук, 1957, т. 12, вып. 6(78), стр. 47-130, 1958, т. 13, вып. 5(83), стр. 121-166;
2. История отечественной математики, том 3, 1917-1967, Киев, 1968.
-726 с.
3. О.Ю. Шмидт. Роль математики в строительстве социализма. – В КН.: Труды Первого всесоюзного съезда математиков. ОНТИ, М.-Л., 1936, стр. 28-33
4. В.Г. Мазья, Т.О. Шапошникова, Жак Адамар – легенда математики. М., Изд. МЦНМО, 2008, 526 с.
5. Адамар. Задача Коши для линейных уравнений с частными производными гиперболического типа. М., Наука, 1978, 351 с.
6. П.С. Александров – Вступительный доклад на торжественном заседании Московского математического общества 20 октября 1964г.-УМЖ, 1965, т. 20. вып. 3 (133), стр. 9
7. Математика В СССР-40,50, История Отечественной матемматики
8. Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков (Туғанына 80 жыл толуына орай). Алматы «Ғылым», 1991, 59 бет.
Қазақ ССР Ғылым Академиясы, Қазақстан ғалымдарының библиографиясы материалдары.
9. Профессор Д.С. Джумабаев. Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков. Труды Международной конференции «Дифференциальные уравнения и их приложения» (Алматы, 26-28 сентября, 2001), Алматы, 2002, с. 3-5.
10. «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары »
11. «Ақтөбе университеті» үнқағазының сандары
12. С.М. Никольский «Менің ғұмырым». М.: 2005
13. Аңызға айналған адам. Академик С.М.Никольский және Қазақстан.
Мақала 2006 жылы «Ақтөбе университеті » газетінің №17(174) октябрь 2006-санында жарық көрді.

14. А.И. Бородин, А.С. Бугай. «Выдающиеся математики» .
15. «Алтын орда» (#23(489) 4-10 маусым 2009 жыл
16. Ақтөбе университеті, қазан №15-16(244-245) октябрь 2009, Ойнаровтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты. Сүлеймен Мәмет.
17. Вестник Национальной Инженерной Академии РК, №1(11), 2004г.
18. Ж.Н. Тасмамбетов «Развитие аналитической теории дифференциальных уравнений в Киевском Национальном университете им. Т.Г. Шевченко и ее продолжение в Казахстане. (К 110-летию профессора К.Я. Латышевой и 75-летию доцента Н.И. Терещенко)». Вестник АГУ им. К.Жубанова, 2008, №1, с. 50-76.
19. Турция. Русский (путеводитель). MERT. стр.8
20. Нейгебаур О. Точные науки в древности. Пер. Е.В. Гохман, под ред. А.П. Юшкевича. М.: Наука, 1968.
 21. История математики с древнейших времен до начала XIX столетия / Под ред. А.П. Юшкевича. М.: Наука, 1970, Т.1.
 22. Жмудь Л.Я. Раннегреческая математика и Восток// Историко- математические исследования. Выпуск XXIX, М.: Наука, 1985, с. 9-27.
 23. Э.Т. Белл. Творцы математики. Предшественники современной математики. Пособие для учителей/ Под ред. и дополнениями С.Н.Киро. М.: Просвещение, 1979, 255 с.
 24. История Отечественной математики. Т. IV, 485 с.
 25. «Классическая наука Средней Азии и современная мировая цивилизация» под ред. П.К. Хабибуллаева и А.Ф. Файзуллаева (Ташкент: Фан, 2000.-416с.)
 26. В.К. Кабулов, А.Ф. Файзуллаев, Ш.А. Назиров «Ал-Хорезми, алгоритм и алгоритмизация». (Ташкент: Фан, 2006.-664с.
 27. «Википедия» энциклопедиясы: (Чи. Wikipedia.org/wiki)
 28. Егемен Қазақстан, 4 қыркүйек, 2009 жыл
 29. А.И. Муинов. Архитектурные памятники Бухары. Краткий путеводитель. Бухара-2009 г.

30. Арапов А.В. Самарканд. Шедевры Центральной Азии. 2-е издание. -Ташкент-Москва; Изд-во журнала «San`at»-ИТД «SMI-ASIA». 2008. 112с.
31. Өзбекстан халықтары тарихы, 2т. 33-б
32. Н.Өткелбаев, Қазалы энциклопедиясы, 37 бет

Мазмұны

I Тарау.	Кеңестік математиканың дамуы мен ғылыми байланыстар	3
	§1 Кіріспе	3
	§2. Математиктердің бүкілодақтық съездері туралы қысқаша мағлұматтар	5
	§3. Москваның математикалық қоғамдастығы	7
	§4. Халықаралық математикалық конгрестер	8
II Тарау.	Қазақстандағы математиканың дамуы мен конференциялар туралы қысқаша мағлұматтар.	10
	§1. Қазақстан математикасы бастауындағы тұлғалар.	10
	1.1. К.П.Персидский Қазақстанның бірінші математикалық мектебінің негізін салушы.	11
	1.2. О.А. Жәутіков көрнекті ғалым және математика ғылымының ұйымдастырушысы.	14
	§2. Қазақстанда өткен конференциялар туралы қысқаша мағлұматтар.	18
III Тарау.	Математика әлеміне ұмтылған Ақтөбе	27
	§1. Әр істің де бастауы бар	27
	1.1. Жас келсе іске	29
	§2. Ақтөбе университетінде ұйымдастырылған конференциялар бастауы.	36
	2.1. Артына өшпес із қалдырған.	37
	2.2. Харасахал – Үмбетжанов мектебінің жалғастырушысы	39
	2.3. Өз жолын тапқан ғалым.	43
	2.4. Шәкірттіктен ғылым биігіне дейін.	44
	2.5. Өнегелі ұстаз, озық ұйымдастырушы.	47
	§ 3. Ғалым және ұстаз еңбегі өлшеусіз.	49
	§4. I-Халықаралық ғылыми	

«Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» конференциясы.	54
4.1. Алыптар ісін алға жеткізуші.	56
4.2. Инженерден математика биігіне.	59
§5. II Халықаралық ғылыми конференция	62
5.1. Конференция қонақтары	66
5.2. Украина ғалымдары Ақтөбеде.	67
5.2.1. Украина ғылымының жарық жұлдызы	67
5.3. Ресейдің белгілі ғалымдары Ақтөбе жерінде	76
5.3.1. Аңызға айналған адам. Академик С.М.Никольский және Қазақстан.	77
5.3.2. Бесов кеңістігі	84
5.3.3. Петербург ғылымының өкілі	85
§ 6. III Халықаралық ғылыми конференция	87
6.1. Конференция қонақтары	88
6.2. Елімізде қолданбалы математика мәйегін еккен ғалым	90
6.3. Жастар жүрегіне ғылым шырағын жаққан	93
6.4. Өмірі өнеге, жаны жайсаң	95
6.5. Қос ғылымды қатар меңгерген	99
§7. IV Халықаралық ғылыми конференция	104
7.1. Конференция қонақтары	105
7.2. Озық ойлы Ойнаров	106
7.3. Ғылым мен өнерді ұштастырған	110
7.4. Темірғалиев мектебі	113
7.5. Өз ісінің маманы, танымал ғалым	115
7.6. Ізденген жетер мұратқа	117
§8. V Халықаралық ғылыми конференция	119
8.1. Конференция қонақтары	120
8.2. ҚР ҰҒА-ның академигі С.Н. Харин	125

	8.3. Физикада математикалық әдістерді колданудың шебері	128
	§9. Қазақстан Республикасы ҰҒА Математика институтымен бірге өткізген конференциялар	132
	9.1.1. Табысты байланыстар	132
	9.2. Сапалық теорияны терең зерттеген	136
	9.3. Кең пейілді кем болмас	138
	9.4. Жүрегі жылы, адамгершілігі ірі жан	140
	9.5. Академик Ляпунов ізімен	142
IV Тарау.	«Ержанов оқулары» Ақтөбе университетінде	145
	§1. «Ержанов оқулары	145
	1.1. Конференция қонақтары	146
	1.2. Академик Ержанов –Жер механикасы ғылымының негізін салушы	147
	§2. Академик А.А. Қалыбаев 60-та	149
	§3. «Ержанов оқулары-III»	154
	3.1. Конференция қонақтары	154
	3.2. Құпия жазу әдістерін меңгерген	156
V ТАРАУ.	ТАҒЛЫМЫ МОЛ САПАРЛАР.	160
	§1. Ресей сапарлары	160
	1.1. Ғылым мен білім ұясы. Академик В.А.Садовничий 70-те	160
	§2. Украина сапарлары.	171
	2.1. «Боголюбов оқулары».	171
	2.2. Елін сүйген ғалым	177
	2.3. Академик Н.А. Перестюк	181
	2.4. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының Т.Г. Шевченко атындағы Киев Ұлттық университетінде және Қазақстанда дамуы.	184
	2.4.1. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясының дамуы туралы қысқаша мағлұматтар.	184
	2.4.2. Профессор К.Я. Латышеваның өмірі мен қызметі туралы.	186
	2.4.3. Н.И. Терещенконың Фробениус-	189

Латышева әдісін дамытуға қосқан үлесі	
2.4.4. Дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық теориясы Қазақстанда	193
§3. Таңғажайып Түркия сапарлары.	198
3.1. Ж о л с а п а р т а ғ ы л ы	200
м ы	
3.2. Арманы биік-Алемдар	209
3.3. Түбі бір Түркінің математика әлемі	217
§4. Бауырлас өзбек жерінде.	227
4.1. Әлем таныған Әл-Хорезми	228
4.2. Азамат, көрнекті ғалым, әл-Хорезми идеясын жалғастырушы	232
4.3. Тамыры терең Ташкент	234
4.4. «Мұражай қала-Бұхара» немесе көне тарих ізімен	237
4.5. Самарқан-Ислам әлемінің інжу- маржаны	242
4.5.1. Сәулеті асқан Самарқан	242
4.5.2. Самарқан Әмір Темір мен Тимуридтер дәуірінде	245
4.5.3. Жалаңтөс бағадүр және Самарқан	249
4.5.4. Бауырластық тағылымдары	253
Пайдаланылған әдебиеттер	255
Мазмұны	257

ТАСМАМБЕТОВ ЖАҚСЫЛЫҚ НҰРАДИНҰЛЫ

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

МҰҚАБАНЫҢ ЕҢ СОҢҒЫ, СЫРТҚЫ БЕТІНЕ



Тасмамбетов Жақсылық Нұрадинұлы- физика-математика ғылымдарының докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, 180-ге жуық ғылыми статьялар, әдістемелік жұмыстар, оқу құралдарының авторы. Ақтөбе университетінде 1967-ші жылдан бері жұмыс жасайды.